НАРЫҚТЫҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІ ЖӘНЕ БІРЫҢҒАЙ САТЫП АЛУШЫНЫҢ ӘСЕРІ

2023 жылдан бастап енгізілген Бірыңғай сатып алушы моделі мен нақты уақыт режиміндегі теңгерімдеуші нарықтың жұмыс істеуі 2024–2025 жылдары генерацияның қаржылық-экономикалық моделіне елеулі әсер етті. ЖЭК объектілері үшін жоспарлы және нақты көрсеткіштер арасындағы ауытқулар үшін жауапкершіліктің енгізілуі болжамдаудың сапасына қойылатын талаптарды күшейтіп, цифрлық шешімдерге инвестициялардың өсуіне ықпал етті, сондай-ақ энергия жүйесінде маневрлік қуаттардың тапшылығын айқындады.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҢҒЫРТУ

Энергия жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін арттыру мақсатында 2025 жылы келесі бағыттар бойынша жұмыстар жалғасуда

- шығарындыларды мониторингтеудің цифрлық жүйелерін енгізу
- жүктемелерді болжауға арналған предиктивтік аналитика мен жасанды интеллектті пайдалану
- жабдықтарды интеллектуалдық диагностикалау жүйелерін және өнеркәсіптік қауіпсіздік шешімдерін енгізу.

Аталған шешімдер салынып жатқан ЖЭО мен көмір электр станцияларын қоса алғанда, жаңа және қолданыстағы активтерге енгізілуде және Компанияның ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігінің міндетті элементі ретінде қарастырылады.

Энергетикалық трилемма сыртқы ортаны айқындайды және «Самұрық-Энерго» АҚ даму бағытын қалыптастырады

«Самұрық-Энерго» АҚ энергетика саласындағы негізгі квазимемлекеттік компания ретінде

Тұрақты энергиямен қамтамасыз ету — 01

Энергетикалық көшу

- Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптылығына қол жеткізу жөніндегі қабылданған міндеттемелері
- Жаңартылатын энергия көздерінің (ЖЭК) құндық тұрғыдан тартымдылығының артуы
- ЖЭК үшін тарифтік жағдайлардың жақсаруы

Тұрақты даму

Қолжетімділік — 02

- Халықтың сатып алу қабілетінің төмендігі: тарифтерді көтеру мүмкіндігінің шектеулілігі
- Климаттық ерекшеліктер: жылу энергиясына деген қажеттілік



Электр энергиясымен жабдықтаудың сенімділігі — 03

- Арзан отын көздерінің мол қоры (көмір)
- Газ қорының шектеулілігі және газ инфрақұрылымының болмауы
- Маневрлік генерация қуаттарының жеткіліксіздігі
- Энергетикалық инфрақұрылымның тозуы

«Самұрық-Энерго» АҚ басымдықтары – энергетикалық қауіпсіздік, энергия өтпелі, тұрақты даму және тиімділік

Энергетика саласының үштілдімесімен байланысты «Самұрық-Энерго» АҚ стратегиялық даму бағыттарымен байланыс

Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырушы бола отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігінің кепілі болып қала береді. Сыртқы факторлардан туындайтын шектеулер таяу перспективада базалық және маневрлік генерацияны қолдау және кеңейту қажеттігін негіздейді.

Ұзақ мерзімді перспективада «Самұрық-Энерго» АҚ энергетикалық ауысу саласындағы мемлекеттік мақсаттарды (2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу) қолдап, өз қызметінің басымдықтарын мемлекеттік саясатқа сәйкес өзгерте отырып, ЖЭК-ті дамытудың негізгі драйверіне айналады.

Электр энергиясы мен жылудың қолжетімділігін «Самұрық-Энерго» АҚ деңгейінде Компания қызметінің тиімділігін арттыру тұрғысынан ғана басқаруға болады. Электр энергиясы мен жылуды тиімді өндіру жалпы шығындар деңгейін төмендетудің негізгі тәсілі болып табылады, бұл қолжетімді бағаларды қалыптастыру үшін кеңірек мүмкіндіктер жасайды.

Тұрақты даму (экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару) трилемма құрамдасының — орнықты энергиямен жабдықтаудың ажырамас элементі болып табылады және ел деңгейінде кешенді сипатқа ие. Сонымен қатар компаниялар деңгейінде тұрақты дамуды басқару кеңінен таралған және ауқымды міндеттер кешенін қамтиды, бұл ESG-ді жеке стратегиялық бағыт ретінде айқындауды талап етеді.

Даму стратегиясын іске асыруға байланысты тәуекелдер мен сын-қатерлер

Тәуекел немесе қауіп атауы	Тәуекелдерді басқару шаралары
Стратегиялық бағыт – Энергетикалық қауіпсіздік	
Іске асырылып жатқан/перспективалық инвестициялық жобалардың және ЕТҰ инвестициялық бағдарламаларының тәуекелдері	Перспективалық жобалар бойынша іс-шаралар жоспарларын мониторингтеу және түзету Іске асырылып жатқан инвестициялық жобаларды мониторингтеу «Самұрық-Энерго» АҚ мен оның ЕЖҰ-сының Даму жоспарының орындалуы бойынша есеп беру және капитал салымдарын игеруді мониторингтеу «Самұрық-Энерго» АҚ жобалары бойынша апта сайынғы анықтамалар мен презентациялар дайындау және оларды «Самұрық-Қазына» АҚ-ға ұсыну Компанияның инвестициялық жобаларына қолдау алу мақсатында ҚР мемлекеттік органдарымен жұмыс жүргізу 1. №1 және №2 энергоблоктарды орната отырып, Екібастұз МАЭС-3 салу 2. №3 энергоблокты орната отырып, Екібастұз МАЭС-2-ні кеңейту және реконструкциялау 3. №4 энергоблокты орната отырып, Екібастұз МАЭС-2-ні кеңейту 4. Ертіс өзенінде қуаты 300 МВт-тан асатын Семей СЭС-ін салу
Көмірді өткізу жоспарының орындалмау тәуекелі	Көмірді өткізу жоспарының орындалуын мониторингтеу Көмір нарығын талдау
Электр энергиясын өндіру жоспарының орындалмау тәуекелі	Электр энергиясын өндіру жоспарының орындалуын мониторингтеу Өндірістік активтердің техникалық жай-күйін қамтамасыз ету шеңберінде нақты көлемдерді игеру бөлігінде жөндеу жұмыстары мен инвестициялық жобаларды іске асыру кестесінің орындалуын мониторингтеу. Пайдалану және жөндеу персоналын оқыту Даму жоспарына түзетулерді уақтылы енгізу, іске асырылған инвестициялық жобалардың жобалық қуатқа шығуы бөлігінде постинвестициялық мониторинг жүргізу.
Электр энергиясын беру және тарату жоспарының орындалмау тәуекелі	Жоспарлы-алдын алу жөндеулері кестесін бекіту Электр желілеріндегі шығындар бойынша мониторинг жүргізу Сенімділік көрсеткіштері бойынша мониторинг жүргізу
Электр энергиясын өткізу жоспарының орындалмау тәуекелі	Акционермен, мемлекеттік органдармен және ұйымдармен электр энергиясы және электр қуаты нарығын дамыту мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау Компанияның Даму жоспарының орындалуын мониторингтеу (электр энергиясын өткізу)
Сатып алу процестеріне байланысты тәуекел	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына өзгерістерді мониторингтеу және құрылымдық бөлімшелерді уақтылы хабардар ету Шарт жобаларын сатып алу департаментімен келісу Тендерлік комиссияның әлеуетті жеткізушілер өтінімдерін тендерлік құжаттама талаптарына және «Самұрық-Энерго» АҚ сатып алу қағидаларына сәйкестігіне мұқият қарауы Сатып алу процестерінің жүзеге асырылуын бақылау Ішкі елдік құн үлесін мониторингтеу Сатып алу веб-порталында тендерлік құжаттаманы алдын ала талқылауды өткізу персоналды уақтылы оқыту (оқыту кестесіне сәйкес) Қордың сатып алу веб-порталында электрондық сатып алулар туралы хабарландыруларды уақтылы орналастыру Сатып алу санаттық стратегияларының іске асырылуын мониторингтеу.

Тәуекел немесе қауіп атауы	Тәуекелдерді басқару шаралары
Көмір өндіру жоспарының орындалмау тәуекелі	Пайдалану және жөндеу персоналын оқыту Инвестициялық жобаларды іске асыруды мониторингтеу Жөндеу бағдарламаларының нақты көлемдерді орындау және қаражатты игеру бөлігінде іске асырылуына мониторинг жүргізу; Даму жоспарына түзетулерді уақтылы енгізу, іске асырылған инвестициялық жобалар бойынша постинвестициялық мониторинг жүргізу.
Жылу энергиясын өндіру және өткізу жоспарының орындалмау тәуекелі	Жабдықтың жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету бойынша жөндеу жұмыстарының жоспар-кестесінің орындалуын мониторингтеу Қолданыстағы жабдықты жаңғырту мен реконструкциялауды және инвестициялық бағдарламаға сәйкес жаңа қуаттарды енгізуді мониторингтеу Инвестициялық жобалардың іске асырылуын мониторингтеу Даму жоспарларын түзету.
Стратегиялық бағыт – Тиімділік	
Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі	Сыртқы ену тестілеуін және осалдықтарды анықтауды қамтитын аспаптық аудит (пентест) жүргізу IT-инфрақұрылымды басқару қызметтері бойынша шартты уақтылы жасасу Қол жеткізу құқықтарын беру немесе шектеу регламентін сақтау Қол жеткізу құқықтарына аудит жүргізу, артық артықшылықтары бар пайдаланушылардың есептік жазбаларын жою.
Ақпараттық жүйелер тәуекелдері	IT-инфрақұрылымды басқару қызметтері бойынша шартты уақтылы жасасу IT қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету Қол жеткізу құқықтарын алу немесе шектеу шарттарын сақтау.
Энергия тиімділігі бойынша тәуекелдер	ҚР заңнамасына сәйкес ЕҮҰ-да (еншілес және бірлескен ұйымдарда) энергия аудитін жүргізу
Тариф қалыптастыру тәуекелі	Табиғи монополиялар, реттелетін және бәсекелі нарықтар субъектілерінің тарифтерін реттеу бөлігінде ҚР заңнамасына тиісті өзгерістер енгізу қажеттілігі бойынша ұсыныстар енгізу Тариф қалыптастыру саласындағы теріс факторлар мен тәуекелдерді уақтылы анықтау Тарифтерді бекіту (келісу) бойынша субъектінің тарифтік науқанын сапалы дайындау тарифтік саясатты мониторингтеу
Банктер-контрагенттердің кредиттік тәуекелі	Қазынашылық портфельдің негізгі параметрлері талаптарына сәйкес уақытша бос қаражатты қаржы құралдарына әртараптандыру Банктер-контрагенттердің тәуекелдері бойынша ВСДС орналастыруға сараптама жүргізу Банктер-контрагенттерге қатысты лимиттерді сақтау.

Тәуекел немесе қауіп атауы	Тәуекелдерді басқару шаралары
Заңнаманы бұзу және НҚА сақтамау тәуекелі	Сот ісін жүргізуге дайындық «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің және/немесе «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының қарауына ұсынылатын материалдардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне құқықтық сараптама жүргізу Белгіленген тәртіппен шарт жобаларына сараптама жүргізу және визалау Заңдық қызметтер көрсету мәселелері бойынша заң консультанттарымен және басқа да кеңесшілермен жұмыс жүргізу Қоғам қызметін реттейтін ҚР заңнамасындағы өзгерістер мен толықтыруларды мониторингтеу Салықтарды есептеу және төлеуді талап ететін маңызды оқиғалар туралы ҚҚБжНЕ (ДБиНУ) қызметкерлерін хабардар ету қажеттілігі жөнінде жұмысшыларды тұрақты түрде хабардар ету.
Пайыздық тәуекел	Пайыздық шығындарды оңтайландыру бойынша шаралар қабылдау Қарыздар бойынша пайыздардағы өзгерістерді талдау үшін қарыз бойынша есепті қалыптастыру және мониторингтеу.
Валюталық тәуекел	Ашық валюталық позиция бойынша лимиттерді белгілеу Валюталық қарыздарды қайта қаржыландыру Ашық валюталық позицияны мониторингтеу.
Заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы акцияларды/қатысу үлестерін сатып алуға, иеліктен шығаруға, жаңа заңды тұлғалар құруға, сондай-ақ заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру мен таратуға байланысты тәуекелдер	Қордың және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтау, олар заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін (акциялар пакеттерін) сатып алу, иеліктен шығару, жаңа заңды тұлғалар құру, сондай-ақ заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру және тарату бойынша іс-шараларды жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдерін реттейді Тартылған тәуелсіз консультанттармен (қаржылық, салықтық, құқықтық және басқа) жасалған шарттардың орындалуын мониторингтеу Әлеуетті инвесторлармен/сатып алушылармен жұмыс істеу үшін электрондық деректер бөлмесінде қажетті ақпараттың болуы және оны уақтылы енгізу.
Компанияның даму стратегиясының орындалмау тәуекелі	Стратегияны/стратегиялық КПД-ны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын мониторингтеу Компанияның даму стратегиясын уақтылы өзектендіру Инвестициялық жобаларды уақтылы аяқтау.
Террористік акт тәуекелі	«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының стратегиялық объектілеріндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету және терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі Үйлестіру кеңесіне қатысу және оның ұсынымдарын орындау Объектілерді күзету жүйесінің техникалық жарақталуын талдау және жетілдіру Антитеррористік қорғалуды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу мен оның орындалуын мониторингтеу Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, ЕЖҮ объектілерінің антитеррористік қорғалуына жоспарлы оқу-жаттығулар мен тексерулер жүргізу Террористік сипаттағы қауіптер туындаған жағдайда персоналдың іс-қимылдары бойынша ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу. Персоналды тұрақты негізде оқыту Террористік актілер қаупіне ден қою мәселелері бойынша персоналға жыл сайын нұсқама беру (жаттығулар өткізу).

Тәуекел немесе қауіп атауы	Тәуекелдерді басқару шаралары
Операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметті жүзеге асыру үшін өтімділіктің жеткіліксіздігі тәуекелі	Ақша қаражаттарын ай сайынғы негізде болжау ЕЖҮ-ның даму жоспарларын олар түскен сайын келісу және олардың орындалуы туралы есептерді тоқсан сайын қарау Компанияның қарызы мен қаржылық тұрақтылығы бойынша есепті тоқсан сайын қалыптастыру Компания бойынша негізгі қарызды жоспарлы және мерзімінен бұрын өтеу Алғашқы құжаттаманы ДБиНУ-ға уақтылы ұсыну қажеттілігі туралы қызметкерлерді тұрақты түрде хабардар ету, сондай-ақ қаржылық есептілікте көрсетуді талап ететін маңызды оқиғалар туралы ДБиНУ қызметкерлерін дер кезінде хабардар ету.
Сыртқы кредит берушілердің ковенанттарының және листингтік талаптардың бұзылу тәуекелі	Қаржылық тұрақтылық және қарызды басқару саясатына сәйкес ковенанттардың (қаржылық және қаржылық емес) сақталуын мониторингтеу Сыртқы кредит берушілердің ковенанттары мен листингтік талаптардың сақталуы туралы ақпарат Ковенанттардың бұзылу қаупі туындаған жағдайда контрагенттерден келісім-хат (waiver letter) алу бойынша іс-шараларды уақтылы жүргізу.
Қаржылық емес активтердің құнсыздану тәуекелі	Капиталдық шығындарды төмендету, жоспарланған күрделі жөндеулердің негізділігін талдау, ЕТҰ инвестициялық жобаларын уақтылы іске асыру Құнсыздану белгілері туындаған жағдайда құнсыздануға тест жүргізу ЕТҰ инвестициялық бағдарламасын қалыптастыру мен түзетуге орталықтандырылған бақылауды жүзеге асыру.
Стратегиялық бағыт – Энергетикалық көшу	
Климаттық өтпелі тәуекелдер	Климат саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу процесінде уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау Климаттық тәуекелдер бойынша ақпаратты Жылдық интеграцияланған есеп шеңберінде ашу «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2060 жылға дейінгі энергетикалық көшу бағдарламасы шеңберінде 2025 жылға жоспарланған іс-шараларды орындау.
Стратегиялық бағыт – Тұрақты даму	
Экологиялық тәуекелдер	Парниктік газдар шығарындыларына квоталар лимитін пайдалануды мониторингтеу, түзету Міндетті экологиялық сақтандыру Қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу процесінде уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау «Қоршаған ортаны қорғау» бабы бойынша бюджеттің орындалуын мониторингтеу Шаруашылық қызметтің су экожүйелеріне, жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне әсерін мониторингтеу Қоршаған ортаны қорғау, су ресурстары саласындағы заңнама нормаларының сақталуын және эмиссияларға рұқсат алу мен есептілікті мемлекеттік реттеуші органдарға ұсыну мерзімдерін бақылау.

Тәуекел немесе қауіп атауы	Тәуекелдерді басқару шаралары
Корпоративтік басқару режимін бұзу тәуекелі	ESG рейтингін алу бойынша жұмыстар жүргізу •тұрақты даму жүйесін жетілдіру жөніндегі Жол картасын әзірлеу, мониторингтеу және іске асыру Басқару және бақылау органдары мүшелерінің, лауазымды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін айқындау және регламенттеу Корпоративтік басқару процестерін формализациялау, корпоративтік басқару саласында ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу және енгізу корпоративтік басқару саласындағы корпоративтік құжаттардың орындалуын бақылау Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау Компанияның жылдық есебін дайындау регламентінің орындалуын бақылау және Директорлар кеңесінің Аудит комитеті тарапынан Есепті бағалауды қамтамасыз ету Корпоративтік сайттағы ақпаратты өзектендіру.
Қызметтік міндеттерін орындау процесінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіру, өндірістік жазатайым оқиғалар тәуекелі	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша нөлдік жарақаттану деңгейіне қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында әзірленген іс-шаралардың ЕТҰ-да орындалуын бақылау, олардың орындалуын тоқсан сайын мониторингтеу Еңбек қорғау саласындағы НҚА және ІНҚ талаптарының сақталуына қатысты ЕТҰ-да жоспарлы және жоспардан тыс көшпелі тексерулер жүргізу Жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруге қатысу (туындаған жағдайда және комиссия құру туралы бұйрыққа енгізілген кезде) Қызметкерлердің қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы оқытылуын, техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы бойынша білімін тексеруді бақылау Мердігер ұйымдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау (БжЕҚ) талаптарын орындауын бақылау Еншілес және тәуелді ұйымдардың басшыларымен кеңестер ұйымдастыру және өткізу.
Компания адами ресурстар тәуекелдері	Таланттар пулымен жұмыс жүргізу, негізгі лауазымдар бойынша сабақтастықты ұйымдастыру, таланттар пулын кәсіби дамыту Электр энергетикасы және көмір салалары үшін басым мамандықтар бойынша мамандар даярлау мәселелері жөнінде білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау (Компанияның стратегиялық мақсаттарына сәйкес) Қоғам/ЕТҰ қызметкерлері үшін оқыту семинарлары мен тренингтер ұйымдастыру Меритократия қағидаттарын және ынталандыру жүйесін дамыту.
Өндірістегі авариялар мен апаттар тәуекелі	Жабдықтың техникалық жай-күйін айқындау мақсатында диагностиканы уақтылы жүргізуді бақылау Кестеде белгіленген мерзімдерге сәйкес жабдықты қажетті жөндеу жұмыстарын уақтылы және толық көлемде жүргізуді бақылау.
Әлеуметтік тәуекелдер	Samruk Research Services тарапынан өндірістік персонал мен әкімшілік-басқару персоналының әл-ауқатын жыл сайын зерттеу жүргізу Медиаторлар пулын қалыптастыру, медиаторлар институтын дамыту Қоғамда және ЕТҰ-да ұжымдық еңбек шарттарын жасасу Қызметкерлерді кәсіподаққа тарту, меритократия қағидаттарын енгізу, ынталандыру жүйесін дамыту Ерікті медициналық сақтандыру шарттарын жасасу Тиісті жылға арналған Даму жоспарына сәйкес жалақыны индексациялауды қамтамасыз ету.

Тәуекел немесе қауіп атауы	Тәуекелдерді басқару шаралары
Беделге нұқсан келтіру тәуекелі	Қоғам қызметі туралы БАҚ-та, Компанияның ресми әлеуметтік желілерінде және корпоративтік сайтында тақырыптық мақалаларды дайындау және жариялау Жылдық есепті уақтылы әзірлеу және веб-сайтта орналастыру Қоғам және оның ЕТҰ қызметіне қатысты БАҚ сұрауларына жауаптарды уақтылы дайындау және жіберу Теріс пікірлерді тұрақты мониторингтеу, БАҚ-та және әлеуметтік желілерде жарияланған оқиғаларға жедел ден қою Заңнамаға/нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді уақтылы бастамалау.
Персонал және үшінші тұлғалар тарапынан алаяқтық/ұрлық тәуекелі	Активтердің сақталуын қамтамасыз ету бойынша ішкі бақылау рәсімдерін күшейту Алаяқтық, ұрлық фактілеріне жол берген қызметкерлерді заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тарту
Климаттық физикалық тәуекелдер	Су тасқыны және найзағай кезеңдеріне дайындық Салқындату/жылыту жүйелерін орнатуға инвестициялар Негізгі жабдықтарды жөндеудің бекітілген кестелерін орындау Климаттық тәуекелдер бойынша ақпаратты Жылдық интеграцияланған есеп шеңберінде ашу Табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды (апаттарды) жою жөніндегі іс-шараларды әзірлеу.
Комплаенс тәуекелдері	Тәуекелдерді айқындау және бағалау, бақылау рәсімдерін анықтау және тәуекелдердің алдын алу бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу Реттеуші талаптардың сақталуын бақылау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жүйелерін іске асыру Құқық бұзушылыққа жол берген қызметкерлер мен лауазымды тұлғаларды заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тарту бойынша уәкілетті органдарға жәрдем көрсету Жаңадан қабылданған қызметкерлер мен лауазымды тұлғаларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі нормативтік құжаттармен таныстыру Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәдениетін қалыптастыру бойынша оқыту іс-шараларын өткізу Контрагенттердің (бенефициарлардың) адалдығын тексеру Бастамашылық ақпараттандыру арналары бойынша келіп түскен шағымдар мен өтініштерді уақтылы қарау, есептілікті ұсыну Бұзушылықтардың себептерін анықтау және оларды азайту мақсатында қызметтік тексерулер/тергеп-тексерулер жүргізу Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жыл сайынғы жұмыс жоспарын әзірлеу.

Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер және НҚК

Энергетикалық қауіпсіздік	Тиімділік	Энергетикалық көшу	Тұрақты даму
Стратегиялық мақсаттар			
Экономиканың өсіп келе жатқан сұранысын электр қуаты мен электр энергиясымен қамтамасыз ету	Операциялық, қаржылық және инвестициялық қызметтің тиімділігін арттыру	ЖЭК-ті жедел дамыту және қоршаған ортаға теріс әсерді төмендету	ESG саласындағы үздік тәжірибелерді ұстану
Міндеттер			
Халықаралық ынтымақтастық арқылы базалық және маневрлік қуаттарды салу бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру Заманауи технологияларды қолдана отырып қолданыстағы активтерді жаңғырту және реконструкциялау Техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарын уақтылы және сапалы жүргізу Жеткізілім тізбегінің сенімділігін қамтамасыз ету	Энергия тиімділігін арттыру және энергия үнемдейтін технологиялар мен процестерді енгізу Активтерді басқару құрылымын оңтайландыру Операциялық тиімділікті арттыру (өзіндік құнды, бизнес-процестерді оңтайландыру) Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету Заманауи цифрлық шешімдер мен технологияларды, оның ішінде жасанды интеллектті енгізу Заңнамалық бастамаларды қалыптастыру және тарифтерді белгілеу Қолайлы табыстылықпен, белгіленген мерзімдерде және құн шегінде инвестициялық жобаларды іске асыру	ЖЭК және СЭС жобалары бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру және халықаралық ынтымақтастықты дамыту Декарбонизация және көміртектік ізді азайту Қалдықтарды қайта өңдеу және пайдалы пайдалану тәжірибелерін енгізу (күл-қож қалдықтарын пайдалану) Энергияны жинақтау жүйелерін қолдану арқылы ЖЭК генерация объектілерінен тұрақты электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету Ластаушы заттардың шығарындылары деңгейін барынша төмендету Өндірісті оқшаулау (локализация)	Корпоративтік басқару мен комплаенстің тиімділігін арттыру Климаттық тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу Адами капиталды дамыту Әлеуметтік кепілдіктерді, әлеуметтік тұрақтылық пен қорғалу деңгейін қамтамасыз ету H&S озық тәжірибелерін қолдана отырып өндірістік жарақаттану деңгейін төмендету Негізгі стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл тиімділігін арттыру Жаңа жобаларды іске асыру кезінде су ресурстарына, биоалуантүрлілікке және топыраққа келетін зиянды барынша азайту бойынша заманауи тәжірибелерді енгізу
Негізгі қызмет көрсеткіштері (КПД)			
Базалық және газ генерациясы бойынша электр энергиясын өткізудің жалпы көлемі КТГ бойынша базалық және газ генерациясы қуаттарын енгізу көлемі Көмірге қажеттілікті қамтамасыз ету жоспарының орындалуы Көмірге қажеттілікті қамтамасыз ету жоспарының орындалуы	Қарыз / EBITDA Шартты отынның меншікті шығыны (ШОМШ) Негізгі капиталға инвестициялар Тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны NAV Бизнес бағыттары бойынша EBITDA маржасы	Электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміне қатысты CO_2-баламасының үлестік шығарындыларын төмендету (2021 жылғы базалық деңгеймен салыстырғанда) Генерация құрылымында ЖЭК және СЭС орнатылған қуатының үлесі	ESG рейтингін арттыру SRS әлеуметтік тұрақтылық индексін арттыру Нөлдік жарақаттану мен өлім-жітім деңгейіне қол жеткізу (LTIFR, LDR және FIFR көрсеткіштерін төмендету)

2024–2033 жылдарға арналған даму стратегиясының бекітілуін ескере отырып, даму мақсаттарына қол жеткізу үшін негізгі қызмет көрсеткіштері айқындалды.

«Самұрық-Энерго» АҚ стратегиясын іске асыруға бірнеше негізгі органдар мен құрылымдық бөлімшелер жауапты.

Директорлар кеңесі Компанияның даму стратегиясын бекітеді, негізгі қызмет көрсеткіштерін айқындайды және стратегиялық мақсаттардың орындалуын бақылайды. Басқарма стратегияның іске асырылуын тікелей басқаруға жауап береді, құрылымдық бөлімшелер мен еншілес және тәуелді ұйымдардың жұмысын үйлестіреді, сондай-ақ тұрақты даму қағидаттарын негізгі бизнес-процестерге енгізуді қамтамасыз етеді. Тұрақты даму жөніндегі басшылық ESG қағидаттарының сақталуын, осы бағыттағы стратегиялық жоспарлауды және тиісті бастамаларды енгізуді бақылайды. Өз кезегінде құрылымдық бөлімшелердегі жауапты тұлғалар іс-шаралардың егжей-тегжейлі жоспарларын әзірлеп, өз бағыттары бойынша олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

Стратегияны іске асыруды бақылау бірнеше тетік арқылы жүргізіледі. Тұрақты мониторинг негізгі қызмет көрсеткіштерінің орындалуын талдауға және қажет болған жағдайда стратегиялық жоспарларды өзектендіруге мүмкіндік береді. Инвестициялық жобалардың орындалуын бақылау маңызды рөл атқарады, ол мерзімдер мен бюджетті бақылауды, сондай-ақ олардың белгіленген стратегиялық мақсаттарға сәйкесті тиімділігін бағалауды қамтиды. Постинвестициялық мониторинг жобаларды іске асырғаннан кейін қол жеткізілген нәтижелерді бағалауға, инвестициялардың қайтарымдылығын талдауға және жүзеге асырылған іс-шаралардың Компанияның жалпы стратегиясына әсерін анықтауға мүмкіндік береді.

2024–2033 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес стратегиялық қызмет көрсеткіштерінің орындалуы

Мақсат	КПД	Өлшем бірлігі	2025 жоспар	2025 (нақты)	2026 болжам	2033 болжам
Экономиканың өсіп келе жатқан сұранысын электр қуаты мен электр энергиясымен қамтамасыз ету	Базалық және газ генерациясы бойынша электр энергиясын өткізудің жалпы көлемі	млн кВт сағ	32,0	**33,0**	32	≥2,0
	Базалық және газ генерациясы қуаттарын енгізу көлемі	МВт	500	**500**	1 037	≥7,0
	Техникалық дайындық коэффициенті (ТДК)	%	90%	**90,9%**	84%	≥80%
	Көмірге қажеттілікті қамтамасыз ету жоспарының орындалуы	%	90%	**98%**	90%	≥90%
Операциялық, қаржылық және инвестициялық қызметтің тиімділігін арттыру	Қарыз / EBITDA	Коэффициент	4,3	**1,66**	5,0	≤3,5
	Шартты отынның меншікті шығыны	1 кВт сағатқа грамм	354,6	**354**	297,9	≤330
	Негізгі капиталға инвестициялар	трлн теңге	0,6	**0,2**	1,1	≥4,0
	Тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны	млрд АҚШ доллары	1,3	**0,2**	1,9	≥8,0
	NAV	2023 жылғы базалық деңгейге қатысты коэффициент	1,7	**1,5**	1,6	≥2,0
	Бизнес бағыттары бойынша EBITDA маржасы	%	Көмір өндіру (31,5%) Электр энергиясын өндіру (46,4%) Жылу энергиясын өндіру (0,1%) Электр энергиясын тарату (41,7%)	**Көмір өндіру (29%)** **Электр энергиясын өндіру (44%)** **Жылу энергиясын өндіру (10%)** **Электр энергиясын тарату (33%)**	Көмір өндіру (31,3%) Электр энергиясын өндіру (45,6%) Жылу энергиясын өндіру (16,1%) Электр энергиясын тарату (25,6%)	Көмір өндіру (≥30%) Электр энергиясын өндіру (≥55%) Жылу энергиясын өндіру (≥0%) Электр энергиясын тарату (≥20%)
ЖЭК-ті жедел дамыту және қоршаған ортаға теріс әсерді төмендету	CO2-баламасының үлестік шығарындыларын төмендету (2021 жылғы базалық деңгеймен салыстырғанда, электр энергиясын жалпы өндіруге қатысты)	2021 жылғы базалық деңгейге қатысты, %	-26,2%	**- 30%**	-25,40%	≥40%
	Генерация құрылымында ЖЭК және СЭС орнатылған қуатының үлесі	%	31,6%	**31,6%**	31,70%	≥40%
ESG саласындағы үздік тәжірибелерді ұстану	ESG рейтингін арттыру	Рейтинг	ESG рейтингінің орташа деңгейі/ Medium Risks	**«3» / 57 балл (орташа рейтинг)**	ESG рейтингінің орташа деңгейі / Medium Risks	ESG рейтингі – жоғары деңгей / Low Risks
	Әлеуметтік тұрақтылық рейтингін арттыру – SRS индексі	Рейтинг	Шартты түрде тұрақты	**77**	Шартты түрде тұрақты	Қолайлы
	Нөлдік жарақаттану мен өлім-жітім деңгейіне қол жеткізу (LTIFR, FIFR, LDR көрсеткіштерін төмендету)	Коэффициент	LTIFR [5] (0,26) FIFR [6] (0,09) LDR [7] (195)	**LTIFR (0,23)** **FIFR (0,10)** **LDR (168,57)**	LTIFR (0,25) FIFR (0,08) LDR (190)	LTIFR (0,18) FIFR (0,01) LDR (155)

Компанияның стратегиялық көрсеткіштері оң динамиканы сақтап отыр. Негізгі өсу факторлары мыналарды қамтиды

- қажеттіліктерді болжау
- **экономикалық** факторлар тарифтердің өсуі, үлестік шығындардың төмендеуі, шығындар мен борыштық жүктемені оңтайландыру. 2033 жылға қарай инвестициялық жобаларға байланысты қарыздың өсуі күтіледі
- **экологиялық** факторлар парниктік газдар шығарындыларын қысқарту, ЖЭК пен гидрогенерацияны дамыту
- **әлеуметтік** факторлар ESG-критерийлеріне сәйкестік, еңбек жағдайларына қанағаттану деңгейі мен қауіпсіздікті арттыру.

5. КПД «Еңбекке уақытша жарамсыздықпен байланысты жарақат алу жиілігінің коэффициенті (LTIFR)
6. КПД «Өндірістік қызметпен байланысты өлім жағдайлары жиілігінің коэффициенті (FIFR)
7. КПД «Жарақаттануға байланысты жұмыс уақыты шығындарының коэффициенті (LDR)

Есепті кезеңде Компания даму стратегиясында көзделген стратегиялық мақсаттар мен 24 негізгі міндетке сәйкес бекітілген бастамалар мен жобалардың кезеңдерін іске асырды.

Стратегиялық мақсат	Міндет	Іс-шара	Орындалу мәртебесі
Экономиканың электр қуаты мен электр энергиясына өсіп келе жатқан сұранысын қамтамасыз ету.	МАЭС-3 көмір электр станциясының 1–4 энергия блоктарын салу	Техникалық-экономикалық негіздемеге (ТЭН) дейінгі материалдар	2025 жылғы 17 сәуірде «МАЭС-3 көмір электр станциясының 1–4 блоктарының құрылысы» жобасының ТЭН алдындағы материалдарын әзірлеу аяқталды. 2025 жылғы 30 мамырда ТЭН алдындағы материалдар Астана қаласы бойынша Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментімен жасалған сыйға тарту шарты және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігімен қол қойылған қабылдау-тапсыру актісі негізінде мемлекеттік меншікке берілді.
	Көкшетау қаласында ЖЭО салу	Жобалау, жабдықтарды жеткізу және құрылыс-монтаж жұмыстарын жүзеге асыруға арналған келісімшарттар	2025 жылы жобалау, жабдықтарды жеткізу және құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау бойынша шарттар жасалды. Сыртқы инфрақұрылым бойынша шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау, шаруашылық-тұрмыстық кәріз жүйесі, сондай-ақ жол өткелі бар автомобиль жолдары объектілері үшін жобалау-сметалық құжаттаманы (ЖСҚ) әзірлеу жұмыстары аяқталу сатысында. Жобалау жөніндегі мердігер құрылыс кезеңдері бойынша бөлініспен «Жоба» (П) сатысындағы жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді жүзеге асыруда.
	Қызылорда облысында бу-газ қондырғысын (БГҚ) салу	Жоба бойынша техникалық-экономикалық негіздемені (ТЭН) әзірлеу	2025 жылғы 25 ақпанда Доха қаласында (Катар) «Самұрық-Энерго» АҚ мен UCC арасында Жоба акционерлерінің келісіміне (SHA) қол қойылды. 2025 жылғы 2 мамырда АХҚО юрисдикциясында жеке компания мәртебесімен Kyzylorda Energy Ltd бірлескен жобалық компаниясы тіркелді. Жоба бойынша ТЭН әзірлеу жұмыстарын сатып алу туралы шарт жасалды.
	«Богатырь» көмір кенішінде циклдік-ағындық технологияны енгізу жобасы	Іске қосу-баптау жұмыстары	Іске қосу-баптау жұмыстары аяқталды. Қазіргі уақытта ЦАТ кешені (циклдік-ағындық технология кешені) 1-желі бойынша көмірді тасымалдау және тиеп жөнелту процестерін тәжірибелік-өнеркәсіптік режимде жүзеге асыруда.
	«АлЭС» АҚ Алматы ЖЭО-2-сін қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып жаңғырту	Жобалау-сметалық құжаттамаға «Мемсараптама» РМК-ның оң қорытындысы	2025 жылғы 27 маусымда ГТҚ-ның бірінші жиынтығының генераторы мен турбинасын іргетасқа орнату аяқталды. 2025 жылғы 6 қазанда жобаның ЖСҚ-сына «Мемсараптама» РМК-ның оң қорытындысы алынды. 2025 жылғы 23 қазанда Siemens Energy компаниясының турбинасы мен генераторының екінші жиынтығы іргетасқа орнатылды. 2025 жылғы қараша-желтоқсан аралығында 4 су жылыту қазандығы, 3 бу қазандығы, генераторы бар бу турбинасы жеткізілді. Құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде, КРУЭ, ППГ, су дайындау жүйесін, су жылыту қазандығын, бас корпусты және қосалқы объектілерді қоса алғанда, барлық негізгі ғимараттар мен құрылыстарға арналған қадалы іргетастарды құю аяқталды. Сонымен қатар, тіреу қабырғасын бетондау жұмыстары толық орындалып, газтурбиналық қондырғылар аралының іргетасын орнату аяқталды.





Стратегиялық мақсат	Міндет	Іс-шара	Орындалу мәртебесі
	Алматы ЖЭО-3-ті қуаты 450 МВт-қа дейінгі бу-газ қондырғысы (БГҚ) негізінде реконструкциялау	Жобаның жобалау-сметалық құжаттамасына «Мемсараптама» РМК-ның оң қорытындысын алу	«Алматы ЖЭО-3-ті реконструкциялау» жобасы шеңберінде 2025 жылы «ҚазҚСҒЗИ» АҚ-дан арнайы техникалық шарттар алынды. 2025 жылғы желтоқсанда Ansaldo Energia компаниясы өндірген турбина мен генератордың бірінші жиынтығы құрылыс алаңына жеткізілді. Турбинаның екінші жиынтығы жөнелтіліп, 2025 жылдың соңындағы жағдай бойынша кедендік тазарту рәсімінен өтіп жатты. Алматы ЖЭО-3-те құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, Бас корпус бойынша жұмыстар кестеге сәйкес орындалуда: ГТҚ-1 және кәдеге жарату қазандығы бойынша бетон дайындау, арматуралау және іргетасты бетондау жұмыстары орындалып, ГТҚ-1 мен кәдеге жарату қазандығының іргетастары құйылды. 2025 жылдың соңындағы жағдай бойынша 220 кВ және 110 кВ КРУЭ ғимараттарының, айналым жүйелері бар су дайындау ғимаратының және газ дайындау пунктінің іргетастарын салу жұмыстары аяқталды. Алынған арнайы техникалық шарттар шеңберінде сынақ қадалары сынақтан өткізіліп, қадаларды құю жұмыстары басталды. 220 кВ, 110 кВ және 35 кВ әуе электр беру желілерінің тіректері толық көлемде монтаждалды. «АЖК» АҚ және «KEGOC» АҚ-мен келісу бойынша электр желілерін шығару және қайта қосу жұмыстары басталды.
	№3 станциялық энергоблокты орната отырып, Екібастұз ГРЭС-2-ні кеңейту және реконструкциялау	Түзетілген жобалау-сметалық құжаттамаға «Мемсараптама» РМК-ның оң қорытындысы	EPC-мердігер әзірлеген жобалау-сметалық құжаттама «Мемсараптама» РМК порталына жүктелді.
		Құрылыс-монтаждау жұмыстары	EPC-мердігер дайындық жұмыстарын бастады.
	№4 станциялық энергоблокты орната отырып, Екібастұз ГРЭС-2-ні кеңейту және реконструкциялау	Түзетілген жобалау-сметалық құжаттамаға «Мемсараптама» РМК-ның оң қорытындысы	EPC-мердігер әзірлеген жобалау-сметалық құжаттама «Мемсараптама» РМК порталына жүктелді.
	Өскемен ГЭС гидроагрегатын жаңғырту	Жобалау-сметалық құжаттаманы (ЖСҚ) әзірлеу	Сараптаманың оң қорытындысы алынды.
		Құрылыс-монтаждау жұмыстары (ҚМЖ)	Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге шарт жасалды.
	Отын беру өндірістік кешенін қайта жаңғырту және техникалық жаңарту жобасы	Құрылыс-монтаж жұмыстары	2025 жылы келесі құрылыс жұмыстары орындалды ↗ қайта тиеу торабы бойынша жұмыстар – 90% ↗ қайта тиеу торабының металл конструкцияларын монтаждау – 70% ↗ конвейерлік галереяның бетон құю жұмыстарына арналған металл қаңқаларын дайындау – 60% ↗ №3 ұсату корпусының жабдықтарын монтаждау – 60% ↗ жабық көмір қоймасының бетон құю жұмыстары – 40%.
	«Екібастұз МАЭС-1» ЖШС-де №1 түтін мұржасын салу	Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жұмыстары	2025 жылғы 19 қыркүйекте «Мемсараптама» РМК-ның оң қорытындысы алынды.
	«Түрксіб» 110/10-6 кВ қосалқы станциясын салу	Пайдалануға беру актісі	Жоба бойынша құрылыс-монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстары толық көлемде аяқталып, объектіні пайдалануға беру актісі алынды.
	Екібастұз МАЭС-1-дегі №1 энергия блогын қалпына келтіру	Объектіні пайдалануға қабылдау актісі	Құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылды.
	Электр желілерінің тозу деңгейін төмендету	2025 жылы электр желілерінің тозу деңгейін 85,4%-ға дейін төмендету	Инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын іске асыру қорытындысы бойынша электр желілерінің нақты тозу деңгейі 84,4%-ды құрады.
	Ресей Федерациясына көмір экспорттау	Ресей Федерациясына байытылмаған көмір экспортын қамтамасыз ету	2025 жылдың қорытындысы бойынша көмір экспортының көлемі 9,953 млн тоннаны құрады.
	«Алатау Жарық Компаниясы» акционерлік қоғамының желілеріндегі шығындарды төмендету	2025 жылы технологиялық шығындар деңгейін 11,23%-ға дейін төмендету	2025 жылдың қорытындысы бойынша есепті кезеңдегі технологиялық шығындардың нақты деңгейі 10,33%-ды құрады.

Операциялық, қаржылық және инвестициялық қызметтің тиімділігін арттыру.

Стратегиялық мақсат	Міндет	Іс-шара	Орындалу мәртебесі
	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасын іске асыру	Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасының орындалуы туралы есеп	2025 жылға 65 іс-шара жоспарланған. Жыл қорытындысы бойынша жедел деректерге сәйкес 67 түрлі іс-шара орындалды. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында энергия тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды іске асыру нәтижесінде 243,7 мың тонна шартты отыннан астам көлемде үнемдеуге қол жеткізілді, бұл 2,7 млрд теңге көлеміндегі экономикалық тиімділікті қамтамасыз етті (жоспар бойынша – 1,5 млрд теңге).
	«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ мен «АлматыЭнергоСбыт» АҚ-ны қайта ұйымдастыру, «АлматыЭнергоСбыт» АҚ-ны «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-қа қосу жолымен жүзеге асыру	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-та қайта ұйымдастыруды мемлекеттік тіркеу	2025 жылғы 30 қаңтарда «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ бұйрығымен «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-нің қызметі «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-қа қосылуына байланысты тоқтатылуы мемлекеттік тіркеуден өткізілді.
	Forum Muider компаниясын АХҚО юрисдикциясына редомициляциялау	АХҚО органдарында Forum Muider компаниясының құқықтық тексеруі (Legal Certification)	2025 жылғы қазанда Forum Muider Limited компаниясын АХҚО юрисдикциясына редомициляциялау рәсімі аяқталды. Нәтижесінде Компанияның АХҚО қатысушысы мәртебесін растайтын Қызметін жалғастыру туралы сертификат (Certificate of Continuation) алынды.
	HR-процестерді автоматтандыру	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша HR-процестерді автоматтандыру	Жүйе енгізілді. 2025 жылы жүйені бейімдеу кезеңі аяқталды Enbek.kz және Egov жүйелерімен (ЭЦҚ пайдалану арқылы) интеграция жүзеге асырылды. Сондай-ақ 1С және Qsamruk жүйелерімен интеграциялау жұмыстары жүргізілді.
	Ақпараттық қауіпсіздік жүйесін енгізу	Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметтері	2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шарт шеңберінде барлық еншілес және тәуелді ұйымдарда енгізілген ақпараттық қауіпсіздік жүйелері штаттық режимде жұмыс істеп тұр.
	Өндірістік мониторинг жүйесін енгізу	Компанияның экономикалық және өндірістік қызметіне байланысты бизнес-процестерді мониторингтеуді және жедел басқарушылық шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін өндірістік мониторинг жүйесі (Жағдаяттық орталық)	Жүйе 2025 жылғы 31 қаңтарда енгізілді.
	Бизнес-процестерді роботтандыру (RPA)	Бизнес-процестерді роботтандыруға арналған бағдарламалық өнімді пайдалану қызметтері	2025 жылы Бас компанияда және еншілес әрі тәуелді ұйымдарда бизнес-процестерге талдау жүргізілді. IBM RPA платформасында бағдарламалық роботтар (боттар) әзірленіп, енгізілді.
	Электрондық архив	Құжаттарды архивтік сақтауды ұйымдастыру бизнес-процесін автоматтандыру	Жұмыстар аяқталды, жүйе пайдалануға енгізілді.
	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша Инвестициялық жобаларды басқару жүйесін (СҮИЖ) енгізу	Орындалған жұмыстар актісі	Жұмыстар орындалды, жүйе енгізіліп, бапталды.
	Нарықты талдау әдіснамаларын жетілдіру	Қазақстан Республикасындағы және көршілес елдердегі (Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Қытай және т.б.) электр энергиясы мен көмірдің әлеуетті жаңа тұтынушылары нарығына мониторинг жүргізу	Ақпарат «Қазақстанның электр энергетикасы саласы нарығын талдау» атты ай сайынғы есепке енгізілді.
	Қызметкерлер үшін цифрлық сервистерді енгізу (BPMS жүйесі HSE, ITSM, Compliance, ESG)	«Богатырь Көмір» ЖШС-не BPMS жүйесіне қолжетімділік беру	Жұмыстар іске асырылды.
	Қаржылық коваленттердің сақталуы	Кредиторлардың қаржылық коваленттері сақталды	Кредиторлардың қаржылық коваленттері сақталды
	Ақша ағындарын басқару қағидаттарына негізделген Компанияның Қаржы стратегиясы шараларын енгізу және іске асыру	Компанияның кредиттік рейтингтерін халықаралық рейтинг агенттігінің жыл сайын қайта қарауы (рейтинг сессиясын өткізу, сұралған материалдарды ұсыну)	Fitch Ratings рейтинг агенттігіне барлық есептер мен ақпарат тиісті мерзімде ұсынылды, рейтинг 2025 жылғы 30 қыркүйекте BB+ деңгейінде расталды, болжам — «Тұрақты».
	«1С платформасын жаңғырту» жобасын іске асыру (ERP)	МАЭС-1-де «1CERP» бағдарламалық қамтылымы негізінде автоматтандырылған ақпараттық жүйені енгізу жұмыстары	2025 жылы «ЭМАЭС-1» ЖШС-де ақпараттық жүйе өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді.

Стратегиялық мақсат	Міндет	Іс-шара	Орындалу мәртебесі
Операциялық, қаржылық және инвестициялық қызметтің тиімділігін арттыру.	МАЭС-1-де қоршаған ортаға эмиссияларды автоматтандырылған мониторинг жүйесін орнату (жалпыстансалық АМЖ)	МАЭС-1-де ст.№№3, 4, 5 және 6 энергоблоктарында қоршаған ортаға эмиссияларды автоматтандырылған мониторинг жүйесін орнату	АМЖ жабдығы орнатылды.
	МАЭС-2-де қоршаған ортаға эмиссияларды автоматтандырылған мониторинг жүйесін орнату	МАЭС-2-де эмиссияларды автоматтандырылған мониторинг жүйесін орнату	АМЖ жабдығы орнатылды.
	АлЭС-те қоршаған ортаға эмиссияларды автоматтандырылған мониторинг жүйесін орнату	ТЭЦ-1 және ЗТК-да (АлЭС) қоршаған ортаға эмиссияларды автоматтандырылған мониторинг жүйесін орнат	Пайдалануға қабылдау актілеріне қол қойылды
	ЭМАЭС-2-де тұрақты электронды мониторинг жүйесі бар щеткалы-контактілі аппараттарды жаңғырту (№1 блок)	ЩКА жаңғырту жөніндегі іс-шара	МАЭС-2-нің №1 және №2 энергоблоктарында үздіксіз электронды мониторинг жүйесін енгізе отырып, щеткалы-контактілі аппараттарды жаңғырту орындалды.
	Жаңа технологияларды енгізу және пилоттық жобаларды іске асыру орындылығын талдау	Ақылды есептегіштер (Smart Meters)	2025 жылы тұтынушылардың электр энергиясын есепке алу аспаптарынан деректерді жинау және беру үшін шарттар жасалып, жабдық сатып алынды.
	Ақпараттық қауіпсіздікті арттыру	«Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық қауіпсіздіктің корпоративтік стандарты талаптарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары	«Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық қауіпсіздіктің корпоративтік стандарты талаптарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді
	«Облыстық РЭС қосалқы станцияларында және Алматы қаласының тарату қосалқы станцияларында электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін әзірлеу, «АЖК» АҚ ЖРЭС, ТРЭС-те телемеханика және байланыс жүйелерін орната отырып, қолданыстағы диспетчерлендіру жүйелерін кеңейту» (SCADA)	ЖРЭС, ТРЭС жобасын іске асыру аясында жоғары жиілікті байланыстың цифрлық арна құрушы жабдығына ауыстыру бөлігіндегі жұмыстар. Облыстың торап қосалқы станцияларында телемеханика жабдығын орнату	Жүйе әзірленіп, орнатылды
	Компания мен ЕТҰ мүдделерін ескеру мақсатында салалық бірлестіктермен ынтымақтаса отырып, заңнамалық бастамаларды әзірлеуге және талқылауға қатысу, тиісті ұсынымдарды дайындау	Салалық бірлестіктермен өзара іс-қимыл	Қоғам мен ЕТҰ мүдделерін ескеруге бағытталған заңнамалық бастамаларды әзірлеу және талқылау мен ұсынымдарды дайындау аясында салалық бірлестіктермен өзара іс-қимыл тұрақты негізде жүзеге асырылады.
	Қоғам мен ЕТҰ қызметін уақтылы бейімдеу мақсатында энергетика саласындағы заңнамаға өзгерістер енгізуді мониторингтеу	Нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді мониторингтеу	Электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді мониторингтеу тұрақты негізде жүргізіледі. Қабылданған түзетулер құрылымдық бөлімшелер үшін түсіндірілді. Ұсынылып отырған өзгерістер нарық қатысушыларымен, оның ішінде ЕТҰ-мен талқыланып жатыр
	Энергия өндіруші ұйымдардың негізгі құралдарының тозу деңгейін есептеу әдістемесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Энергия өндіруші ұйымдардың негізгі құралдарының тозу деңгейін есептеу әдістемесіне ұсыныстар	Энергия өндіруші ұйымдардың негізгі құралдарының тозу деңгейін есептеу әдістемесіне ұсыныстар әзірленіп, НҚА-ға тиісті өзгерістерді бастамалау үшін «Қазақстан Электр энергетикалық қауымдастығы» ЗТБ-ға жіберілді. Түзетулер қабылдау үшін ҚР Энергетика министрлігіне жіберілді. Жөндеу жұмыстарының номиналды мерзімі бөлігінде Қуат нарығының қағидаларына өзгерістер дайындалып, нарық қатысушыларына жіберілді. Энергетика министрлігі әдістемені ЗТБ-мен келісуге жіберді.

Операциялық, қаржылық және инвестициялық қызметтің тиімділігін арттыру.

ЖЭК-ті озық дамыту және қоршаған ортаға әсерді азайту

Стратегиялық мақсат	Міндет	Іс-шара	Орындалу мәртебесі
	Гидроаккумуляциялық электр станциялары/гидроэлектр станцияларын (ГАЭС/ГЭС) салу жобалары бойынша инвестициялардың қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында ҚР заңнамасын жетілдіруге қатысу	Инвестицияларды қайтару тетігін қамтамасыз ету жөніндегі түзетулер	ҚР Энергетика министрлігінде осы түзетулерді талқылау бойынша жұмыс кездесуі өткізілді ҚР Энергетика министрлігіне «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізу туралы ұсынысы бар хат жіберілді.ҚР Мәжіліс депутаттарымен және мүдделі мемлекеттік органдармен кездесулер мен талқылаулар өткізілді. 2025 жылғы 22 қазанда Мәжіліс депутаттарының жұмыс тобы түзетулер жобасын қарады, оның қорытындысы бойынша оларды ҚР Үкіметінің қорытындысына жіберу және ГАЭС жобасының тікелей презентациясын өткізу туралы шешім қабылданды. 2025 жылғы 28 қарашада Энергетика министрлігі Үкімет Аппаратына мемлекеттік органдардың келісілген ұстанымдары бар қорытынды жобасын жіберді, 2025 жылғы 1 желтоқсанда материалдар ҚР Президенті Әкімшілігіне жіберілді Үкімет Аппаратының заң бөлімінен ескертулер алынды.
	Қуат нарығы арқылы электр энергиясын жинақтау жүйелерін (ЭЖЖ) салу жобалары бойынша инвестициялардың қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында ҚР заңнамасын жетілдіруге қатысу (1 ГВт-қа дейінгі КЭС іске асыру жобасын жүзеге асыру аясында (United Green компаниясы)	ҚР Энергетика министрлігінде осы түзетулерді талқылау бойынша жұмыс кездесуі өткізілді	Осы түзетулер ҚР Энергетика министрлігі әзірлеген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баламалы энергия көздерін дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасына енгізілді (заң жобасы әзірлеу және талқылау сатысында). 2025 жылғы 1 сәуірде заң жобасы «Ашық НҚА» платформасы аясында жария талқылауға жіберілді. 2025 жылғы 18 сәуірде ҚЭҚ ескертулер мен ұсыныстары бар жиынтық кестені ҚР Энергетика министрлігіне жіберді. 2025 жылғы 2 тамызда «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне баламалы энергия көздерін дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қорытынды алу үшін ҚР Үкіметінің Аппаратына енгізілді. Бұдан бөлек, келісу және ұстанымды алу үшін заң жобасы ҚР Президенті Әкімшілігіне жіберілді. ҚР Президенті Әкімшілігінен ұстаным алынды. 2025 жылғы 28 қарашада заң жобасы ҚР Энергетика министрлігінен ҚР Парламенті Мәжілісіне жіберілді.
	Алматы облысында ЖЭК жобасын 810 МВт-қа дейін кеңейту (Power China)	Қуат беру схемасын (ҚБС) әзірлеу, техникалық шарттарды алу	2025 жылғы 30 желтоқсанда «KEGOC» АҚ ескертулерді ескере отырып, қуат беру схемасын келісті.
	ЮНИГРИН ЭНЕРДЖИ компаниясымен жалпы қуаты 1 ГВт-қа дейінгі КЭС салу	500 МВт-қа арналған 1-ші кезек жобалары үшін электр энергиясын сатып алу-сату шарттарына қол қою	Электр энергиясын сатып алу-сату шарттары «KEGOC» АҚ және ҚАП-пен жасалды
	Көміртекті ұстау және сақтау технологиялары (CCS)	«Самұрық-Энерго» АҚ көмір электр станцияларында көмір химиясы үшін газдандыру технологиясын қолдану және синтез-газ алу мүмкіндіктерін зерттеу	Көмір энергетикасын декарбонизациялаудың бір нұсқасы — көміртекті ұстау, сақтау және CO2-ні пайдалану технологиясын — CCS/CCUS (Carbon Capture & Usage and Storage) қолдану болып табылады. Бұл технология қолданыстағы энергетикалық жүйенің өмір сүруін ұзарту және ел экономикасын декарбонизациялау бойынша қабылданған міндеттемелерді орындау мүмкіндігі ретінде қарастырылады, бірақ сонымен қатар өндірілетін электр энергиясы көлемінің елеулі азаюына және электр энергиясы құнының айтарлықтай өсуіне әкеледі. Қазақстанның бу турбиналық циклді энергоблоктары бар жұмыс істеп тұрған ЖЭС-терінде бұл технологияны пайдалану мүмкін емес әрі орынсыз, өйткені бұл ұсынылып отырған технология бойынша циклішілік газдандыруы бар жаңа ЖЭС салу шығындарымен шамалас, не одан асып түсетін елеулі шығындарды талап етеді..
	Көміртекті бірліктерді (офсеттерді) және I-REC сертификаттарын сату	Жасалған келісімшарттар	2025 жылғы қыркүйекте «Энергия Семиречья» ЖШС 320 офсеттік бірлікті өткізді. 2025 жылғы қазанда Серіктестік 3366 офсеттік бірлікті өткізді.
	KASE және AIX-те «жасыл» облигацияларды орналастыру	Компания туралы ақпарат AIX-ке ұсынылды	Компания туралы барлық есептер мен ақпарат талаптарға сәйкес тиісті мерзімде AIX-ке ұсынылды
	DFO, ECA-дан қаржыландыру тарту	MIGA-дан алынған terms and conditions (шарттар мен талаптар)	MIGA-дан terms and conditions (шарттар мен талаптар), сондай-ақ коммерциялық банктерден түрлі ұсыныстар алынды
	«China Power International Holding Ltd.» компаниясымен бірлесіп энергия жинақтау жүйесі бар қуаты 1 ГВт жел электр станциясын салу	Ынтымақтастық қағидаттары туралы меморандум	ҚР мен ҚХР Үкіметтері арасында ЖЭК саласындағы жобаларды іске асыру туралы МПС-ке қол қойылды. Жоба ірі жобалар тізбесіне енгізілді.
		Жоба құжаттамасына қол қою (СоИ, PPA)	2025 жылы Жоба құжаттамасына қол қою бойынша жұмыс жүргізілді. 2026 жылғы 29 қаңтарда СоИ мен PPA-ға қол қойылды.

Стратегиялық мақсат	Міндет	Іс-шара	Орындалу мәртебесі
	«Masdar» компаниясымен бірлесіп энергия жинақтау жүйесі бар қуаты 1 ГВт жел электр станциясын салу	Қуат беру схемасын (ҚБС) әзірлеу, техникалық шарттарды алу	Қуат беру схемасы келісілді. «KEGOC» АҚ-ға техникалық шарттарды алуға өтінім жіберілді.
		Жоба құжаттамасына қол қою (СоИ, SHA, PPA)	Жоба құжаттарына қол қойылды (СоИ, SHA, PPA)
		Бірлескен кәсіпорын (БК) құру	2025 жылғы 11 қарашада АХҚО базасында Qazaq Wind Power LLP жобалық компаниясы құрылды
	«Total Eren» компаниясымен бірлесіп энергия жинақтау жүйесі бар қуаты 1 ГВт жел электр станциясын салу	Әзірленген ЖСҚ-ға оң сараптама қорытындылары алынды	ЖСҚ әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілді. ЖСҚ-ның бірінші пакеті 2025 жылғы желтоқсанда «Мемсараптама» РМК-ға енгізілді. ЖСҚ-ның 10 кезегінің ішінен. ЖСҚ 10 іске асыру кезегін қамтиды.
	Ел ішіндегі құндылық үлесі төмен тауарлар тізбесін егжей-тегжейлі талдау	Жергілікті қамту үлесін арттыру мақсатында тауарларды айқындау	Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу шарттары шеңберінде сатып алынған тауарлар бойынша есептілік нысаны (ІҚҮ бойынша 4-нысан) Сатып алудың ақпараттық жүйесінде (САЖ) тапсырылады. Аталған нысанда ел ішіндегі құндылық үлесі (ІҚҮ) нөлге тең тауарлар көрсетіледі. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілмейтін тауарларды 2025 жылға арналған импортты алмастыру тауарлары пулының құрамына енгізу мақсатында (Қор ұйымдары тарапынан ұзақ мерзімді сұранысқа ие импортталатын өнімдер тізбесі) тоқсан сайын «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС-не тиісті ұсыныстар жолданады.
ESG саласындағы үздік тәжірибелерді ұстану	Халықаралық стандарттарды қолдану және ақпаратты ашудың үздік тәжірибелерін дамыту арқылы жария есептіліктегі ақпараттың сапасы мен қолжетімділігін арттыру. Интеграцияланған жылдық есеп үшін әсерді бағалау және маңызды тақырыптарды айқындау жүргізілді.	2024 жылдың қорытындылары бойынша Интеграцияланған жылдық есеп GRI Standards 2021, AA1000, AIX және KASE талаптарына, ISO 260002010 стандартына, сондай-ақ LSE, Халықаралық интеграцияланған есептілік (Framework), SASB және TCFD көрсеткіштерінің жекелеген талаптарына сәйкес дайындалды.	2024 жылғы Интеграцияланған жылдық есеп пен Маңыздылық матрицасы «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің шешімдерімен бекітілді.
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және этикалық нормалар мәселелері бойынша қызметкерлердің хабардарлығын арттыру және сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу мақсатында тұрақты тренингтер мен оқытулар өткізу	Қызметкерлер үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және этикалық нормалар мәселелері бойынша тренингтер мен оқытулар өткізілді	Есепті кезеңде Компанияда және ЕДБ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидатын нығайту мақсатында 275-тен астам оқыту іс-шаралары мен түсіндіру кездесулері өткізілді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарын, Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен «Самұрық-Энерго» АҚ Мінез-құлық кодексінің ережелерін, сыйлықтар алмасу тәртібі мен мүдделер қақтығысын декларациялау ерекшеліктерін (оның ішінде топ-менеджмент пен жаңадан қабылданған қызметкерлер үшін) түсіндіру бойынша 65-тен астам ақпараттық тарату жұмыстары жүргізілді.
	ESG рейтингін жетілдіру	57 балл нәтижесімен және орташа «3» деңгейімен ESG рейтингі алынды	2025 жылғы 18 желтоқсанда Sustainable Fitch Ltd компаниясының бағалау қорытындысы бойынша Компанияға 57 балл беріліп, ESG рейтингі бойынша орташа «3» деңгейі тағайындалды.
	Директорлар кеңесінің тәуелсіз бағалауы	2025 жылы Dostyk Advisory компаниясының қатысуымен Директорлар кеңесінің тәуелсіз бағалауы жүргізілді	Есеп Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді.
	Компанияның негізгі қызмет түрлері бойынша климаттық тәуекелдерді анықтау және бағалау тәжірибесін жетілдіру өңірлік климаттық тәуекелдердің (орташа ауа температурасының жоғарылауы, су ресурстары қолжетімділігінің төмендеуі) электр және жылу энергетикасы секторына әсерін бағалау. Климаттық тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеу.	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның шоғырландырылған тәуекелдер тізілімі	Компанияның Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 20 маусымдағы №10/25 хаттамасымен Тәуекелдердің шоғырландырылған тізілімі жаңа редакцияда бекітілді. Тізілімге «70-С-СЭ – Климаттың физикалық тәуекелдері» және «71-С-СЭ – Климаттың өтпелі тәуекелдері» тәуекелдері енгізілді. Аталған климаттық тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар әзірленді.

ESG саласындағы үздік тәжірибелерді ұстану

Стратегиялық мақсат	Міндет	Іс-шара	Орындалу мәртебесі
	Адами капиталды дамыту	Басқарушылық дағдылар, көшбасшылық, стратегиялық жоспарлау және инновациялар, сондай-ақ басқару және операциялық менеджмент саласындағы үздік тәжірибелер бойынша менеджерлерге арналған тұрақты оқыту бағдарламаларын өткізу	2025 жылғы 23 қыркүйекте Таланттар пулының қатысушылары «Ағындағы көшбасшылық мотивация, ықпал ету және энергия» тақырыбында оқытудан өтті. 2025 жылғы 18 қарашада CEO-2 деңгейіндегі басшылар «Бүгінгі көшбасшылық» тақырыбында оқытудан өтті. 2025 жылғы 28 қарашада 76 қызметкер «Гендерлік теңдік» тақырыбында оқытудан өтті.
	Кадрлар тұрақтамаушылығын төмендету	Персоналды оңтайландыруға байланысты іс-шараларды қоспағанда, кадрлардың тұрақтамаушылық деңгейін төмендету	2025 жылы кадрлардың тұрақтамаушылық деңгейі жоспарланған 14% көрсеткішке қарсы 10,3%-ды құрады.
	Компанияда әлеуметтік кепілдіктер мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету	Компанияның ЕТҰ өндірістік персоналы арасында Samruk Research Services ұйымы әлеуметтік сауалнама жүргізді, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ мен оның ЕТҰ әкімшілік-басқарушылық персоналының әл-ауқатына зерттеу жүргізілді	2025 жылғы Samruk Research Services жүргізген Компанияның ЕТҰ өндірістік персоналы арасындағы сауалнама нәтижесі 77%-ды құрады. «Самұрық-Энерго» АҚ және оның ЕТҰ әкімшілік-басқарушылық персоналының әл-ауқатын зерттеу нәтижесі 59%-ды құрады.
	Дене белсенділігін талап етпейтін жұмыс орындарына (мысалы, диспетчерлер, байланыс орталығының қызметкерлері) мүгедектігі бар адамдарды ЕТҰ-ларда жұмысқа орналастыру.	«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасының 2024 жылғы 19 маусымдағы шешімімен «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы үшін мүгедектігі бар адамдарға қолайлы, инклюзивті және қолжетімді орта құру және қолдау бағдарламасы бекітілді.	2025 жылдың қорытындысы бойынша Компанияда жұмыс істейтін мүгедектігі бар адамдардың саны 213 адамды құрады.
	Энергия өндіретін кәсіпорындардың (гранты) есебінен болашағы зор студенттерді оқыту, еншілес және еншілес ұйымдардағы техникалық мамандар мен жұмыс мамандықтарына қажеттілікті әрі қарай жабу	Еншілес және тәуелді ұйымдардағы техникалық мамандар мен жұмысшы кәсіптерге деген қажеттілікті қамтамасыз ету мақсатында болашағы зор студенттерді энергия өндіруші кәсіпорындардың гранттары есебінен оқыту	2025 жылы студенттерге гранттар «АлЭС» АҚ, «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС және «Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ тарапынан берілді.
	Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мердігер ұйымдарды басқару сапасын арттыру.	Еншілес және тәуелді ұйымның мердігер ұйымдарды басқару жөніндегі бекітілген ішкі нормативтік құжаты	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында мердігер ұйымдардың жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі үлгілік ереже бекітілді.
	«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2024–2028 жылдарға арналған өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін дамыту стратегиясын іске асыру жөніндегі жоспарды бекіту	Жоспар әзірленіп, орындау үшін еншілес және тәуелді ұйымдарға жолданды	«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2024–2028 жылдарға арналған өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін дамыту стратегиясын іске асыру жоспарын жүзеге асыру жалғасуда.
	GRI стандарттарына сәйкес тұрақты даму саласындағы жыл сайынғы есепті дайындау	GRI стандарттарына сәйкес дайындалған Интеграцияланған жылдық есеп бекітілді.	GRI стандарттарына сәйкес дайындалған Интеграцияланған жылдық есеп Компанияның Директорлар кеңесімен бекітілді.
	Компания туралы есептерді/ақпаратты кредиторларға, қаржы институттарына және рейтингтік агенттіктерге олардың сұраныстарына сәйкес ұсыну.	Қолданыстағы кредиттік келісімдердің талаптарына сәйкес компания туралы есептерді/ақпаратты кредиторлар мен қаржы институттарына, сондай-ақ олардың сұраныстарына сәйкес рейтингтік агенттіктерге ұсыну	Fitch Ratings рейтингтік агенттігіне барлық есептер мен ақпарат тиісті мерзімде ұсынылды, рейтинг расталды.
	Балық ресурстарын молайту	Су айдындарын балықтандыру	2025 жылы «АлЭС» АҚ (Қапшағай ГЭС) және «Өскемен СЭС» ЖШС-де су айдындарын балықтандыру жұмыстары жүргізілді.

Стратегиялық сессия

2025 жылғы қыркүйек айында Алматы қаласында «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма мүшелері және негізгі құрылымдық бөлімшелердің басшылары қатысқан стратегиялық сессия өтті.

Сессия жаһандық және салалық үрдістерге ден қоюға арналды, оның ішінде бәсекелестіктің күшеюі, Қазақстанда электр энергиясын тұтынудың өсуі, технологиялық сын-қатерлер және Компанияның инновациялық белсенділігі мен тұрақтылығын арттыру қажеттілігі қарастырылды.

Стратегиялық сессияны өткізу елдің энергетика секторында тұрған өзекті сын-қатерлермен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Қазақстан жасанды интеллект дәуірінде өзекті міндеттер және оларды цифрлық трансформация арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында айқындалған басымдықтарды іске асыру қажеттілігімен байланысты.

Стратегиялық сессияны өткізудің негізгі алғышарттары ретінде келесі факторлар айқындалды

1. Жаһандық трендтер

Әлемдік энергетика жаһандық үрдістердің ықпалымен терең өзгерістерге ұшырауда. Бәсекелестік күшейіп, жасанды интеллект, цифрландыру, сондай-ақ энергия сақтау саласындағы жаңа шешімдер секілді жаңа технологиялар пайда болуда. Бұл инновациялар энергияны өндіру мен тұтыну тәсілдерін түбегейлі өзгертіп қана қоймай, саланың тиімділігі мен тұрақтылығын арттыру үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

2. Нарық конъюнктурасының өзгеруі

Қазақстанның ішкі нарығы электр энергиясын тұтынудың өсуімен сипатталады. Қазақстанның энергожүйесінде генерация мен тұтыну арасында тәуліктік теңгерімсіздік байқалады. Тұтынудың өсуімен бірге энергожүйеге түсетін жүктеме де артуда. Тұтыну шыңында электр энергиясының тапшылығы шамамен 1,7 ГВт-қа жетеді, бұл импорттық электр энергиясы арқылы өтеледі. Осы жағдайларда операциялық тиімділікті арттыру міндеті энергожүйенің тұрақтылығы мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін басым бағытқа айналады.

3. Технологиялық сын-қатерлер және мүмкіндіктер

Ағымдағы міндеттерді шешу үшін энергияға сұранысты неғұрлым дәл болжауға, өндірістік процестерді басқаруға және шығындарды оңтайландыруға мүмкіндік беретін заманауи цифрлық құралдарды интеграциялау қажет. Алдыңғы қатарлы зерттеу әзірлемелерімен қолдау тапқан өндірістік оңтайландыру бәсекеге қабілеттіліктің негізгі факторына айналуда.

4. Ұзақ мерзімді тұрақтылық сын-қатерлері

Ұзақ мерзімді тұрақтылық Компанияның инновациялық белсенділікті үздіксіз арттыру және бәсекеге қабілеттілікті нығайту қабілетіне тікелей байланысты. Жаңа технологияларды әзірлеу мен енгізуді ынталандыру, ғылыми әлеуетті дамыту және жүйелі өзгерістер үшін жағдай жасау қажет.

Стратегиялық сессияның негізгі мақсаттары 2024–2033 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру мәртебесімен танысу және жаңа стратегиялық бастамаларды талқылау болды.

Жасанды интеллект пен цифрландыруды дамыту бойынша мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылып жатқан курс шеңберінде келесі жобалар қаралып, талқыланды – еңбек қауіпсіздігі мен қорғауды арттыру үшін интеллектуалды бейнеаналитика жүйелері, жоспардан тыс жөндеулер мен тоқтап қалуларды қысқарту үшін ақауларды алдын ала анықтау, ЖЭК объектілерінің генерациясын болжау дәлдігін арттыру үшін жасанды интеллектті пайдалану.

Жобалар портфелін жаңа нарықтарға шығу арқылы әртараптандыру бастамасына ерекше мән берілді. Орталық Азия елдерінде СЭС, КЭС, ЖЭС, газ генерациясы және энергия жинақтау жүйелері саласындағы перспективалы жобалар қарастырылды. Мұндай жобаларға қатысу ішкі нарық конъюнктурасына тәуелділікті төмендетуге, Компанияның географиялық қатысуын кеңейтуге және тұрақты валюталық түсім көздерін қалыптастыруға мүмкіндік беретіні атап өтілді.

Шетелдік серіктестермен ынтымақтастық шеңберінде пилоттық жобаларды әзірлеуге, сондай-ақ қазақстандық жоғары оқу орындарымен өзара іс-қимылға бағытталған ғылыми-зерттеу және ғылыми-қолданбалы қызметті күшейту ұсынылды. Негізгі міндет ретінде импорттық шешімдерге тәуелділікті төмендету және технологияларды Қазақстан энергетикасының ерекшеліктеріне, оның ішінде көмір базасының, климаттық жағдайлардың және қолданыстағы инфрақұрылымның сипаттарына бейімдеу белгіленді.

Операциялық тиімділікті, сондай-ақ электр энергиясын өндіру және беру процестерінің тиімділігін арттыру мақсатында жұмыс режимдерін және активтер табыстылығын орталықтандырылған басқару тәсілдерін одан әрі дамыту көзделуде. Жоспарлы міндеттемелердің орындалуын тәулік бойы мониторингтеуді, ауытқуларға жедел әрекет етуді, теңгерімдеуге өтінімдерді орталықтандырылған басқаруды, сондай-ақ технологиялық параметрлерді нақты уақыт режимінде визуализациялау мен өңдеуді қамтамасыз ететін интеграцияланған жүйені енгізу мүмкіндіктері қарастырылуда. Бұл шешімдерді іске асыру басқару ашықтығын арттыруға, өндірістік процестерді үйлестіруді жақсартуға және энергетикалық активтерді неғұрлым тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Талқылау қорытындысы бойынша стратегиялық сессияларды өткізуінің маңыздылығы мен тұрақтылығы даму стратегиясын іске асыруды басқарудың тиімді құралы және жаңа өсу бағыттарын қалыптастыру тетігі ретінде расталды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

2025 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ сыртқы экономикалық жағдайлардың қарқынды өзгеруін ескере отырып, ірі инвестициялық жобаларды іске асыруды жалғастырды. Компания энергиямен жабдықтау сенімділігін арттыруға, ЖЭК секторын дамытуға, өз қызметінің қоршаған ортаға әсерін барынша азайтуға, Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін нығайтуға назар аударуды жалғастыруда.

Біздің тәсіл

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның инвестициялық қызметіндегі стратегиясы қаржыландыру көздерін әртараптандыруға бағытталған, соның ішінде халықаралық қаржы ұйымдары мен энергетикалық компаниялардан қаражатты белсенді тарту көзделеді. Біз инвестициялар тартудың әртүрлі тетіктерін, мысалы, мемлекеттік-жекешелік әріптестік және «жасыл» облигациялар шығару құралдарын қолданамыз, бұл тұрақты қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның инвестициялық қызметіндегі басымдық – ұзақ мерзімді құндылықты қалыптастыру, жаңа технологияларды енгізу және сапалы жұмыс орындарын құру. Компания тәуекелдерді тиімді басқару және тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық факторларды ескере отырып, коммерциялық орындылық пен жауапты тәсілді басшылыққа алады.

«Самұрық-Энерго» АҚ инвестициялық қызметінің негізгі қағидаттары

- Инвестициялық талдау және шешім қабылдау процесіне ESG параметрлерін енгізу
- Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау және құпия ақпаратты тиісті деңгейде пайдалану
- Қаржылық есептілікті, тұрақты даму бойынша есептілікті, оның ішінде ESG факторларын халықаралық немесе ұлттық аудит стандарттарына сәйкес жыл сайын дайындау
- Тәуекелдерді айқындау, бағалау және басқарудың формалдандырылған жүйесінің болуы.

ESG қағидаттарына сәйкес біздің басты артықшылықтарымыз

- ESG факторларын түсіну, ықтимал міндеттемелерді, шығындарды және қаржылық көрсеткіштерге әсерін, сондай-ақ құндылық жасау мүмкіндіктерін ескере отырып, негізделген инвестициялық шешімдер қабылдау
- беделдік немесе құқықтық тәуекелдерге ұшырауды барынша азайту
- Қор мен портфельдік компаниялардың ESG қағидаттарына сәйкестігін бағалау және мониторингтеу үшін тиісті жүйелердің болуын қамтамасыз ету, ESG талаптарын сақтау және онымен байланысты инвестициялық тәуекелдерді басқару
- ESG тәуекелдерін және олардың әсер ету деңгейін талқылау, бағалау және басқару, сондай-ақ мүмкіндіктерді айқындау және пайдалану үшін компаниялармен тұрақты өзара іс-қимыл негізін қалыптастыру
- Мүдделі тараптар үшін ESG факторларын тиісті түрде қарастыру және басқаруды көрсету.

«Самұрық-Энерго» АҚ инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде тәуекелдерді басқарудың кешенді тәсілін қолданады. Таңдау кезеңінде техникалық, қаржылық, экологиялық және реттеуші тәуекелдерге талдау жүргізіліп, сарапшылар мен халықаралық консультанттар тартылып, климаттық факторларға ерекше назар аударылады. Мысалы, Іле өзеніндегі су деңгейінің төмендеуін ескере отырып, қарсы реттеуші СЭС құрылысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылданды.

Инвестициялық жобалардың тиімділігі негізгі көрсеткіштер бойынша бағаланады, оның ішінде іске асыру мерзімдері, бюджет қаражатын игеру, жоспарланған қуаттарға қол жеткізу және экологиялық нәтижелер.

2025 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның инвестициялық бағдарламасының орындалуы, игеру әдісі бойынша, млн теңге (ҚҚС-сыз)

CAPEX бағыттар бойынша	2022 нақты	2023 нақты	2024 нақты	2025 нақты	2026 болжам
Инвестициялық жобалар, оның ішінде	58 372	80 393	136 375	264 540	474 673
Өндірістік активтерді жұмыс жағдайында ұстау	41 052	49 555	89 715	166 519	258 763
Әкімшілік активтерді жұмыс жағдайында ұстау	1 157	2 198	2 967	7 159	8 214
Басқа			731	513	5 195

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның инвестициялық жобалары

1 «№3 және №4 энергоблоктарды орнату арқылы Екібастұз МАЭС-2-ні кеңейту және реконструкциялау» жобасы

Жобаның сипаттамасы және мақсаты

Екібастұз МАЭС-2-ні кеңейту және реконструкциялау, сондай-ақ №3 және №4 энергоблокты салу барлық экономика секторлары мен халықты энергиямен жабдықтау сенімділігін арттыруға, сондай-ақ елдің экспорттық әлеуетін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Іске асыру мерзімі

2023–2030

2025 жылғы негізгі нәтижелер

- 2025 жылғы 30 мамырда қазақстандық консорциуммен EPC-келісімшарт жасалды.
- 2025 жылғы 29 желтоқсанда «Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ мен «Мемсараптама» РМК арасында сараптама жүргізу туралы шарт жасалды.

2 «Алматы ЖЭО-2-ні қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып жаңғырту» жобасы

Жобаның сипаттамасы және мақсаты

Алматы ЖЭО-2 алаңында электр қуаты 557 МВт-қа дейін және жылу қуаты 957 Гкал/сағ болатын газ-турбиналық технологияларды қолдана отырып жаңа станция салу Алматы қаласындағы экологиялық жағдайға станцияның теріс әсерін төмендетуге мүмкіндік береді. Жоба Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын орындау шеңберінде іске асырылуда.

Іске асыру мерзімі

2022–2026

2025 жылғы негізгі нәтижелер

- 2025 жылғы 27 маусымда бірінші газтурбиналық қондырғының турбинасы мен генераторының бірінші жиынтығының іргетасқа орнатылуы аяқталды.
- 2025 жылғы 6 қазанда жоба бойынша жобалық-сметалық құжаттамаға «Мемсараптама» РМК-ның оң қорытындысы алынды.
- 2025 жылғы 23 қазанда Siemens Energy компаниясының турбинасы мен генераторының екінші жиынтығы іргетасқа орнатылды.
- 2025 жылғы қараша–желтоқсан айлары аралығында 4 су жылыту қазандығы, 3 бу қазандығы, генераторы бар бу турбинасы жеткізілді.
- Құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде, КРУЭ, ППГ, су дайындау, су жылыту қазандығы, бас корпус және қосалқы объектілерді қоса алғанда барлық негізгі ғимараттар мен құрылыстар үшін қадалы іргетастарды құю аяқталды. Сонымен қатар, тірек қабырғаны бетондау толық орындалып, газтурбиналық қондырғылар аралы астындағы іргетасты орнату аяқталды.

3 «Алматы ЖЭО-3-ті реконструкциялау» жобасы

Жобаның сипаттамасы және мақсаты

Алматы ЖЭО-3-ті қуаты 544 МВт-қа дейінгі бу-газ қондырғысын салу арқылы реконструкциялау Қазақстанның Оңтүстік аймағындағы маневрлік қуат тапшылығын ішінара жабуға, сондай-ақ Алматы қаласы мен Алматы өңірінің тұтынушыларын жүктеме кестелері мен температуралық режимдерге сәйкес электр және жылу энергиясымен үздіксіз қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Іске асыру мерзімі

2021–2026

2025 жылғы негізгі нәтижелер

- Алматы ЖЭО-3-ті реконструкциялау» жобасы бойынша 2025 жылы «ҚазҚСҒЗИ» АҚ-дан Арнайы техникалық шарттар алынды. 2025 жылғы желтоқсанда Ansaldo Energia компаниясы тарапынан турбина мен генератордың бірінші жиынтығы алаңға жеткізілді.
- 2025 жылғы желтоқсанда Ansaldo Energia компаниясының турбинасы мен генераторының бірінші жиынтығы құрылыс алаңына жеткізілді.
- 2025 жылдың соңына қарай турбинаның екінші жиынтығы жөнелтіліп, кедендік ресімдеу рәсімдерінен өтіп жатты.
- Алматы ЖЭО-3 бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде, атап айтқанда бас корпус бойынша жұмыстар кестеге сәйкес орындалуда ГТҚ-1 және қалдық жылуды кәдеге жарататын қазандық бойынша іргетасқа арналған дайындық бетондары құйылып, арматуралау және бетондау жұмыстары жүргізілді, ГТҚ-1 және қалдық жылуды кәдеге жарататын қазандық үшін іргетас құю жүзеге асырылды.
- 2025 жылдың соңына қарай 220 кВ және 110 кВ КРУЭ ғимараттарының, су дайындау және айналым жүйелері ғимаратының, сондай-ақ газ дайындау пунктінің іргетасын салу жұмыстары аяқталды. Алынған арнайы техникалық шарттар шеңберінде сынақ қадаларына сынақ жүргізіліп, қадаларды құю жұмыстары басталды. 220 кВ, 110 кВ және 35 кВ электр беру желілерінің (ЭБЖ) тіректерін монтаждау толық көлемде орындалды. «АЖК» АҚ және «KEGOC» АҚ-мен келісу негізінде электр желілерін көшіру және қайта қосу жұмыстары басталды.

4 «Алматы қаласының кабельдік желілерін реконструкциялау» жобасы

Жобаның сипаттамасы және мақсаты

Кабель желілерін реконструкциялау Алматы қаласының өткізу қабілетін 30%-ға арттыруға, сондай-ақ «АЖК» АҚ-ның тарату желілеріндегі апаттылықты төмендетуге мүмкіндік береді. Жоба «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған тұрақты экономикалық өсім» ұлттық жобасы шеңберінде бекітілген.

Іске асыру мерзімі

2022–2030

2025 жылғы негізгі нәтижелер

- 98 км кабель желілері ауыстырылды, бір тарату қосалқы станциясы (РП), трансформаторлық қосалқы станциялар (ТП) КТПБ-ге ауыстырылды – 8 дана, 13 ТП реконструкцияланды, 15 трансформатор ауыстырылды
- 3 объект пайдалануға енгізілді
- 3 жоба бойынша жобалық-сметалық құжаттамаға түзетулер енгізілді
- 9 жоба бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын іске асыру жалғастырылды

5 «СЭС каскадын реконструкциялау және жаңғырту» жобасы

Жобаның сипаттамасы және мақсаты

СЭС каскадын реконструкциялау және жаңғырту станциялардың сенімділігі мен қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ орнатылған қуатты 7,5 МВт-қа арттырып, Алматы қаласы мен Алматы өңірінің тұтынушыларын қамтамасыз ету үшін электр энергиясын жылына 41,7 млн кВт*сағатқа ұлғайтады.

«СЭС каскадын реконструкциялау және жаңғырту» жобасы бойынша 2024 жылы AFRY Switzerland компаниясы тарапынан техникалық-экономикалық зерттеу әзірленді.

2025 жылғы негізгі нәтижелер

- 2025 жылғы 6 наурызда Азия даму банкімен СЭС-ті тексеру жүргізу үшін грант беру туралы Меморандумға қол қойылды.
- 2025 жылғы қарашада тендерлік рәсімдер қорытындысы бойынша Жобаны тексеру жұмыстарын орындаушы ретінде австриялық «ILF» компаниясы анықталды.

6 «Total Eren» компаниясымен бірлесіп Қазақстан Республикасында энергияны жинақтау жүйесімен қуаты 1 ГВт жел электр станциясын (ЖЭС) салу жобасы

Жобаның сипаттамасы және мақсаты

Жоба шеңберінде электр энергиясын жинақтау жүйелері қолданылатын болады, бұл электр энергиясын өндіруді жоспарланған болжам шегінде ұстап тұруға мүмкіндік береді және, тиісінше, жел генерациясының үзіктілігіне байланысты желі тұрақсыздығы тәуекелін төмендетеді.

Іске асыру мерзімі

2021–2028

2025 жылғы негізгі нәтижелер

- 2025 жылғы 3 қазанда «Актас Энерджи» ЖШС мен Envision (800 МВт), сондай-ақ «Актас Энерджи» ЖШС мен SANY (200 МВт) арасында қуаты 1 000 МВт жел генераторларын жеткізуге келісімшарттарды беру туралы хаттарға (Letter of Award) қол қойылды.
- 2025 жылғы 5 желтоқсанда энергияны жинақтау жүйелерін (ЭЖЖ) жеткізуге шартты келісімшарттарды беру туралы хаттарға (Conditional Letters of Award) қол қойылды – «Актас Энерджи» ЖШС мен Saft арасында.

7 «Masdar» компаниясымен бірлесіп Жамбыл облысында энергияны жинақтау жүйесімен қуаты 1 ГВт жел электр станциясын (ЖЭС) салу жобасы

Жобаның сипаттамасы және мақсаты

Жоба шеңберінде электр энергиясын жинақтау жүйелері қолданылатын болады, бұл электр энергиясын өндіруді жоспарланған болжам шегінде ұстап тұруға мүмкіндік береді және, тиісінше, жел генерациясының үзіктілігіне байланысты желінің тұрақсыздығы тәуекелін төмендетеді.

Іске асыру мерзімі

2023–2029

2025 жылғы негізгі нәтижелер

- 2025 жылғы 10 мамырда «Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктері Үкіметі арасындағы жел электр станциясы жобасын іске асыру туралы келісімді ратификациялау туралы» Заңға қол қойылды.

8 «China Power International Holding (CPIH)» компаниясымен бірлесіп Жамбыл облысында энергияны жинақтау жүйесімен қуаты 1 ГВт жел электр станциясын (ЖЭС) салу жобасы

Жобаның сипаттамасы және мақсаты

Жоба шеңберінде электр энергиясын жинақтау жүйелері қолданылатын болады, бұл электр энергиясын өндіруді жоспарланған болжам шегінде ұстап тұруға мүмкіндік береді және, тиісінше, жел генерациясының үзіктілігіне байланысты желінің тұрақсыздығы тәуекелін төмендетеді.

2025 жылғы негізгі нәтижелер

- 2025 жылғы 18 маусымда Qazaq Green Power мен CPIH арасында акционерлік келісімге (SHA) қол қойылды.
- 2025 жылғы 14 шілдеде «Pavlodar Green Energy» ЖШС жобалық компаниясы тіркелді.

Іске асыру мерзімі

2023–2029

9 «Unigreen Energy» компаниясымен бірлесіп жалпы қуаты 1 ГВт жаңартылатын энергия көздері объектілерін салу жобасы

Жобаның сипаттамасы және мақсаты

Энергияны жинақтау жүйелерін қолдану мүмкіндігімен қуаты 1 ГВт-қа дейінгі ЖЭК объектілерін салу

2025 жылғы негізгі нәтижелер

- ҚАП 60 МВт жобасы бойынша жобалық-сметалық құжатамаға (ЖСҚ) «Мемсараптама» РМК-ның оң қорытындысы алынды.
- ҚАП (60 МВт) және KEGOC (185 МВт) күн электр станцияларын салу жобалары бойынша қаржыландырудың негізгі шарттары мақұлданды.
- 2025 жылғы 29 желтоқсанда «Altyn Dala Energy» ЖШҚ энергияны жинақтау жүйелерін қолдана отырып қуаты 600 МВт күн электр станциясын салу бойынша ЖЭК жобаларын іріктеу аукциондық саудасының жеңімпазы болып айқындалды.

Іске асыру мерзімі

2023–2028

10 «PetroKazakhstan» компаниясымен бірлесіп Ұлытау облысында энергияны жинақтау жүйесімен қуаты 100 МВт жел электр станциясын (ЖЭС) салу жобасы

Жобаның сипаттамасы және мақсаты

Жоба шеңберінде электр энергиясын жинақтау жүйелері қолданылатын болады, бұл электр энергиясын өндіруді жоспарланған болжам шегінде ұстап тұруға мүмкіндік береді және, тиісінше, жел генерациясының үзіктілігіне байланысты желінің тұрақсыздығы тәуекелін төмендетеді.

2025 жылғы негізгі нәтижелер

- Объектіде жел өлшеу мачталары орнату аяқталды, жобалық-іздестіру жұмыстары аяқталып, қорытынды есептер алынды.
- 2025 жылғы 13 қазанда KEGOC желілеріне қосылуға техникалық шарттар алынды.
- ЖЭС үшін жалпы ауданы 215 га жер учаскесіне мемлекеттік акт алынды.

Іске асыру мерзімі

2024–2027

11 «Таза көмір технологиялары негізінде жаңа МАЭС-3 станциясын салу» жобасы

Жобаның сипаттамасы және мақсаты

Таза көмір технологиясына негізделген, маневрлік генерация режимімен қуаты 2640 МВт (әрқайсысы 660 МВт төрт энергоблок) жаңа МАЭС-3 көмір электр станциясын салу елдегі маневрлік қуат тапшылығын жабуға мүмкіндік береді, сондай-ақ атмосфераға шығарындылар бойынша заманауи экологиялық нормаларға сәйкестікті қамтамасыз етеді.

2025 жылғы негізгі нәтижелер

- 2025 жылғы 17 сәуірде «Жаңа МАЭС-3 станциясын салу» жобасының алдын ала техникалық-экономикалық негіздемесін (алдын ала ТЭН) әзірлеу аяқталды.
- 2025 жылғы 30 мамырда «Жаңа МАЭС-3 станциясын салу» жобасының алдын ала ТЭН-і Астана қаласы бойынша мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментімен сыйға тарту шартына және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігімен қабылдау-тапсыру актісіне қол қою арқылы мемлекеттік меншікке берілді.

Іске асыру мерзімі

1-блок – 2030 жыл | 2-блок – 2031 жыл | 3 және 4-блоктар – 2034–2035 жылдар

12 «МАЭС-1 №3 энергоблогын жаңғырту» жобасы

Жобаның сипаттамасы және мақсаты

Жабдықтың пайдалану мерзімін ұзарту, сенімділік, үнемділік және жөндеуге жарамдылықтың технико-экономикалық көрсеткіштерін жақсарту, пайдалану және жөндеу шығындарын төмендету, жөндеуаралық кезеңді ұлғайту, сондай-ақ экологиялық стандарттарды сақтау мақсатында.

2025 жылғы негізгі нәтижелер

- 2024 жылғы 30 желтоқсанда әзірленген техникалық-экономикалық негіздемеге (ТЭН) «Мемсараптама» РМК-ның оң қорытындысы алынды.
- 2025 жылы жоба бойынша корпоративтік рәсімдер аяқталды, олардың шеңберінде ТЭН нәтижелері қаралып, мақұлданды.

Іске асыру мерзімі

2023–2030

13 «China Energy Overseas Investment Co., Ltd (China Energy)» компаниясымен бірлесіп Қарағанды облысында қуаты 500 МВт жел электр станциясын (ЖЭС) салу жобасы

Жобаның сипаттамасы және мақсаты

Жоба аясында энергия жинақтау жүйесімен (BESS) жабдықталған жел электр станциясын салу көзделген. Бұл қуат өндірудің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, электр энергиясын жеткізу кестесін болжамға сәйкес сақтауға және жел генерациясының құбылмалылығының энергожүйенің сенімділігіне әсерін азайтуға мүмкіндік береді.

2025 жылғы негізгі нәтижелер

- 2025 жылғы мамырда желді өлшеу үшін мачта орнатылды, ай сайынғы жел мониторингі бойынша жұмыстар жалғасуда.
- 2025 жылғы 5 желтоқсанда «Karaganda Wind Power» ЖШС жобалық компаниясы тіркелді.

Іске асыру мерзімі

2024–2028

14 «China Energy Overseas Investment Co., Ltd (China Energy)» компаниясымен бірлесіп Түркістан облысында қуаты 300 МВт күн электр станциясын (КЭС) салу жобасы

Жобаның сипаттамасы және мақсаты

Жоба аясында энергия жинақтау жүйесімен (BESS) жабдықталған күн электр станциясын салу көзделген. Бұл қуат өндірудің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, электр энергиясын жеткізу кестесін болжамға сәйкес сақтауға және күн генерациясының құбылмалылығының энергожүйенің сенімділігіне әсерін азайтуға мүмкіндік береді.

Іске асыру мерзімі

2024–2027

2025 жылғы негізгі нәтижелер

- 2025 жылғы 16 маусымда Energy China мен «РФЦ» ЖШС арасында PPA шартына қол қойылды.
- 2025 жылғы 2 қыркүйекте ҚР–ҚХР Іскерлік кеңесінің отырысы шеңберінде «Sauran Solar Power» ЖШС-мен инвестициялар туралы келісімге қол қойылды.
- 2025 жылғы 15 желтоқсанда China Energy Overseas Investment Co. Ltd компаниясымен бірлесіп жүзеге асырылатын Түркістан облысында қуаты 300 МВт күн электр станциясының құрылысын бастау белгісі ретінде естелік капсула салу рәсімі өтті.
- 2026 жылғы 25 желтоқсанда EPC-келісімшартқа қол қойылды.

15 «Көкшетау қаласында жылу электр орталығын (ЖЭО) салу» жобасы

Жобаның сипаттамасы және мақсаты

Көкшетау қаласында электр қуаты кемінде 240 МВт және жылу қуаты 820 Гкал болатын жаңа жылу электр орталығын (ЖЭО) салу өңірді сенімді жылумен және электрмен жабдықтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Іске асыру мерзімі

2023–2029

2025 жылғы негізгі нәтижелер

- 2025 жылғы 24 маусымда «Көкшетау ЖЭО» ЖШС мен ҚР Энергетика министрлігі арасында инвестициялардың қайтарымдылығын қамтамасыз ететін ЖЭО салу туралы шарт жасалды.
- 2025 жылғы 15 шілдеде «Көкшетау ЖЭО» ЖШС жобалау, жабдықтарды жеткізу, құрылыс-монтаж және іске қосу-реттеу жұмыстарына келісімшарттар жасасты.
- 2025 жылғы 28 шілдеде «ЖЭК-ті қолдау жөніндегі қаржы-есептік орталығы» ЖШС-мен электр қуатының дайын күйін қолдау қызметін сатып алу туралы шарт жасалды.

16 «Семей қаласында жылу электр орталығын (ЖЭО) салу» жобасы

Жобаның сипаттамасы және мақсаты

Семей қаласында электр қуаты кемінде 360 МВт және жылу қуаты 1 000 Гкал болатын жаңа жылу электр орталығын (ЖЭО) салу өңірді сенімді жылумен және электрмен жабдықтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Іске асыру мерзімі

2023–2029

2025 жылғы негізгі нәтижелер

- 2025 жылғы 22 қазанда «Семей Энерго» ЖШС мен ҚР Энергетика министрлігі арасында инвестициялардың қайтарымдылығын қамтамасыз ететін Семей қаласындағы ЖЭО құрылысы бойынша шарт жасалды.
- 2025 жылғы 24 желтоқсанда «ЖЭК-ті қолдау жөніндегі қаржы-есептік орталығы» ЖШС-мен электр қуатының дайын күйін қолдау қызметін сатып алу туралы шарт жасалды.

17 «Өскемен қаласында жылу электр орталығын (ЖЭО) салу» жобасы

Жобаның сипаттамасы және мақсаты

Өскемен қаласында электр қуаты кемінде 360 МВт және жылу қуаты 1 000 Гкал болатын жаңа жылу электр орталығын (ЖЭО) салу өңірді сенімді жылумен және электрмен жабдықтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Іске асыру мерзімі

2023–2029

2025 жылғы негізгі нәтижелер

- 2025 жылғы 22 қазанда «Өскемен Энерго» ЖШС мен ҚР Энергетика министрлігі арасында инвестициялардың қайтарымдылығын қамтамасыз ететін Өскемен қаласындағы ЖЭО құрылысы бойынша шарт жасалды.
- 2025 жылғы 24 желтоқсанда «ЖЭК-ті қолдау жөніндегі қаржы-есептік орталығы» ЖШС-мен электр қуатының дайын күйін қолдау қызметін сатып алу туралы шарт жасалды.

18 «Қызылорда облысында қуаты шамамен 1100 МВт бу-газ қондырғысы негізіндегі электр станциясын салу» жобасы

Жобаның сипаттамасы және мақсаты

Жоба ҚР БЭЖ-нің Оңтүстік аймағында жаңа маневрлік қуаттарды енгізу мақсатында іске асырылуда. Жоба шеңберінде «Қызылорда — Шымкент» және «Қызылорда — Жезқазған» электр беру желілерін салу да жоспарланған. Газ көзі ретінде ББШ газ құбырының салынып жатқан екінші желісі қарастырылған.

Іске асыру мерзімі

2024–2029

2025 жылғы негізгі нәтижелер

- 2025 жылғы 25 ақпанда «Самұрық-Энерго» АҚ мен UCC арасында Доха қаласында (Катар) Жоба бойынша акционерлік келісімге (SHA) қол қойылды.
- 2025 жылғы 2 мамырда АХҚО юрисдикциясында жеке компания мәртебесінде Kyzylorda Energy Ltd бірлескен жобалық компаниясы 250440900943 сәйкестендіру нөмірімен тіркелді.

19 Алматы облысында гидроаккумуляциялық электр станцияларын (САЭС) салу жобасы

Жобаның сипаттамасы және мақсаты

САЭС-ті маневрлік генерация көзі ретінде пайдалану жүктеменің ең жоғары сағаттарында электр энергиясы тапшылығын жабуға және түнгі сағаттардағы төмендеулерді өтеуге мүмкіндік береді (САЭС-тің жылдам қолжетімді реттеу мүмкіндіктері және үлкен жинақтау сыйымдылығы жел және күн энергиясының үлесі жоғары жүйелерде тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қажет).

2025 жылғы негізгі нәтижелер

- 2025 жылғы 16 маусымда Power Central Asia+China энергетикалық форумы алаңында «Самұрық-Энерго» АҚ мен КМКВХЭ арасында Жобаның келесі кезеңіне – техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуге дайындық форматын айқындайтын келісімге қол қойылды.
- 2025 жылғы 15 шілдеде «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы мен Басқарма төрағасының ҚХР-ға ресми сапары шеңберінде Қытайда «Самұрық-Энерго» АҚ мен CSPG арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.
- 2025 жылғы 2 қыркүйекте Қазақстан–Қытай Іскерлік кеңесінің отырысында «Самұрық-Энерго» АҚ мен CSPGI арасында жобаны бірлесіп әзірлеу туралы келісімге (JDA) қол қойылды, онда тараптардың негізгі міндеттемелері мен өзара іс-қимыл тәртібі бекітілді.

Жасыл және төмен көміртекті инвестициялар

«Самұрық-Энерго» АҚ жасыл және төмен көміртекті инвестицияларды дамытуды инвестициялық қызметтің және ұзақ мерзімді стратегиялық дамудың негізгі бағыты ретінде қарастырады. Инвестициялық портфельді қалыптастыру тәсілдері тұрақты даму, климаттық жауапкершілік қағидаттарына және кең ауқымды стейкхолдерлер мүдделерін ескеруге негізделген.

Жасыл инвестицияларды корпоративтік басқару

Тұрақты даму және ESG-факторларды инвестициялық қызметке интеграциялау саласындағы стратегиялық басшылықты «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесі жүзеге асырады. Тұрақты даму, климаттық күн тәртібі және ESG тәуекелдер мәселелері Директорлар кеңесінің отырыстарында (тоқсан сайын) және оның Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті шеңберінде тұрақты түрде қаралады.

Компанияда ESG бастамаларын әдістемелік сүйемелдеу және үйлестіру үшін «Корпоративтік басқару және тұрақты даму» мамандандырылған департаменті жұмыс істейді, ол экологиялық және климаттық факторларды инвестициялық жоспарлау және шешім қабылдау процестеріне енгізуді қамтамасыз етеді.

Инвестициялық шешімдердің экологиялық және климаттық аспектілері

«Самұрық-Энерго» АҚ инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде экологиялық және климаттық тәуекелдерді басқарудың жүйелі тәсілін қолданады, ҚР заңнамасын, ISO 14001 стандартын және тұрақты дамудың халықаралық тәжірибелерін басшылыққа алады. Кеңейту және жаңғырту жобалары үшін қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) жүргізіледі, оған қоршаған ортаға әсерді талдау, қоғамдық тыңдаулар және экологиялық мониторинг кіреді.

Компания инвестициялық портфельді қалыптастыру кезінде ескерілетін көміртектік бейтараптыққа қол жеткізуге бағытталған 2060 жылға дейінгі энергетикалық көшу бағдарламасын іске асыруда.

Жасыл және төмен көміртекті инвестициялар құрылымы

Компанияда жасыл және төмен көміртекті инвестицияларды іске асыруды реттейтін нормативтік және стратегиялық база қалыптастырылған. Инвестициялық қызмет Қордың корпоративтік стандарттары мен ESG қағидаттарын ескере отырып, Компанияның Инвестициялық саясаты мен даму стратегиясына сәйкес жүзеге асырылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ инвестициялық портфелі ЖЭК және гидрогенерация жобаларының жоғары үлесімен сипатталады. Жобалардың жалпы белгіленген қуаты шамамен 11,4 ГВт құрайды, оның ішінде шамамен 7,2 ГВт (шамамен 63%) төмен көміртекті энергия көздеріне жатады, соның ішінде

- жел генерациясы — 3,6 ГВт
- күн генерациясы — 1,1 ГВт
- су электр және гидроаккумуляциялық станциялар — 2,5 ГВт.

19 инвестициялық жобаның 7-сі ЖЭК жобаларына жатады, бұл инвестициялық бағдарламаның төмен көміртекті энергетиканы дамытуға тұрақты бағытталғанын дәлелдейді.

Жасыл қаржыландыру және облигациялар

«Самұрық-Энерго» АҚ экологиялық маңызды инвестициялық жобаларды іске асыру үшін тұрақты қаржыландыру құралдарын қолданады. 2021 жылы Компания Astana International Exchange алаңында 18,4 млрд теңге сомасына жасыл облигациялар шығарды.

Тартылған қаражат энергия тиімділігін арттыруға, жабдықтың сенімділігін күшейтуге және ЖЭК интеграциясы үшін қажет маневрлік қуаттарды дамытуға бағытталған Шардара СЭС жаңғырту жобасын қаржыландыруға жұмсалды.

Компания AIX Business Rules талаптарына сәйкес жыл сайынғы постэмиссиялық есептілікті жүргізеді, қаражаттың мақсатты пайдаланылуын және экологиялық әсерлердің қол жеткізілуін растайды.

Энергия тиімділігі және тұрақты дамуға инвестициялар

Қосымша түрде Компаниялар тобында 2026–2031 жылдарға арналған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасы іске асырылуда, ол отын-энергетикалық ресурстарды тұтынуды азайтуға және активтерді пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған.

2025 жылы Компания сондай-ақ энергетикалық активтердің тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруға бағытталған технологиялық шешімдерді іздеуге арналған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (R&D) инвестициялар салды.

2025 жылғы 31 желтоқсан жағдай бойынша:

- айналымдағы жасыл облигациялар көлемі – 18,4 млрд теңге
- айналымдағы облигациялардың жалпы көлемі – 46,2 млрд теңге
- қарыз портфеліндегі жасыл қаржыландыру үлесі – шамамен 40%.

03

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Негізгі қаржылық көрсеткіштер **114**

НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Қаржылық-экономикалық көрсеткіштер[7]

Көрсеткіш, млн теңге	2023 (нақты)	2024 (нақты)	2025 (нақты)	2026 (болжам)
Өнімді сату және қызмет көрсету бойынша табыс	**444 960**	**573 490**	**752 843**	**774 950**
Сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	329 676	371 645	**487 420**	558 492
Жалпы пайда	115 284	201 845	**265 424**	216 459
Операциялық пайда	92 828	172 987	**225 777**	173 267
Амортизация, пайыздар және корпоративтік табыс салығына дейінгі пайда (EBITDA)	159 484	226 241	**314 866**	285 796
Салық салуға дейінгі пайда (шығын)	63 082	147 524	**205 355**	157 273
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	19 352	34 555	**47 709**	36 470
Азшылық үлесін шегергенге дейінгі жалпы пайда (шығын)	43 730	112 969	**157 645**	120 802
Азшылық үлесі	649	461	**2 847**	1 344
Топ акционерлеріне тиесілі таза пайда	43 080	112 508	**154 798**	119 459

2025 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ бойынша өнімді сату және қызмет көрсету бойынша табыс 752 843 млн теңгені құрады

8. Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен өндірушілер бойынша табыс

Консолидацияланған түсімнің ұлғаюы негізінен өткізу (сату) сегментінде байқалды. Түсімнің өсуі электр энергиясын өткізу көлемінің 1 079 млн кВт*сағ.(12%)-қа ұлғаюына, сондай-ақ «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның Энергосбыт филиалында электр энергиясын өткізу тарифінің 28,03 теңге/кВт*сағ.-тан 30,97 теңге/кВт*сағ.-қа дейін (10% өсім) көтерілуіне байланысты.

Электр энергиясын беру бойынша түсімнің артуы электр энергиясын беру көлемінің 688 млн кВт*сағ. (7%)-қа өсуімен және «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның электр энергиясын беру тарифінің 9,95 теңге/кВт*сағ.-тан 12,83 теңге/кВт*сағ.-қа дейін ұлғаюымен байланысты.

Электр энергиясын өндіру сегментінде түсімнің өсуі гидроэлектр станцияларының өткізу көлемінің артуымен, бұл 2025 жылғы 1 ақпаннан бастап электр энергиясы өндіруші ұйымдар үшін шекті тарифтердің өсуіне байланысты, сондай-ақ 2025 жылға арналған өткізілген сауда-саттық қорытындылары бойынша қуат өткізу көлемінің ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілді.

Сондай-ақ жылу энергиясын өндіру сегментінде «Алматы Электр Станциялары» АҚ және «Energy Solutions Center» ЖШС (Екібастұз ЖЭО) өнім өткізу көлемдерінің өсуі есебінен түсімнің ұлғаюы байқалды. Бұдан бөлек, «Алматы Электр Станциялары» АҚ-ның жылу энергиясына тарифі 5 195 теңге/Гкал-дан 5 539 теңге/Гкал-ға дейін артты.

2025 жылғы негізгі қызмет түрлері бойынша кірістер құрылымы



Болашақ кезеңге болжам 2026 жылға арналған болжам бойынша өнімді сату және қызмет көрсету бойынша табыс 774 950 млн теңге деңгейінде жоспарланды, бұл 2025 жылғы нақты көрсеткіштен 22 107 млн теңгеге немесе 3%-ға жоғары. Өсім электр энергиясын өндіру және өткізу тарифтерінің жоспарлы ұлғаюымен, сондай-ақ қуат көлемі мен тарифінің өсуімен (1 165 мың теңге/МВт·айдан 1 170 мың теңге/МВт·айға дейін) байланысты.

Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен өндірушілер бойынша табыс

Көрсеткіш, млн теңге	2023 (нақты)	2024 (нақты)	2025 (нақты)	2026 (болжам)
Өнімді сату және қызмет көрсету бойынша табыс	**444 960**	**573 490**	**752 843**	**774 950**
«Екібастұз МАЭС-1» ЖШС	186 939	198 847	**246 631**	275 120
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ – Энергосбыт филиалы	168 309	247 127	**307 166**	356 751
«Алматы Электр Станциясы» АҚ	96 660	125 605	**139 513**	154 656
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	67 712	94 009	**129 111**	145 064
«Мойнақ СЭС» АҚ	21 720	25 768	**26 196**	17 882
«Шардара СЭС» АҚ	8 991	8 602	**7 137**	8 357
«Өскемен СЭС» ЖШС		10 915	**12 794**	12 616
«Шүлбі СЭС» ЖШС		16 603	**18 429**	18 328
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	6 170	6 641	**7 826**	8 574
«Бұқтырма СЭС» АҚ	21 837	16 520	**93 693**	43 590
«Energy Solution Center» ЖШС (ЭЖЭО)		4 233	**9 512**	11 795
«Energy Solution Center» ЖШС филиалы – Ортақ қызмет көрсету орталығы (ОҚО)	1 595	1 945	**2 643**	3 729
«Samruk-Green Energy» ЖШС	500	659	**814**	797
Топішілік айналымдар (элиминация)	**-135 475**	**-183 986**	**-248 622**	**-282 309**

Компанияның негізгі қызметі бойынша табыстарының негізгі үлесін «Екібастұз МАЭС-1» ЖШС, «Алматы Электр Станциясы» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ және «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның Энергосбыт филиалы құрайды. Сонымен қатар, табыстарды шоғырландыру кезінде жалпы сомадан негізінен электр энергиясын өндіруші және таратушы компаниялар бойынша топішілік айналымдар алынып тасталады.

Өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны

Көрсеткіш, млн теңге	2023 (нақты)	2024 (нақты)	2025 (нақты)	2026 (болжам)
Отын	91 379	107 507	**143 961**	159 826
Еңбекақы және байланысты шығыстар	53 766	70 084	**95 143**	108 931
Сатып алынған электр энергиясының құны	56 404	57 128	**44 268**	41 747
Электр қуатының дайын болуын қамтамасыз ету бойынша қызметтер	8 848	2 822	**23 320**	26 650
Негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы	62 556	58 033	**78 029**	100 064
Жөндеу және күтіп ұстау	11 377	12 993	**18 958**	17 494
Электр энергиясын беру қызметтері	16 922	19 828	**27 959**	34 904
Материалдар	2 777	3 373	**5 020**	5 787
Сумен қамтамасыз ету	7 582	10 625	**13 000**	15 864
Желілердегі шығындар	2	0	**0**	0
Табыс салығын қоспағандағы салықтар	4 633	6 055	**7 727**	10 701
Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем	4 435	5 054	**8 038**	9 243
Үшінші тарап ұйымдарының қызметтері	3 350	11 985	**13 949**	15 857
Басқа	5 643	6 159	**8 047**	11 423
Барлығы	**329 676**	**371 645**	**487 420**	**558 492**

Өзіндік құн 2025 жылдың қорытындысы бойынша 487 420 млн теңгені құрады, бұл 2024 жылғы нақты көрсеткіштен 31%-ға жоғары. Шығыстардың өсуі негізінен айнымалы өндірістік шығындардың (көмір, газ, «KEGOC» АҚ қызметтері және т.б.) артуымен байланысты, бұл тауарлар мен қызметтер бағасының өсуімен, электр энергиясының теңгерімдеу нарығындағы (бұдан әрі – ЭЭТН) шығындардың ұлғаюымен, инфляцияға байланысты өндірістік персоналдың еңбекақысына жыл сайынғы индексация жүргізумен, сондай-ақ бекітілген тарифтің өсуіне байланысты өндірістік персоналдың еңбекақы қорының қайта қаралуымен және шикізат пен өндірістік материалдар бағасының индексациялануымен түсіндіріледі.

2025 жылға амортизация 78 029 млн теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19 996 млн теңгеге немесе 34%-ға артық. Негізгі өсім «Екібастұз МАЭС-1» ЖШС бойынша жөндеу кестесіне сәйкес жүргізілген кеңейтілген ағымдағы жөндеу жұмыстары аясында пайдалануға енгізілген объектілер есебінен, сондай-ақ түтін мұнарасы бойынша амортизацияның қайта есептелуіне байланысты орын алды.

Өзіндік құн құрылымы



Болашақ кезеңге болжам 2026 жылға арналған болжамда өзіндік құн тауарлар мен қызметтер бағасының өсуіне, электр энергиясының теңгерімдеу нарығында (ЭЭТН) баланс жасайтын электр энергиясын сатып алу шығындарының артуына, өндірістік персоналдың еңбекақы шығындарының ұлғаюына, сондай-ақ өндіріс көлемдерінің өсуіне байланысты артады.

Өткізу шығындары, млн теңге

Болашақ кезеңге болжам 2026 жылға арналған болжамда өзіндік құн тауарлар мен қызметтер бағасының өсуіне, электр энергиясының теңгерімдеу нарығында (ЭЭТН) баланс жасайтын электр энергиясын сатып алу шығындарының артуына, өндірістік персоналдың еңбекақы шығындарының ұлғаюына, сондай-ақ өндіріс көлемдерінің өсуіне байланысты артады.

Болашақ кезеңге болжам 2026 жылға арналған болжамда өнімді өткізу бойынша шығындар 12 998 млн теңге көлемінде жоспарланған, бұл 2025 жылғы нақты көрсеткіштен 1 890 млн теңгеге немесе 17%-ға жоғары. Өткізу шығындарының ұлғаюы «KEGOC» АҚ қызметтерінің бағасының өсуіне байланысты.

Өткізу шығындары, млн теңге



Жалпы және әкімшілік шығындар, млн теңге



Болашақ кезеңге болжам 2026 жылға арналған болжам бойынша әкімшілік шығындар 2025 жылғы деңгейден 1 656 млн теңгеге жоғары болады. Өсім негізінен топтың еншілес және тәуелді ұйымдары қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету аясында еңбекақыны индексациялаумен байланысты.

Қаржылық шығындар, млн теңге

2025 жылдың қорытындысы бойынша қаржылық шығындар 35 369 млн теңгені құрады, бұл 2024 жылғы нақты көрсеткіштен 4 047 млн теңгеге жоғары. Өсу «АлЭС» бойынша кассалық алшақтықтарды жабу үшін қарыз қаражатын тартумен, сондай-ақ 2024 жылы сыйақы бойынша шығындардың бір бөлігі МАЭС-1 1-энергоблок жобасы аясында 6 241 млн теңге сомасында капиталдандырылғанымен байланысты.

Болашақ кезеңге болжам 2026 жылға арналған болжам бойынша қаржыландыру шығындары 43 460 млн теңгені құрайды. Өсім негізінен АлЭС жобалары (ЖЭО-2, ЖЭО-3) мен МАЭС-2 бойынша шығыстарды қаржыландыру үшін Қазақстан қор биржасында облигациялық бағдарлама шеңберінде қаражат тартумен, сондай-ақ МАЭС-1 бойынша кассалық алшақтықтарды жабу үшін қарыз қаражатын тартумен байланысты.

Қаржыландыру шығындары, млн теңге



Бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың пайдасындағы үлес

Көрсеткіш, млн теңге	2023 (нақты)	2024 (нақты)	2025 (нақты)	2026 (болжам)
Бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың пайдасындағы үлес	3 121	-5 856	**9 712**	**10 789**



2025 жылдың қорытындысы бойынша үлестік қатысу бойынша алынған пайда 9 712 млн теңгені құрады, бұл алдыңғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 15 568 млн теңгеге жоғары. Өсім негізінен Forum Muider B.V. есебінен орын алды, бұл ішкі және сыртқы нарықтарда көмір бағасының өсуі нәтижесінде операциялық пайданың артуымен байланысты.

Сыртқы кредиторлар ковенанттарының орындалуы

Өтімділік пен қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері

Ковенант	Норматив	2022 нақты	2023 нақты	2024 нақты	2025 нақты	Ескерту
Қарыз/EBITDA (Б)	3,5-тен аспау	2,14	1,74	1,62	**1,92**	Сақталады
EBITDA/Пайыздар (АДБ)	2,2-ден кем емес	5,92	10,8	12,23	**14,44**	Сақталады
Қарыз/Меншікті капитал (ҚРДБ)	2,0-ден аспау	0,50	0,43	0,49	**0,62**	Сақталады

Атауы	2020 нақты	2021 нақты	2022 нақты	2023 нақты	2024 нақты	2025 нақты
Қарыз/EBITDA	2,96	2,41	1,90	1,71	1,66	**1,86**
Қарыз/Меншікті капитал	0,54	0,59	0,50	0,43	0,49	**0,62**
Ағымдағы өтімділік	0,75	0,53	0,57	1,04	1	**1,45**

2025 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ кредиторлардың жартыжылдық негізде бақылана-тын қаржылық және қаржылық емес ковенанттарын орындады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ акционер белгілеген қаржылық тұрақтылық коэффи-циенттері бойынша мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізді.

Қарыз жүктемесінің өсуі

2025 жылғы 12 ай қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ-ның шоғырландырылған қарыз деңгейі 601,50 млрд теңгені құрады, жоспар 686,04 млрд теңге, ауытқу 84,54 млрд теңгені құрады. Төмендеуінің негізгі себептері – Алматы электр станцияларының ЖЭО-2 және ЖЭО-3 жобалары бойынша газдандыру жобалары-ның мерзімдерінің ауыстырылуына байланысты игеру мерзімдерінің кейінге қалдырылуы.

Қаржылық тұрақтылықты одан әрі қамтамасыз ету мақ-сатында «Самұрық-Энерго» АҚ топ бойынша қаржы-ландыру тартуды тұрақты түрде мониторинг жүргізеді, сондай-ақ қаржылық ковенанттардың орындалуын қамтамасыз ететін деңгейде несиелік портфельді сақтау бойынша іс-шаралар іске асырылады. Сонымен қатар жоспарлы қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері бақыла-нып, қарыз алу шарттарының кредиттік рейтинг деңгейіне әсері талданады.

Сондай-ақ алдағы кезеңдерде елдегі генерация тұрақтылығын қамтамасыз етуге және Алматы өңірін газдандыруға бағытталған басым жобаларды іске асыру мақсатында шоғырландырылған қарыздың өсуі күтіледі.

Кредиттік рейтинг (Fitch Ratings)

2025 жылғы 30 қыркүйекте халықаралық рейтингтік агенттік Fitch Ratings Компанияның шетел және ұлттық валюталар-дағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін «BB+» деңгейінде «Тұрақты» болжамымен растады.

Салыстырмалы талдау (бенчмаркинг)

Бенчмаркинг – Компаниядағы басқарудың маңызды элементтерінің бірі. Бенчмаркинг жүргізудің мақсаты – Компанияның әлсіз және күшті жақтарын анықтау үшін операциялық және қаржылық көрсеткіштерді шетелдік ұқсас компаниялармен салыстыру. Бенчмаркинг үшін келесі көрсеткіштер қолданылды

- EBITDA margin (EBITDA маржасы)
- Қарыз/EBITDA
- Қарыз қаражатының үлесі коэффициенті (Қарыз/Меншікті капитал)
- Инвестицияланған капиталдың рентабельділігі (ROIC)

Бенчмаркинг үшін келесі ұқсас компаниялардың деректері пайдаланылды

- ПАО «Интер РАО» (Ресей)
- CEZ Group (Чехия)
- RWE (Германия)

Бенчмаркинг нәтижелері

Критерий	Мақсат	Статус	Min----------Бенчмаркинг----------Max
EBITDA margin	%		Интер РАО (13); RWE (29); CEZ (41); СЭ (42)
ROIC	%		RWE (4); Интер РАО (12); СЭ (13); CEZ (16)
Қарыз / EBITDA	Коэффициент		Интер РАО (0,02); СЭ (1,86); CEZ (1,82); RWE (3,87)
Қарыз/МК	Коэффициент		Интер РАО (0,004); RWE (0,47); СЭ (0,62); CEZ (1)

2025 жылғы EBITDA маржасы



2025 жылғы Return on Invested capital (ROIC)



Қазіргі уақытта «Самұрық-Энерго» АҚ шетелдік ұқсас компаниялармен салыстырғанда кейбір көрсеткіштер бойынша артта қалып отыр.

EBITDA маржасы көрсеткіші Компания қызметінің тиімділігінің негізгі индикаторы болып табылады, ол пайыздар, салықтар, амортизация шығындарына дейінгі пайданың қалыптасу қабілетін көрсетеді. Интер РАО, RWE, CEZ Group сияқты компаниялармен салыстырғанда «Самұрық-Энерго» АҚ операциялық тиімділіктің жоғары деңгейін көрсетеді, EBITDA маржасы шамамен 42% деңгейінде.

Қарыз/EBITDA және Қарыз/Меншікті капитал көрсеткіштері бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ CEZ Group және RWE компанияларымен салыстырғанда орташа деңгейде орналасқан, алайда қаржылық тұрақтылық тұрғысынан Интер РАО-дан айтарлықтай төмен.

ROIC көрсеткіші (инвестицияланған капиталдың рентабельділігі) бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ CEZ Group компаниясынан төмен, бірақ RWE және Интер РАО-дан жоғары.

Сонымен қатар, ашық акционерлік компаниялардан айырмашылығы, «Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиесілі екенін атап өткен жөн, сол себепті Компания электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы болып табылады. Осыған байланысты, сондай-ақ энергетика секторының негізгі құралдарының тозу деңгейінің жоғары болуына орай, 2009 жылдан бастап әлеуметтік маңызы бар инвестициялық жобалар (Қазақстан Республикасының энергожүйесінің сенімділігі мен үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған) жүзеге асырылды. Бұл инвестицияланған капиталдың едәуір өсуіне алып келіп, сәйкесінше инвестициялар рентабельділігі көрсеткішінің төмендеуіне әсер етті.

Инвестициялар рентабельділігі көрсеткіштеріне әсер ететін қосымша фактор ретінде Қазақстан Республикасындағы электр энергиясына тарифтердің ұқсас компаниялар орналасқан елдермен салыстырғанда төмен деңгейде болуы болып табылады.

2025 жылғы электр энергиясының орташа тарифі, теңге/кВт сағ



Ел	Орташа тариф кВт*сағ. үшін[9]	Теңге/кВт*сағ.	2025 жылға орташа айырбас бағамы.[10]
Қазақстан	**30,97 теңге**	**30,97 теңге/кВт*сағ.**	
Ресей	7,08 рубль	44,46 теңге/кВт*сағ.	**6,28 теңге/рубль**
Германия	0,31 еуро	183,32 теңге/кВт*сағ.	**590,15 теңге/еуро**
Чехия	6,18 крон	147,91 теңге/кВт*сағ.	**23,94 теңге/чех кронасы**

9. Қоғам тобы бойынша соңғы тұтынушыға арналған орташа тариф ҚҚС-сыз көрсетілген
10. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша орташа айырбас бағамы Дереккөз: Евростат, Росстат

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

04

Корпоративтік басқару жүйесі 126
Басқару органдары 136
Сыйақы 162
Бағалы қағаздар 163
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау 165
Цифрлық технологиялар, автоматтандыру және ақпараттық қауіпсіздік 170
Этика және комплаенс адал бизнес жүргізу жүйесі 173

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Жауапты және тұрақты дамуға бағытталған тәсіл «Самұрық-Энерго» АҚ қызметінің негізінде жатыр. Топтың жұмысы халықаралық және салалық үздік тәжірибелерге сәйкес келетін ашық және тиімді корпоративтік басқару жүйесі негізінде құрылған.

Корпоративтік басқару жүйесі акционердің, инвесторлардың, қызметкерлердің және басқа да мүдделі тараптардың мүдделерін теңестіруге бағытталған және операциялық тиімділікті арттыруға, ұзақ мерзімді құн құруға және Топтың тұрақты дамуына ықпал етеді.

Корпоративтік басқарудың негізгі мақсаты – басқарушылық шешімдерді уақтылы және теңгерімді қабылдауды қамтамасыз ету. Бұл басқару және бақылау органдарының айқын құрылымы, өкілеттіктерді бөлу, сондай-ақ ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқарудың тиімді тетіктері арқылы жүзеге асырылады.

Корпоративтік басқару Топтың барлық деңгейлерін қамтиды және есептілік, ашықтық, кәсібилік және іскерлік әдеп қағидаттарына негізделген. Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және корпоративтік хатшының рөліне, сондай-ақ басқару органдары мен лауазымды тұлғалардың қызмет тиімділігін тұрақты бағалауға ерекше назар аударылады.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі бизнес-процестерге интеграцияланған, бұл Компанияның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Топта мінез-құлық кодексі, комплаенс-механизмдер және кері байланыс арналары қолданылады, олар сенімнің жоғары деңгейін қолдауға мүмкіндік береді.

Корпоративтік басқаруды дамыту инвестициялық тартымдылықты, іскерлік беделді нығайтуға және ұзақ мерзімді өсімді қамтамасыз етуге бағытталған үздіксіз процесс ретінде қарастырылады.

Корпоративтік құрылым және жауапкершілікті бөлу

GRI 2–9

[A] Компанияның корпоративтік басқару жүйесі рөлдер, өкілеттіктер мен жауапкершілікті нақты бөлудің негізінде құрылған және басқару органдарының құрылымдалған жүйесін қамтиды. Директорлар кеңесі Компанияның стратегиялық басшылығын жүзеге асырады, атқарушы органның қызметін бақылайды және акционердің мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.[A]

Атқарушы басшылық операциялық қызметті тиімді басқара отырып, іскерлік әдептің, ашықтықтың және айқындықтың жоғары стандарттарын ұстанады. Басқару органдарының өкілеттіктері мен шешім қабылдау тәртібі ресми түрде бекітілген және Топтың Жарғысында айқындалған.

«Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік басқару жүйесі мыналарды қамтамасыз етеді

- мәселелерді қарау және басқарушылық шешімдер қабылдауда белгіленген иерархияның сақталуын
- басқару органдары, лауазымды тұлғалар және қызметкерлер арасында өкілеттіктер мен жауапкершіліктің нақты бөлінуін
- «Самұрық-Энерго» АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының басқару органдарында шешімдердің уақтылы әрі сапалы қабылдануын
- Топ пен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының қызметіндегі процестердің тиімділігінің артуын
- Қазақстан Республикасының заңнамасы, Корпоративтік басқару кодексі және «Самұрық-Энерго» АҚ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкестікті.

Корпоративтік басқару құрылымы



«Самұрық-Энерго» АҚ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарында басқару органдарының, атқарушы органдардың, құрылымдық бөлімшелердің қызметін реттейтін ережелер, сондай-ақ тиісті функциялар бойынша лауазымдық нұсқаулықтар бекітілген. Осы құжаттардың талаптарын сақтау корпоративтік басқару процестерін ұйымдастыруда жүйелі әрі бірізді тәсілді қамтамасыз етеді.

Топтағы корпоративтік басқару саласындағы негізгі ішкі құжаттар мыналар болып табылады

- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексі
- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның активтерді басқару саясаты
- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарымен өзара іс-қимыл регламенті
- 2025–2026 жылдарға арналған тұрақты дамуды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі жол картасы.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның корпоративтік басқару саласындағы негізгі саясаттары

Құжат	Соңғы нұсқаның күшіне ену күні
«Самұрық-Энерго» АҚ Жарғысы	26.01.2023
«Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексі	03.07.2025
«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексі	06.08.2025
«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына Корпоративтік басқару кодексін енгізу жоспары	12.09.2025
«Самұрық-Энерго» АҚ Мінез-құлық кодексі	25.12.2023
Директорлар кеңесі туралы ереже	24.02.2020
Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау комитеті туралы ереже	14.07.2022
Директорлар кеңесінің аудит комитеті туралы ереже	25.05.2018
Директорлар кеңесінің тағайындаулар және сыйақы комитеті туралы ереже	25.05.2018
Директорлар кеңесінің қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау комитеті туралы ереже	14.07.2022
Директорлар кеңесінің мүшелерінің біліктілігін арттыру және сыртқы сарапшыларды тарту саясаты	24.03.2011
Корпоративтік хатшы туралы ереже	27.12.2021
Басқарма туралы ереже	23.08.2019
Тәуекелдер жөніндегі комитет туралы ереже	29.08.2025
Басқарманың өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау комитеті туралы ереже	25.06.2018
Жоспарлау және қызметті бағалау комитеті туралы ереже	19.06.2014
Кредиттік комитет туралы ереже	13.08.2018
Тәуекелдерді басқару саясаты	26.05.2014
Корпоративтік басқару жүйесі саясаты	26.02.2024
«Самұрық-Энерго» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты	25.09.2024

2025 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік басқару жүйесін жаңа деңгейге сапалы түрде шығарып, «Самұрық-Қазына» тобының жаңартылған тәсілдері мен квазимемлекеттік сектордың тәуелсіздігін, ашықтығын және тиімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік реформаларды белсенді түрде іске асырушы болды.

2025 жылғы 3 шілдеде «Самұрық-Қазына» АҚ үшін Корпоративтік басқару кодексін бекітті. Кодекстің қолданыстағы редакциясы Топтағы корпоративтік басқару тәсілдерінің кезең-кезеңімен даму нәтижесі болып табылады және басқарудың неғұрлым жетілген, тәуелсіз және ашық моделіне көшуді бекітті.

Алдыңғы редакциялармен салыстырғанда Кодекс келесі бағыттар бойынша айтарлықтай күшейтілді

- Директорлар кеңесінің рөлі мен тәуелсіздігі, оның ішінде тәуелсіз қадағалау тәжірибесін кеңейту
- Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамына және құзыреттеріне қойылатын талаптар
- Басқару органдары мүшелерін іріктеу және тағайындау рәсімдерінің ашықтығы мен формалдандырылуы
- Акционер, Директорлар кеңесі және атқарушы орган арасындағы өкілеттіктердің нақты бөлінуі
- Акционердің операциялық қызметке араласпау қағидатын енгізу
- ESG тәсілдерін шешім қабылдау жүйесіне және бизнес-процестерге енгізу
- Басқару органдарының құрамындағы гендерлік теңгерім мен әртүрлілікке қойылатын талаптар.

Комплаенс функциясын дамытуға, іскерлік әдеп талаптарын күшейтуге және ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару тетіктерін нығайтуға ерекше назар аударылды.

Корпоративтік басқару кодексімен келесі сайтта танысуға болады https//samruk-energy.kz/images/documents/2025/KKU_2025_ru.pdf

«Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік басқарудың жаңартылған талаптарын тәжірибе жүзінде енгізіп, ішкі процестер мен басқару тәжірибелерін жаңа модельге бейімдеді. Бұл стратегиялық бақылау сапасын арттыруға, есептілікті күшейтуге және мүдделі тараптардың сенімін нығайтуға мүмкіндік берді.

2025 жылғы 6 тамыздағы Басқарма шешімімен Корпоративтік басқару кодексінің жаңартылған редакциясы бүкіл Топ деңгейінде бекітіліп, еншілес және тәуелді ұйымдар үшін бірыңғай стандарт ретінде қабылданды. Осылайша басқару, ашықтық және есептілік талаптары біріздендірілген бірыңғай корпоративтік кеңістік қалыптастырылды.

Кодекс ережелерін жүйелі түрде енгізу үшін 2025 жылғы 12 қыркүйекте Топ пен ЕТҰ деңгейінде тәсілдердің бірізділігін қамтамасыз ететін басқару жүйесінің негізгі элементтерін қамтитын кешенді іс-шаралар жоспары әзірленіп, іске асырылуда. Нәтижесінде Компания корпоративтік басқару жетілуін арттыруда және оның ұзақ мерзімді құн қалыптастыру мен тұрақты дамуға қосатын үлесін күшейтуде жетекші рөл атқаруда.

«Самұрық-Энерго» АҚ ашықтық, есептілік, жауапкершілік және әділдік қағидаттарын жүйелі түрде ұстанады. Топта мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу тетіктері енгізілген, сондай-ақ Директорлар кеңесінің институционалдық рөлі мен тәуелсіздігін нығайту бойынша шаралар қабылданған.

Компания ақпаратты ашудың үздік халықаралық тәжірибелерін ұстана отырып, қаржылық және қаржылық емес ақпаратты уақтылы әрі сенімді түрде жариялайды. Жылдық және ESG есептілік халықаралық мойындалған стандарттарға, оның ішінде GRI стандарттарына сәйкес әзірленеді, бұл мүдделі тараптардың ашықтық пен сенім деңгейін арттыруға ықпал етеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның ұйымдық құрылымы

GRI 2–6



Қолданыстағы ұйымдық құрылым 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 20 маусымдағы шешімімен (№10/25 хаттама) бекітілген, ал Компания қызметкерлерінің штаттық саны 177 (бір жүз жетпіс жеті) бірлік мөлшерінде Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 5 қарашадағы шешімімен (№19/25 хаттама) бекітілген.

Жасанды интеллектіні табысты енгізу, Компанияның IT-жобаларын іске асыруды тиісті басқару мен бақылауды қамтамасыз ету, сондай-ақ активтерді басқару құрылымын оңтайландыру мақсатында 2025 жылы Компанияның ұйымдық құрылымына келесі өзгерістер енгізілді

1. экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор лауазымы экономика, қаржы және цифрландыру жөніндегі басқарушы директор лауазымына өзгертілді

2. GR, дамыту және IT жөніндегі басқарушы директор лауазымы GR және дамыту жөніндегі басқарушы директор лауазымына өзгертілді

3. «Цифрландыру және ЖИ» офисінің жетекшісі лауазымы құрылып, экономикалық, қаржылық және цифрландыру жөніндегі басқарушы директорға тікелей бағынды

4. «IT және бизнес архитектура» департаменті «ЖИ және цифрлық технологияларды дамыту» департаменті болып қайта аталды және экономика, қаржы және цифрландыру жөніндегі басқарушы директор блогына берілді

5. «Активтерді басқару» департаменті қосымша бір штат бірлігімен күшейтілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобындағы корпортивтік басқару

АО «Самұрық-Энерго» компаниялар тобы деңгейінде корпоративтік басқару активтерді басқару саясаты аясында жүзеге асырылады, ол еншілес және тәуелді ұйымдарды басқарудың тиімділігін, ашықтығын және үйлесімділігін арттыруға бағытталған.

Активтерді басқару даму стратегиясына сәйкес жүзеге асырылады және Топ компанияларының стратегиялық үйлесімділігін, олардың қаржылық тұрақтылығын және операциялық тиімділігін арттыруды қамтамасыз етуге бағытталған. Негізгі басымдықтар қатарына корпоративтік басқарудың заманауи тәсілдерін енгізу, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін дамыту, сондай-ақ ESG қағидаттарын интеграциялау жатады.

Негізгі міндет – активтер құрылымын оңтайландыру, инфрақұрылымды жаңғырту және тұрақты даму қағидаттарын іске асыру арқылы энергетикалық қауіпсіздікті нығайту және өндірістік қуаттардың тиімділігін арттыру.

Бұл ұзақ мерзімді өсім мен акционерлер және серіктестермен өзара іс-қимылдың негізін қалыптастырады.

Топты басқару қағидаттары орталықтандырылған басқару мен компаниялардың операциялық дербестігі арасындағы теңгерімге, ашықтық пен есептілікке, тиімділікті арттыруға, басқару органдарының тәуелсіздігі мен объективтілігіне, сондай-ақ ESG факторларын Топ қызметіне енгізуге негізделген.

«Самұрық-Энерго» АҚ басқарудың бірыңғай саясатын қалыптастырады және кадрлық басқару, IT, инвестициялар, тәуекелдер, жоспарлау, қаржы және корпоративтік басқару сияқты негізгі бағыттар бойынша корпоративтік стандарттар мен әдістемелік ұсынымдарды бекітеді.

Активтерді басқару жүйесінің мақсаттары

- Мәселелерді қарау және шешім қабылдау тәртібінің иерархиясын сақтау
- «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының корпоративтік органдарының шешімдерді уақтылы қабылдауы
- Еншілес және тәуелді ұйымдар деңгейінде процестердің басқарылуын арттыру
- Еншілес және тәуелді ұйымдардағы корпоративтік басқару деңгейін халықаралық үздік тәжірибелерге сәйкес арттыру.

«Самұрық-Энерго» АҚ Тобын басқарудың басым құралдары

- Корпоративтік басқаруды дамыту — кәсіби директорлар кеңестерін қалыптастыру және еншілес ұйымдар басшылығының тиімділігін арттыру
- Стратегиялық басқару және бақылау — стратегиялық мақсаттар мен KPI белгілеу және даму стратегияларын іске асыруды мониторингтеу
- Топ деңгейінде стандарттау — негізгі қызмет бағыттары бойынша бірыңғай саясаттар, стандарттар мен әдістемелерді енгізу
- Еншілес ұйымдарға сараптамалық қолдау — әдіснамалық сүйемелдеу, құзыреттерді дамыту және операциялық тиімділікті арттыру
- Топ мүдделерін ілгерілету — Компания мен еншілес ұйымдардың мүдделерін қорғау, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл және инвестициялар тарту
- Топішілік синергия — еншілес ұйымдар арасындағы ынтымақтастықты дамыту, шығындарды оңтайландыру және бірыңғай функционалдық стандарттарды енгізу.

«Самұрық-Энерго» АҚ Тобын басқарудың негізгі тетіктері

Корпоративтік басқару және бақылау	Директорлар кеңестерін тәуелсіз директорлардың қатысуымен қалыптастыру акционер, директорлар кеңесі және атқарушы орган арасында өкілеттіктерді нақты бөлу басқару органдарының тиімділігін тұрақты негізде бағалау
Қаржылық және инвестициялық бақылау	Бюджеттер мен қаржылық жоспарларды бекіту және мониторинг жүргізу капитал құрылымын және инвестициялық шешімдерді оңтайландыру дивидендтік саясатты бақылау
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	Ішкі аудит және тәуекелдерді басқару жүйелерінің жұмыс істеуі заңнаманың, ESG стандарттарының және сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың сақталуы негізгі тәуекелдерді басқару
Активтерді басқару және M&A	Жекешелендіру іс-шараларын іске асыру активтер портфелін оңтайландыру бейінді емес және төмен тиімді активтерді шығару
ESG және тұрақты даму интеграциясы	Басқарушылық және операциялық процестерге ESG критерийлерін енгізу GRI және TCFD стандарттарына сәйкес қаржылық емес ақпаратты ашу еншілес және тәуелді ұйымдарда экологиялық және әлеуметтік талаптарды бақылау
Адами капиталды дамыту және сабақтастық	Басқарушылық кадрларды дамыту бағдарламаларын іске асыру әртүрлілік қағидаттарын ескере отырып кәсіби директорлар кеңестерін қалыптастыру корпоративтік мәдениетті дамыту
Цифрландыру және операциялық тиімділік	Цифрлық және аналитикалық шешімдерді енгізу, бизнес-процестерді автоматтандыру энергия тиімділігін арттыру және инновацияларды енгізу
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	Акционерлермен, инвесторлармен және мемлекеттік органдармен жүйелі диалог жүргізу серіктестіктерді дамыту және инвестициялар тарту коммуникациялық стратегияны іске асыру
Мониторинг және аудит	Ішкі және сыртқы аудиттер жүргізу қаржылық және экологиялық талаптарға сәйкестікті бағалау

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобындағы корпоративтік басқару

2025 жылғы 23 желтоқсанда «Самұрық-Энерго» АҚ-да еншілес және тәуелді ұйымдардың директорлар кеңестері мен байқаушылар кеңестерінің құрамын қалыптастыру қағидалары бекітілді. Құжат компаниялар тобы деңгейінде тиімді басқару органдарын қалыптастыруға бірыңғай жүйелі тәсілді бекітеді.

Қағидалар директорлар кеңестері мен байқаушылар кеңестерінің қалыптастырылуы мен қызмет етуінің негізгі аспектілерін қамтиды, оның ішінде

- сандық құрамды айқындау тәртібі, тәуелсіздік критерийлері, кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптары және оларды сайлау рәсімдері
- кандидаттарды іздеу және іріктеу тетіктері, кәсіби тәжірибесін, іскерлік беделін, мүдделер қақтығысының болуын және корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкестігін ескере отырып
- кеңес мүшелерінің сыйақылары мен шығындарын өтеу тәртібі
- өкілеттіктерді мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ кеңес мүшелерін сайлау және қайта сайлау рәсімдері.

Қағидаларды енгізу корпоративтік басқару жүйесін одан әрі нығайтуға бағытталған және мыналарды қамтамасыз етеді

- директорлар кеңестері мен байқаушылар кеңестерінің құрамын ашық, бірыңғай және түсінікті қағидаттар негізінде қалыптастыру
- басқару органдарындағы тәуелсіз және кәсіби құзыретті мүшелердің үлесін арттыру
- қабылданатын басқарушылық шешімдердің сапасы мен акционерлер мен инвесторлар тарапынан сенім деңгейінің өсуі
- мүдделер қақтығысы мен корпоративтік даулар тәуекелдерінің төмендеуі.

Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы

Есепті кезеңде Компания қызметі «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2025 жылғы 3 шілдедегі шешімімен (№33/25 хаттама бұдан әрі — Кодекс) бекітілген Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылды.

Компания ағымдағы қызметінің нақты сәйкестігіне өзін-өзі бағалау және талдау жүргізді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Компания Кодекс ережелерінің сақталуының жоғары деңгейін көрсетті 127 ереженің ішінде (2024 жылы 120 ереже) 124 ереже толық сақталған (2024 жылы 117), ал 3 ереже ішінара орындалған.

Төменде көрсетілген тармақтар Кодекс талаптарына ішінара сәйкес деп анықталды

1. **1. 5-тараудың 64-тармағы «Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі»**

Осы тармаққа сәйкес Директорлар кеңесі құрамында мүшелердің кәсіби тәжірибесі, жеке құзыреттері және гендерлік құрамы бойынша әртүрлілік қамтамасыз етілуі тиіс. Директорлар кеңесінде әйелдердің ұсынылатын үлесі жалпы мүшелер санының кемінде 30%-ын құрауы керек.

2025 жылы Компанияның Директорлар кеңесі 7 мүшеден тұрды, оның ішінде үш тәуелсіз директор – А. Қашқынбеков, А. Жұбаев, Атамқұлова Г.Т. Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесі комитеттерін басқарады және қаржы, бухгалтерлік есеп, аудит, инженерия, стратегиялық басқару, энергетика, оның ішінде «жасыл» энергетика және ESG салаларында сарапшылар болып табылады. 2025 жылғы 13 наурызда «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен (№10/25 хаттама) Атамқұлова Г.Т. тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды, нәтижесінде 2025 жылы Директорлар кеңесіндегі әйелдердің үлесі 14%-ды құрады.

2. **2. 5-тараудың 65-тармағы «Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі»**

Аталған тармаққа сәйкес Директорлар кеңесінде тәуелсіз директорлардың жеткілікті саны болуы тиіс, бұл қабылданатын шешімдердің объективтілігін және барлық акционерлерге тең қатынас қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді. Тәуелсіз директорлардың ұсынылатын үлесі Директорлар кеңесінің жалпы мүшелер санының 60%-ына дейін болуы тиіс.

2025 жылғы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің қолданыстағы құрамында 7 мүшенің 3-еуі тәуелсіз директорлар болып табылады, бұл 43%-ды құрайды және ұсынылған деңгейге ішінара сәйкес келеді.

3. **3. 5-тараудың 91-тармағы «Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі»**

Осы тармақ бойынша Тағайындаулар мен сыйақылар комитетінің төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болуы тиіс. Алайда 2025 жылы бұл міндетті аға тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі Жұбаев А.С. орындады.

«Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік басқару жүйесі

Тиімді және ашық басқаруды қамтамасыз ету мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ-да тұрақты даму қағидаттарына негізделген корпоративтік басқару жүйесі енгізілген. Осы саладағы негізгі нормативтік құжат – корпоративтік басқару жүйесі саясаты болып табылады.

Жүйенің жай-күйін объективті бағалау және өзара іс-қимыл сапасын арттыру мақсатында корпоративтік орталық пен еншілес және тәуелді ұйымдардың мамандарының қатысуымен кросс-функционалдық аудиттер тетігі қолданылады, бұл бірыңғай білім базасын қалыптастыруға және үздіксіз жетілдіру мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

2025 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ менеджмент жүйелерінің халықаралық стандарттарына сәйкестігі бойынша сертификаттау аудитінен сәтті өтті.

Жылдың маңызды жетістіктерінің бірі – **ISO 373012021 (Compliance Management System) стандарты бойынша сертификатталу.** «Самұрық-Энерго» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ тобы ішінде осы сертификатты алған алғашқы компания болып, комплаенс-менеджмент жүйесінің жоғары жетілу деңгейін, корпоративтік басқарудың тиімділігін және ашықтық пен іскерлік этика қағидаттарына бейілділігін дәлелдеді.

Сонымен қатар келесі халықаралық стандарттарға сәйкестік расталды:

- **ISO 9001:2015** — сапа менеджменті жүйесі
- **ISO 14001:2015** — экологиялық менеджмент
- **ISO 45001:2018** — еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік
- **ISO 50001:2018** — энергетикалық менеджмент
- **ISO 37001:2016** — сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл.

Аталған стандарттар «Самұрық-Энерго» АҚ-ға және Топтың 12 еншілес және тәуелді ұйымына қолданылады.

Аудит қорытындысы бойынша корпоративтік басқару жүйесінің негізгі күшті жақтары атап өтілді, оның ішінде басшылықтың жоғары деңгейдегі қатысуы, кросс-функционалдық аудиттерді жүйелі жүргізу, тиімді электрондық құжат айналымы, бизнес-процестерді басқаруда IT жүйелерін белсенді қолдану және жүйені еншілес және тәуелді ұйымдар тарапынан қолдау.

Корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру

«Самұрық-Қазына» АҚ 2021 жылы қор 50%-дан астам дауыс беруші акцияларға иелік ететін ұйымдарға арналған бекітілген әдістеме бойынша жүргізген корпоративтік басқару жүйесінің диагностикасына сәйкес «Самұрық-Энерго» АҚ-ның корпоративтік басқару деңгейі «BB» деңгейінде анықталды, бұл орташа жетілу деңгейіне сәйкес келеді.

Келесі негізгі аспектілер қарастырылды:

- Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі;
- Тәуекелдерді басқару;
- Ішкі бақылау және аудит;
- Тұрақты даму және акционерлер құқықтарын қорғау;
- Ашықтық.

Компания жыл сайын Sustainable Fitch ESG-рейтингі аясында корпоративтік басқаруға тәуелсіз бағалау жүргізеді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша «Басқару» аспектісі «2» бағасын алып, корпоративтік тәжірибелердің жоғары жетілу деңгейін растады.

Рейтингтік агенттік корпоративтік басқарудың екі деңгейлі моделінің тиімділігін, нақты қадағалау тетіктерінің болуын және маңызды ESG көрсеткіштерінің басшылықтың сыйақы жүйесіне енгізілуін атап өтті.

Даму стратегиясына сәйкес Компания тұрақты даму және ESG қағидаттарын ескере отырып, корпоративтік басқаруды жүйелі түрде жетілдіруде, оның ішінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау, энергия тиімділігі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері қамтылады.

2025 жылы корпоративтік басқаруды тәуелсіз диагностикалау және ESG-процестерді бағалау нәтижелері негізінде әзірленген 2025–2026 жылдарға арналған тұрақты даму жүйесін жетілдіру жөніндегі Жол картасы бекітілді. Жол картасы экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару тәжірибелерін дамытуға бағытталған 110 іс-шарадан тұрады.

2025 жылы тұрақты дамуды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі Жол картасын орындау 99%-ды құрады.

Корпоративтік басқару саласындағы оқыту және дамыту

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің, топ-менеджменттің және Топ қызметкерлерінің құзыреттерін жүйелі түрде арттыру арқылы корпоративтік басқару мен тұрақты даму мәдениетін бірізді дамытып келеді. Оқыту ESG күн тәртібінің трансформациясы жағдайында тиімді басқару мен бизнестің тұрақтылығының негізгі элементі ретінде қарастырылады.

Жыл ішінде ESG, корпоративтік басқару, комплаенс және көшбасшылық салаларында білім беру іс-шараларының кешені іске асырылды. 2025 жылғы 25 қарашада McKinsey & Company («Global Energy Perspective 2025») қатысуымен Директорлар кеңесі мен топ-менеджментке арналған оқыту сессиясы өткізілді.

Қызметкерлер үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, көшбасшылық құзыреттерді дамыту және тәуекелдерді басқару бойынша оқыту іс-шаралары ұйымдастырылды, оның ішінде Таланттар пулы үшін тренингтер және жұмысшы мамандықтарының жастар форумы өткізілді. Сонымен қатар ESG, корпоративтік басқару, гендерлік теңдік және инклюзивтілік салаларындағы құзыреттерді дамытуға бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылды.

Аталған бастамаларды іске асыру қызметкерлердің тартылу деңгейін арттыруға, адал бизнес жүргізу мәдениетін нығайтуға және корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелеріне сәйкес басқарушылық және кәсіби құзыреттерді дамытуға ықпал етті.

Компанияның корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша жоспарлары

2026 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ климаттық сын-қатерлерді ескере отырып, ESG қағидаттарын интеграциялау және ашықтықты арттыру негізінде корпоративтік басқаруды нығайтуға басымдық береді. Негізгі бағыттар мыналарды қамтиды

- **Климаттық тәуекелдерді басқаруды дамыту.** Климаттық мақсаттарды басқаруда Директорлар кеңесі мен Аудит комитетінің рөлін одан әрі формализациялау, климаттық есептілікті жыл сайын қарау, стратегиялық және қаржылық жоспарлау мақсатында негізгі көрсеткіштер мен STEPS/APS/NZE 2050 сценарийлерін талдау, климаттық тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру, сондай-ақ қаржылық-климаттық стресс-тестілеу мен активтердің тұрақтылығын бағалауды қамтитын климаттық тәуекел көрсеткіштерін енгізу.
- **ESG тәсілдерін дамыту.** Компания тұрақтылық пен ашықтықты арттыру мақсатында халықаралық ESG рейтингісін алуды, сондай-ақ ESG критерийлеріне сәйкес ішкі саясаттар мен басқару тәжірибелерін қайта қарау мен өзектендіруді жоспарлап отыр. ESG қағидаттарын енгізу бойынша жұмыс жалғасады, оның ішінде ресми ресурстардағы ақпаратты жаңарту қарастырылған.
- **CDP шеңберінде қатысу және климаттық** рейтинг. Компания CDP шеңберінде деректерді ашуға қатысып, климаттық рейтинг алу үшін есептілік сапасын арттыру бойынша жұмыстар жүргізеді.
- **Интеграцияланған есеп.** GRI, ISSB, TCFD талаптарына және халықаралық үздік тәжірибелерге, оның ішінде LSE және АХҚО стандарттарына сәйкес тұрақты даму туралы ақпаратты қамтитын жылдық интеграцияланған есепті әзірлеу жалғасады.
- **Есептілікті тәуелсіз верификациялау.** Интеграцияланған есептің негізгі көрсеткіштері бойынша тәуелсіз верификация жүргізу жоспарланып отыр.
- **Қызметкерлерді оқыту және дамыту.** 2026 жылы топ-менеджмент пен қызметкерлер үшін корпоративтік басқару және энергетикадағы ESG факторлары бойынша оқыту іс-шаралары өткізіледі.
- **Еншілес ұйымдарда дамыту.** Еншілес компанияларда корпоративтік басқару қағидаттарын интеграциялау жалғасады қолданыстағы құжаттар мен процестерге аудит жүргізіліп, оларды жетілдіру бойынша ұсынымдар беріледі және енгізу шаралары іске асырылады.

БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

Акционер

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 100% акциясы Жалғыз акционер — «Самұрық-Қазына» АҚ-на тиесілі. Қор қызметі туралы ақпарат оның ресми сайтында қолжетімді (www.sk.kz).

Жалғыз акционермен өзара іс-қимыл корпоративтік этика, ашықтық және есептілік қағидаттарына негізделе отырып, заңнама талаптарын қатаң сақтау жағдайында жүзеге асырылады. Компания акционердің барлық заңды құқықтарының іске асырылуын және оның мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етеді.

Акционердің басқарушылық функциялары Компанияның стратегиялық бағдарларын, қызметінің негізгі бағыттарын және ұзақ мерзімді даму басымдықтарын айқындау арқылы жүзеге асырылады. Акционердің өкілеттіктері мен жауапкершілігі «Самұрық-Энерго» АҚ Жарғысында бекітілген. Өз қызметінде Компания акционердің ұстанымын жүйелі түрде ескере отырып, тұрақты даму мен ұзақ мерзімді құнның өсуін қамтамасыз етеді.

Жалғыз акционердің негізгі құқықтарына мыналар жатады:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және ақпаратты ашу саласындағы Компанияның ішкі регламенттеріне сәйкес шешім қабылдауға жеткілікті және уақтылы ақпарат алу;
- Өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша дауыс беруге қатысу;
- Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындауға, оның мүшелеріне сыйақы төлеу тәртібін бекітуге, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдауға қатысу;
- Бекітілген және ашық дивидендтік саясатқа сәйкес дивидендтер алу;
- Есепті кезеңде Жалғыз акционер келесі негізгі шешімдерді қарады;
- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2024 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- 2024 жылға арналған таза табысты бөлу тәртібі және «Самұрық-Энерго» АҚ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін айқындау;
- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне қатысты Жалғыз акционердің өтініштері және оларды қарау қорытындылары (2024 жылға);
- «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің құрамын сайлау.

Директорлар кеңесі

GRI 2–9

Директорлар кеңесі Компанияның стратегиялық басшылығын жүзеге асырып, тұрақты дамуды қамтамасыз етеді және қызметінің ұзақ мерзімді тиімділігін арттыруға бағытталған. Басқару органдары барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескере отырып және тұрақты даму қағидаттарын сақтай отырып, негізделген және теңгерімді шешімдер қабылдайды.

Директорлар кеңесі атқарушы орган қызметіне тиімді бақылау жасайды. Жарғыға сәйкес Директорлар кеңесі өз жұмысын келесі негізгі бағыттарға шоғырландырады:

- Даму стратегиясын айқындау және ESG мақсаттарын бизнес-процестерге интеграциялау;
- Негізгі тиімділік көрсеткіштерін белгілеу және оларды тұрақты мониторингтеу;
- Тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру және тиісті ішкі бақылауды қамтамасыз ету;
- Ірі инвестициялық және стратегиялық жобаларды бекіту және олардың іске асырылуын бақылау;
- Компания басшылығын тағайындау, сыйақыландыру және олардың қызметін бағалау;
- Корпоративтік басқару және іскерлік этика;
- Корпоративтік басқару кодексі талаптары мен ішкі нормативтік құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету.

Өз қызметінде Директорлар кеңесінің мүшелері келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

- Компанияның Жарғысында белгіленген өкілеттіктер шеңберінде әрекет ету;
- Отырыстарға және оларға дайындыққа жеткілікті уақыт бөлу. Бір адамға төрттен артық директорлар кеңесіне қатысуға және (Директорлар кеңесінің келісімі болған жағдайда) ең көбі екі кеңесте тұрақтылық етуге жол беріледі;
- Компанияға, қоршаған ортаға, беделге және барлық мүдделі тараптардың мүдделеріне әсерін ескере отырып, шешімдер қабылдау арқылы Компанияның ұзақ мерзімді құнын арттыруды және тұрақты дамуын қамтамасыз ету;
- Іскерлік этиканың жоғары стандарттарын ұстану және қызметкерлер үшін жеке үлгі көрсету;
- Мүдделер қақтығысын болдырмау және жеке мүдделілік болуы мүмкін мәселелерді талқылауға қатыспау;
- Корпоративтік басқару, қаржы, тәуекелдерді басқару және тұрақты даму мәселелері бойынша кәсіби деңгейін үнемі арттыра отырып, кәсіби және теңгерімді әрекет ету, сондай-ақ негізгі өндірістік объектілерге барып, қызметкерлермен өзара іс-қимыл жасау.

2025 жылы Директорлар кеңесінің төрағасы міндеттері акционер өкілі Николай Юрьевич Казутинге жүктелді. Аға тәуелсіз директор функциялары Арман Қайырберліұлы Қашқынбековке тапсырылды.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің құрамы акционер өкілдері А. Огай мен К. Молдабаевты сайлау арқылы күшейтілді, олар энергетика және стратегиялық жоспарлау салаларында елеулі тәжірибеге ие.

2025 жылы Компанияның Директорлар кеңесі жеті мүшеден тұрды, оның ішінде үш тәуелсіз директор – А. Қашқынбеков, А. Жұбаев және Г. Атамқұлова болды. Тәуелсіз директорлар қаржы, бухгалтерлік есеп, аудит, инженерия, стратегиялық менеджмент және дәстүрлі әрі «жасыл» энергетиканы, оның ішінде ESG бағыттарын дамыту салаларында кең кәсіби тәжірибеге ие.

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің қолданыстағы құрамы салалық сараптама, дағдылар, халықаралық байланыстар, тәуелсіздік деңгейі тұрғысынан теңгерімді және гендерлік әртүрлілікті қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің мүшелері Компанияның, оның еншілес және аффилиирленген ұйымдарының, сондай-ақ жеткізушілер немесе бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді, бұл тәуелсіздіктің жоғары деңгейін сақтауға және мүдделер қақтығысын болдырмауға мүмкіндік береді.

2025 жылы Директорлар кеңесіндегі әйелдердің үлесі 14%-ға жетті, және Компания басқару органындағы олардың үлесін одан әрі арттыруға ұмтылуда. Корпоративтік басқару жүйесі

Іріктеу және қайта сайлау саясаты

GRI 2-9, 2-10

Директорлар кеңесінің қызмет тәртібі, құзыреттері, сондай-ақ оның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Компания Жарғысында және Директорлар кеңесі туралы Ережеде бекітілген. Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру, оның ішінде кандидаттарды іздеу және іріктеу, бүкіл Кеңестің немесе оның жекелеген мүшелерінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін алдын ала жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мүшелері жалпы акционерлер жиналысында айқын әрі ашық рәсімдерге сәйкес сайланады. Бұл ретте кандидаттардың кәсіби құзыреттері, практикалық тәжірибесі, жетістіктері, іскерлік беделі, жеке қасиеттері, сондай-ақ гендерлік және кәсіби әртүрлілікті қамтамасыз ету ескеріледі. Директорлар кеңесінің мүшелерін немесе оның толық құрамын қайта сайлау кезінде олардың Кеңес пен Компания қызметінің тиімділігін арттыруға қосқан үлесі назарға алынады.

Директорлар кеңесіне кандидаттарды іріктеу кезінде мыналар ескеріледі:

- басшылық лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі, оның ішінде директорлар кеңесінің мүшесі ретінде;
- еңбек өтілі;
- білімі, мамандығы, халықаралық сертификаттарының болуы және қызмет бағыттары бойынша құзыреттері;
- іскерлік беделі;
- тікелей немесе әлеуетті мүдделер қақтығысының болуы.

Директорлар кеңесінің толық құрамын немесе жекелеген мүшелерін сайлау туралы мәселені Жалғыз акционер немесе Тағайындаулар және сыйақылар комитеті ұсынуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің мүшелері келесілер қатарынан сайланады:

- Акционерлер – жеке тұлғалар;
- Жеке тұлға болып табылатын акционерлер акционерлердің мүдделерін білдіру үшін ұсынылған немесе ұсынылған тұлғалар;
- Компанияның жалғыз акционері болып табылмайтын және жалғыз акционердің өкілі ретінде ұсынылмаған жеке тұлғалар.

Директорлар кеңесі құрамының кемінде үштен бір бөлігін тәуелсіз директорлар құрауы тиіс. Тәуелсіз директор — жеткілікті кәсіби сараптамаға және дербестікке ие тұлға, бұл оған жекелеген акционерлердің, атқарушы органның немесе басқа мүдделі тараптардың ықпалына тәуелсіз объективті шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесінің негізгі комитеттерін, соның ішінде Аудит комитетін, Тағайындаулар және сыйақылар комитетін басқарады, сондай-ақ басқа комитеттердің жұмысына қатысады. Өз міндеттерін орындау барысында тәуелсіз директор өзінің тәуелсіз мәртебесін жоғалтуға әкелуі мүмкін факторларды дербес бақылауға және мұндай жағдайлар туындаған жағдайда Директорлар кеңесінің төрағасын уақтылы хабардар етуге міндетті. Осындай факторлар анықталған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы тиісті шешімдер қабылдау үшін Жалтғыз акционерді дереу хабардар етеді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның тәуелсіз директорлары белгіленген тәуелсіздік критерийлеріне толық сәйкес келді.

«Самұрық-Қазына» АҚ Қорының барлық дауыс беруші акциялары тиесілі компанияларда Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау процесіне ерекше тәсілдер қолданылады:

- Директорлар кеңесінің төрағасы Жалғыз акционердің шешімімен сайланады
- Егер Директорлар кеңесінің төрағасы Қор өкілдері қатарынан сайланса, Директорлар кеңесі тәуелсіз мүшелер қатарынан аға тәуелсіз директорды сайлайды
- Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарды іздеу және іріктеу Қор тарапынан Директорлар кеңесінің төрағасымен және Компанияның Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің төрағасымен бірлесіп жүргізіледі.

Бұл тәртіп Қордың корпоративтік басқару органдарын қалыптастырудағы бірыңғай тәсілдерін қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесінің негізгі функцияларының тәуелсіздігін нығайтады және оның жұмысының тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Директорлар кеңесінің құрамына Үкімет мүшелерінің және мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының қатысуына жол берілмейді.

Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады. Қанағаттанарлық жұмыс нәтижелері бойынша олардың өкілеттіктері тағы бір үш жылдық мерзімге ұзартылуы мүмкін. Алты жылдан астам (қатарынан екі мерзім) өкілеттік мерзімге сайлау Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып жеке қарастыруды талап етеді. Әрбір мүшенің өкілеттік мерзімі бүкіл Кеңестің өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді және жаңа құрамды қалыптастыру туралы Жалпы акционерлер жиналысының шешімі қабылданған сәтте тоқтатылады.

Тәуелсіз директордың қызметте болу мерзімі қатарынан тоғыз жылдан аспауы тиіс. Ерекше жағдайларда көрсетілген мерзімнен асқан жағдайда оны ұзартуға жол беріледі. Тәуелсіз директорды Директорлар кеңесіне сайлау жыл сайын жүргізіліп, оның қажеттілігі мен мұндай шешімнің тәуелсіздікке ықпалы туралы егжей-тегжейлі түсіндірме беріледі.

Ешбір тұлға өзін тағайындау, сайлау немесе қайта сайлау мәселелерін талқылауға және шешім қабылдауға қатысуға құқылы емес, бұл тиісті рәсімдердің объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің ESG қағидаттарын ілгерілетудегі рөлі

GRI 2-12

Директорлар кеңесі тұрақты даму саласындағы саясатты енгізуді қамтамасыз етеді және Компанияның ESG саласындағы қызметін реттейтін негізгі құжаттарды қарастырады. Есепті кезеңде Директорлар кеңесі тұрақты даму саласындағы басшылықты бекітті, ол «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша тұрақты даму процестерін біріздендіруге және жүйелеуге бағытталған негізгі нормативтік құжат болып табылады. Сонымен қатар 2025 жылға арналған «Самұрық-Энерго» АҚ тұрақты дамуды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі Жол картасы бекітілді, ол Компания қызметінің тиімділігін арттыруға және ESG қағидаттарын одан әрі ілгерілетуге бағытталған іс-шаралар кешенін қамтиды.

Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін бағалау

GRI 2–18

Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және жекелеген мүшелерінің қызмет тиімділігі Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдалған процесс аясында жыл сайын бағаланады. Бағалау өзін-өзі бағалау нысанында немесе объективтілікті қамтамасыз ету және талдау сапасын арттыру мақсатында тәуелсіз консультантты тарту арқылы жүргізілуі мүмкін. Тәуелсіз консультанттың қатысуымен бағалау кемінде үш жылда бір рет өткізіледі.

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау оның кәсіби деңгейін арттыруға бағытталған және Кеңес мүшелерін қайта сайлау немесе олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдауда ескеріледі. Негізгі мақсат — Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмыс сапасын жақсарту, бұл Компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына ықпал етеді.

Бағалаудың негізгі міндеттері

- Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің, төрағаның, мүшелердің және корпоративтік хатшының қызмет нәтижелілігін кешенді талдау
- Халықаралық үздік тәжірибелерді ескере отырып, күшті жақтар мен жақсарту аймақтарын анықтау
- Одан әрі жетілдірудің басым бағыттарын айқындау
- Қажетті тәжірибе, сараптама және құзыреттерді ескере отырып, Кеңес құрамын оңтайландыру.

2025 жылы Директорлар кеңесінің, оның төрағасының, әр мүшесінің, комитеттерінің және корпоративтік хатшының қызмет тиімділілігіне тәуелсіз бағалау жүргізілді.

Тәуелсіз бағалау тәуелсіз компания жинаған құжаттар мен материалдарды талдау нәтижелеріне, сондай-ақ сұхбаттар барысында алынған ақпаратқа негізделіп, келесіні көрсетті

- Директорлар кеңесі мен оның қызметі сандық көрсеткіштерді талдау негізінде белгіленген талаптарға, стандарттарға және рәсімдерге қаншалықты сәйкес келетіні
- Директорлар кеңесі мен оның қызметі Компания қызметінің тиімділігін арттыруға, акционерлік құнын өсіруге және Компания, оның акционері және басқа да мүдделі тараптардың мүдделеріне қаншалықты сәйкес келетіні.

Бағалау әдістемесі Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің барлық мүшелерін сауалнама арқылы қамтиды. Алынған нәтижелер корпоративтік басқару жүйесін одан әрі дамыту бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі белгіленген критерийлердің көпшілігіне елеулі дәрежеде сәйкес келетіні анықталды, бұл оның тиімді жұмыс істеуін растайды. Сәйкестік деңгейі 87,32%-ды құрады, бұл «А» жетілу деңгейіне сәйкес келеді. Бағалау қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктерді жою және Директорлар кеңесі мен корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленіп бекітілді.

Сәйкестік деңгейі

87,32% **құрады, бұл «А» жетілу деңгейіне сәйкес келеді.**

GRI 2–16

Директорлар кеңесін маңызды қаржылық және қаржылық емес тәуекелдер туралы хабардар ету тәртібі қолданыстағы заңнама және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі. 2025 жылдың қорытындысы бойынша мұндай жағдайлар тіркелген жоқ.

Қызметке кіріспе бағдарламасы

2016 жылдан бастап Компанияда Директорлар кеңесінің жаңа мүшелеріне арналған қызметке кіріспе бағдарламасы қолданылады, оны үйлестіруді корпоративтік хатшы жүзеге асырады. Бағдарлама аясында жаңа мүшелер Компанияның қызметінің негізгі бағыттарымен, олардың құқықтары мен міндеттерімен, сондай-ақ негізгі ішкі құжаттармен, оның ішінде маңызды тәуекелдер бойынша материалдармен жан-жақты таныстырылады.

2025 жылы Атамқұлова Г. сайлануына байланысты оған арналған қызметке кіріспе бағдарламасы ұйымдастырылып, табысты іске асырылды.

Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту және дамыту

GRI 2–17

2025 жылғы 25 қарашада McKinsey & Company компаниясының қатысуымен Директорлар кеңесінің мүшелері мен топ-менеджментке арналған оқыту сессиясы өтті. Сессия «Жаһандық энергетикалық жүйе және оның даму сценарийлері (Global Energy Perspective 2025)» тақырыбына арналды және қатысушыларға Компанияның стратегиялық басымдықтарына әсер ететін жаһандық трендтерді талқылауға мүмкіндік берді.

2025 жылғы 27–28 қарашада «Инвестициялық жобаларды іске асыру кезіндегі тәуекелдер» тақырыбында оқыту курсы өткізілді.

Компанияның Директорлар кеңесінің құрамы 31.12.2025 жағдай бойынша[11]

GRI 2-9, 405–1, GRI 12: Coal Sector: 12.19.6

7 адам

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны

3 адам

Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері





Казутин Николай Юрьевич

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі

Стратегиялық және корпоративтік басқару, экономика, қаржы, құқық және аудит салаларындағы сарапшы.

Азаматтығы	Туған күні
Қазақстан Республикасы	1982 жылғы 28 қараша
Алғаш сайланған күні	**Өкілеттік мерзімі**
2022 жылғы 18 ақпан	2028 жылғы 23 маусым

Білімі

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы

Жұмыс тәжірибесі

2023 – «Самұрық-Қазына» АҚ құқықтық сүйемелдеу, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директоры

2020 г. – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары

2018–2019 – «Шығыс Қазақстан өңірлік энергетикалық компаниясы» АҚ ішкі аудит қызметінің басшысы, Өскемен қаласы

2016–2018 жж. – «Көкшетау минералды сулары» АҚ басқарма төрағасының кеңесшісі

2006–2016 жж. – «Прайсуотерхаускуперс Такс энд Эдвайзори» ЖШС департаментінің аға менеджері, Алматы қаласы

2005–2006 жж.– «Қазинтерполис» сақтандыру брокері» ЖШС қаржылық талдаушысы, Алматы қаласы

2003–2005 жж. – «Amanat Insurance» сақтандыру компаниясы» АҚ қаржылық талдаушысы, Алматы қаласы

2001–2003 жж. – «Өнеркәсіптік сақтандыру тобы» ААҚ филиалдарының сақтандыру және бухгалтерлік есеп жөніндегі маманы, Алматы қаласы.

11. Кеңестің әрбір мүшесінің толық түйіндемесімен сайттан танысуға болады: www.samruk- energy.kz

Мақсұтов Қайрат Берікұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы

Энергетика, стратегиялық жоспарлау, корпоративтік басқару, қаржы, нарықты дамыту және құқық салаларындағы тәжірибелі сарапшы.

Азаматтығы	Туған күні
Қазақстан Республикасы	16.05.1970
Алғаш сайланған күні	**Өкілеттік мерзімі**
19.06.2023	23.06.2028

Білімі

1991 – Қарағанды кооперативтік институты (Қазтұтынуодағы)

2019 – Алматы энергетика және байланыс университеті

Жұмыс тәжірибесі

2023 жылдан бастап – «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы.

2018–2023 жж. – коммерциялық құрылымдарда басшылық лауазымдар

2016 –2018 жж. – «Самұрық-Энерго» АҚ экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры

2013 –2016 жж. – «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары

2012 –2013 жж. – «Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік басқару жөніндегі басқарушы директоры

2013 –2012 жж. – «Самұрық-Энерго» АҚ қаржы және экономика жөніндегі басқарушы директоры

2009 –2013 жж. – «Самұрық-Энерго» АҚ қаржы және экономика жөніндегі Басқарма төрағасының орынбасары

2008 –2009 жж. – Еуразиялық холдингтік компанияның басқарушы директоры

2004 –2008 жж. – «Гефест» тау-кен салалық холдингі экономика жөніндегі вице-президенті

1999 –2004 жж. – «Альфа-Банк» ЕБ АҚ Қарағанды филиалы директорының орынбасары, директоры

1997 –1999 жж. – Әкімшілік кеңес төрағасының орынбасары, Қаражал қаласы әкімінің орынбасары

Огай Алексей Владимирович

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі

«Корпоративтік басқару, стратегия, коммерциялық басқару, инвестициялар, бірігу және жұтылу (M&A) салаларындағы сарапшы.

Азаматтығы	Туған күні
Қазақстан Республикасы	01.12.1970
Алғаш сайланған күні	**Өкілеттік мерзімі**
24.08.2023	23.06.2028

Білімі

Алматы энергетикалық институты

Жұмыс тәжірибесі

2023 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ энергетика және тау-кен активтері департаментінің директоры

2020–2023 жж. – «Самұрық-Энерго» АҚ, Астана қ., «Қайта ұйымдастыру және активтерді іске асыру» департаментінің директоры

2016–2018 жж. – «Самұрық-Энерго» АҚ бизнесті трансформациялау жөніндегі басқарушы директоры

2015–2016 жж. – «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, CDO
2014–2015 жж. – «Самұрық-Қазына» АҚ активтерді басқару жөніндегі бас директордың орынбасары

2011–2014 жж. – «Самұрық-Қазына» АҚ электр энергетикалық активтерді басқару жөніндегі директоры

2008–2011 жж. – «Самұрық-Қазына» АҚ электр энергетикалық активтер дирекциясының бас сарапшысы

2006–2008 жж. – «KEGOC» АҚ, «Самұрық» холдингі тобының бас сарапшысы
1998–2006 жж. – «KEGOC» АҚ жоспарлау және экономикалық талдау департаментінде маман, бөлім басшысы

Комитеттерге қатысуы

Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің мүшесі

Молдабаев Қаныш Тәңірбергенұлы

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі

Энергетика, стратегиялық жоспарлау, корпоративтік басқару және қаржы салаларындағы тәжірибелі сарапшы.

Азаматтығы	Туған күні
Қазақстан Республикасы	23.10.1963
Алғаш сайланған күні	**Өкілеттік мерзімі**
01.08.2023	12.06.2028

Білімі

2016–2020 жж. – Іскерлік әкімшілендіру докторы (Doctor of Business Administration, Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы

2003–2004 жж. – Мемлекеттік қызмет менеджері, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы

1999–2002 жж. – Экономист-заңгер, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

1981–1987 жж. – Инженер-электрик, Павлодар индустриялық институты

Халықаралық сертификат IPMA Level B

Жұмыс тәжірибесі

2021 –2023 жж. – «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы

2021 –2021 жж. – «Самұрық-Қазына» АҚ Энергетика және таукен активтері дирекциясының директоры

2019 –2021 жж. – «Самұрық-Қазына» АҚ «Энергетика» секторының басшысы

2018 –2019 жж. – «Қазақстандық атом электр станциялары» АҚ Бас директордың орынбасары

2017 – 2018 жж. – «Самұрық-Энерго» АҚ Даму және сату жөніндегі басқарушы директоры, Басқарма мүшесі

2016 –2017 жж. – «Самұрық-Энерго» АҚ Стратегия және сату жөніндегі басқарушы директоры, Басқарма мүшесі

2015 –2016 жж. – «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары

2014 –2015 жж. – «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары

2012 –2014 жж. – «Самұрық-Энерго» АҚ даму жөніндегі басқарушы директоры

2012–2012 жж. – «Самұрық-Энерго» АҚ инновациялық-технологиялық саясат және даму департаментінің директоры

2011 – 2012 жж. – «Самұрық-Қазына» АҚ индустриялық активтерді басқару жөніндегі директоры

2009 – 2011 жж. – «KEGOC» АҚ ҮЭС дамыту департаментінің директоры
2007 – 2009 жж. – «KEGOC» АҚ Солтүстік ЖЭТ филиалының директоры

2004 – 2007 жж. – Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі электр энергетикасы басқармасының бастығы

2003 – 2004 жж. – ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының тыңдаушысы

1999 – 2003 жж. – Павлодар облысы Баянауыл ауданы әкімінің орынбасары

1997 – 1999 жж. – Баянауыл аудандық электр желілері АҚ президенті

1996 – 1997 жж. – Баянауыл аудандық электр желілерінің бастығы
1989 – 1996 жж. – Баянауыл аудандық электр желілерінің бас инженері

1988 – 1989 жж. – Баянауыл аудандық электр желілерінің диспетчері
1987 – 1988 жж. – Баянауыл аудандық электр желілерінің шебері

1987 – 1987 жж. – Баянауыл аудандық электр желілерінің электр слесарі

Комитеттерге қатысуы

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің мүшесі

Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеттің мүшесі

Қашқынбеков Арман Қайырберліұлы

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры

Бизнес басқару және экономика, энергетика және стратегиялық жоспарлау салаларындағы сарапшы.

Азаматтығы	Туған күні
Қазақстан Республикасы	25.03.1977
Сайланған күні	**Өкілеттік мерзімі**
24.06.2025	23.06.2028

Білімі

Қазақстан-Жапон даму орталығы – «Стратегиялық менеджмент» бағдарламасы

Норвегия мұнай директораты – «Мұнай саясаты және менеджмент»

Vanderbilt University (АҚШ) – экономика магистрі (ҚР Президентінің «Болашақ» бағдарламасы)
Қарағанды мемлекеттік университеті

Жұмыс тәжірибесі

2022 ж.– қазіргі уақытқа дейін – «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ президенті, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі

2021–2022 жж. – Қар барысын сақтау жөніндегі халықаралық қордың директоры

2020–2021 жж. – БҰҰ Даму бағдарламасының тұрақты даму жөніндегі басшысы

2019–2020 жж. – Ғылым қоры Басқарма төрағасының орынбасары

2018–2019 жж. – Жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар халықаралық орталығы Басқарма төрағасының орынбасары

2016–2017 жж. – Enzen компаниясының вице-президенті

2015 ж. – қазіргі уақытқа дейін – Қазақстанның жаңартылатын энергетика қауымдастығының құрметті бас директоры және Директорлар кеңесінің мүшесі

2012–2014 жж. – Rolls-Royce Energy Kazakhstan бас директоры

2009–2012 жж. – «ArcelorMittal Temirtau» АҚ Басқарма мүшесі, Үкіметпен байланыс және қоғаммен байланыс жөніндегі директоры

2008–2009 жж. – «Самұрық-Қазына» АҚ халықаралық ынтымақтастық жөніндегі директоры

2007–2008 жж. – KAZENERGY қауымдастығының атқарушы директоры

2006–2007 жж. – «KazInvest» президенті

2005–2006 жж. – ConocoPhillips компаниясында бизнесті дамыту, Үкіметпен және қоғаммен байланыс жөніндегі директор

2004–2005 жж. – ҚР Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің директоры

2000–2004 жж. – «ҚазМұнайГаз» / «Қазақойл» ҰК бас менеджері

1999–2000 жж. – Vanderbilt University жанындағы Owen бизнес мектебінің медиа-талдаушысы

1998–1999 жж. – Vanderbilt University Қоғамдық саясат институтының ғылыми қызметкері

Комитеттерге қатысуы

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің төрағасы

Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеттің төрағасы

Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі

Директорлар кеңестеріне қатысуы

ҚР Президенті жанындағы Қоғамдық сенім ұлттық кеңесінің мүшесі
Энергетика және машина жасау жөніндегі ұлттық ғылыми кеңестің мүшесі

«Атамекен» ҰКП энергетика комитетінің мүшесі
2021ж. – қазіргі уақытқа дейін – «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КеАҚ тәуелсіз директор

2017ж. – қазіргі уақытқа дейін – ШТЭЦ-3 / ERG АҚ тәуелсіз директор

2014–2018 жж. – «Бәйтерек Венчурлық қоры» Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі
2019–2020 жж. – «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ тәуелсіз директоры

Yessenov University Директорлар кеңесінің төрағасы

«Энергоорталық» АҚ (ERG) тәуелсіз директоры

Қазақстанның жаңартылатын энергетика қауымдастығының CEO және Директорлар кеңесінің мүшесі

Атамқұлова Гүлназ Төреханқызы

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры

Стратегиялық жоспарлау және қаржыландыру салаларындағы сарапшы.

Азаматтығы	Туған күні
Қазақстан Республикасы	09.09.1968

Сайланған күні	Туған күні
24.06.2025	28.01.1977

Комитеттерге қатысуы

Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің мүшесі

Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі

Білімі

1986–1991 жж. – С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, философ, оқытушы

1996–1998 жж. – Т. Рысқұлов атындағы Қазақ мемлекеттік университеті жанындағы Еуразиялық нарық институты, экономист

2013 – Лондон бизнес және қаржы мектебі (LSBF)

2012–2014 жж. – Қазақ гуманитарлық-заң университеті, MBA

2016–2021 жж. – Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы (РАНХиГС), Жоғары корпоративтік басқару мектебі, DBA

Жұмыс тәжірибесі

1991–1995 жж. – Т. Рысқұлов атындағы Қазақ мемлекеттік экономикалық университеті, философия оқытушысы

1995–2001 жж. – «Еуразиялық банк» ЖАҚ бағалы қағаздар және инвестициялық жобалар басқармасының қор бөлімінің бастығы

2001–2004 жж. – «Регистратор» ЖШС бас директоры

2004–2007 жж. – «Орталық-Азиялық траст компаниясы» АҚ өңірлік өкілі

2007 – «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ топ басшысы

2007–2012 жж. – «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Басқарма төрағасы

2013–2015 жж. – «ҚазАгроФинанс» АҚ Басқарма төрағасының міндетін атқарушы

2015–2017 жж, – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасы

2017–2018 жж. – «ҚазАгро» ұлттық холдингі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары

2018 ж. – «Қаржы академиясы» АҚ ғылым және инновациялар жөніндегі проректоры

2019 ж.– «Жасыл технологиялар және инвестициялық жобалардың халықаралық орталығы» КеАҚ Басқарма төрағасының орынбасары

2020 ж.– Ellington City Tourism Ltd жеке компаниясының директоры

Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Стратегиялық жоспарлау, корпоративтік басқару, қаржы және аудит салаларындағы сарапшы.

Азаматтығы	Туған күні
Қазақстан Республикасы	28.01.1977

Туған күні	Өкілеттік мерзімі
28.01.1977	23.06.2028

Білімі

Дюкейн университеті, АҚШ – «Бизнес басқару» мамандығы (BSBA)

Оксфорд университеті, Ұлыбритания – салыстырмалы әлеуметтік саясат бойынша ғылым магистрі (MSc Comparative Social Policy)

Калифорния университеті, АҚШ – MBA

Сертификатталған қаржы талдаушысы (CFA)

Жұмыс тәжірибесі

2020 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «strategyLab» ЖШС консультациялық компаниясының негізін қалаушы

2006–2008 жж. – SAP компаниясында маркетинг жөніндегі маман (АҚШ)

2009–2010 жж. – McKinsey & Company компаниясында консультант (РФ)

2010–2012 жж. – «Полиметалл» компаниясы, Қазақстан

2012–2013 жж. – KPMG компаниясында аға менеджер, Қазақстан

2013–2020 жж. – PwC компаниясында аға менеджер, директор, Қазақстан

Комитеттерге қатысуы

Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы

Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасы

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің мүшесі

Директорлар кеңестеріне қатысуы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тәуелсіз директоры

«Қазатомөнеркәсіп» АҚ тәуелсіз директоры

«Тау-Кен Самұрық» АҚ тәуелсіз директоры

Директорлар кеңесінің құзыреттер матрицасы

Қажетті білімдер	Атамқұлова Г.Т.	Қашкинбеков А.Қ.	Жұбаев А.С.	Молдабаев Қ.Т.	Огай А.В.	Казутин Н.Ю.	Мақсұтов Қ.Б.
ҚҰЗЫРЕТ							
Стратегиялық жоспарлау	+	+		+	+	+	+
Аудит, тәуекелдерді басқару, ішкі аудит және бақылау	+		+		+	+	+
Environmental, Social, and Corporate Governance, ESG	+	+		+			+
Қаржы және экономика	+		+		+	+	+
Кадрларды басқару және сыйақы төлеу	+		+	+			
Жобаларды басқару		+	+	+	+		
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік		+		+	+	+	+
Энергетика / жаңартылатын энергетика		+		+	+		+
ТӘЖІРИБЕ							
Салаға қатысты тәжірибе (энергетика)		+		+	+		
Басшылық лауазымдағы жұмыс тәжірибесі (CEO, CEO-1)	+	+	+	+	+		+
Қызмет саласы бойынша жұмыс тәжірибесі		+	+	+	+		+
Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде тәжірибе	+	+	+	+	+	+	+
БІЛІМІ							
PhD/MBA/магистр дәрежесі немесе оған тең дәрежелер	+	+		+		+	+
CFA/CPA немесе өзге де баламалы кәсіби біліктілік			+	+			
CIA немесе өзге де баламалы біліктілік			+				

Директорлар кеңесінің қызметі

Директорлар кеңесінің отырыстары күнтізбелік жыл басталғанға дейін бекітілетін және қаралатын мәселелер тізбесін, сондай-ақ отырыстардың өткізілу кестесін қамтитын жылдық жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Стратегиялық маңызы бар мәселелер және өзге де түйінді сипаттағы шешімдер тек қана Директорлар кеңесінің күндізгі отырыстарында қаралады, бұл талқылау сапасының жоғары деңгейін және негізделген шешімдер қабылдауды қамтамасыз етеді. Отырыстарға арналған материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне алдын ала жіберіледі отырысқа дейін кемінде жеті күнтізбелік күн бұрын, ал ерекше маңызды мәселелер бойынша – кемінде 15 жұмыс күні бұрын. Мұндай тәртіп ұсынылған материалдарды жан-жақты талдауға жеткілікті уақыт беріп, негізделген әрі теңгерімді шешімдер қабылдауға ықпал етеді.

2025 жылы Компанияның Директорлар кеңесі

22 ОТЫРЫС ӨТКІЗДІ

ОНЫҢ ІШІНДЕ КҮНДІЗГІ ОТЫРЫСТАР **14**

СЫРТТАЙ ФОРМАТЫНДА **8**

Директорлар кеңесі мүшелерінің отырысқа қатысу деңгейі 100% құрады.

Директорлар кеңесі қызметінің статистикасы

Көрсеткіш	ДК	ТСЖК	АК	СЖК	ҚЕҚҚОҚ
Жылдық жұмыс жоспарының орындалуы (%)	100%	100%	100%	100%	100%
Күндізгі/сырттай отырыстар саны (дана)	14/8	12/0	13/0	12/0	5/0
Отырыстардың орташа ұзақтығы (сағ/мин)	38	25	21	21	16
Күн тәртібіндегі мәселелердің орташа саны (дана)	9	4	4	3	2
Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылаудың орташа ұзақтығы (мин)	4	6	5	7	8

ДК мүшелерінің ДК және комитеттердің отырыстарына қатысу статистикасы

Аты-жөні	ДК	ТСЖК	АК	СЖК	ҚЕҚҚОҚ
Казутин Н.Ю.	100%	-	-	-	-
Молдабаев Қ.Т.	100%	-	-	100%	100%
Огай А.В.	100%	100%	-	-	100%
Атамқұлова Г.Т.	100%	100%	100%	-	-
Қашкинбеков А.Қ.	100%	-	100%	100%	100%
Жұбаев А.С.	100%	100%	100%	100%	-
Мақсұтов Қ.Б.	100%	-	-	-	-

Директорлар кеңесінің отырыстарында 207 мәселе қаралды, оның ішінде

- Компанияның Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының схемасын бекіту туралы
- Forum Muider B.V. компаниясының кейбір мәселелері туралы
- 2025 жылға арналған CEO-1 деңгейіндегі негізгі лауазымдарға мұрагерлік бағдарламасын бекіту туралы
- Компаниялар тобы шеңберінде жасанды интеллектті қолдану арқылы жобаларды іске асырудың кейбір мәселелері туралы
- Компанияның 2060 жылға дейінгі энергетикалық көшу бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы
- Басқарма төрағасы мен мүшелерінің 2025 жылға арналған жеке даму жоспарларын бекіту туралы
- Компания қызметкерлерінің штаттық саны мен ұйымдық құрылымын жаңа редакцияда бекіту туралы
- Қоғам компаниялар тобы шеңберінде 2025–2026 жылдарға арналған жасанды интеллектті енгізу жобалары жөніндегі жол картасын бекіту туралы.

2025 жылы тоқсан сайынғы есептілік шеңберінде Директорлар кеңесі келесі есептерді тыңдады

- Инвестицияларды игеру және инвестициялық жобалар
- Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік жарақаттану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстар туралы
- Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы.

Сондай-ақ Директорлар кеңесі келесі есептерді қарады

- 2024 жыл үшін стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл және кері байланыс тетіктері туралы
- Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы
- Тұрақты даму саласындағы бастамалар жоспары
- Ақпараттық қауіпсіздікті (киберқауіпсіздікті) қамтамасыз ету, сондай-ақ Компанияның IT-жүйелері мен инфрақұрылымын қорғау және қолдау бөлігінде ішкі бақылаулардың жеткіліктілігін талдау және бағалау туралы.

2025 жылғы Директорлар кеңесінде қаралған мәселелер құрылымы



- Корпоративтік басқару, Директорлар кеңесі, Бақылау кеңестері
- Стратегия, даму жоспарлары, бизнес-жоспарлау және т.б.
- Қаржылық есептілік және дивидендтер
- Инвестициялар және инвестициялық жобалар
- Ірі жобалар мен құрылыс (ЖЭО, ГЭС, ЖЭК)
- Шарттар, EPC-келісімшарттар, оларға өзгерістер енгізу және оларды бұзу
- Акциялар, улестер, эмиссиялар, корпоративтік келісімдер
- Мүдделі тараптармен келісімдер, несиелер, кепілдіктер
- Кадрлар, ұйымдық құрылым, тағайындаулар, ЖКҚ
- Комплаенс, этика, омбудсмен
- Ішкі аудит және тәуекелдерді басқару
- Турақты даму, ESG, еңбекті қорғау және экология
- Цифрландыру, IT және жасанды интеллект

2025 жылы Директорлар кеңесінің қызметі стратегиялық, инвестициялық және корпоративтік сипаттағы ауқымды мәселелерді қарауға бағытталды. Күн тәртібінің елеулі бөлігі корпоративтік басқаруды дамытуға, стратегияға, инвестициялық жобаларға және Компанияның, сондай-ақ тұтастай алғанда компаниялар тобының қаржылық-экономикалық қызметін бақылауға арналды.

Есепті кезеңде қаралған мәселелердің басым бөлігі корпоративтік басқару саласына тиесілі болды, оның ішінде Директорлар кеңестері мен Бақылау кеңестерінің құрамдарын қалыптастыру және өзгерту, Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметі, сондай-ақ басқару органдарының тиімділігін бағалау және ішкі нормативтік құжаттарды жетілдіру мәселелері қамтылды. Бұл Директорлар кеңесінің корпоративтік басқару сапасын арттыру және оны үздік тәжірибелер мен Акционер талаптарына сәйкестендіру бағытындағы басымдығын көрсетеді.

Сонымен қатар, мәселелердің едәуір көлемі Компанияның даму стратегиясын іске асырумен, даму жоспарлары мен бюджеттердің орындалуын бекіту және мониторингтеумен, сондай-ақ ірі инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды қараумен байланысты болды. Олардың қатарында генерация объектілері, жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобалар және қолданыстағы қуаттарды жаңғырту жобалары бар. Директорлар кеңесі аталған жобалардың іске асырылу барысына, инвестицияларды игеру тиімділігіне және жобалық тәуекелдерді басқаруға жүйелі бақылау жүргізді.

Кадр саясаты, басшылық құрамды ынталандыру және сыйақы төлеу, негізгі көрсеткіштер карталарын қалыптастыру, мұрагерлік бағдарламалар және басқарушылық құзыреттерді дамыту мәселелеріне де ерекше назар аударылды. Сонымен қатар, жыл бойы комплаенс, ішкі аудит, тәуекелдерді басқару, тұрақты даму, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік мәселелері қаралды.

Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес, Директорлар кеңесінің төрағасы Кеңес қызметіне жалпы басшылық жасап, оның жұмысының тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз етті, сондай-ақ Кеңес мүшелері, Акционер және Басқарма арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдай жасады. Директорлар кеңесінің төрағасы мен атқарушы органның өкілеттіктері мен функциялары Компанияның Жарғысымен және ішкі нормативтік құжаттарымен нақты бөлінген.

Алдағы кезеңдерде Директорлар кеңесі стратегиялық күн тәртібі мәселелері бойынша жұмысын жалғастыруды жоспарлап отыр. Бұл ретте корпоративтік рәсімдерді одан әрі оңтайландыруға, инвестициялық жобаларды басқару тиімділігін арттыруға, ESG тәсілдерін дамытуға және күн тәртібіндегі әкімшілік және операциялық сипаттағы мәселелер үлесін азайтуға ерекше назар аударылатын болады.

Директорлар кеңесінің комитеттері

GRI 2–9

Тиімді жұмыс істеуді қамтамасыз ету және негізгі мәселелерді жан-жақты әрі сапалы қарау мақсатында Директорлар кеңесі жекелеген өкілеттіктерді мамандандырылған комитеттерге береді. Комитеттердің қызметі Комитет туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады және сараптамалық бағалауды талап ететін мәселелерді жан-жақты пысықтауға бағытталған.

Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер экономикалық, экологиялық және әлеуметтік салалар бойынша ұсынымдар береді. Директорлар кеңесінің құрылымында келесі комитеттер жұмыс істейді

- Аудит жөніндегі комитет
- Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет
- Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет
- Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет.

Директорлар кеңесі аталған мәселелер бойынша шешімдерді тұрақты даму қағидаттарын ескере отырып және комитеттер дайындаған ұсынымдарды жан-жақты зерделеу негізінде қабылдайды.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі мен Басқарма жанындағы қолданыстағы комитеттердің функциялары өзгеріссіз қалды, жаңа комитеттер құрылмады.

Аудит жөніндегі комитет

Комитет қызметінің мақсаты – Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметіне тиімді бақылау жүйесін қалыптастыру мәселелерін терең пысықтауда Директорлар кеңесіне қолдау көрсету. Комитеттің міндеттеріне қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығын мониторингтеу, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін бағалау, корпоративтік басқару талаптарының сақталуын бақылау, сондай-ақ сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін қадағалау кіреді. Бұдан басқа, Комитет Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуына байланысты мәселелерді қарастырады.

Комитет құрамы

- Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы – тәуелсіз директор, Комитет төрағасы
- Қашкинбеков Арман Қайырберліұлы – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі
- Атамқұлова Гүлназ Төреханқызы – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

2025 жылы Комитет 13 (он үш) күндізгі отырыс өткізді, онда

63 МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ

Негізгілері қатарында – Ішкі аудит қызметінің, «Комплаенс» қызметінің және «Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау» департаментінің қызметі.

Есепті кезеңде Комитет қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі аспектілерін талқылау мақсатында Компанияның сыртқы аудиторларымен және атқарушы органымен жұмыс кездесулерін өткізді.

Дауыс беру құқығы бар Комитет мүшелерінің отырыстарға қатысу деңгейі 100% құрады.

Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет

Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органы болып табылады және Директорлар кеңесі мүшелерін, Басқарма мүшелерін, корпоративтік хатшыны, сондай-ақ Компанияның өзге де қызметкерлерін тағайындау, бағалау және оларға сыйақы төлеу мәселелері бойынша ұсынымдар дайындайды. Комитеттің қызметі ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады және кадрлық шешімдердің ашықтығын, объективтілігін және тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Комитет құрамы

- Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы – тәуелсіз директор, Комитет төрағасы
- Огай Алексей Владимирович – Комитет мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі
- Атамқұлова Гүлназ Төреханқызы – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

2025 жылы Комитет 12 (он екі) күндізгі отырыс өткізді, онда

56 МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ

Негізгі мәселелер қатарында

- «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша Бақылау кеңестері/Директорлар кеңестері мүшелерін сайлау мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру
- Компанияның басқарушы қызметкерлерінің қызметін бағалау және сыйақы беру қағидаларына өзгерістерді қарау туралы
- 2024 жылдың қорытындысы бойынша басқарушы қызметкерлердің негізгі қызмет көрсеткіштерінің нақты мәндерін қарау
- 2024 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның басқарушы қызметкерлеріне сыйақы төлеу туралы
- «Самұрық-Энерго» АҚ компанияларының Директорлар кеңестері/Бақылау кеңестері құрамдарын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы.

Дауыс беру құқығы бар Комитет мүшелерінің отырыстарға қатысу деңгейі 100% құрады.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет

Комитет қызметінің мақсаты – Компанияның дамуының басым бағыттарын айқындау, стратегиялық мақсаттарын қалыптастыру және өзектендіру, сондай-ақ тұрақты даму жүйесін енгізу мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу. Комитеттің жауапкершілік аясына сонымен қатар еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау мәселелері, инвестициялық жобаларды, мастер-жоспарларды және Компания қызметінің ұзақ мерзімді тиімділігін арттыруға бағытталған бастамаларды қарау кіреді.

Комитет құрамы

- Қашкинбеков Арман Қайырберліұлы – тәуелсіз директор, Комитет төрағасы
- Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі
- Молдабаев Қаныш Тәңірбергенұлы – Комитет мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі.

2025 жылы Комитет 12 (он екі) күндізгі отырыс өткізді, онда

38 МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ

Негізгілерінің қатарында – тоқсан сайынғы есептер

- «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының стратегиялық және бизнес-жоспарлау қағидаларын алдын ала қарау туралы
- «Самұрық-Энерго» АҚ тұрақты даму жүйесін жетілдіру жөніндегі 2025–2026 жылдарға арналған Жол картасын бекіту бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру туралы
- Компанияның 2024–2033 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 2024 жылға арналған орындалуы туралы есепті бекіту туралы
- Компанияның даму жоспарының орындалуы туралы
- «Самұрық-Энерго» АҚ маңыздылық матрицасын алдын ала мақұлдау туралы
- Инвестицияларды игеру және инвестициялық жобалар туралы
- 2024 жыл қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ 2024–2028 жылдарға арналған даму жоспарының (бизнес-жоспардың) орындалуы туралы есепті алдын ала қарау туралы
- «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы шеңберінде жасанды интеллектті қолдану арқылы жобаларды іске асырудың кейбір мәселелері туралы
- «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында Корпоративтік басқару кодексін енгізу жоспарын алдын ала қарау туралы.

Дауыс беру құқығы бар Комитет мүшелерінің отырыстарға қатысу деңгейі 100% құрады.

Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет

Комитет қызметінің мақсаты – қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша ұсынымдар дайындау, талдау жүргізу және бағалау арқылы Компания қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу. Комитет аталған бағыттар бойынша сараптамалық қарауды жүзеге асырып, қызметтің қауіпсіз және тұрақты шарттарын қамтамасыз етуге бағытталған шешімдерді қалыптастыруға ықпал етеді.

Комитет құрамы

- Қашкинбеков Арман Қайырберліұлы – тәуелсіз директор, Комитет төрағасы
- Огай Алексей Владимирович – Комитет мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі
- Молдабаев Қаныш Тәңірбергенұлы – Комитет мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі.

2025 жылы Комитет 5 (бес) күндізгі отырыс өткізді, онда

11 МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ

Негізгілерінің қатарында – тоқсан сайынғы есептер

- Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік жарақаттану саласындағы жұмыс туралы
- Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыс туралы
- Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы
- 2025 жылға арналған нөлдік жарақаттануға қол жеткізу бойынша іс-шаралар жоспары туралы
- 2025 жылға арналған қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы.

Дауыс беру құқығы бар Комитет мүшелерінің отырыстарға қатысу деңгейі 100% құрады.

Басқарма

Компанияның ағымдағы қызметін Директорлар кеңесімен өзара іс-қимыл жасайтын және барлық негізгі мүдделі тараптармен коммуникацияны қамтамасыз ететін алқалы атқарушы орган – Басқарма жүзеге асырады. Басқарма Компанияның даму стратегиясы мен даму жоспарын іске асыруға, сондай-ақ Жалғыз акционер мен басқару органының шешімдерін орындауға жауап береді.

Басқарманың құрамын қалыптастыру, өкілеттіктерді бөлу, оның мүшелерінің жауапкершілігі және жұмыс тәртібі Компанияның Жарғысымен және Басқарма туралы ережемен реттеледі. Жарғыға сәйкес, Директорлар кеңесі Басқарманың сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындайды, оның мүшелерін тағайындайды және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды. Басқарма төрағасын тағайындау және оның өкілеттігін тоқтату Жалғыз акционердің құзыретіне жатады.

Атқарушы органның төрағасы мен мүшелері өз міндеттерін орындау үшін қажетті білімге, тәжірибеге және кәсіби дағдыларға ие, сондай-ақ іскерлік және жеке беделге қойылатын жоғары талаптарға сәйкес келеді.

Басқарма Компания қызметін жедел басқаруды қамтамасыз етеді, стратегиялық міндеттердің орындалуын үйлестіреді және негізгі даму басымдықтарын іске асыруға жауап береді.

Басқарманың жауапкершілік аясы

- Заңнаманың, Жарғының, Компанияның ішкі құжаттарының, сондай-ақ Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің сақталуын қамтамасыз ету
- Тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту және тиімді ішкі бақылауды қамтамасыз ету
- Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер бекіткен міндеттерді іске асыру үшін қажетті ресурстарды бөлу
- Қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету
- Тартылу, адалдық және тұрақты құндылықтарға негізделген корпоративтік мәдениетті қалыптастыру.

Басқарма құрамы

(GRI 2-9, 405-1, GRI 12: Coal Sector: 12.19.6)

[A] «Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасының құрамына жеті мүше кіреді. 2025 жылы Басқарма мүшесі ретінде сайланған басшы қызметкерлердің жергілікті қоғамдастық өкілдері қатарынан тартылған үлесі 100% құрады.[A]

2025 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ Өндіріс жөніндегі басқарушы директорының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және аталған лауазымға кандидат сайлау туралы шешім қабылданды.

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 5 қарашадағы шешімімен (№19/25 хаттама) Ауталипов Ғалымбек Темкешұлы «Самұрық-Энерго» АҚ өндіріс жөніндегі басқарушы директоры болып сайланды және Компания Басқармасының мүшесі болып бекітілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 27 ақпандағы шешімімен (№02/26 хаттама) 2026 жылғы 2 наурыздан бастап «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшесі Жапарханов Н.А.-ның өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 26 маусымдағы №13/26 хаттамасымен Заңнамалық сүйемелдеу және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор Исабаев Нұржан Шағанбекұлы Басқарма мүшесі болып сайланды.

Басқарманың жас құрамы



30–50 жас аралығы
50 жас және одан жоғары

Басқарманың гендерлік құрамы



Ерлер
Әйелдер



Мақсұтов Қайрат Берікұлы

Басқарма төрағасы

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Туған күні
16.05.1970

Міндеттері

Операциялық қызметке, стратегияны іске асыруға, энергия ресурстарын өндіруге, акционерлік капиталдың өсуіне, жобаларды басқаруға, өнімділікті арттыруға және адами капиталды дамытуға жауап береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары, комплаенс талаптарын орындау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесін сақтау бойынша жеке жауапкершілікке ие.

Әутәліпов Ғалымбек Темкешұлы

Өндіріс жөніндегі басқарушы директор

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Туған күні
20.10.1977

Міндеттері

Даму жоспарларының орындалуына, өндірісті, күрделі құрылыс жұмыстарын, жөндеу жұмыстарын және инвестициялық бағдарламаларды бақылауға жауап береді. Энергия үнемдеу, энергия тиімділігін арттыру және экологиялық қауіпсіздік саласында қадағалауды жүзеге асырады. Инновациялық технологияларды енгізуді және күрделі құрылыс жобаларын басқаруды үйлестіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары, комплаенс талаптарын орындау және комплаенс тәуекелдерін төмендету бойынша жеке жауапкершілікке ие.

Қамалов Алмасби Низамаддинұлы

Экономика, қаржы және цифрландыру жөніндегі басқарушы директор

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Туған күні
07.04.1989

Міндеттері

Қаржылық тұрақтылыққа, экономикалық және тарифтік саясатқа, инвестициялық қызметке, салықтық талдауға және стратегиялық жоспарлауға жауап береді. Сенімді есептілікті қамтамасыз етеді, стратегияның іске асырылуын бақылауды және инвестициялық шешімдердің тиімділігін қамтамасыз етеді.

Қоғамда және ЕТҰ-ларда цифрландыруға, бизнес-процестерді автоматтандыруға, IT-шешімдер мен жасанды интеллектіні енгізуге жауап береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары, комплаенс талаптарын орындау және комплаенс тәуекелдерін төмендету бойынша жеке жауапкершілікке ие. Қоғамда және еншілес әрі тәуелді ұйымдарда тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бағаларына маркетингтік талдау жүргізу үдерісін басқарады және бақылайды.

Исабаев Нұржан Шағанбекұлы

Құқықтық сүйемелдеу және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Туған күні
17.05.1980

Міндеттері

Қоғам мен ЕТҰ қызметінің құқықтық сүйемелдеуін, корпоративтік басқаруды, ESG қағидаттарын ықпалдастыруын және құқықтық қамтамасыз етілуін жүзеге асырады. Активтердің нысаналы құрылымын іске асыруды, инвестициялық жобаларды құқықтық сүйемелдеуді және қаржы ресурстарын тиімді пайдалануды бақылауды қамтамасыз етеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары, комплаенс талаптарын орындау және комплаенс тәуекелдерін төмендету бойынша жеке жауапкершілікке ие.

Ивченко Елена Дмитриевна

GR және даму жөніндегі басқарушы директор

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Туған күні
09.04.1975

Міндеттері

Электр энергиясы мен көмірдің сату көлемдерін іске асыруды, жаңа нарықтарды дамытуды және энергия нарығы моделін жетілдіруді бақылауды қамтамасыз етеді. Акционермен, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады және заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары, комплаенс талаптарын орындау және комплаенс тәуекелдерін төмендету бойынша жеке жауапкершілікке ие.

Балтабаев Асқар Қуатбайұлы

Қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Туған күні
16.09.1979

Міндеттері

Тәуекелдерді басқаруға, ішкі бақылауға, қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етуге, сатып алуға және әкімшілік қамтамасыз етуге жауап береді. Қаражатты тиімді пайдалану мен кірістілікті арттыруды бақылауды жүзеге асырады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары, комплаенс талаптарын орындау және комплаенс тәуекелдерін төмендету бойынша жеке жауапкершілікке ие. Құрылыс және объектілерді пайдалануға беру кезеңдерінде жобалардың іске асырылуын бақылайды.

Айдаров Аңсар Айдарұлы

Инвестициялар жөніндегі бас директор

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Туған күні
24.04.1986

Міндеттері

Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау, инвестициялар мен қаржыландыруды тарту, сондай-ақ энергетика саласындағы активтерді оңтайландыру және қайта ұйымдастыру жұмыстарын басқарады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары, комплаенс талаптарын орындау және комплаенс тәуекелдерін төмендету бойынша жеке жауапкершілікке ие. Халықаралық және стратегиялық ынтымақтастықты дамыту мен қолдауға бақылау жүргізеді.

Басқарма қызметі

Атқарушы орган өз қызметін күндізгі отырыстар өткізу арқылы жүзеге асырды, онда даму жоспарын іске асыру, Жалғыз акционердің шешімдерін, Директорлар кеңесінің ұсынымдарын орындау, сондай-ақ ағымдағы операциялық қызмет мәселелері жүйелі түрде қаралды. Өндірістік қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Басқарма сырттай отырыстар өткізу практикасын қолданбайды. 2025 жылы Басқарманың 40 күндізгі отырысы өткізілді, олардың барысында 340 мәселе қаралды. Талқылау барысында даму стратегиясын іске асыру, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау, сондай-ақ операциялық қызметті мониторингтеу мәселелері қаралды.

Есепті жылы Басқарма қызметінің басым бағыттары ретінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, ақпараттық қауіпсіздікті (киберқауіпсіздікті) қамтамасыз ету, сондай-ақ Компанияның IT-жүйелері мен инфрақұрылымын қорғау және қолдау бөлігінде ішкі бақылаулардың жеткіліктілігін талдау және бағалау мәселелері айқындалды.

Есепті кезеңде Басқармамен келесі негізгі құжаттар бекітілді

- «Самұрық-Энерго» АҚ климаттық корпоративтік басқару саясаты
- ақпараттық технологиялар және цифрландыру саласындағы қызметті реттейтін ішкі нормативтік құжаттар
- «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі 2026–2031 жылдарға арналған бағдарламасы (жаңа редакцияда)
- «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша Scope 3 аясындағы парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі.

Сонымен қатар, еншілес және тәуелді ұйымдардың ішкі нормативтік құжаттары, оның ішінде персонал саны, ұйымдық құрылым, штаттық кесте және компаниялар тобы қызметкерлерінің лауазымдық жалақы схемалары мәселелері бойынша құжаттар бекітілді. Сондай-ақ ЕТҰ инвестициялық жобалары, олардың жарғылық капиталдарының мөлшерін өзгерту және жарғыларына өзгерістер енгізу мәселелері қаралды. «Самұрық-Энерго» АҚ өкілдерінің ЕТҰ басқару органдарындағы дауыс беру позициялары айқындалды.

2025 жылы Басқармада қаралған мәселелер құрылымы



Басқарма комитеттері

GRI 2-9

Мәселелерді неғұрлым терең әрі сапалы пысықтауды қамтамасыз ету мақсатында Басқарма жанында тұрақты жұмыс істейтін комитеттер құрылды. Олардың қызметі Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелерді жан-жақты қарауға бағытталған және басқарушылық шешімдердің сапасын арттыруға ықпал етеді. Комитеттер қараған мәселелер бойынша түпкілікті шешімдерді Басқарма қабылдайды. Барлық комитеттер Басқармаға есеп береді және белгіленген тәртіпте өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде жұмыс істейді. Комитеттердің функциялары, өкілеттіктері, құрамы және қызметін ұйымдастыру тәртібі тиісті ішкі ережелермен реттеліп, Басқарма бекітеді.

Тәуекелдер жөніндегі комитет

Тәуекелдер жөніндегі комитет тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласында шешімдер қабылдау кезінде Басқармаға әдіснамалық және сараптамалық қолдау көрсетеді. Комитет тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қалыптастыруға және қолдауға бағытталған ұсынымдар әзірлейді, тәуекелдерді анықтау, бағалау, мониторингтеу және бақылау процестерінің үздіксіз жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, Комитет тәуекелдерді басқару және ішкі бақылауға қатысатын құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіруге байланысты ұсыныстар дайындайды.

2025 жылғы тамызда Басқарманың шешімімен (29.08.2025 жылғы №24 хаттама) Комитеттің құрамы жаңартылды.

Комитет құрамы

- Комитет төрағасы – қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор
- Комитет мүшелері – өндіріс жөніндегі басқарушы директор, экономика, қаржы және цифрландыру жөніндегі басқарушы директор, құқықтық сүйемелдеу және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор, GR және даму жөніндегі басқарушы директор, инвестициялар жөніндегі бас директор, даму жөніндегі қос басқарушы, «Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау» департаментінің директоры, ішкі аудит қызметінің басшысы (дауыс беру құқығынсыз), комплаенс қызметінің басшысы (дауыс беру құқығынсыз).

2025 жылы Комитет төрт күндізгі отырыс өткізді, онда тоғыз мәселе қаралды.

Негізгі мәселелер

- 2024 жылдың IV тоқсаны және 2025 жылдың I, II және III тоқсандары бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ тәуекелдерді басқару жөніндегі есебін (негізгі тәуекелдердің сипаттамасы мен талдауын, сондай-ақ тәуекелдерді азайту жөніндегі жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру туралы ақпаратты қоса алғанда) алдын ала мақұлдау туралы
- 2026 жылға арналған «Самұрық-Энерго» АҚ шоғырландырылған тәуекелдер тізілімін, шоғырландырылған тәуекелдер картасын, әрбір негізгі тәуекел бойынша тәуекелге төзімділік деңгейлері айқындалған негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын және негізгі тәуекел көрсеткіштерінің паспорттарын алдын ала мақұлдау, сондай-ақ 2025 жылға арналған ұқсас құжаттарға өзгерістер енгізу туралы
- 2025–2028 жылдарға арналған «Самұрық-Энерго» АҚ тәуекел-тәбетін (risk appetite) жаңа редакцияда алдын ала мақұлдау туралы.

Комитет мүшелерінің қатысу деңгейі 89,4% құрады.

Жоспарлау және қызметті бағалау жөніндегі комитет

Комитеттің негізгі мақсаты – «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметінің тиімділігін арттыру. Өз қызметі шеңберінде Комитет активтер мен шығындар құрылымын оңтайландыруға, тиімділік көрсеткіштерін мониторингтеуге, сондай-ақ даму жоспарлары мен қаржылық есептілікті қарауға ерекше назар аударады.

Комитет құрамы

- Комитет төрағасы – экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор
- Комитет төрағасының орынбасары – даму және сату жөніндегі басқарушы директор
- Комитет мүшелері – өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор, даму, сату және өзгерістер жөніндегі басқарушы директор, құқықтық сүйемелдеу, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор, «Сатып алуларды басқару» департаментінің басшысы, ішкі аудит қызметінің бас аудиторы (дауыс беру құқығынсыз).

2025 жылы Комитет 68 күндізгі отырыс өткізді, онда 126 мәселе қаралды.

Негізгі мәселелер қатарында

- Корпоративтік орталық пен еншілес және тәуелді ұйымдардың (ЕТҰ) бюджеттерін жылдық бюджеттің бірінші күнтізбелік жылына бекітілген көрсеткіштер шегінде түзетуді келісу
- 2025 жылдың I жартыжылдығы бойынша ЕТҰ даму жоспарының орындалуы туралы есептерді және 2025–2029 жылдарға арналған ЕТҰ даму жоспарының жобасын қарау.

Комитет мүшелерінің қатысу деңгейі 85% құрады.

Инвестициялық-инновациялық кеңес

Кеңес «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының инвестициялық және инновациялық қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін Кеңес Қоғам мен ЕТҰ-ның уәкілетті органдарына инвестициялық және инновациялық қызметті іске асыру мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлейді.

Өз қызметі шеңберінде Кеңес келесі функцияларды жүзеге асырады

- инвестициялық алдындағы және инвестициялық жобалардың кезеңдері бойынша қарау және ұсынымдар дайындау
- Компания мен ЕТҰ дамуының перспективалық бизнес бағыттарын айқындау
- Компанияның басқа заңды тұлғалардың акцияларын (қатысу үлестерін) сатып алу немесе иеліктен шығару мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Кеңес құрамы

- Кеңес төрағасы – Басқарма төрағасы
- Кеңес төрағасының орынбасары – өндіріс жөніндегі басқарушы директор
- Кеңес мүшелері – GR және даму жөніндегі басқарушы директор, экономика, қаржы және цифрландыру жөніндегі басқарушы директор, құқықтық сүйемелдеу және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор, инвестициялар жөніндегі бас директор, «Комплаенс» қызметінің басшысы (дауыс беру құқығынсыз сарапшы), «Самұрық-Энерго» АҚ Ішкі аудит қызметінің бас аудиторы (дауыс беру құқығынсыз сарапшы).

2025 жылы Инвестициялық-инновациялық кеңес 19 отырыс өткізді, онда 25-тен астам мәселе қаралды.

Негізгі мәселелер қатарында

- China Energy Overseas Investment Co., Ltd (China Energy) компаниясымен бірлесіп Түркістан облысында қуаты 300 МВт күн электр станциясын салу жобасының кейбір мәселелері туралы
- Жасыл энергетиканы дамыту
- №3 және №4 энергия блоктарын орнату арқылы Екібастұз МАЭС-2 кеңейту және қайта жаңғырту инвестициялық жобасының түзетілген негізгі параметрлерін бекіту туралы
- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның энергияны жинақтау жүйелері (СНЭ) бойынша перспективалық жобалары.

Комитет мүшелерінің қатысу деңгейі 85% құрады.

Кредиттік комитет

Кредиттік комитеттің негізгі міндеті – кредиттерді (қарыздарды) тарту және беру, қаржылық көмек көрсету және кепілдіктер беру мәселелері бойынша шешімдерді уақтылы әрі сапалы қабылдауды қамтамасыз ету. Сонымен қатар, Комитет қаржылық тәуекелдерді азайтуға және «Самұрық-Энерго» АҚ активтері мен міндеттемелерінің құрылымын тиімді басқару бойынша ұсынымдар әзірлеуге жауап береді.

Комитет құрамы

- Комитет төрағасы – экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор
- Комитет мүшелері – өндіріс жөніндегі басқарушы директор, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор, «Қазынашылық және корпоративтік қаржы» департаментінің директоры, «Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау» департаментінің директоры, инвестициялар жөніндегі бас директор
- Тәуелсіз сарапшы – «Комплаенс» қызметінің басшысы.

2025 жылы Комитет 13 күндізгі отырыс өткізді, онда 40 мәселе қаралды.

Негізгі мәселелер қатарында қарыздарды тарту/беру және қаржылық көмек көрсету мәселелері «Самұрық-Энерго» АҚ бос ақша қаражаттарын екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерге орналастыру мәселелері.

Комитет мүшелерінің қатысу деңгейі 80% құрады.

Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет

Комитеттің мақсаты – Компанияда еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін тиімді қарауды қамтамасыз ету. Комитет аталған салаларда тәуекелдерді сәйкестендіруге және басқаруға бағытталған қолданыстағы саясаттар мен жүйелердің тиімділігін бағалау бойынша ұсынымдар қалыптастырады.

Өз қызметі шеңберінде Комитет

- Өліммен аяқталған барлық жазатайым оқиғаларды, сондай-ақ күрделі инциденттерді, оның ішінде қабылданған кейінгі шараларды бағалай отырып талдайды
- Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты тәуелсіз аудит нәтижелерін зерделейді
- Анықталған мәселелер мен тәуекелдерге жауап ретінде әзірленген стратегиялар мен іс-қимыл жоспарларын қарайды
- Қажет болған жағдайда Директорлар кеңесіне тиісті мәселелер бойынша ұсынымдар дайындайды.

Комитет құрамы

- Комитет төрағасы – Басқарма төрағасы
- Комитет төрағасының орынбасары – «Еңбекті қорғау» департаментінің директоры
- Комитет мүшелері – «Генерация және отын» департаментінің директоры, «ЖЭК және тарату» департаментінің директоры, «Корпоративтік басқару және тұрақты даму» департаментінің директоры, «Еңбекті қорғау» департаментінің бас менеджері.

2025 жылы Комитет бес күндізгі отырыс өткізді, онда жеті мәселе қаралды.

Негізгі мәселелер қатарында

- Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік саласындағы жұмыс нәтижелері және өндірістік жарақаттану деңгейін талдау
- «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша 2026 жылға арналған нөлдік жарақаттануға қол жеткізу жоспары
- Еншілес ұйымдар арасында өндірістік қауіпсіздік саласындағы жетістіктері үшін «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасының жыл сайынғы номинациясына конкурстар өткізу қағидалары.

Комитет мүшелерінің қатысу деңгейі 100% құрады.

Мүдделер қақтығысы

GRI 2–15

Мүдделер қақтығыстарын басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру және қызметкерлердің кәсіби мінез-құлқына бірыңғай талаптар белгілеу мақсатында, жеке мүдделердің шешім қабылдау процесіне әсер етуін болдырмауға бағытталған іс-шаралар кешені іске асырылуда.

Осы шаралар шеңберінде корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығыстарын реттеу саясаты енгізілді. Осы саясатқа сәйкес басшы қызметкерлер мен құрылымдық бөлімше басшылары мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы декларацияларды ұсынады.

Бұдан басқа, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту және бос лауазымдарға, сондай-ақ ЕТҰ-дағы басшылық қызметтерге кандидаттарды іріктеу кезінде мүдделер қақтығысының туындауын болдырмау мақсатында кандидаттардың біліктілік талаптарына сәйкестігі, сондай-ақ олардың «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының лауазымды тұлғаларымен аффилиирленуі тексеріледі.

Аталған шараларды іске асырудың негізгі құралы E-Compliance ақпараттық жүйесі болып табылады. Бұл бірыңғай цифрлық платформа комплаенс-процестерін автоматтандыруды, ашықтықты арттыруды және операциялық тәуекелдерді төмендетуді қамтамасыз етеді. Платформа бақылау, мониторинг және талдау құралдарын біріктіреді, оның ішінде

- «Декларациялар» модулі (мүдделер қақтығыстары мен сыйлықтарды тіркеу және мониторингілеу)
- «Аффилиирленген тұлғалар» модулі (аффилиирленген тұлғалар бойынша есептерді қалыптастыру және жіберу).

Есепті жылы саясат талаптарына сәйкес Директорлар кеңесі мүшелері арасында мүдделер қақтығысы жағдайлары анықталған жоқ. Сондай-ақ жеке мүдделердің олардың объективтілігіне, бейтараптығына немесе міндеттерін тиісінше орындауына әсер етуі мүмкін жағдайлар тіркелген жоқ. Директорлар кеңесінің мүшелері әлеуетті мүдделер қақтығысын тудыруы мүмкін шешімдерді талқылауға және қабылдауға қатысқан жоқ.

Ішкі және сыртқы аудит

«Самұрық-Энерго» АҚ Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тәуелсіз консультациялық қызметтер мен объективті аудиторлық кепілдіктер ұсынады. Қызметтің жұмысы тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін арттыруға бағытталған, бұл Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді (Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы толығырақ ақпарат «Самұрық-Энерго» АҚ сайтында: https://www.samruk-energy.kz/ru/company/corporate-governance/corporate-governance-main/internal-audit).

Қызметтің миссиясы – Директорлар кеңесі мен атқарушы органға олардың өкілеттіктерін тиімді жүзеге асыру және Қоғам мен оның ЕТҰ стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті сараптамалық қолдау көрсету.

Қызметтің негізгі мақсаты – Директорлар кеңесіне компанияда және оның ЕТҰ-да тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің нәтижелілігін арттыруға бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар ұсыну.

Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеттері

1. Ішкі бақылау жүйесін бағалау және жетілдіруге жәрдемдесу
2. Тәуекелдерді басқару жүйесін бағалау және жетілдіруге жәрдемдесу
3. Компаниялар тобында алаяқтық тәуекелін және оны басқару тиімділігін бағалау
4. Корпоративтік басқару жүйесін бағалау және жетілдіруге жәрдемдесу
5. Бухгалтерлік есеп жүйесінің дұрыстығын, толықтығын, объективтілігін және қаржылық есептіліктің сенімділігін бағалау
6. Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының, «Самұрық-Қазына» АҚ нормативтік құжаттарының (комплаенс-бақылау) сақталуын бағалау
7. Компаниялар тобында ресурстарды тиімді пайдалану және активтердің сақталуын қамтамасыз ету әдістерінің тиімділігін бағалау
8. Компанияның Ішкі аудит қызметін және еншілес ұйымдардың тексеру комиссияларын әдіснамалық қамтамасыз ету.

2025 жылы Ішкі аудит қызметімен 22 аудиторлық тексеру жүргізілді, оның ішінде жылдық аудиторлық жоспармен көзделген іс-шаралар, сондай-ақ жоспардан тыс тексерулер.

Аудиторлық тексерулердің қорытындысы бойынша 228 ұсыным әзірленді, оның ішінде

- «А» санаты бойынша – 17 ұсыным
- «В» санаты бойынша – 49 ұсыным
- «С» санаты бойынша – 149 ұсыным.

Аудиторлық тапсырмалардың басымдылығы ең жоғары тәуекелдері бар процестерді анықтау негізінде, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің аудит жүргізу бойынша басым сұраныстарын ескере отырып айқындалды.

Есепті кезеңдегі тексерулердің негізгі бағыттары

- қоршаған ортаны қорғау процесін бағалау
- инвестициялық жобаларды басқару процестерінің тиімділігі мен нәтижелілігін бағалау
- менеджменттің негізгі қызмет көрсеткіштеріне қол жеткізу деңгейін бағалау
- өндірістік процестердің тиімділігін және активтерді пайдалану тиімділігін бағалау
- тариф қалыптастыру және баға белгілеу процестерінің тиімділігін бағалау
- еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы процесін бағалау
- қорлар мен материалдық ресурстарды басқару тиімділігін бағалау
- адами ресурстарды басқару тиімділігін бағалау
- әкімшілік шығыстар аудиті
- сатып алу процестерінің аудиті.

Есепті кезеңде барлық аудиторлық тексерулер Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына қатаң сәйкес жүргізілді. Дайындалған аудиторлық есептерде қорытындылар, анықталған ескертулер және тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін арттыруға бағытталған түзету және алдын алу шараларын қабылдау жөніндегі ұсынымдар қамтылды.

2025 жылы аудит жүргізу тәсілі қосымша түрде кеңейтіліп, компаниялар тобы деңгейінде жекелеген бизнес-процестерге жүйелі кешенді талдау енгізілді. Тексеру тәуекелдерді анықтауды және қолданыстағы бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалауды қамтиды, бұл компаниялар тобы деңгейінде тексерілетін процестің сенімділігі туралы тұтас түсінікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қосымша тәсіл шеңберінде «Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік орталығы тарапынан тексерілетін бизнес-процестерге бақылаудың бар болуы мен тиімділігі бағаланады, бұл басқару тобы деңгейінде бақылау тетіктерін қолданудың бірыңғай тәсілін қамтамасыз етеді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Ішкі аудит қызметінің қызметі Директорлар кеңесі тарапынан «тиімді» деп бағаланды.

2025 жылы KPMG компаниясы Қызметтің қызметіне тәуелсіз сыртқы бағалау жүргізді, оның нәтижелері бойынша Ішкі аудиттің халықаралық стандарттарына 97% сәйкестік расталды.

Ішкі аудиторлардың жоғары кәсібилігі, әдіснамалық жетілгендігі, тәуекелдерді бағалаудың тұрақты тәжірибелері, сондай-ақ халықаралық талаптарға толық сәйкес келетін есептілік рәсімдерінің сапалы формализациясы атап өтілді.

Сыртқы аудит

2025 жылдан бастап Компанияның сыртқы аудиторы ретінде Ernst & Young (EY) фирмаларының халықаралық желісі белгіленді.

2025 жылы EY сыртқы аудиторы көрсеткен аудиторлық қызметтердің құны (ҚҚС-сыз), млн теңге

	2025
«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы	168,36
оның ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік орталығы	47,93

2025 жылы аудиторлық ұйымға аудиторлық қызметтер үшін төленген сыйақы (ҚҚС-мен), млн теңге

	2025
«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы	187,88
оның ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік орталығы	74,68

СЫЙАҚЫ

GRI 2–19

Сыйақы мөлшері мен оны төлеу тәртібі Компанияның Жарғысына сәйкес айқындалады және Жалғыз акционердің шешімімен бекітіледі. Басқарма төрағасы мен мүшелерінің сыйақысы, оның ішінде мөлшері, сондай-ақ төлемдерді жүзеге асыру шарттары мен тәртібі «Самұрық-Энерго» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлерінің қызметін бағалау және сыйақы төлеу қағидаларына сәйкес айқындалады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі функцияларын орындағаны үшін тәуелсіз директорларға жыл сайынғы тіркелген сыйақы белгіленеді. Сонымен қатар, тәуелсіз директорларға олардың тұрақты тұрғылықты жерінен тыс өткізілетін Директорлар кеңесі және оның комитеттері отырыстарына қатысуына байланысты құжатпен расталған шығыстар (жол жүру, тұру және тәуліктік шығындар) өтеледі.

2025 жыл қорытындысы бойынша тәуелсіз директорларға төленген сыйақы 49 873 мың теңгені құрады. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тәуелсіз директорлар саны төрт адамды құрады. Өзге төлемдер көзделмеген.

Басқарма мүшелерінің сыйақысы

Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу «Самұрық-Энерго» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлерінің қызметін бағалау және сыйақы төлеу қағидаларында белгіленген шарттар мен тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Аталған қағидалар келесі принциптерге негізделеді

- сыйақының Компания мен оның акционерінің мүдделеріне сәйкес келетін міндеттердің орындалуымен өзара байланысын қамтамасыз ету
- сыйақы мөлшерін айқындау тетіктерінің қарапайымдылығы мен ашықтығын сақтау
- сыйақы мөлшерінің Компания қызметінің нәтижелеріне және қызметкерлердің жеке нәтижелілігіне тәуелділігі.

Басқарма төрағасы мен мүшелерінің қызметін бағалауды Директорлар кеңесі жүзеге асырады, бұл ретте негізгі өлшем ретінде бекітілген негізгі қызмет көрсеткіштеріне (ҚҚК) қол жеткізу деңгейі алынады.

Негізгі басшылық құрамының сыйақысы жалақыны, сыйлықақы төлемдерін, сондай-ақ қысқа мерзімді сыйақылардың өзге де түрлерін қамтиды.

2025 жылы негізгі басқарушы персоналдың сыйақысы 658 430 мың теңгені құрады. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның негізгі басқарушы персоналы 7 адамды құрайды.

Сыйақылардың мөлшері, мың теңге

Көрсеткіш	2025
Негізгі басшылық персонал	658,430
Тәуелсіз директорлар – Директорлар кеңесі мүшелері	49,873

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Акционерлік капитал

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарияланған бағалы қағаздарының саны 8 602 187 дана болды, оның ішінде орналастырылғаны – 7 198 467 акция.

2025 жылғы 31 желтоқсанда 7 198 467 шығарылған жай акция толық төленді және олардың жалпы сомасы 538,908,267 мың теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсанда 6 952 267 акция, сомасы 507 435 225 мың теңге).

Әрбір жай акция бір дауыс беру құқығын береді. Компанияда артықшылықты акциялар жоқ. Жарияланған акциялар саны 8 602 187 дана (2024 жылғы 31 желтоқсанда да – 8 602 187 акция).

2025 жылғы 31 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» АҚ Компанияның 100% акциясына иелік ететін жалғыз акционер болып табылады (2024 жылы – 100%).

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бір жай акцияның номиналды құны 10 000 теңгені құрады.

Базалық бір акцияға шаққандағы пайда «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы акционерлеріне тиесілі пайданың есепті жыл ішінде айналымда болған жай акциялардың орташа өлшенген санына қатынасы ретінде айқындалады. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында ықтимал жай акциялардың сұйылту әсері жоқ. Осыған байланысты акцияға шаққандағы сұйылтылған пайда көрсеткіші акцияға шаққандағы базалық пайда мәніне толық сәйкес келеді.

Бір акцияға шаққандағы пайда, мың теңге

Көрсеткіш	2024	2025
Жыл ішіндегі Компаниялар тобы акционерлеріне тиесілі пайда (мың теңге)	**154,798,267**	**112,507,839**
Айналымдағы жай акциялардың орташа өлшенген саны, дана	**7,066,816**	**6,735,443**
«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы акционерлеріне тиесілі бір акцияға шаққандағы пайда (теңге бойынша дөңгелектелген)	**21,905**	**16,704**

Қор биржасы кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес, «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) талаптарына сай Компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілігінде есепті күнге бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы мәліметтер қамтылуы тиіс, бұл көрсеткіш KASE бекіткен қағидаларға сәйкес есептеледі.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компаниялар тобы басшылығы шоғырландырылған қаржылық есептілік деректері негізінде айқындаған бір акцияның баланстық құны 129,45 теңгені құрады. Салыстыру үшін 2024 жылғы 31 желтоқсанда бұл көрсеткіш 110,361 теңге болған.

Бір акцияның баланстық құны, мың теңге

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Барлық активтер	**1,147,518,441**	**1,414,286,399**	**1,823,896,040**
Минус материалдық емес активтер	(3,873,844)	(5,545,328)	(7,678,079)
Минус барлық міндеттемелер	(455,602,222)	(641,483,819)	(885,135,182)
Жай акциялар үшін таза активтер	688,042,375	767,257,252	931,082,779
31 желтоқсандағы жай акциялар саны	6,311,967	6,952,267	7,198,467
Бір акцияның баланстық құны, теңге	**109,006**	**110,361**	**129,345**

Дивидендтік саясат

Компанияның дивидендтік саясаты Жалғыз акционердің мүдделерін сақтау, Компания құнының ұзақ мерзімді өсуін қамтамасыз ету, дивиденд мөлшерін айқындау тетіктерінің ашықтығы және қаржылық тұрақтылықты қолдау қағидаттарына негізделеді.

Дивидендтер мөлшері Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы заңнамасына, сондай-ақ халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес дайындалған жылдық аудиттелген қаржылық есептілікте көрсетілген Компанияның таза табысы негізінде есептеледі.

Дивидендтер төлеу мәселесін қарау кезінде Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге өткен қаржы жылы үшін таза табысты бөлу туралы ұсыныстар енгізеді, оның ішінде бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшерін айқындайды.

Дивидендтерді төлеу Жалғыз акционердің шешімімен белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

Кесте 84. Дивидендтер төлеу, мың теңге

Кезең	Сомасы
2025 ж. (2024 жылдың қорытындылары бойынша)	**20 565 918**
2024 ж. (2023 жылдың қорытындылары бойынша)	**24 815 868**
2023 ж. (2022 жылдың қорытындылары бойынша)	**2 041 000**
2022 ж. (2021 жылдың қорытындылары бойынша)	**2 041 000**

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

GRI 2-9, 2-12, 2-13, 2-16

В «Самұрық-Энерго» АҚ тұрақты даму жүйесінде стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге және ықтимал тәуекелдерді азайтуға бағытталған тиімді тәуекелдерді басқару басты рөл атқарады. Тәуекелдерді басқару қызметтің экологиялық, әлеуметтік және экономикалық аспектілерін, сондай-ақ еңбекті қорғау, корпоративтік басқару, комплаенс және құқықтық сәйкестік салаларындағы тәуекелдерді қамтиды.

Компания COSO халықаралық стандарттарын және «Қорғаныстың үш желісі» моделін қолданады, бұл тәуекелдерді анықтау, бағалау, мониторингтеу және бақылау бойынша жүйелі әрі кешенді тәсілді қамтамасыз етеді. Бұл басқарушылық шешімдерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді тәуекелдер әсерін ескере отырып қабылдауға мүмкіндік береді және бизнес-процестердің тиімділігін арттырады.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің қағидаттары мен элементтерін, сондай-ақ оған қатысушылардың функцияларын айқындайтын негізгі ішкі құжаттар

- «Самұрық-Энерго» АҚ тәуекелдерді басқару саясаты
- «Самұрық-Энерго» АҚ тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау қағидалары
- «Самұрық-Энерго» АҚ ішкі бақылау жүйесі туралы ереже
- «Самұрық-Энерго» АҚ комплаенс тәуекелдерді басқару саясаты.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі



2025 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ тұрақты даму жүйесін жетілдіру жөніндегі Жол картасын іске асыру шеңберінде ESG-тәуекелдерді кеңейтілген түрде анықтау және бағалау жүргізілді. Экологиялық, физикалық және өтпелі климаттық тәуекелдерге ерекше назар аударылды, олар 2025 және 2026 жылдарға арналған шоғырландырылған Тәуекелдер тізілімдеріне енгізілді. Әлеуметтік, кадрлық, өндірістік, құқықтық, комплаенс және корпоративтік тәуекелдердің бағасы жаңартылды.

Анықталған барлық тәуекелдер бойынша ықтимал салдарларды ескере отырып басқару шаралары әзірленді, бұл Компания қызметіне теріс әсерді барынша төмендетуге мүмкіндік береді. Климаттық тәуекелдер (физикалық және өтпелі) тәуекелдерді басқару жүйесінде көрсетілген және негізгі тәуекелдер қатарына жатқызылмаған.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі тоқсан сайынғы есептер, оның ішінде негізгі тәуекелдердің сипаттамасы мен талдауы, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ тәуекелдерді азайту жөніндегі жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру туралы ақпарат белгіленген мерзімдерде Аудит жөніндегі комитеттің қарауына ұсынылды.

Ішкі бақылау жүйесі негізгі бизнес-процестерді бақылауды және тәуекелдер мен жетілдіру аймақтары туралы басшылықты уақтылы хабардар етуді қамтамасыз етеді. Қызметтің үздіксіздігін басқару халықаралық стандарттарға сәйкес құрылған және қалпына келтіру жоспарларын тұрақты мониторингтеу мен тестілеуді қамтиды.

2026 жылы тәуекелдерді басқару және бизнестің үздіксіздігін қамтамасыз ету жүйесін дамыту еншілес және тәуелді ұйымдарды қолдауға басымдық бере отырып жалғасатын болады.

Тәуекел-тәбет және тәуекелдерді мониторингтеу

Директорлар кеңесі қызметтің негізгі бағыттары бойынша тәуекелдердің рұқсат етілген деңгейлерін айқындайтын тәуекел-тәбетті бекітті. Тәуекел-тәбет сыртқы ортадағы және қаржылық-экономикалық көрсеткіштердегі өзгерістерді ескере отырып тұрақты түрде қайта қаралып, түзетіліп отырады.

2025 жылғы маусымда негізгі қаржылық көрсеткіштердің елеулі өзгеруіне, ірі инвестициялық жобаларды іске асыруға және ішкі кірістілік нормасының (IRR) өзгеруіне байланысты 2025–2028 жылдарға арналған тәуекел-тәбет өзектендірілді.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары

Жыл сайын Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне келесі құжаттар ұсынылады

- тәуекелдер тізілімі
- тәуекелдер картасы
- негізгі тәуекел көрсеткіштері (НТК)
- негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары.

2025 жылға арналған «Самұрық-Энерго» АҚ және еншілес және тәуелді ұйымдар бойынша тәуекелдерді сәйкестендіру нәтижесінде 34 тәуекел анықталып бағаланды, негізгі тәуекел көрсеткіштерінің шекті мәндері жаңартылды, ал тәуекелдердің иелері оларды төмендету факторлары мен шараларын өзектендірді.

Қайта бағалау нәтижесінде жеті тәуекел 2025 жылғы тәуекелдер картасының негізгі (жоғары) аймағына енгізілді.

№	Негізгі тәуекелдің атауы
1	Қызметтік міндеттерді орындау барысында қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне зиян келтіру, өндірістегі жазатайым оқиғалар тәуекелі
2	Өндірістегі авариялар мен апаттар тәуекелі
3	Экологиялық тәуекелдер
4	Іске асырылып жатқан/перспективалық инвестициялық жобалар мен ЕТҰ инвестициялық бағдарламаларының тәуекелдері
5	Қаржылық емес активтердің құнсыздану тәуекелі
6	Табиғи монополия субъектілерінің тариф қалыптастыру тәуекелі
7	Пайыздық тәуекел

2025 жылға арналған «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының тәуекелдер картасы



«Самұрық-Энерго» АҚ-тың негізгі тәуекелдері және оларды басқару шаралары

Тәуекелге бейімделудің ықтимал салдары сипаттамасы	Негізгі өзгерістер	Тәуекелдерді басқару шаралары енгізілді
Қызметтік міндеттерді орындау кезінде қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне зиян келтіру қаупін, жұмыс орнындағы апаттар		
1. Өндіріс қызметкерлерінің денсаулығы мен өміріне зиян келтіру 2. Сот істері, өтемақы төлеу 3. Компания мен оның еншілес компанияларының беделінің төмендеуі 4. Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын бұзғаны үшін айыппұлдар.	Өзгеріс жоқ	"Самұрық-Энергия" АҚ-ның еншілес және еншілес компаниялардағы компаниялар тобы бойынша жарақатсыз жарақатқа қол жеткізу бойынша іс-әрекет жоспары аясында әзірленген шараларды жүзеге асыруды бақылау. Олардың жүзеге асырылуын тоқсан сайын бақылау Еншілес және серіктес компаниялардың еңбек қауіпсіздігі және қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен ішкі ережелерге сәйкестік бойынша жоспарлы және жоспарланбаған тексерулер Апаттарды тергеуге қатысу (егер олар орын алса және комиссия құрылу туралы бұйрыққа енгізілсе). Қызметкерлердің қауіпсіздік және еңбек қауіпсіздігі саласындағы оқытуын бақылау, техникалық пайдалану ережелері, қауіпсіздік туралы білімдерді тексеру. Мердігерлердің денсаулық және қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін бақылау Еншілес және серіктес компаниялардың басшыларымен кездесулер ұйымдастыру және өткізу.

Тәуекелге бейімделудің ықтимал салдары сипаттамасы	Негізгі өзгерістер	Тәуекелдерді басқару шаралары енгізілді
Жұмыс кезінде апат пен апат қаупі		
1. Жұмыс орнындағы жарақаттар мен өлімдер 2. Қоршаған ортаға зиян келтіру 3. Технологиялық бұзушылықтарды тергеу және есепке алу ережелеріне сәйкес I және II дәрежелердің бұзылуы, апаттар. Өндірістік жабдықтардың технологиялық ақаулары (генераторлық агрегаттың төтенше және жоспарлы емес жөндеуі) 4. Электр және жылу энергиясының жетіспеушілігі 5. Жоспарланбаған жабдықты жөндеу 6. Күтпеген шығындардың пайда болуы 7. Жабдықтардың тоқтауы 8. Электр энергиясының сату бағасынан жоғары бағада төтенше қызметтен шығарылған қуатқа өтемақы төлеу нәтижесінде шығындардың пайда болуы 9. Қазақстан электр жүйесінде электр қуат қорының жетіспеушілігі.	Өзгеріс жоқ	↗ Техникалық жағдайды анықтау үшін жабдықты уақытында диагностикалауды бақылау ↗ Қажетті жабдықтарды жөндеуді белгіленген кестеге сәйкес уақытында және толық орындауды бақылау
Экологиялық қауіптер		
1. Ластаушы заттар шығарындылары үшін төлем мөлшерлемесін арттыру 2. Қоршаған орта және/немесе су заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар 3. Балық популяциясы мен биологиялық әртүрлілікке теріс әсерлер 4. Су жинау аймақтарының нашарлауы	Өзгеріс жоқ	↗ Қоршаған ортаны қорғау, су ресурстары саласындағы заңнама нормаларының сәйкестігін және шығарындыларға рұқсаттар тапсыру мерзімдерін және мемлекеттік реттеуші органдарға есеп беру мерзімдерін бақылау ↗ Парниктік газдар шығару квоталарының шегін пайдалануды бақылау, оларды реттеу ↗ Міндетті экологиялық сақтандыру ↗ Қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу барысында уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестік ↗ "Қоршаған ортаны қорғау" тармағы бойынша бюджет орындалуын бақылау ↗ Экономикалық қызметтердің су экожүйелеріне, фауна мен флораға әсерін бақылау
Жүзеге асыруға болатын тәуекелдер/Перспективалы инвестициялық жобалар мен инвестициялық бағдарламалар Еншілес және серіктес компаниялар		
1. Экономикалық тиімсіздік, оның ішінде жаңа енгізілген технологиялар 2. Жүзеге асырылған жобалардың құнын арттыру 3. Жобаны жүзеге асыру уақытының артуы 4. Орнатылған және қолжетімді қуат пен өндіріс көлемін арттыру бойынша стратегиялық мақсаттарды орындамау 5. Жоспарланған нәтижеге қол жеткізе алмау 6. Активтердің ұзақ мерзімді құнының төмендеуі 7. Бірлескен инвесторлар/серіктестердің бірлескен жобаларға қатысудан бас тартуы 8. Компанияның беделіне теріс әсері 9. Жабдықтың технологиялық істен шығуы 10. Экономикалық тұрғыдан тиімді жобаларды жүзеге асырмау 11. Жоба мақсаттарына қол жеткізе алмау, инвестиция тиімділігінің төмендеуі 12. Ағымдағы инвестициялық жобаларға жоспарланған қаражатты бөлмеу.	Өзгеріс жоқ	↗ Басымдықтағы жобаларға арналған іс-қимыл жоспарларын бақылау және реттеу ↗ Ағымдағы инвестициялық жобаларды бақылау ↗ Самұрық-Энерго АҚ мен Самұрық-Қазына еншілес компаниялары мен серіктес ұйымдарының даму жоспарын жүзеге асыру туралы есеп ↗ Самұрық-Қазына АҒА-ға ай сайынғы тыңдауға арналған ағымдағы және болашағы зор жобалар туралы презентация жіберу ↗ "Самұрық-Энергия" АҚ-ның капиталдық инвестицияларының дамуын бақылау ↗ Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен бірге компанияның инвестициялық жобаларына қолдау алу үшін жұмыс істеу

Тәуекелге бейімделудің ықтимал салдары сипаттамасы	Негізгі өзгерістер	Тәуекелдерді басқару шаралары енгізілді
Қаржылық емес активтердің құнсыздану қаупі		
1. Активтердің құнының төмендеуі активтердің инвестициялық тартымдылығының төмендеуі акционер алдында нарықтағы беделдің нашарлауы 2. Инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды бұзу 3. Даму стратегиясын қайта қарау қажеттілігі 4. Ықтимал бірігу және сатып алу	Өзгеріс жоқ	↗ Капиталдық шығындарды қысқарту, жоспарланған ірі жөндеулердің тиімділігін талдау, инвестициялық жобаларды уақытында жүзеге асыру ↗ Кемістік тестін жүргізу (егер бұзылу белгілері болса) ↗ Еншілес және серіктес компаниялардың инвестициялық бағдарламасын құру мен реттеуді орталықтандырылған бақылау
Табиғи монополиялық субъектілердің тариф орнату қаупі		
1. Компанияның Компаниялар тобының қаржылық нәтижелерінің нашарлауы 2. Даму жоспарының көрсеткіштерін орындамау 3. Жаза қолдану. 4. Қарыз міндеттемелерінің өсуі 5. Қаржылық емес активтердің құнсыздануы 6. Инвестициялық тартымдылықтың төмендеуі 7. Қызметкерлерге әлеуметтік қолдаудың нашарлауы 8. Ұзақ мерзімді жобаларды жүзеге асырудан бас тарту 9. Шығынға әкелетін қызметтерді кросс-субсидиялау		↗ Қазақстан Республикасының табиғи монополиялардың, реттелетін нарықтардың және бәсекеге қабілетті нарықтың тарифтерін реттеу туралы заңнамасына тиісті өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы ұсыныстар енгізу ↗ Тариф орнату саласындағы теріс факторлар мен тәуекелдерді уақтылы анықтау ↗ Тарифтерді бекіту (үйлестіру) үшін субъектінің тарифтік науқанын жоғары сапалы дайындау ↗ Тарифтік саясатты бақылау
Пайыздық мөлшерлемелер тәуекелі		
1. Қарызға алынған капиталды қызмет көрсету шығындарының өсуі 2. Пайданың азаюы 3. Уақытша бос қаражат көлемінің азаюы, 4. Инвестициялардың қайтарым мерзімінің артуы 5. Кредитор алдындағы шарттық міндеттемелерді орындамау. 6. Қаржылық келісімдерді бұзу.	Өзгеріс жоқ	↗ Пайыздық шығындарды оңтайландыру шараларын қабылдау ↗ Қарыз туралы есепті жасау және бақылау, несиелер бойынша пайыздық көрсеткіштердің өзгеруін талдау

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР, АВТОМАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды дамыту

Заманауи энергетика цифрлық шешімдерді, автоматтандыруды, үлкен деректерді өңдеуді және жасанды интеллект (AI) технологияларын белсенді енгізумен сипатталады. «Самұрық-Энерго» АҚ үшін AI және цифрлық технологияларды дамыту операциялық тиімділікті арттыруға, өндірістік активтердің сенімділігін күшейтуге және басқарушылық шешімдердің сапасын жақсартуға бағытталған стратегиялық басымдық болып табылады.

2025 жылғы 23 маусымда «IT және Бизнес архитектурасы» департаменті «Жасанды интеллект және цифрлық технологияларды дамыту» департаментіне трансформацияланды, ол компаниялар тобы бойынша цифрлық трансформация және AI жобаларын іске асырудың құзырет орталығына айналды.

2025 жылдың екінші жартыжылдығында 2025–2030 жылдарға арналған жасанды интеллект жобаларын енгізу жөніндегі Жол картасы әзірленіп, бекітілді. Құжаттың негізгі бағыттары

- өндірістік процестерді оңтайландыру
- жабдықтардың сенімділігін арттыру
- өндірістік тәуекелдерді төмендету
- өндірістік және ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру
- басқарушылық шешімдердің сапасы мен жеделдігін жақсарту.

Жол картасын іске асыру цифрлық трансформацияға жүйелі тәсілді қамтамасыз етеді және Компанияның ұзақ мерзімді тұрақты дамуы үшін негіз қалыптастырады.

Жасанды интеллект жүйелерін енгізу

Зияткерлік бейнеаналитика

«Алматы электр станциялары» АҚ және «Өскемен СЭС» АҚ-да жасанды интеллект негізіндегі зияткерлік бейнеаналитика жүйесі өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді.

Жүйе келесілерді қамтамасыз етеді

- өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуын автоматты бақылау
- инциденттерді бірыңғай цифрлық журналда тіркеу
- жеке қорғаныс құралдарының жоқтығын, персоналдың қауіпті аймақтарда болуын, қалдырылған заттарды анықтау
- 24/7 режимінде үздіксіз мониторинг
- тұлғаларды тану.

«АлЭС» АҚ-да еңбекті қорғау бойынша инциденттер саны 80%-дан астамға төмендеп, шешімнің тиімділігін дәлелдеді және оны басқа ЕТҰ-дарға таратуға мүмкіндік берді.

Кәсіпорынды басқарудың интеграцияланған жүйелері (ERP)

2025 жылы ERP жүйелеріне көшу бойынша ауқымды бағдарлама басталды

- 2025 жылы ERP жүйесі Екібастұз ГРЭС-1-де, Мойнақ СЭС-інде және Шардара СЭС-інде енгізілді;
- АлЭС пен АЖК-де енгізу жұмыстары жалғасуда.

Корпоративтік орталықта 2025 жылғы 16 маусымда «1С Консолидациядан» «1С Холдингті басқаруға» көшу жүзеге асырылды, бұл қаржылық есептіліктің сапасын, ашықтығын және жеделдігін арттырды.

ERP енгізудің күтілетін нәтижесі – қажеттіліктерді жоспарлаудан бастап өзіндік құнды талдауға дейінгі процестерді қамтитын бірыңғай цифрлық басқару ортасын қалыптастыру.

Роботтандыру (RPA)

2025 жылы Корпоративтік орталықта, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-да, «Өскемен ГЭС АЭС» ЖШС-де, «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС-де және Qazaq Green Power компаниясында роботтандырылған бағдарламалық шешімдер (RPA) енгізілді.

Қолдану бағыттары

- маркетинг және сатып алу
- қаржы-экономикалық процестер
- жекелеген өндірістік функциялар.

Роботтандыруды пайдалану қолмен орындалатын операциялар көлемін едәуір қысқартуға, деректердің дәлдігін арттыруға және күнделікті процестердің орындалуын жеделдетуге мүмкіндік берді.

AI бойынша стратегиялық сессия

2025 жылғы желтоқсанда топтың еншілес және тәуелді ұйымдарында жасанды интеллектті енгізуге арналған «AI Leaders» стратегиялық сессиясы өткізілді.

Мақсаттары

- AI жобалары бойынша бірыңғай бағыт қалыптастыру
- Цифрландырудың басым бағыттарын анықтау
- Шешімдерді масштабтау бойынша іс-қимылдарды келісу.
- Сессия нәтижелері «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды одан әрі дамыту жөніндегі жоспарлардың негізіне алынды.

Ақпараттық қауіпсіздік

GRI 3-3, GRI 418-1

«Самұрық-Энерго» АҚ ақпараттық қауіпсіздік саясатына сәйкес, Компания ҚР СТ ISO 27001 халықаралық стандартының талаптарына сай келетін ақпаратты қорғау жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

Осы мақсатты іске асыру шеңберінде ішкі нормативтік құжаттар әзірленіп, бекітілді, сондай-ақ келесі негізгі іс-шаралар жүзеге асырылуда

- ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін (АҚБЖ) әзірлеу және өзектендіру
- ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін және ақпараттық активтер иелерін сәйкестендіру
- тәуекелдерді бағалау және өңдеу
- бақылау іс-шараларын үйлестіру және орындау
- тәуекелдерді мониторингтеу және есептілік әзірлеу
- АҚБЖ-ны тұрақты жетілдіру.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жауапкершілігі дербес құрылымдық бөлімше болып табылатын және тікелей «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасына бағынатын «Қауіпсіздік» департаментіне жүктелген.

Есепті кезеңде Компанияда деректердің құпиялылығының бұзылуына, жоғалуына, таралуына немесе ұрлануына байланысты негізді шағымдар тіркелген жоқ.

Ақпараттық қауіпсіздікті басқару

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметінде үш негізгі бағыт есепке алынады

- ақпараттық қауіпсіздікті басқару
- ақпараттық қауіпсіздікті техникалық қамтамасыз ету
- инциденттерді бақылау және оларға ден қою.

Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі

Компанияда келесі негізгі құжаттар қолданылады

- «Самұрық-Энерго» АҚ ақпараттық қауіпсіздік саясаты
- ақпараттық жүйелердің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидалары
- құпия ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық.

Ақпараттық қауіпсіздікті техникалық қамтамасыз ету

Техникалық қамтамасыз етуді Компанияның «Қауіпсіздік» департаменті «Energy Solutions Center» ЖШС мамандарымен бірлесіп жүзеге асырады және ол мыналарды қамтиды

- корпоративтік желі мен филиалдарды антивирустық қорғау
- firewall шешімдері негізінде демилитаризацияланған аймақты (DMZ) ұйымдастыру
- зиянды кодтардың таралуын және деректердің ағып кетуін болдырмау мақсатында электрондық поштаны мониторингтеу және сүзу.

Инциденттерді бақылау және оған ден қою

Бұл функция Ақпараттық қауіпсіздік жедел орталығымен (ОЦИБ) бірлесіп және арнайы бағдарламалық-аппараттық шешімдерді қолдана отырып жүзеге асырылады және мыналарды қамтиды

- корпоративтік желіні қорғау құралдары
- нақты уақыт режимінде инциденттерді анықтау
- әрекет ету мерзімдерін (SLA) басымдыққа бөлу және бақылау
- талдамалық және регламенттік есептілік әзірлеу.

«Самұрық-Энерго» АҚ «QazCloud» ЖШС ОЦИБ жүйесіне қосылған, ол тәулік бойы (24/7) ақпараттық қауіпсіздік мониторингін, DDoS-шабуылдардан қорғауды, веб-қорғауды, аудитті (penetration test), сараптамалық қолдауды және тұрақты есептілікті қамтамасыз етеді. Жыл бойы ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі бойынша хабардарлық деңгейін арттыру жұмыстары жүргізіледі. Жыл сайын жұмыс жоспары бекітіліп, оның шеңберінде қызметкерлер үшін оқу материалдары (жадынамалар, экрандық хабарламалар, бейнероликтер) әзірленеді. Сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік саласындағы жаңалықтар, талаптар және алдын алу шаралары туралы тұрақты ақпараттық тарату жүзеге асырылады.

Компанияның барлық қызметкерлері жыл сайын ақпараттық қауіпсіздік талаптары бойынша онлайн-тестілеуден өтеді, бұл олардың осы саладағы құзыреттілігін растайды.

Жаңа қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде ақпараттық қауіпсіздік бойынша оқытуды қамтитын «Бейімдеу курсы» ұйымдастырылады.

ЭТИКА ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС АДАЛ БИЗНЕС ЖҮРГІЗУ ЖҮЙЕСІ

Тәсіл және қағидаттар

GRI 2-23, 3-3, GRI 12: Coal Sector: 12.20.1

«Самұрық-Энерго» АҚ іскерлік этиканың жоғары стандарттарын және адал бизнес жүргізу қағидаттарын ұстанады, акционер, серіктестер және компания алдындағы өзінің жауапкершілігін толық сезінеді. Компания корпоративтік этика нормаларын сақтау мен сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың тиімді жүйесін тұрақты дамудың, қызметтің ашықтығын арттырудың және мүдделі тараптардың сенімін нығайтудың негізгі шарттары ретінде қарастырады. Сыбайлас жемқорлыққа «нөлдік төзімділік» саясаты басқарудың барлық деңгейлеріне және «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметінің барлық кезеңдеріне қолданылады.

Сыбайлас жемқорлыққа «нөлдік төзімділік» саясаты басқарудың барлық деңгейлеріне және «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметінің барлық кезеңдеріне қолданылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-дағы іскерлік этиканың қағидаттары мен нормалары Қазақстан Республикасы заңнамасына, халықаралық стандарттарға және комплаенс пен тұрақты даму саласындағы озық тәжірибелерге негізделеді. Компания сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік қағидатын ұстанады, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және мүдделер қақтығысын басқару бойынша профилактикалық шараларды белсенді енгізеді. Бұл талаптар Компания қызметкерлеріне де, іскерлік серіктестеріне де қолданылады.

2025 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибелеріне сәйкес комплаенс және корпоративтік этика жүйесін дамытуды жалғастырды. Негізгі назар адалдық мәдениетін нығайтуға, комплаенс тәуекелдерін басқару тетіктерін жетілдіруге және бизнес-процестердің ашықтығын арттыруға аударылды.

Комплаенс жүйесі реттеуші құжаттар

Комплаенс саласындағы қызмет этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін негізгі корпоративтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады

- «Самұрық-Энерго» АҚ Мінез-құлық кодексі (2023 жылы бекітілген)
- «Самұрық-Энерго» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (2024 жылы өзектендірілген)
- «Самұрық-Энерго» АҚ Комплаенс тәуекелдерді басқару саясаты (2025 жылы өзектендірілген)
- «Самұрық-Энерго» АҚ Инициативалық хабарлау саясаты
- «Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясаты
- «Самұрық-Қазына» АҚ тобының комплаенс функциясы бойынша корпоративтік стандарты (2025 жылы енгізілген)
- «Самұрық-Энерго» АҚ «Комплаенс» қызметі туралы ереже
- Комплаенс функциясының ақпараттық жүйесінде тіркелген өтініштерді қарау және ішкі тергеп-тексерулер жүргізу регламенті («Самұрық-Қазына» АҚ тобының комплаенс функциясы бойынша корпоративтік стандартына сәйкес).

Корпоративтік мәдениет және іскерлік этика

Мінез-құлық кодексі

GRI 2-26

«Самұрық-Энерго» АҚ Мінез-құлық кодексі корпоративтік этика және комплаенс жүйесінің негізгі құжаты болып табылады және Компания қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының іскерлік мінез-құлқының құндылықтарын, қағидаттары мен стандарттарын айқындайды. Кодекс жоғары корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға, қызметтің ашықтығын қамтамасыз етуге және акционер мен өзге де мүдделі тараптардың сенімін нығайтуға бағытталған.

Кодекс іскерлік этика нормаларын сақтау және жауапты бизнес жүргізу бойынша бірыңғай талаптарды белгілейді, оның ішінде адам құқықтарын сақтау, мүдделер қақтығысының алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, монополияға қарсы заңнаманы сақтау, қаржылық есептіліктің ашықтығы, сондай-ақ құпия және инсайдерлік ақпаратты қорғау мәселелерін қамтиды. Кодекстің негізінде Компанияның корпоративтік құндылықтары жатыр тәлімгерлік, сенімділік, әділдік және кәсібилік.

Кодекс ережелері Компанияның барлық қызметкерлеріне, лауазымды тұлғаларына және директорларына қолданылады. Еншілес және тәуелді ұйымдар оны өз қызметінің ерекшеліктері мен комплаенс тәуекелдерінің деңгейін ескере отырып қолданады. Іскерлік серіктестер мен жеткізушілерге осыған ұқсас іскерлік этика стандарттарын ұстану ұсынылады.

Мінез-құлық кодексінің сақталуын бақылауды Директорлар кеңесі жүзеге асырады. «Комплаенс» қызметі мен Омбудсмен мониторингті, консультация беруді және ішкі тергеп-тексерулерді қамтамасыз етеді. Компаниялар тобының барлық қызметкерлері Кодекс нормалары мен қағидаларын іске асыруды қамтамасыз етеді. Кодекстің сақталуы туралы ақпарат Аудит жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесінде тұрақты түрде қаралады. Компания бұзушылықтар туралы хабарлау үшін құпия арналарды қамтамасыз етеді және адал хабарлаған тұлғаларды қорғауға кепілдік береді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі мүшелері мен атқарушы орган тарапынан Мінез-құлық кодексінің нормаларын бұзу фактілері анықталған жоқ.

Компания Мінез-құлық кодексін корпоративтік сайтта ашық қолжетімділікте орналастырады, бұл әлеуетті жеткізушілер мен мердігерлерге онымен танысуға мүмкіндік береді. Бұл ашықтықты арттыруға, өзара іс-қимылды жақсартуға және іскерлік этика мен комплаенстің бірыңғай стандарттарын сақтауға ықпал етеді.

Мінез-құлық кодексімен келесі сілтеме арқылы танысуға болады https//www.samruk-energy.kz/images/documents/2024/kodeks_pov_se_ru.pdf

Басқару құрылымы және рөлдердің бөлінуі

GRI 2-24

«Самұрық-Энерго» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды басқару жүйесі қалыптастырылған, ол қызмет барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтауды қамтамасыз етуге және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге бағытталған.



Орган	Жауапкершілік
Директорлар кеңесі	сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен стратегиясын бекітеді; комплаенс жүйесін енгізу және оның тиімділігін бақылауды жүзеге асырады; «Комплаенс» қызметінен тұрақты есептер алады; «Комплаенс» қызметінің тәуелсіздігін және жеткілікті ресурстармен қамтамасыз етілуін қамтамасыз етеді.
Басқарма	Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін енгізеді және қолдайды; сыбайлас жемқорлыққа «нөлдік төзімділік» корпоративтік мәдениетін қалыптастырады және іскерлік этика қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді; сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру үшін қажетті ресурстар мен ұйымдастырушылық жағдайларды қамтамасыз етеді; ықтимал құқықбұзушылықтар туралы адал хабарлаған тұлғаларды қорғау кепілдігін қамтамасыз етеді.
«Комплаенс» қызметі	сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен комплаенс рәсімдерін әзірлейді және олардың іске асырылуын қамтамасыз етеді; сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың және ішкі нормативтік құжаттардың сақталуын мониторингтейді; ішкі тексерулер жүргізеді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалайды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізеді және қабылданған шаралардың тиімділігін талдайды; қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және іскерлік этика мәселелері бойынша оқыту мен ақпараттандыруды ұйымдастырады; инициативалық хабарлау желісін (жедел желі) үйлестіреді.
Құрылымдық бөлімшелердің басшылары	құрылымдық бөлімшелер деңгейінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдерді енгізеді; Саясаттың сақталуын және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауды бақылауды жүзеге асырады; қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын сақтауын қамтамасыз етеді.
Қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар	сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын және ішкі нормативтік құжаттарды сақтайды; ықтимал және туындаған мүдделер қақтығыстары туралы уақтылы мәлімдейді; сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа және іскерлік этика қағидаттарына адалдығын растайды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың бұзылуы мүмкін жағдайлар туралы хабарлау үшін қолжетімді кері байланыс тетіктерін пайдаланады.
Контрагенттер және үшінші тұлғалар	Компаниямен іскерлік қатынастар орнату кезінде сенімділікті тексеру рәсімдерінен өтеді; шарттарда бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемелерді орындайды; бизнесті әдепті және адал жүргізу қағидаттарын ұстанады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару және қарсы іс-қимыл шаралары

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін мониторингтеу және бағалау

«Самұрық-Энерго» АҚ комплаенс тәуекелдерді басқаруда тәуекелге бағдарланған тәсілді қолданады. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тұрақты түрде мониторингтеп, талдайды.

Аталған жұмыстың мақсаты – сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының туындауына ықпал ететін факторларды анықтау, сондай-ақ оларды жою және алдын алу бойынша шараларды әзірлеу.

2025 жылы Компания Директорлар кеңесінің шешімімен «Самұрық-Энерго» АҚ комплаенс тәуекелдерді басқару саясаты бекітілді. Аталған саясат комплаенс және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және азайту, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың алдын алу бойынша жүйелі тәсілді белгілейді.

«Самұрық-Энерго» АҚ комплаенс тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес, Компаниядағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін айқындау комплаенс тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады. Негізгі құралдар ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау, комплаенс тергеп-тексерулері (ішкі тергеп-тексерулер), сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасында және «Самұрық-Қазына» АҚ мен «Самұрық-Энерго» АҚ ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де құралдар пайдаланылады.

Талдау нәтижелері комплаенс тәуекелдер тізілімі түрінде рәсімделеді, олар «Самұрық-Энерго» АҚ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту жоспарына және Компанияның шоғырландырылған тәуекелдер тізіліміне енгізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бағалау жүргізілген ЕТҰ саны және үлесі

GRI 205-1

Показатель	2025	
	дана	%
«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы	19 [A]	100 [A]

Елеулі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған ЕТҰ

Ұйым	2025
«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы	0

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары

GRI 205-1, 205-3, GRI 12: Coal Sector: 12.20.2, 12.20.4

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу мақсатында жүйелі шаралар кешені іске асырылады, олардың қатарында

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг
- ішкі (комплаенс) тергеп-тексерулер жүргізу
- үшінші тұлғаларды комплаенс тексеру
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру шаралары
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді енгізу
- мүдделер қақтығысының алдын алу және анықтау
- контрагенттер мен кандидаттардың сенімділігін тексеру
- инициативалық хабарлау арналарының («жедел желі») жұмыс істеуі
- Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өзге де шаралар.

2025 жылы комплаенс жүйесін іске асыру

«Самұрық-Энерго» АҚ-да ұйымдық және функционалдық тұрғыдан Компанияның Директорлар кеңесіне бағынатын тәуелсіз «Комплаенс» қызметі жұмыс істейді. «Комплаенс» қызметінің негізгі мақсаты – комплаенс бағдарламасын әзірлеу және енгізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты айқындау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды іске асыруға бақылау жүргізу, оның ішінде компания мен оның ЕТҰ-ларында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау болып табылады.

2025 жылы Компания бірқатар бағыттарды терең пысықтауға назар аударып, келесі іс-шараларды іске асырды

- 2025 жылғы 28 наурыздағы шешіммен (№05/25 хаттама) «Самұрық-Қазына» АҚ тобының комплаенс функциясы бойынша корпоративтік стандарты қабылданып, енгізілді
- 2025 жылғы 28 наурыздағы шешіммен (№05/25 хаттама) «Самұрық-Энерго» АҚ комплаенс тәуекелдерді басқару саясаты әзірленіп, бекітілді
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың сақталуына тұрақты мониторинг қамтамасыз етілді
- Ішкі нормативтік құжаттарды комплаенс саласындағы халықаралық стандарттар мен Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестікке келтіру бойынша жұмыстар жүргізілді
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптық мониторингтер жүргізіліп, тәуекелдерді азайту бойынша ұсынымдар енгізілді
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері бойынша Компанияда және бірқатар ЕТҰ-ларда тәуекелдерге ішкі талдау жүргізіліп, оларды азайту жөнінде ұсынымдар берілді
- Компания мен ЕТҰ-лар бойынша үшінші тұлғалардың сенімділігін тексерудің 3 713-тен астам рәсімі жүргізілді
- Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы, корпоративтік мәдениет және этика мәселелері бойынша 275-ке жуық оқыту іс-шарасы өткізілді
- 75 өтініш қаралды, оның ішінде 4-еуі расталды, 11-і ішінара расталды
- «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында ISO 370012016 «Парақорлыққа қарсы менеджмент жүйелері» стандарты талаптарына сәйкестігі бойынша ішкі аудиттер өткізілді.

2025 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы ISO 37001:2016 халықаралық стандарты талаптарына сәйкестігі бойынша корпоративтік менеджмент жүйесінің қайта сертификаттауынан сәтті өтті.

Сонымен қатар, Компания ISO 37301:2021 «Сәйкестік менеджменті жүйелері» халықаралық стандарты талаптарына сәйкестігін растады және «Самұрық-Қазына» АҚ тобының ішінде осы сертификатты алғаш алған ұйымдардың бірі болды.

Халықаралық сертификаттарды алу және растау Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің комплаенс, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және тәуекелдерді басқару салаларындағы үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкестігін көрсетеді.

Комплаенс функциясын дамыту шеңберінде 2025 жылы «Комплаенс» қызметі ЕТҰ-лардың комплаенс-офицерлері үшін оқыту және әдіснамалық сессиялар өткізді.

Бұл іс-шаралардың негізгі мақсаты – комплаенс-офицерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, бірыңғай тәсілді дамыту және комплаенс тәуекелдерді басқару мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында тәжірибе алмасуды қамтамасыз ету.

Аталған тәжірибе адал бизнес жүргізу қағидаттарын тиімді енгізуге, комплаенс тәуекелдерді басқару сапасын арттыруға және «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайтуға мүмкіндік береді.

Оқыту және хабардарлықты арттыру

GRI 2-24, 205-2, GRI 12: Coal Sector: 12.20.3

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік қағидатын сақтау мақсатында қызметкерлер мен іскерлік серіктестер үшін тұрақты негізде оқыту және ақпараттық іс-шаралар өткізіледі.

Оқыту қызметкерлердің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары, Компанияның ішкі нормативтік құжаттары және іскерлік этика қағидаттары туралы хабардарлығын арттыруға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін уақтылы анықтау және алдын алу дағдыларын дамытуға бағытталған.

2025 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс шеңберінде Компания және ЕТҰ қызметкерлері үшін оқыту семинарлары, ақпараттық таралымдар мен кездесулер ұйымдастырылды, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы өзгерістер түсіндірілген уәкілетті органдар өкілдерімен кездесулер өткізілді.

2025 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында 275-ке жуық оқыту іс-шарасы өткізілді. Осы іс-шаралар барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, комплаенс талаптары, Қазақстан Республикасы заңнамасындағы өзгерістер, сондай-ақ кері байланыс тетіктерін, оның ішінде «жедел желі» құралдарын пайдалану тәртібі қарастырылды. Компанияның топ-менеджменті үшін қосымша арнайы тренингтер өткізіледі.

Негізгі оқыту бағдарламалары

- комплаенс негіздері (жаңа жұмысқа қабылданған қызметкерлер үшін)
- «Самұрық-Энерго» АҚ Мінез-құлық кодексі және оны Компания қызметінде қолдану ерекшеліктері
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру
- өзгерістерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы
- негізгі халықаралық ұйымдар және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары
- іскерлік этика және жоғары менеджменттің корпоративтік комплаенс жүйесіндегі рөлі
- декларациялау мәселелері
- «жедел желіні» насихаттау және бұзушылықтар туралы хабарлау рәсімдері.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының 19 272 қызметкері Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының талаптарымен, Мінез-құлық кодексімен, салалық нормативтік құқықтық актілермен және ішкі нормативтік құжаттармен таныстырылды.

2 983 іскерлік серіктеске Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының талаптары, Мінез-құлық кодексінің ережелері және «жедел желі» арқылы инициативалық хабарлау арналарының жұмысы туралы ақпарат берілді.

Іскерлік серіктестерді ақпараттандыру комплаенс жүйесінің маңызды элементі болып табылады және контрагенттермен өзара іс-қимылдың ашықтығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық және беделдік тәуекелдердің алдын алуға бағытталған.

«Самұрық-Энерго» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты туралы қызметкерлер мен іскерлік серіктестерді хабардар ету

Көрсеткіш	2023		2024		2025	
	адам	%	адам	%	адам	%
Басқарма	65	100%	29	100%	29 A	100% A
Қызметкерлер	11 541	100%	12 247	100%	12 743 A	100% A
Іскерлік серіктестер	2 360	100%	9 235	100%	2 983 A	100% A

Қоррупцияға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқудан өткен қызметкерлер саны

Көрсеткіш	2023		2024		2025	
	адам	%	адам	%	адам	%
Басқарма	65	100	29	100%	29 A	100% A
Қызметкерлер	11 541	100%	12247	100%	12 743 A	100% A

Кері байланыс және хабарлаушыларды қорғау тетігі

GRI 2-26

«Самұрық-Энерго» АҚ-да кері байланыс жүйесі жұмыс істейді, ол қызметкерлерге, іскерлік серіктестерге, инвесторларға және басқа да мүдделі тараптарға Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі нормативтік құжаттарды және іскерлік әдеп қағидаттарын ықтимал бұзу фактілері туралы хабарлауға мүмкіндік береді.

Компания өтініштердің құпиялылығын және ықтимал бұзушылықтар туралы адал хабарлайтын тұлғаларды кез келген қысым, кемсітушілік немесе құдалау түрлерінен қорғауды қамтамасыз етеді.

Ақпарат беру тетіктерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Компанияда келесі кері байланыс арналары жұмыс істейді.

Кері байланыс арналары

Жедел желі (24/7)	https://www.samruk-energy.kz/ru/navigation-and-support/hotline Эл. пошта: mail@sk-hotline.kz Интернет-портал: www.sk-hotline.kz WhatsApp нөмірі: +7 771 191 88 16 Жедел желі: 8 800 080 47 47 Жедел желіні KPMG тәуелсіз операторы басқарады
«Nysana» call-орталығы Мерекелік күндерді қоса алғанда, тәулік бойы әлеуметтік және еңбек заңнамасы бұзушылықтары бойынша тегін қоңырауларды қабылдайды	Веб-сайт: https//nysana.cscc.kz/website Эл. пошта: nysana@cscc.kz Көпарналы: тел. 8 800 080 30 30 WhatsApp нөмірі: +7 778 120 99 11
Корпоративтік сайттағы «Кері байланыс» нысаны	https://www.samruk-energy.kz/ru/feedback-all
Инвестициялық жобаларға қатысушылар мен жергілікті қауымдастықтар үшін кері байланыс нысаны	https://www.samruk-energy.kz/ru/obrat
Акционерлер мен инвесторлар үшін кері байланыс. Инвестор сауалнамасы	https://www.samruk-energy.kz/ru/shareholder/independent-registrar
Сайтта байланыс деректерін көрсете отырып туындайтын мәселелер бойынша өтініштер	https://www.samrukenergy.kz/ru/company/contact
Омбудсмен	Электрондық пошта: akylov@samruk-energy.kz 8 (7172) 55-30-15, +7-701-788-8416
Басқарма төрағасының блогы	https://www.samrukenergykz/ru/navigation-and-support/chairmans-blog

Компанияда «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша шағымдар мен өтініштердің Бірыңғай базасы жұмыс істейді. Компания жыл сайын кері байланыс арналарының барлығы бойынша стейкхолдерлермен өзара іс-қимылға мониторинг жүргізеді және «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша келіп түскен барлық өтініштерді (шағымдар мен ұсыныстарды) талдайды. Келіп түскен өтініштер мен шағымдарды талдау нәтижелері жыл сайын Компанияның Директорлар кеңесіне ұсынылады.

Талдау нәтижелері келесі міндеттерді іске асыруға ықпал етеді

- Қозғалған мәселелер мен проблемаларды шешуге тиісті деңгейдегі басшыларды тарту және жұмысты жақсарту үшін ұсыныстарды ескеру
- Сыртқы мүдделі тараптардың, Компанияның және жекелеген азаматтардың алаңдаушылықтарын талдау және алдын алу шараларын қабылдау
- Компанияның беделін нығайту және оның әлеуметтік жауапты энергия холдингі ретіндегі сенімін сақтау
- Акционердің «Самұрық-Энерго» АҚ қызметі туралы ақпарат алу құқығын іске асыру.

Жедел желінің жұмысы

«Самұрық-Энерго» АҚ-да бастамашылық хабарлау жүйесі жұмыс істейді, ол корпоративтік комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Осы жүйенің негізгі құралдарының бірі – Жедел желі, ол Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі нормативтік құжаттарды және іскерлік әдеп стандарттарын бұзушылықтарды уақтылы анықтауға және алдын алуға арналған.

Жедел желі Компания қызметкерлері, іскерлік серіктестері, мердігерлер және басқа да мүдделі тараптар үшін қолжетімді. Осы тетік арқылы сыбайлас жемқорлық және алаяқтық фактілері, өкілеттіктерді асыра пайдалану, қызметкерлер құқықтарының бұзылуы, сондай-ақ Компанияға және оның беделіне зиян келтіруі мүмкін өзге де іс-әрекеттер туралы хабарлауға болады.

Жедел желінің жұмысы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның ықтимал бұзушылықтар туралы ашық хабарлау мәдениетін дамытуға және Компания қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған бастамашылық хабарлау саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

Жедел желіні басқару тәуелсіз сыртқы оператор арқылы жүзеге асырылады, бұл ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді және хабарламаларды анонимді түрде жіберуге мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл бастамашылық хабарлау жүйесіне деген сенімді арттырады және ықтимал бұзушылықтар туралы адал хабарлайтын тұлғаларға қысым көрсету немесе құдалау қаупін төмендетеді. Жедел желі арқылы келіп түскен барлық өтініштер тіркеліп, «Комплаенс» қызметіне жіберіледі, ол олардың кәсіби және құпия түрде қаралуын қамтамасыз етеді.

Жыл сайын «Комплаенс» қызметі Компания мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының қызметкерлері үшін Жедел желінің жұмысы туралы түсіндіру іс-шаралары мен оқыту сессияларын өткізеді. Жедел желі туралы ақпарат «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының барлық объектілерінде жалпыға қолжетімді орындарға орналастырылған.

2025 жылы Жедел желіге 75 өтініш түсті. Өтініштердің құпиялылығы мен анонимдігі қамтамасыз етілді.

Барлық өтініштер бойынша тексерулер жүргізіліп, жауаптар берілді.

Жедел желіге келіп түскен өтініштердің сипаты

Нәтижелер және тиімділік көрсеткіштері

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру мақсатында Компания жыл сайын кері байланыс арналарының жұмысын қадағалап, сондай-ақ стейкхолдерлердің алаңдаушылықтарын талдайды.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл мониторингінің нәтижелері жыл сайын Директорлар кеңесіне ұсынылады.

Өтініштер мен шағымдар статистикасы

Показатель	Саны		
	2023	2024	2025
Жедел желі (оның ішінде комплаенс офицерлеріне жеке өтініштер)	95	100	**75**
«Самұрық-Энерго» АҚ канцеляриясы, оның ішінде	9 339	9 999	**10 677**
мемлекеттік органдардан	315	1 096	**760**
Акционерден	802	793	**896**
Өтініштер, оның ішінде еншілес және тәуелді ұйымдардың канцеляриялары	112	35	**213**
E-otinish		92	**37**
https//zakup.sk.kz/ веб-порталы		47	**38**
Қауіпсіздік қызметі	0 (11) [12]	1 (6)	**3 (19)** [13]
Сайттағы «Кері байланыс» нысаны	0	0	**0**
Омбудсмендер және кәсіподақтар	41	30 (33) [14]	**35**
Соттар және қадағалау органдары	4	20	**25**
Басшылыққа жазбаша өтініштер (оның ішінде компаниялар бойынша басшы блогы)	4	13	**42**
Татуластыру комиссиялары	34	91	**40**
Барлығы	**290**	**429**	**508**

12. Қауіпсіздік қызметі қарағаны өтініштер мен шағымдар кері байланыстың әртүрлі көздерінен түскен. Жақша ішінде «Қауіпсіздік» департаменті қарағаны өтініштер мен шағымдардың саны көрсетілген.
13. қайталама өтініштер
14. деректер Жедел желіні ескере отырып келтірілген

Өтініштер мен шағымдардың статистикасы

Категориялар бойынша статистика

- етініштер
- шағымдар
- ұсыныстар / шақырулар
- талап арыздар



Өтініштер мазмұны бойынша статистика

Есепті кезеңде Компаниялар тобының қызмет бағыттары бойынша ынтымақтастыққа қатысты, сондай-ақ түрлі семинарларға, дөңгелек үстелдерге және басқа да іс-шараларға шақыруларға байланысты көптеген өтініштер келіп түсті. «Басқа» санатына біржолғы сипатқа ие өтініштер енгізілді, оның ішінде практикадан өту, университеттегі дипломдық жоба аясында кеңес алу туралы сұраулар, қабылдауға жазылу, оқушыларға экскурсия ұйымдастыру және т.б.

Есепті кезеңде стейкхолдерлерді тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы бұйрықтардың күшін жою, еңбек ұйымдастыру, еңбек қауіпсіздігі талаптарының және еңбек заңнамасының бұзылуы мәселелері қызықтырды. Сондай-ақ әдепсіз мінез-құлық пен лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану фактілеріне қатысты өтініштер тіркелді.

2025 жылы шағымдардың басым бөлігі сатып алу рәсімдеріне, әдепсіз мінез-құлыққа және лауазымды тұлғалардың өкілеттіктерін асыра пайдалануына, сондай-ақ ұйымдардың әрекеттері/әрекетсіздігіне қатысты келіп түсті.

2025 жылдың қорытындысы бойынша дискриминацияның расталған жағдайлары тіркелген жоқ.

2025 жылдың қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлықтың расталған фактілері анықталған жоқ. Расталған сәйкессіздіктер/бұзушылықтар фактілері бойынша тиісті шаралар қабылданды. Өтініштердің құпиялылығы мен анонимділігіне кепілдік беріледі.

Антимонополиялық мінез-құлық және адал бәсекелестік

GRI 206-1

«Самұрық-Энерго» АҚ өз қызметін адал бәсекелестік қағидаттарына сәйкес жүзеге асырады, «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңы талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Мінез-құлық кодексін басшылыққа алады және корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибелеріне сүйенеді.

Антимонополиялық талаптарды сақтау Компания үшін ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және іскерлік этика жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Компания баға бойынша келісімдер жасау, үстем жағдайды теріс пайдалану және бәсекелестікті шектеудің өзге де нысандары сияқты бәсекеге қарсы тәжірибелерге нөлдік төзімділік саясатын ұстанады.

Компанияда антимонополиялық қызметті басқару тәуекелдерді басқару және комплаенс-бақылау жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады, ол Компанияның Мінез-құлық кодексіне, «Самұрық-Энерго» АҚ комплаенс тәуекелдерін басқару саясатына және тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес іске асырылады.

Басқарудың негізгі бағыттары мыналарды қамтиды

1. **Реттеушілік және құқықтық тәуекелдерді басқару**

Заңнама мен нормативтік-құқықтық актілер талаптарын сақтамау тәуекеліне арналған кросс-функционалдық тәуекел (48-П-СЭ) мыналарды қамтиды

- антимонополиялық заңнама талаптарын ішкі нормативтік құжаттар мен операциялық процестерге интеграциялау
- мәмілелерді, инвестициялық жобалар мен бастамаларды бәсекелестік талаптарына сәйкестігі бойынша міндетті құқықтық және комплаенс-сараптамадан өткізу
- заңнамадағы өзгерістерді және құқық қолдану тәжірибесін тұрақты мониторингтеу
- уәкілетті мемлекеттік органдармен жүйелі өзара іс-қимыл.

2. Компания комплаенс тәуекелдерін (33-П-СЭ) ескереді

Бұл Қазақстан Республикасының заңнамасы, ішкі нормативтік құжаттар және іскерлік әдеп нормалары талаптарының бұзылуының алдын алуға, сондай-ақ сот талқылаулары мен санкциялар қаупін төмендетуге бағытталған құралдардың бірі болып табылады. Негізгі факторларға мыналар жатады адал емес немесе санкциялық контрагенттермен өзара іс-қимыл үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттерге тарту тәуекелдері санкциялар мен басқа да реттеушілік шектеулерді қолдану қызметкерлердің адал емес әрекеттері комплаенс мәдениетінің жеткіліксіз дамуы сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың бұзылуы өтініштерді уақтылы қарамау бақылау рәсімдерінің және контрагенттерге due diligence жүргізудің жеткіліксіздігі. Осы тәуекелдерді басқару Компанияның комплаенс және тәуекелдерді басқару жүйелері шеңберінде жүзеге асырылады.

3. Сатып алу қызметінің тәуекелдерін басқару (28-О-СЭ)

Сатып алу рәсімдері аясында ашықтық пен бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталған тетіктер іске асырылады, оның ішінде

- бекітілген қағидаларға сәйкес жеткізушілерді таңдаудың стандартталған рәсімдері
- бәсекелестікті шектеу мен мүдделер қақтығысының алдын алу бойынша бақылау
- сатып алу шешімдерінің бәсекелестік ортаға ықтимал әсерін бағалау.

4. Табиғи монополия субъектілерінің тариф белгілеу тәуекелдерін басқару (24/1-ФСЭ)

Табиғи монополия жағдайында жұмыс істейтін еншілес ұйымдарға қатысты Компания

- тарифтерді қалыптастыру кезінде реттеуші органдар талаптарының сақталуын бақылауды
- тарифтік саясаттың негізділігін мониторингтеуді
- инфрақұрылым мен қызметтерге кемсітушіліксіз қол жеткізу қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

5. Репутациялық тәуекелдерді басқару (1-С-СЭ)

Компания антимонополиялық бұзушылықтардың іскерлік беделмүдделі тараптардың сеніміне ықтимал әсерін ескере отырып, мыналарды қамтамасыз етеді

- ішкі бақылау және бұзушылықтарды анықтау тетіктерінің жұмыс істеуі
- кері байланыс арналары арқылы келіп түскен өтініштер мен сигналдарды қарау
- ықтимал инциденттерге жедел әрекет ету.

Электр энергиясының реттелетін нарықтарындағы қызметке ерекше назар аударылады, онда Компания әлеуметтік міндеттемелерді орындау мен нарықтық бәсекелестік қағидаттарын сақтау арасындағы теңгерімді қамтамасыз етеді.

Антимонополиялық тәуекелдердің алдын алу мақсатында Компанияда мыналар қолданылады

1. Мінез-құлық кодексі, онда этикалық мінез-құлық қағидаттары, оның ішінде бәсекеге қарсы келісімдердің және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзудың өзге де түрлеріне жол бермеу талаптары бекітілген
2. ішкі бақылау тетіктері, олар заңнама талаптарын, ішкі нормативтік құжаттарды және іскерлік әдеп нормаларын бұзушылықтарды анықтауды, алдын алуды және оларға әрекет етуді қамтамасыз етеді
3. Мәмілелер мен әріптестіктерді келісу рәсімдері, олар бәсекелестік ортаға ықтимал әсерін құқықтық бағалауды қамтиды
4. «Самұрық-Қазына» АҚ тобының сатып алу рәсімдері, олар жеткізушілер үшін ашықтықты, бәсекелестікті және тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

2025 жылы Компаниялар тобының қатысуымен антимонополиялық мінез-құлыққа байланысты «А» санатына жататын 2[A] жағдай тіркелді.

2025–2026 жылдары «АлЭС» АҚ сот тәртібімен Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің ұйғарымы мен бұйрығына дау келтірді. Бұл құжаттар «АлЭС» АҚ-ның әрекеттерін антимонополиялық заңнаманы бұзу ретінде бағалауға байланысты болды, атап айтқанда контрагентке электр энергиясын әртүрлі станциялардан белгілі бір пропорцияда сатып алуды таңуға қатысты, бұл агенттік департаментінің пікірінше экономикалық тұрғыдан негізсіз шығындарға алып келген. Бірінші және апелляциялық сот инстанциялары «АлЭС» АҚ талап арыздарын қанағаттандырудан бас тартты.

Сонымен қатар, 2025 жылы Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Павлодар облысы бойынша департаменті «Богатырь Көмір» ЖШС бағасын монополиялық жоғары деп таныды. «Богатырь Көмір» ЖШС мемлекеттік органның бұйрығына шағым жасап, сот органдарына жүгінді. Павлодар облыстық сотының 2026 жылғы 31 наурыздағы қаулысымен «Богатырь Көмір» ЖШС талаптары қанағаттандырылды.

Аталған жағдайларды қарау нәтижелері бойынша Компания болашақта осындай жағдайлардың алдын алуға бағытталған жүйелі шараларды, оның ішінде ішкі рәсімдерді өзектендіруді және Қазақстан Республикасының заңнамасын және іскерлік әдеп нормаларын сақтау бойынша ішкі бақылауды күшейтуді іске асыруды жоспарлап отыр.

Омбудсмен және қызметкерлердің құқықтарын қорғау

GRI 2-26

Қызметкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында Компанияда Омбудсмен лауазымы енгізілген, оның негізгі міндеті корпоративтік қақтығыстарды, мүдделер қақтығысын және заңсыз әрекеттер туралы хабарламаларды алдын алу және реттеуге жәрдемдесу, сондай-ақ Компанияда корпоративтік құндылықтар мен мәдениетті, кәсіби мінез-құлықтың және іскерлік этиканың жоғары стандарттарын қалыптастыру және дамыту болып табылады. Омбудсмен – тек Директорлар кеңесіне есеп беретін жоғары деңгейдегі тәуелсіз менеджер.

Директорлар кеңесінің шешімімен 2021 жылғы 1 сәуірден бастап «Самұрық-Энерго» АҚ-ның, сондай-ақ оның тоғыз еншілес және тәуелді ұйымының Омбудсмені болып Ақылов Нариман Бекетович тағайындалды.

Омбудсменнің негізгі міндеттері

- Қызметкерлердің еңбек даулары мен әлеуметтік мәселелерін шешу
- Іскерлік әдептің сақталуын бақылау
- Компания имиджін арттыруға ықпал ету
- Қақтығыстардың алдын алу және оларды реттеу
- Басшылық пен қызметкерлер арасындағы ашық диалогты қамтамасыз ету
- Корпоративтік саясаттар мен рәсімдерді жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу
- Жүйелі проблемалар және оларды шешу жолдары туралы Директорлар кеңесін хабардар ету.

Қызмет Омбудсменнің қызметі келесі қағидаттарға негізделеді

- Тәуелсіздік
- Ашықтық
- Бейтараптылық
- Объективтілік
- Адалдық Ізгі ниет
- Ресмиліктің болмауы
- Құпиялылық

Омбудсменге өтініштер және әрекет ету шаралары

GRI 2-26, 406-1, GRI 12: Coal Sector: 12.19.8

Омбудсмен қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың іскерлік әдеп кодексін, Қазақстан Республикасының заңнамасын және Компанияның ішкі құжаттарын бұзу фактілері туралы хабарлаған кезде олардың анонимділігін қамтамасыз етуге міндетті.

Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер тарапынан болған бұзушылықтар туралы келесі сенім телефондары арқылы хабарлауға болады

- +7 (7172) 55-30-15
- +7 (7017) 88-84-16 (WhatsApp)
- akylov@samruk-energy.kz, ombudsman@samruk-energy.kz

2025 жылы Омбудсмен түрлі байланыс арналары арқылы (топтық электрондық құжат айналымы, «Нысана» жедел желісі, e-otynish, ұялы телефон, WhatsApp мессенджері, электрондық пошта, жазбаша және ауызша өтініштер) 27 ресми өтініш қабылдады.

Негізгі өтініш тақырыптары

- еңбек заңнамасы мәселелері
- басшылықтың заңсыз әрекеттеріне шағымдар
- ұжымдағы қақтығыстар
- заңсыз жұмыстан босату
- әділетсіз жаза қолдану және сыйақыдан айыру
- еңбекақы мен сыйақыға қанағаттанбау.

Қосымша ретінде 120-дан астам адам телефон арқылы кеңес алу үшін жүгінді.

Омбудсмен барлық өтініштерді қарастырып, консультациялар мен ұсынымдар берді, құпиялылық пен анонимділікті қамтамасыз етті. Омбудсмен психолог ретінде, ал кейбір жағдайларда мотиватор және тәлімгер ретінде моральдық және психологиялық қолдау көрсетті. Бірқатар жағдайларда қызметкерлермен жеке кездесулер өткізілген, сондай-ақ басшылыққа тиісті ұсынымдар берілді.

Ұлттық, жыныстық, нәсілдік немесе діни белгілері бойынша дискриминацияның расталған жағдайлары анықталған жоқ. Қызметкерлердің барлық құқықтары сақталып, дұшпандық немесе кемсітушілік сипаттағы ортаның туындауына жол берілмейді.

Омбудсменнің еншілес және тәуелді ұйымдардағы жұмысы

2025 жылы Омбудсмен Компанияның барлық еншілес және тәуелді ұйымдарына барды. Іссапар барысында

- «2024 жылға арналған Омбудсменнің атқарылған жұмысы туралы есебі» ұсынылды
- ең жиі кездесетін өтініштер және оларды сотқа дейін реттеу жолдары қарастырылды
- «Жұмыс орнындағы әлімжеттілік оны қалай болдырмау керек» және «Қақтығыстардың алдын алу» тақырыптарында ақпараттық-консультациялық сессиялар өткізілді.

Потенциалды қақтығыстардың алдын алу және еншілес және тәуелді ұйымдар қызметкерлерімен проблемалық мәселелерді шешу мақсатында ақпараттық-түсіндіру әңгімелері жүргізілді. Бұл шаралар әлеуметтік-еңбек даулары, проблемалар мен қақтығыстарды бірыңғай түсіну және шешуге бағытталды, сондай-ақ Компанияның ішкі нормативтік құжаттары мен рәсімдерін түсіндіру бойынша тікелей жұмыс жүргізілді. Қалаған қызметкерлер үшін Омбудсмен жеке қабылдаулар өткізді (оның ішінде құпия түрде). Барлық көтерілген мәселелер бойынша түсініктемелер мен ұсынымдар берілді.

Еншілес және тәуелді ұйымдардың жоғары және орта буын басшыларымен тікелей өзара іс-қимыл барысында «тыңдай білетін басшы» қағидаты тұрақты түрде жеткізіліп отырады, бұл еңбек ұжымымен жүйелі өзара әрекеттесуді, проблемаларды тіркеуді және оларды шешуді көздейді. Осы қағидаттың арқасында әлеуметтік-тұрмыстық, санитарлық-гигиеналық және маусымдық сипаттағы көптеген мәселелер шешілді.

Қызметкерлердің анонимді сауалнамасы

Омбудсмен корпоративтік орталық пен еншілес және тәуелді ұйымдардың қызметкерлері арасында ұжымдағы атмосфераны бағалау және жүйелі мәселелерді анықтау мақсатында тұрақты негізде сауалнама жүргізеді. Сауалнаманың негізгі тақырыптары

- құрылымдық бөлімшелердегі психологиялық ахуал
- шешімдерді дербес қабылдау және инновациялық тәсілді қолдану мүмкіндігі
- ұжымдағы өзара қарым-қатынас
- басшылыққа және Компанияның стратегиялық дамуына деген сенім
- еңбекақы, сыйақылар және әлеуметтік пакетке қанағаттану деңгейі
- шағымдар мен өтініштер беру тетіктері туралы хабардар болу.

Барлық түскен ұсыныстар мен анықталған проблемалар Омбудсменнің қарауында болады және қажет болған жағдайда еншілес және тәуелді ұйымдардың басшылығымен және «Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасымен талқылауға шығарылады.

Біліктілікті арттыру

2025 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ Омбудсмені адам құқықтары, этика және заманауи құзыреттер салаларындағы негізгі бағыттар бойынша оқудан өтті. Жыл ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының адам құқықтары саласындағы халықаралық құзыреттер бойынша бағдарламасы меңгеріліп, халықаралық сертификат алынды. Қосымша түрде дискриминация мен онлайн-буллингтің алдын алу, әлеуметтік шиеленіс жағдайында корпоративтік омбудсменнің рөлі, жасанды интеллект негіздері, сондай-ақ корпоративтік омбудсмендерге арналған медиация және келіссөздер жүргізу бойынша курстар өтті.

Өзара іс-қимыл және коммуникация

«Самұрық-Энерго» АҚ Омбудсмені «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялары Омбудсмендері кеңесінің жұмысына белсенді қатысып, тәжірибе алмасуды және өзекті әлеуметтік-еңбек мәселелері бойынша шешімдер әзірлеуді қамтамасыз етті. 2025 жылы Кеңес отырыстары Астана, Алматы қалаларында және Алматы облысында өткізіліп, «Самұрық-Энерго» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және «Қазақстан Темір Жолы» АҚ объектілеріне бару ұйымдастырылды. 2025 жылғы сәуірде Кеңес «Самұрық-Энерго» АҚ және «KEGOC» АҚ алаңдарында өткізіліп, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ және «Мойнақ СЭС» объектілеріне бару жүзеге асырылды.

Жыл бойы Омбудсмен кәсіподақ және қоғамдық ұйымдармен жүйелі өзара іс-қимыл жүргізді, оның ішінде жұмыс берушілер мен кәсіподақтармен кездесулер ұйымдастырылды, ұжымдық шарттар талқыланды, еңбек қақтығыстарының алдын алу және ереуіл тәуекелдерін төмендету шаралары қарастырылды, сондай-ақ энергетика саласындағы заңнамалық бастамалар бойынша диалогқа қатысу қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар Компания қызмет ететін өңірлерде жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жүргізіліп, әлеуметтік-тұрмыстық, спорттық және мәдени инфрақұрылымды дамытуға және қызметкерлердің өңірлердің дамуына қатысуын арттыруға бағытталған жұмыстар жүзеге асырылды.

2025 жыл қорытындысы бойынша Омбудсменнің ұсынымдары мен ұсыныстары

Еншілес және тәуелді ұйымдарды аралау барысында Омбудсменге қызметкерлер еңбекақыны арттыру туралы өтініштермен жиі жүгінеді, олар азық-түлік тауарларының, тұрғын үйді жалға алу құнының, медициналық қызметтердің және балаларды оқыту шығындарының тұрақты өсуіне сілтеме жасайды. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми деректеріне сәйкес, 2025 жылғы желтоқсан айының қорытындысы бойынша елдегі инфляция деңгейі 12,6%-ды құрады.

Баға өсімі келесі динамикада қалыптасты қаңтар айының қорытындысы бойынша 8,9%-дан желтоқсан айының қорытындысы бойынша 12,6%-ға дейін өсті.

Нәтижесінде азық-түлік тауарлары 13,5%-ға, азық-түлікке жатпайтын тауарлар 11%-ға, ақылы қызметтер 12,9%-ға қымбаттады тұрғын үйді жалға алу бағасы 13,5%-ға, білім беру қызметтері 18%-ға, медициналық және стоматологиялық қызметтер 13,4%-дан 19%-ға дейін өсті.

Омбудсменнің ұсынымдары

Жұмысшыларды әлеуметтік қолдау және ынталандыру бойынша

- Еңбекақыны инфляция деңгейі мен өмір сүру құнының өсуіне сәйкес арттыру мүмкіндігін қарастыру
- Барлық ұлттық және корпоративтік мерекелерге орай сыйақы төлеу мүмкіндігін қарастыру
- Қиын өмірлік жағдайға тап болған қызметкерлерге (емделу, асыраушыдан немесе мүліктен айырылу және т.б.) материалдық көмек көрсету бағдарламасын әзірлеу

Еңбек қақтығыстары тәуекелдерін төмендету және кадрлық әлеуетті дамыту бойынша

- Басшыларға медиация негіздері мен жанжалдардың алдын алу бойынша тұрақты түрде оқыту жүргізу
- Компанияда қалыптасқан «Кадрлық резерв» және «Жас таланттар пулы» тізімдерін ұстану.

Корпоративтік мәдениет және коммуникациялар бойынша

- Ішкі коммуникацияларды күшейту – басшылықтың еңбек ұжымдарымен және кәсіподақтармен тұрақты кездесулерін өткізу
- Қызметкерлерді ерекше еңбегі үшін ынталандыру (сыйақылар, грамоталар, алғыс хаттар, санаторийге жолдамалар және т.б.)

Сәйкестікті қамтамасыз ету жүйесін дамыту басымдықтары

2026 жылы «Комплаенс» қызметінің жұмысы келесі бағыттарға бағытталатын болады

- комплаенс тәуекелдерін басқару жүйесін дамыту
- Компанияның ішкі нормативтік құжаттарын жетілдіру
- қызметкерлерді оқыту бағдарламаларын кеңейту
- бұзушылықтарды анықтау тетіктерін дамыту.

05

ESG-АСПЕКТІЛЕРІН БАСҚАРУ

Басқару қағидаттары	190
Елеулікті айқындау және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	195
ESG тәуекелдері және оларды басқару жүйесіне интеграциялау	210
жылғы негізгі бастамалар	211
Адам капиталына инвестициялар	228
Қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау	255
Тұрақты жеткізу тізбегі және сатып алу саясаты	271
Әлеуметтік-экономикалық дамуға жәрдемдесу	274
Планетамызға қамқорлық жасау	289
Климаттың өзгеруіне қарсы күреске қосқан үлесі	312
Экологиялық бенчмаркинг	343

БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫ

«Самұрық-Энерго» АҚ-та тұрақты даму қағидаттары стратегиялық басымдықтар мен бизнес-мақсаттардан бастап корпоративтік мәдениетке, ішкі процестерге және шешім қабылдау жүйесіне дейінгі қызметтің негізгі бағыттарына терең ықпалдастырылған. Біз тұрақтылықты Компанияның қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға, қызметкерлер үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруға, сондай-ақ тұтынушыларды сенімді энергиямен қамтамасыз етуге бағдарланған ұзақ мерзімді дамуының ажырамас бөлігі ретінде қарастырамыз.

Тұрақты даму саласындағы қағидаттар Компанияның Тұрақты дамудың 17 жаһандық мақсатына өз үлесін қосуға ұмтылысына және Компания 2011 жылы қосылған БҰҰ Жаһандық шартының 10 қағидатына бейілділігіне негізделген. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның тұрақты даму саласындағы Нұсқаулығы Компанияның осы бағыттағы қызметін жетілдіруге арналған негіз қалаушы құжат болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік жауапкершілік және тиісті корпоративтік басқару қағидаттары қызметтің барлық бағыттарына енгізіліп, осы Есептің тиісті бөлімдерінде көрініс тапқан. БҰҰ Жаһандық шартының Он қағидатына сәйкестік және оларды Компания қызметіне ықпалдастыру төмендегі кестеде берілген.

Жаһандық шарттың қағидаттары	Есептің бөлімі
Іскер топтар халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қолдап, құрметтеуі тиіс	Адами капиталға инвестициялар Тұрақты жеткізу тізбегі және сатып алу қызметінің саясаты
Іскер топтар адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс	
Іскер топтар бірлесу бостандығын және ұжымдық шарттар жасасу құқығын нақты тануды қолдауы тиіс	
Іскер топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысандарын жоюды жақтауы тиіс	
Іскер топтар балалар еңбегін толықтай жоюды жақтауы тиіс	
Іскер топтар еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды жақтауы тиіс	
Іскер топтар экологиялық мәселелерге қатысты сақтық қағидатына негізделген тәсілді қолдауы тиіс	Планетамызға қамқорлық Климаттың өзгеруіне қарсы күреске қосқан үлес
Іскер топтар қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қолға алуы тиіс	
Іскер топтар экологиялық қауіпсіз технологияларды дамыту мен таратуды қолдауы тиіс	Әдеп және комплаенс адал бизнес жүргізу жүйесі
Іскер топтар сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына, соның ішінде бопсалау мен парақорлыққа қарсы тұруы тиіс	

Экологиялық аспектілерді тиімді басқару мақсатында Компанияда Корпоративтік менеджмент жүйесінің саясатын, Қоршаған ортаны қорғауды басқару жөніндегі корпоративтік стандартты, Төтенше экологиялық жағдайларға ден қою жөніндегі нұсқаулықты және Экологиялық қауіпсіздік бағдарламасын қамтитын корпоративтік құжаттардың кешені қолданылады. Аталған құжаттар экологиялық тәуекелдерді барынша азайтуға арналған бірыңғай негіз қалыптастырады.

Компанияның экономикалық қызметі, оның ішінде қаржылық тәртіп пен ашықтық мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына және салықтық, бухгалтерлік әрі басқарушылық есепті реттейтін ішкі корпоративтік регламенттерге сәйкес жүзеге асырылады.

Сатып алу қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және «Самұрық Қазына» АҚ-ның сатып алуды жүзеге асыру тәртібімен реттеледі. Сатып алу рәсімдерін уәкілетті бөлімше жеткізушілермен өзара іс-қимыл барысында ашықтықты, нәтижелілікті және белгіленген талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында іске асырады.

ESG тәсілінің маңызды құрамдас бөлігі еңбек қауіпсіздігі мен өнеркәсіптік қауіпсіздік болып табылады. Осы саладағы басқару жүйесі барлық жұмыскерлер мен мердігер ұйымдарға қолданылады және заңнама талаптары мен корпоративтік стандарттарға, оның ішінде 2024–2028 жылдарға арналған өндірістік қауіпсіздік жүйесін дамыту стратегиясына және тәуекелдерді бағалау мен басқару жөніндегі бейіндік стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

2025 жылы «Самұрық Энерго» АҚ адами капиталды жауапты басқару тәжірибелерін дамыта отырып, әлеуметтік жауапкершілік саласындағы міндеттемелерін дәйекті түрде іске асырды. Компанияның тәсілі БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына сәйкес келеді және қауіпсіз еңбек жағдайларын, жұмыскерлердің әлеуметтік қорғалуын, тең мүмкіндіктерді және қолайлы жұмыс ортасын қамтамасыз етуге бағдарланған. Персоналды басқару халықаралық тәжірибелер, ұлттық нормативтік құқықтық актілер және ішкі корпоративтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

Есепті жылы Қордың әлеуметтік саясат жөніндегі корпоративтік стандарты бекітілді, оны енгізу аясында fit-gap талдауы жүргізіліп, еңбек жағдайлары, жұмыскерлердің әл-ауқаты, әлеуметтік тәуекелдерді басқару, адам құқықтары және инклюзивтілік салаларындағы процестерді дамыту бойынша шаралар қабылданды.

Адам құқықтарын сақтау мен қорғауға ерекше назар аударылады. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасын және халықаралық деңгейде мойындалған стандарттарды, оның ішінде БҰҰ-ның бизнес және адам құқықтары жөніндегі басшылық қағидаттарын, БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын және ХЕҰ конвенцияларын басшылыққа ала отырып, тиісті қағидаттарды қызметтің барлық бағыттарына ықпалдастырады. Адам құқықтары мен әлеуметтік жауапкершілік саласындағы міндеттемелер Топтың ішкі құжаттарында бекітілген, ал оларды іске асыруға жауапкершілік Компанияның басқару органдары арасында олардың құзыреттеріне сәйкес бөлінген.

Тұрақты дамуды басқару

GRI 3-3

Компанияның тұрақты даму қағидаттары үш деңгейлі тәсіл шеңберінде енгізілген

1. **Стратегиялық интеграция** – тұрақты даму қағидаттары Компанияның Стратегиясына, оның ішінде миссиясына, құндылықтарына және стратегиялық мақсаттарына енгізілген
2. **Операциялық интеграция –** Компания басшылығы барлық корпоративтік шешімдерді тұрақты даму саласындағы қағидаттар мен мақсаттарға сәйкестік өлшемшарттарын негізге ала отырып қабылдайды
3. **Мәдени интеграция** – оқыту іс-шараларын өткізу, Компанияның корпоративтік порталында мақалалар жариялау, сондай-ақ Мінез-құлық кодексін іске асыру аясында қамтамасыз етіледі.

Тұрақты даму мынадай бағыттарға ықпалдастырылған

- басқару жүйесіне (тұрақты даму саласындағы басқару жүйесінде әрбір органның және барлық жұмыскерлердің тұрақты даму қағидаттарын, стандарттарын, сондай-ақ осы саладағы тиісті саясаттар мен жоспарларды іске асырудағы рөлі, құзыреті мен жауапкершілігі нақты айқындалып, бекітілген)
- Environmental, Social, and Corporate Governance мақсаттарын (бұдан әрі – ESG) интеграциялау арқылы даму жоспарына/стратегиясына
    1. тәуекелдерді басқару жүйесіне (климаттың өзгеруіне байланысты экологиялық және климаттық тәуекелдерді басқару тәжірибесін үздіксіз жетілдіру)
    2. инвестициялық шешімдер қабылдау процесіне (Компания қызметінің нәтижелеріне елеулі ықпал ету ықтималдығы жоғары инвестициялық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді айқындау мақсатында маңызды ESG факторларын талдау және ESG тәуекелдерін бағалау)
    3. жоғары басқару органдары мен менеджментті сыйақыландыру жүйесіне (Компания ESG саласындағы мақсаттарды әзірлейді және оларды жария түрде ашады, ал ESG нысаналы көрсеткіштері басшылар қызметінің тиімділігін бағалау үшін қолданылады)
    4. жоспарлауды (ұзақ мерзімді, орта мерзімді (5 жылдық жоспар) және қысқа мерзімді (жылдық бюджет) кезеңдерді), есептілікті, адам ресурстарын басқаруды, операциялық қызметті және өзге де негізгі процестерді қамтитын негізгі бизнес-процестерге, сондай-ақ басқарудың барлық деңгейлерінде шешім қабылдау процестеріне
    5. мүдделі тараптармен жүйелі өзара іс-қимыл тетігіне, бұл маңызды әрі сенімді ақпарат ұсынуды, екіжақты диалог мүмкіндігін қамтамасыз етуді, Компания қызметіне байланысты экологиялық қауіптер мен тәуекелдер туралы хабардар етуді, сондай-ақ шағымдар беру бойынша икемді тетікті әзірлеуді көздейді.

Компанияның қағидаттары, бағдарламалары, есептері және әлеуметтік, экономикалық әрі экологиялық салалардағы жаңа жобалары туралы барлық ақпарат Компанияның корпоративтік сайтындағы «Тұрақты даму» бөлімінде қолжетімді болуына қарай орналастырылады. (GRI 2-24).

"Самұрық-Энерго" АҚ-ның тұрақты дамуды басқару схемасы



Директорлар кеңесі тұрақты даму қағидаттарын стратегиялық басқаруды жүзеге асыруға және олардың тиімді енгізілуіне жүйелі бақылау жүргізуге жауапты. Кеңестің құзыретіне тиісті саясаттарды, негізгі қызмет көрсеткіштерін бекіту, сондай-ақ Компания қабылдаған міндеттемелердің орындалуын қадағалау кіреді. Атқарушы орган өз өкілеттіктері аясында тұрақты даму қағидаттарын дәйекті түрде енгізуді, комплаенс рәсімдері мен корпоративтік саясаттарды тиімді іске асыруды қамтамасыз етеді және осы бағыттағы қызметтің нәтижелері туралы Директорлар кеңесін тұрақты негізде хабардар етеді.

«Самұрық Энерго» АҚ-ның 2026 жылға арналған басшы қызметкерлеріне бекітілген мотивациялық ПӘК карталарында ESG саласындағы нысаналы көрсеткіштер көзделген, бұл тұрақты даму қағидаттарын басқарушылық ынталандыру жүйесіне жан-жақты әрі жүйелі түрде ықпалдастыруды қамтамасыз етеді.

Компонент	Көрсеткіш	%	Сипаттамасы
E (Экология)	Ірі және басым инвестициялық жобаларды, оның ішінде жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) жобаларын және қоршаған ортаға әсерді төмендетуге бағытталған жобаларды іске асыру	30%	Инвестициялық жобаларды, оның ішінде жаңартылатын энергия көздері негізінде жұмыс істейтін жобаларды және қоршаған ортаға әсерді азайтуға бағытталған жобаларды іске асыру.
	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2060 жылға дейінгі Энергетикалық көшу бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу, бекіту және 2025 жылға арналған іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету	20%	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2060 жылға дейінгі Энергетикалық көшу бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу, бекіту және 2025 жылға арналған іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету.
	Ұлттық маңызы бар станциялар (Екібастұз МАЭС-1, ЕСМАЭС-2) бойынша шартты отынның үлестік шығыны деңгейін қамтамасыз ету	20%	Негізгі станцияларда отын тиімділігін арттыру
	Қоршаған ортаға шығарындыларды мониторингтеудің автоматтандырылған жүйесін енгізу	15%	Екібастұз МАЭС-1 станциясындағы эмиссияларды бақылау.
	Көміртегі қарқындылығының серпіні (3 жыл, базалық жылмен салыстырғанда)	5%	Өндірілетін электр энергиясының экологиялық көрсеткіші.
S (Әлеуметтік)	Басқарманың құзыреті шеңберінде «Самұрық-Энерго» АҚ-да тұрақты дамуды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі 2025 жылға арналған Жол картасы іс-шараларының орындалуы	10%	Басқарманың құзыреті шеңберінде «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2025 жылға арналған тұрақты дамуды басқару жүйесін жетілдіру.
	Өнеркәсіптік қауіпсіздік (LTIFR, мінезқұлықтық бақылаулар)	10%	Жарақаттанушылық деңгейін төмендету және қауіпсіздік мәдениетін арттыру.
	Сатып алулардағы ішкі елдік үлес деңгейін арттыру	10%	Тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жергілікті қамтылуын ұлғайту.
	Офтейк-келісімшарттар жасасу	20%	Офтейк-келісімшарт – бұл тапсырыс беруші мен жеткізуші арасында жеткізуші болашақта өндіруді жоспарлап отырған тауарды алдын ала келісілген құны, саны (көлемі) және жеткізу мерзімдері негізінде жеткізу туралы жасалған шарт.
G (Басқару)	Ірі және басым инвестициялық жобаларды іске асыру	30%	Компаниялар тобының 18 негізгі жобасы бойынша жоспардың орындалуы.
	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның негізгі тәуекелдерін басқару жөніндегі Іс-шаралар жоспарының орындалуы	30%	Көрсеткіш «Самұрық-Энерго» АҚ-ның негізгі тәуекелдерін басқаруға бағытталған.
	Жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы жобаларды іске асыру жөніндегі Жол картасын бекіту	30%	ПӘК компаниялар тобы шеңберінде жасанды интеллект қолданылатын жобаларды айқындау және енгізуді көрсетеді («Самұрық-Энерго» АҚ).
	Энергетика саласы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасына өзгерістер енгізуді бастамалау/енгізу	25%	Қомпания мен еншілес және тәуелді ұйымдардың қызмет мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы энергетика саласы бойынша заңнамасына өзгерістерді уақтылы бастамалау
	Цифрлық жетілу деңгейін бағалау	10%	Цифрлық технологияларды, процестер мен құзыреттерді дамыту, цифрлық шешімдердің негізгі бизнес-процестерге интеграциялану деңгейі.
	Инвестициялық IT жобаларды енгізу	20%	Бизнес-процестерді цифрландыруға, автоматтандыруға және олардың тиімділігін арттыруға бағытталған ақпараттық технологиялар саласындағы инвестициялық жобаларды енгізу.

ЕЛЕУЛІКТІ АЙҚЫНДАУ ЖӘНЕ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Елеулілікті бағалау

GRI 3-1

«Самұрық Энерго» АҚ-та елеулікті бағалау Компанияның экономикаға, қоршаған ортаға, адамдарға және адам құқықтарына ықпал ететін елеулі әсерлерін айқындауға әрі оларды басымдыққа қоюға, сондай-ақ бизнес тұрақтылығына және Компанияның ұзақ мерзімді дамуына ықпал ететін негізгі факторларды жүйелі түрде анықтауға бағытталған.

Елеулілікті бағалау әдіснамасы

Елеулі тақырыптарды айқындау үдерісі келесі негізгі кезеңдерді қамтыды.

1-кезең. Ықтимал елеулі тақырыптарды айқындау

Бастапқы кезеңде ESG тақырыптарының кеңейтілген тізбесі мынадай негіздерге сүйене отырып қалыптастырылды

- «Самұрық Энерго» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының қызметін кешенді талдау
- тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттардың талаптары, оның ішінде GRI стандарттары және салалық GRI 12 Coal Sector (2022)
- SASB стандарттары
- Электр энергетикасы саласындағы жетекші ESG-рейтингтік агенттіктердің (S&P Global Ratings, MSCI ESG Ratings) елеулі тақырыптар тізбелері
- Ұқсас компаниялар бойынша салыстырмалы (бенчмарк) талдау
- Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптары мен салалық реттеу ерекшеліктерін талдау
- БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарына және БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына сәйкестік.

Елеулі тақырыптарды айқындау шеңберінде Компания саланың жетекші өкілдері мен ұқсас компаниялардың жылдық есептеріндегі ақпаратты ашу тәжірибесіне кеңейтілген салыстырмалы талдау (бенчмаркинг) жүргізді. Бұл тәсіл ақпаратты ашудың үздік халықаралық практикаларын ескеруге, жекелеген тақырыптардың өзектілік деңгейін тереңірек бағалауға және оларды маңызды мәселелердің түпкілікті тізбесін қалыптастыру барысында тиімді интеграциялауға мүмкіндік берді.

Ақпаратты ашу тәжірибелері бойынша бенчмаркинг

Ұсынылып отырған бенчмарк «Самұрық Энерго» АҚ-ның қаржылық емес және ESG-ақпаратты ашу тәжірибелерін жетекші халықаралық энергетикалық компаниялардың (Enel, E.ON, RWE Germany, GEZ Group, ПАО «Юнипро») тәжірибелерімен есептілік стандарттарын қолдану, GRI көрсеткіштерін қамту деңгейі және негізгі елеулі ESG тақырыптары тұрғысынан салыстырмалы түрде бағалауды көрсетеді.

«Самұрық Энерго» АҚ халықаралық және ерікті стандарттардың кең спектрін (GRI, оның ішінде Coal Sector, TCFD, UNGC, БҰҰ ТДМ, ISO) қолданады, бұл ақпаратты ашудың жаһандық тәжірибелермен жоғары деңгейде үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, еуропалық компаниялар CSRD/ESRS, EU Taxonomy, ESEF сияқты міндетті реттеуші талаптар мен мамандандырылған бастамалардың ықпалымен реттеушілік интеграцияның неғұрлым жоғары деңгейімен ерекшеленеді.

GRI стандарттары аясында «Самұрық Энерго» АҚ халықаралық және ресейлік компаниялармен салғастырмалы негізгі экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық көрсеткіштерді толық қамтиды, ал еуропалық компаниялар есептілікті қалыптастыруда ESRS стандарттарына анағұрлым басымдық береді. Компанияның елеулі тақырыптары салалық басымдықтарға толық сәйкес келеді және климаттың өзгеруі мен энергетикалық көшу, ресурстарды ұтымды басқару, еңбек қауіпсіздігі, адами капиталды дамыту, тұрақты жеткізу тізбегі және корпоративтік басқару мәселелерін жүйелі түрде қамтиды.

Көрсеткіш	«Самұрық-Энерго» АҚ	Enel	GEZ group	ПАО «Юнипро»
Қолданылатын стандарттар	1. GRI 2. GRI 12 (Coal Sector) 3. TCFD 4. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл стандарты 5. UNGC 6. ЦҮР ООН 2030 7. Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі басшылық ISO 8. IFR	1. IFRS / IAS 2. CSRD / ESRS 3. EU Taxonomy 4. TCFD 5. IFR	1. IFRS 2. CSRD / ESRS 3. EU Taxonomy 4. TCFD 5. GHG Protocol 6. GRI / SASB	1. GRI 2. SASB 3. IFR 4. AA1000AP (есептілік қағидаттары, мүдделі тараптарды тарту) 5. AA1000SES (вовлечение стейкхолдеров)
GRI	**E** – GRI 302–306 **S** – GRI 401–409, 413–415, 418 **G** – GRI 201–207	**E** – GRI 207	**E** – GRI 301–306 **S** – GRI 401–409, 413–415, 418 **G** – GRI 205–207, 402, 2 9, 2 27	**E** – GRI 302; 303; 305; 306 **S** – GRI 401; 403; 404; 406; 407 **G** – GRI 201; 202; 203; 204; 205
Елеулі тақырыптар	**Климаттың өзгеруі және қоршаған орта** Климаттың өзгеруі Тұрақты энергия көздеріне көшу Энергияның қолжетімділігі Су ресурстарын басқару Ауаның сапасы Қалдықтарды ұтымды басқару Биологиялық әртүрлілік **Адамдарға қамқорлық** Қызметкерлерді басқару, дамыту және ынталандыру Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық Әртүрлілік, теңдік және инклюзивтілік **Тиімді басқару және адалдық** Экономикалық нәтижелілікке қосқан үлес Тұрақты жеткізу тізбегі Заңнаманы сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Мемлекеттік саясат	Климат Жеткізу тізбегіндегі жұмыс күші Су және теңіз ресурстары Электрлендіру Желілердің тұрақтылығы мен сенімділігі Биологиялық әртүрлілік Циркулярлық экономика және қалдықтарды басқару Әсерге ұшыраған қауымдастықтар Тұтынушылар мен түпкілікті пайдаланушылар Іскерлік мінез-құлық	**(E) Стратегиялық әсерлер** Парниктік газдар шығарындылары Қазба отын мен жаңартылмайтын ресурстарды тұтыну Жергілікті су режимдері мен экожүйелерге әсер ету және оларды бұзу Ластаушы заттар шығарындылары Тұрақты энергетикалық трансформацияға жәрдемдесу Тиісті тексеру үшін мәнді әсерлер Биологиялық әртүрлілікке қауіп төндіретін табиғи ортадағы жасанды кедергілерді қалыптастыру Қалдықтардың, оның ішінде радиоактивті қалдықтардың пайда болуы Су алу және су тұтыну **(S) Стратегиялық әсерлер** Еңбек жағдайларын стандарттан жоғары деңгейде қамтамасыз ету, қызметкерлерді оқыту және қайта даярлау Тиісті тексеру үшін мәнді әсерлер Денсаулық, қауіпсіздік және өзге де инциденттер Жергілікті қауымдастықтарға әсер Клиент деректерінің қорғалуын қамтамасыз ету және ақпараттың сенімділігін сақтау **(G) Стратегиялық әсерлер** Басшылықтағы әйелдердің үлесі Тұрақты әрі қауіпсіз корпоративтік мәдениет, инновациялар мен білім беруді қолдау Тиісті тексеру үшін мәнді әсерлер Жеткізушілермен өзара қатынастарды басқару	Сенімді, қолжетімді және қауіпсіз энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ету Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік Экономикалық нәтижелілік Лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету Өндірістік активтерді жаңғырту, тиімділікті арттыру Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Тиімді корпоративтік басқару Бизнес жүргізу этикасы Қызметкерлерді оқыту және дамыту Атмосфераға шығарындылар Жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік Ресурстарды ұтымды пайдалану Қалдықтарды басқару Энергия тұтыну және энергия тиімділігі Су пайдалану

2-кезең.
Мүдделі тараптардың пікірлерін ескеру

Қалыптастырылған тақырыптар тізбесі негізінде барлық ішкі және шамамен 40 сыртқы мүдделі тараптың қатысуымен сауалнама жүргізілді. Сауалнама барысында респонденттер әрбір тақырыптың маңыздылық деңгейін 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағалады. Алынған нәтижелер елеулілік матрицасын қалыптастыру кезінде пайдаланылып, ESG тақырыптарының өзектілігі мен басымдығын мүдделі тараптар мен Компанияның көзқарастары тұрғысынан кешенді түрде салыстыруға мүмкіндік берді.

3-кезең.
Тақырыптарды басымдыққа қою

Тақырыптарды басымдыққа айқындау қосарланған маңыздылық қағидаты негізінде жүргізілді. Сауалнама аясында ішкі және сыртқы мүдделі тараптар тақырыптардың маңыздылығын Компания қызметінің қоршаған ортаға, қоғамға, жұмыскерлерге және жергілікті қауымдастықтарға ықпалы тұрғысынан, сондай-ақ олардың Компанияның тұрақтылығы мен ұзақ мерзімді дамуы үшін әлеуетті мәні тұрғысынан бағалады. Басым елеулі тақырыптар тізбесін қалыптастыру мақсатында елеулілік-тің шекті деңгейі кемінде 4 балл ретінде белгіленді.

Сауалнама нәтижелері, GRI стандарттарының талаптары және салалық ерекшеліктер ескеріле отырып, басым маңызға ие ESG тақырыптарының тізбесі қалыптастырылып, «Самұрық Энерго» АҚ-ның Директорлар кеңесімен бекітілді. Қорытынды тізбе сондай-ақ Компанияның стратегиялық басымдықтарын, ұзақ мерзімді тәуекелдері мен мүмкіндіктерін, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы қабылданған міндеттемелерін ескере отырып пысықталды.

Компанияның елеулі тақырыптар

Елеулі тақырып	Әсер ету түрі				GRI стандарттары	ГД Қағидаттар	БҰҰ ТДМ
	Жағымсыз	Жағымды	Тікелей	Жанама			
КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА							
Климаттың өзгеруі	+		+		305	7, 8	3, 12, 13, 14, 15
Тұрақты көздерге энергиялық өту	+		+		302	9	7, 8, 12, 13
Энергияның қолжетімділігі		+	+		302	9	7, 8, 11, 12
Су ресурстарын басқару	+		+		303	7, 8	6, 12
Ауа сапасы	+		+		301	7, 8	8, 12
Қалдықтармен ұтымды жұмыс істеу	+		+		305	7, 8	3, 12, 13, 14, 15
Биоалуандық	+		+		304	7, 8	13, 14, 15
АДАМДАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАУ							
Қызметкерлерді басқару, дамыту және ынталандыру		+	+		401, 402, 404		3, 4, 5, 8, 10
Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық		+	+		403		3, 8, 16
Әртүрлілік, теңдік және инклюзивтілік		+	+		405, 406	1, 2, 6	5, 8, 10
ТИІМДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ АДАЛДЫҚ							
Экономикалық нәтижелілікке үлес		+	+		201, 203		1, 3, 5, 8, 9, 11, 13
Жеткізудің тұрақты тізбегі		+	+		204		8
Заңнаманы сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл		+	+		205	10	16
Цифрлық шешімдер және жасанды интеллект		+	+				
Ақпаратты қорғау		+	+		418	1,2	9

Маңызды тақырыптар бойынша әсерлердің сипаты

Маңыздылықты бағалау нәтижесінде айқындалған басым тақырыптар «Самұрық Энерго» АҚ қызметінің қоршаған ортаға, қоғамға, жұмыскерлерге, тұтынушыларға және Компания қызметі жүзеге асырылатын өңірлердің экономикасына тигізетін негізгі әрі жүйелі әсерлерін кешенді түрде сипаттайды.

Экологиялық сипаттағы маңызды тақырыптар (шығарындылар, энергия, су ресурстары, қалдықтар) Компанияның өндірістік қызметінің қоршаған орта мен климатқа тікелей ықпалымен байланысты. Бұл ретте табиғи ресурстарды пайдаланудың ауқымы, шығарындылардың қалыптасуы, экологиялық тәуекелдер, сондай-ақ климатқа байланысты реттеушілік және көшу факторлары ескеріледі.

Әлеуметтік маңызды тақырыптар (еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік, тұтынушылардың денсаулығы, жұмыспен қамту, персоналды дамыту, адам құқықтары, деректердің құпиялылығы) Компанияның жұмыскерлерге, мердігер ұйымдарға, тұтынушыларға және жергілікті қауымдастықтарға тікелей ықпалын көрсетеді. Бұл мәселелер еңбек қауіпсіздігі, еңбек жағдайлары, әл-ауқат және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету аспектілерін қамтиды.

Экономикалық және басқарушылық тақырыптар (экономикалық көрсеткіштер, сатып алу қызметі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, салықтық тәртіп) Компания қызметінің қаржылық тұрақтылыққа, іскерлік қызметтің ашықтығы мен адалдығына, реттеушілік талаптардың сақталуына, сондай-ақ мүдделі тараптар сенімінің нығаюына ықпалын айқындайды.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

GRI 2-29

«Самұрық Энерго» АҚ тұрақты даму саласындағы Нұсқаулыққа, «Стейкхолдерлермен кері байланыс тетігі» процесінің картасына, АА сериялы стандарттарға және үздік халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың жүйелі моделін қалыптастырады. Бұл тәсіл Компания қызметінің жоғары деңгейдегі ашықтығын қамтамасыз етіп, негізгі мүдделі тараптардың мүдделерін ескеруге әрі ықтимал тәуекелдерді дер кезінде айқындап, тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Компанияда Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген мүдделі тараптар картасы қолданылады. Мүдделі тараптарды сәйкестендіру және басымдыққа бөлу Митчелл, Агл және Вуд моделіне сәйкес жүзеге асырылады, бұл модель ықпал ету дәрежесі, легитимділік және өзектілік (шұғылдық) сияқты негізгі өлшемшарттарды ескереді. Компанияның негізгі мүдделі тараптарына акционер, еншілес және тәуелді ұйымдар, жұмыскерлер мен кәсіподақтар, тұтынушылар, жеткізушілер мен іскерлік серіктестер, мемлекеттік органдар, қаржы институттары, жергілікті қауымдастықтар және бұқаралық ақпарат құралдары жатады.

Төменде ұсынылған мүдделі тараптар картасы Компанияның өзара іс-қимыл құрылымын көрнекі түрде бейнелейді X осі бойынша Компанияның мүдделі тараптарға әсер ету деңгейі, ал Y осі бойынша олардың Компания үшін стратегиялық маңыздылығы көрсетілген.



Шеңбердің ең кіші өлшемі өзара іс-қимылдың шектеулі деңгейін білдіреді.
Шеңбердің ұлғаюына қарай өзара іс-қимыл деңгейі де арта түседі.

ішкі стейкхолдерлер — қабылданатын шешімдерге тікелей және елеулі ықпал ететін және/немесе осы шешімдердің әсеріне тікелей ұшырайтын мүдделі тараптар.

сыртқы стейкхолдерлер — қабылданатын шешімдерге жанама ықпал ететін мүдделі тараптар. Шеңбердің көлемі Компанияның стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл деңгейін көрсетеді.

Мүдделі тараптармен тұрақты әрі дәйекті диалогты қамтамасыз ету мақсатында 2021 жылы Директорлар кеңесі бекіткен Өзара іс-қимыл жоспары қолданылады және ол тұрақты негізде іске асырылады. Оның орындалуына мониторинг жыл сайын жүргізіледі. 2025 жылы Жоспар аясында көзделген барлық іс-шаралар толық көлемде орындалды, оның ішінде инвестициялық жобалар шеңберінде еншілес және тәуелді ұйымдар деңгейінде іске асырылған ұқсас жоспарлар да қамтылды.

Компания энергетика саласындағы саясатты қалыптастыруға, нормативтік-құқықтық ортаны жетілдіруге және тұрақты даму қағидаттарын ілгерілетуге белсенді қатыса отырып, ұлттық және халықаралық салалық ұйымдармен ынтымақтастықты жүйелі түрде дамытады. Есепті жылы «Самұрық Энерго» АҚ басшылығы салалық қауымдастықтардың, сараптамалық топтардың жұмысына, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Энергетика министрлігінің іс-шараларына, сондай-ақ халықаралық форумдарға, оның ішінде Kazakhstan Energy Week / Kazenergy алаңына қатысты.

Мүдделі тараптардың түйінді топтарымен өзара әрекеттесу

Компанияға қатысты стейкхолдердің мүддесі	Өзара іс-қимыл тетіктері	Өзара іс-қимыл нәтижелері
ІШКІ		
Акционер		
↗ Экономикалық пайда/ Шоғырландырылған таза пайда/ Экономикалық нәтижелілік ↗ Дамуға және дивидендтерге арналған бос қаражат ↗ Нарықтағы үлес/Нарықтарға қатысу ↗ Әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік, қоршаған ортаға эмиссияларды барынша азайту, тұрақты даму қағидаттарын сақтау, экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін шағымдар мен айыппұлдардың болмауы.	↗ Жиналыстарға қатысу/ «Самұрық-Қазына» АҚ есепті кезеңдегі компания қызметінің нәтижелері туралы мерзімді есептілік ↗ ҚР заңнамасының талаптарына, Жалғыз акционердің ішкі нормативтік актілеріне, тиісті сұрауларына сәйкес есептілікті (қаржылық, қаржылық емес) ұсыну ↗ Бірлескен жұмыс топтарын ұйымдастыру, мүдделі тараптармен кеңестер, келіссөздер, кездесулер өткізу ↗ Медиа-жоспарды қалыптастыру/Компания қызметі туралы ақпаратты жариялау ↗ Даму стратегиясының, бизнес-жоспардың орындалуын, инвестициялық жобаларды және тұрақты даму процестерін іске асыруды және т.б. талқылау ↗ «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы қызметінің мәселелері бойынша кездесулер және хат алмасулар ↗ Сауалнама, пікіртерім, тестілеу жүргізу ↗ Корпоративішілік коммуникация арналары ↗ Компанияның жылдық есебі және интернет ресурсы.	Толық ақпарат «Корпоративтік басқару» бөлімінде берілген
Менеджмент және персонал		
↗ Жұмыспен қамту, қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы, кемсітушілікке жол бермеу, әртүрлі және тең мүмкіндіктер, қызметкерлердің жұмысқа, сондай-ақ Компанияның оның бақылауындағы қызметтерінің жұмысына қанағаттану деңгейі ↗ Оқыту және білім беру ↗ Өндіріс қауіпсіздігі мәдениетінің деңгейін арттыру.	↗ Персонал сыйақысының әділ және ашық жағдайлары, қызметкерлердің кәсіби өсуін қамтамасыз ету, қауіпсіз еңбек жағдайлары ↗ Кадрлық әлеуетті дамыту ↗ Өндірістік қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтар және еңбек жағдайларын жақсарту бағдарламаларын іске асыру ↗ Персоналды және олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру ↗ Персоналдың біліктілігін арттыру, оқыту және дамыту бағдарламалары ↗ Басшылықпен тұрақты кездесулер, ұжыммен, ЕТҰ өкілдерімен, кәсіптік одақпен, оның ішінде жыл қорытындылары бойынша келіссөздер/ жиналыстар өткізу ↗ Қызметкерлерді Компанияның қызметі, корпоративтік сайттар, әлеуметтік желілер арқылы кәсіби өсу мүмкіндіктері туралы хабардар ету ↗ «Жедел желі» персоналының тартылу көрсеткіштеріне, корпоративішілік коммуникация арналарына, Компанияның интернет-ресурсына сауалнама, сауалнама, тестілеу, жыл сайынғы мониторинг жүргізу.	Толық ақпарат «ESG аспектілерін басқару» бөлімінде берілген

Компанияға қатысты стейкхолдердің мүддесі	Өзара іс-қимыл тетіктері	Өзара іс-қимыл нәтижелері
Еншілес және тәуелді ұйымдар		
Жұмыспен қамту және еңбекақы төлеу деңгейі, персонал мен басшылықтың өзара қарым қатынасы, кемсітушілікке жол бермеу, әртүрлі және тең мүмкіндіктер Өндіріс қауіпсіздігі мәдениетінің деңгейін арттыру, оқыту және білім беру Нарықтағы үлесі/ Нарықтарда өнімдер мен қызметтердің болуы Мемлекеттік органдармен жұмыс істеу кезінде жәрдемдесу, коммерциялық мүдделер.	ЕТҰ қатысушысы/акционері ретіндегі Компанияның шешімдері ҚР заңнамасының және «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының ішкі құжаттарының сақталуын тексеру «Самұрық-Энерго» АҚ ЕТҰ лицензиялық келісімшарттық міндеттемелерінің орындалуын тексеру Басшылықтың ЕТҰ өндірістік алаңдарына баруы ҚР заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлеу Компания қызметінің әртүрлі бағыттары бойынша мемлекеттік органдардың сұраулары бойынша ақпарат беру Стратегиялық ынтымақтастық туралы шарттарға, меморандумдарға, келісімдерге қол қою Компанияның ЕТҰ менеджментінің бұйрықтары мен өкімдерін тыңдауы Бизнес-жоспарды, өндірістік, инвестициялық және әлеуметтік жоспарларды/міндеттемелерді орындау, қызметтің түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу және Компанияға жіберілетін басқа да өзекті мәселелер бойынша ақпарат/ есептер Қызметтің нысаналы көрсеткіштерін, ішкі нормативтік құжаттаманы әзірлеуге қойылатын талаптарды және т.б. тұрақты негізде жеткізу Инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде аппараттық, өндірістік жедел және өзге де кеңестер, қоғамдық тыңдаулар өткізу Өндірістік қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтар, оқыту және білім беру Өтініштер мен шағымдарға кері байланыс беру/ «жедел желі», әлеуметтік желілер, корпоративішілік коммуникация арналары, Компанияның жылдық есебі және интернет ресурсы.	Толық ақпарат «Негізгі қаржылық көрсеткіштері», «ESG аспектілерін басқару», «Корпоративтік басқару» бөлімдерінде берілген
Кәсіптік одақтар		
Жұмыс орындарын құру және сақтау Өндіріс қауіпсіздігі мәдениетінің деңгейін арттыру.	Қоғамдық тыңдауларды жүргізу Стратегиялық ынтымақтастық туралы шарттарға, меморандумдарға, келісімдерге қол қою Басшылықпен тұрақты кездесулер, ұжымдардың, ЕТҰ өкілдерінің келіссөздері/ жиналыстары, жыл қорытындылары бойынша есеп Компания қызметкерлерімен еңбек қатынастарын реттеу ҚР еңбек заңнамасына сәйкес персоналдың еңбегіне ақы төлеу, оқыту және білім беру, қауіпсіз еңбек жағдайлары ЕТҰ-ның ағымдағы қызметі туралы хабарлау Компанияның хаттарын (өтініштерін) қабылдау «Жедел желі«, әлеуметтік желілер, корпоративішілік коммуникация арналары Компанияның жылдық есебі және интернет ресурсы.	Толық ақпарат «ESG аспектілерін басқару» бөлімінде берілген

Компанияға қатысты стейкхолдердің мүддесі	Өзара іс-қимыл тетіктері	Өзара іс-қимыл нәтижелері
СЫРТҚЫ		
Мемлекеттік органдар		
Талаптарға сәйкестігі, бизнестің тұрақтылығы мен тұрақтылығы, салықтық түсімдер, экономикалық өсу Жұмыс орындарын құру және сақтау Халықаралық аренада елдің экономикалық мүдделерін білдіру (ел үшін экономикалық, саяси және имидждік пайдалар) Өндірістің энергия және ресурс тиімділігі деңгейін арттыру, халықтың денсаулығын қамтамасыз ету және биологиялық әртүрлілікті сақтау үшін қоршаған табиғи ортаны сақтау, қоршаған ортаға эмиссияларды барынша азайту.	Компанияның ЕТҰ лицензиялық-келісімшарттық міндеттемелерінің орындалуын тексеру ҚР заңнамасының сақталуын тексеру, ҚР заңнамасына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар әзірлеу Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды, жер қойнауын пайдалану құқығына арналған мемлекеттік тіркеу актісін келісу Сұраныстарға сәйкес ҚР өндірістік, инвестициялық және әлеуметтік жоспарлар мен міндеттемелерді орындау туралы заңнамасының талаптарына сәйкес ақпарат/ есептілік (қаржылық, қаржылық емес) Келіссөздер, іскерлік хат алмасу, аппараттық, өндірістік, жедел және өзге де кеңестер, сауалнама жүргізу Медиа-жоспарды қалыптастыру/Компания қызметі туралы ақпаратты жариялау «Жедел желі» Компанияның жылдық есебі және интернет ресурсы.	Толық ақпарат «ESG аспектілерін басқару», «Корпоративтік басқару» бөлімдерінде берілген.
Тұтынушылар		
Нарықтағы үлес/Нарықтарға қатысу Өнімдер мен қызмет сапасы Маркетингтік коммуникациялар.	Тұтынушылармен кері байланыс жүйесі Кездесулер, келіссөздер өткізу, сауалнама жүргізу Медиа-жоспарды қалыптастыру/Компаня қызметі туралы ақпаратты жариялау Стратегиялық ынтымақтастық туралы шарттарға, меморандумдарға, келісімдерге қол қою «Жедел желі» Компанияның жылдық есебі және интернет-ресурсы.	Толық ақпарат «Стратегия» бөлімінде берілген
Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізушілер		
Конкурстарға қатысуға тең қол жеткізуді қамтамасыз ету Инвестициялау және сатып алу практикалары/Сатып алу санаттық стратегияларын іске асыру қорытындылары бойынша пайдалар Жеткізу желісінің тиімділігі және құн жасау тізбегі Отандық тауар өндірушіні қолдау.	Баға ұсыныстарын сұрату Тұрақты талдамалық кездесулер, келіссөздер өткізу, іскерлік хат алмасу Стратегиялық ынтымақтастық туралы шарттарға, меморандумдарға, келісімдерге қол қою, лицензиялау Компанияға жіберілетін өндірістік, инвестициялық және әлеуметтік жоспарлар мен міндеттемелердің орындалуы бойынша ақпарат/есептілік Компанияның қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары бойынша есептілік Компанияға жолданған хаттарды (өтініштерді) қарау Сауалнама, пікіртерім, тестілеу жүргізу «Жедел желі» Компанияның жылдық есебі және интернет ресурсы.	Толық ақпарат «ESG аспектілерін басқару», «Негізгі қаржылық көрсеткіштері» бөлімдерінде берілген.

Компанияға қатысты стейкхолдердің мүддесі	Өзара іс-қимыл тетіктері	Өзара іс-қимыл нәтижелері
Бизнес-қоғамдастықтар (Қауымдастықтар, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, ЗТБ)		
↗ Салалық стандарттарды жетілдіруге және сақтауға қатысу ↗ Бизнес ортаны жетілдіруге қатысу ↗ Бизнес-ортаның мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тетіктері арқылы мемлекеттік органдарда қолдау көрсету, Компанияның заңнамалық бастамаларын ілгерілетуге жәрдемдесу.	↗ Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлеу ↗ Стратегиялық ынтымақтастық туралы шарттарға, меморандумдарға, келісімдерге қол қою ↗ Тұрақты талдамалық кездесулер, келіссөздер өткізу, іскерлік хат алмасу ↗ Жұмыс топтарын құру, кеңестер, келіссөздер өткізу, сауалнама жүргізу ↗ Компанияның жылдық есебі және интернет ресурсы.	Толық ақпарат «Стратегия», «Негізгі қаржылық көрсеткіштері» бөлімдерінде берілген.
Қоғамдық ұйымдар және жергілікті халық		
↗ Өндіріс қауіпсіздігі мәдениетінің деңгейін арттыру ↗ Өндірістің энергия және ресурс тиімділігі деңгейін арттыру Қоршаған ортаға эмиссияларды барынша азайту ↗ Қоршаған ортаға әсерді бағалау шеңберінде қоршаған ортаны қорғау мәселелері ↘ атмосфералық ауа ↘ жер үсті және жер асты сулары ↘ су қоймалары түбінің беті ↘ ландшафттар ↘ жер және топырақ жамылғысы ↘ өсімдіктер әлемі ↘ жануарлар әлемі ↘ экологиялық жүйелердің және экожүйелік қызметтердің жай-күйі ↘ биоалуандық ↘ халықтың денсаулық жағдайы мен өмір сүру жағдайлары ↘ экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық жағынан ерекше құнды объектілер. ↗ Заңнамалық талаптарға сәйкестігі, демеушілік және өзге де көмек ↗ Жұмысқа орналасу мүмкіндігі, әлеуметтік проблемаларды шешу, Компания қызметінің ашықтығы, қоршаған табиғи ортаны сақтау.	↗ Қоғамдық тыңдауларды жүргізу ↗ ҚР заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлеу ↗ Медиа-жоспарды қалыптастыру/Компанияның қызметі туралы ақпаратты БАҚ-та жариялау ↗ Сауалнамалар, пікіртерімдер, тестілеу ↗ Компанияның және ЕТҰ-ның ағымдағы қызметі туралы хабарлау ↗ Компанияға жолданған хаттарды (өтініштерді) қарау ↗ «Жедел желі», әлеуметтік желілер ↗ Компанияның жылдық есебі және интернет ресурсы	Толық ақпарат «ESG аспектілерін басқару» бөлімінде берілген

Компанияға қатысты стейкхолдердің мүддесі	Өзара іс-қимыл тетіктері	Өзара іс-қимыл нәтижелері
Серіктестер		
↗ Нарықтағы үлес/Нарықтарға қатысу ↗ Жобаларды бірлесіп іске асыру ↗ Технологиялар, құзыреттер және инновациялар трансферті.	↗ Компанияның ЕТҰ қатысушысы/акционері, бірлескен консультативтік-кеңесші органдар ретіндегі шешімдері ↗ Бірлескен жұмыс топтарын ұйымдастыру, тексерулер жүргізу ↗ Кеңестер, келіссөздер, іскерлік хат алмасу, сауалнама жүргізу ↗ Ағымдағы қызмет туралы есептер ↗ ЕТҰ қызметі мәселелері бойынша хат алмасу ↗ Компанияның жылдық есебі және интернет ресурсы.	Толық ақпарат «Стратегия», «Негізгі қаржылық көрсеткіштері» бөлімдерінде берілген.
Қаржы институттары		
↗ Экономикалық пайда/ Шоғырландырылған таза пайда/ Экономикалық нәтижелілік ↗ Дамуға және дивидендтерге арналған бос қаражат.	↗ Қолданыстағы кредиттік келісімдердің талаптарына сәйкес компания туралы есептерді/ ақпаратты ұсыну ↗ ҚР заңнамасының талаптарына, Жалғыз акционердің ішкі нормативтік актілеріне, тиісті сұрауларына сәйкес есептілікті (қаржылық, қаржылық емес) ұсыну ↗ Медиа-жоспарды қалыптастыру/Компанияның қызметі туралы ақпаратты БАҚ-та жариялау ↗ Компанияның жылдық есебі және интернет ресурсы.	Толық ақпарат «Стратегия», «Негізгі қаржылық көрсеткіштері» бөлімдерінде берілген.
Халықаралық ұйымдар		
↗ Компанияның халықаралық келісімдерге, бастамаларға қатысуы	↗ Конференциялар, форумдар, жыл сайынғы кездесулер ↗ Стратегиялық ынтымақтастық туралы шарттарға, меморандумдарға, келісімдерге қол қою ↗ Жұмыс топтарын құру, кеңестер, келіссөздер өткізу, сауалнама жүргізу ↗ Компанияның жылдық есебі және интернет ресурсы.	Толық ақпарат «Стратегия», «Негізгі қаржылық көрсеткіштері» бөлімдерінде берілген.
Кредиторлар		
↗ Экономикалық пайда/ Шоғырландырылған таза пайда/ Экономикалық нәтижелілік ↗ Дамуға және дивидендтерге арналған бос қаражат ↗ Таза активтердің (NAV) құны ↗ Инвестициялау және сатып алу практикалары/Сатып алу санаттық стратегияларын іске асыру қорытындылары бойынша пайдалар.	↗ Тұрақты талдамалық кездесулер мен келіссөздер өткізу, іскерлік хат алмасу, сауалнама жүргізу ↗ Медиа-жоспарды қалыптастыру/Компанияның қызметі туралы ақпаратты БАҚ-та жариялау ↗ «Жедел желі» ↗ Компанияның жылдық есебі және интернет ресурсы.	Толық ақпарат «Стратегия», «Негізгі қаржылық көрсеткіштері» бөлімдерінде берілген.
Жергілікті атқарушы органдар		
↗ Талаптарға сәйкестігі, жұмыс орындарын құру және сақтау, демеушілік және өзге де көмек ↗ Персоналдың еңбегі мен денсаулығын қорғау ↗ Өндірістің энергия және ресурс тиімділігі деңгейін арттыру, қор шаған ортаға эмиссияларды ба рынша азайту.	↗ Өңірлердің әлеуметтік саласын қолдау және дамыту мақсатында жергілікті атқарушы органдармен ынтымақтастық ↗ Волонтерлік және қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру және өткізу ↗ «Жедел желі», әлеуметтік желілер ↗ Компанияның жылдық есебі және интернет ресурсы.	Толық ақпарат «Стратегия», «Негізгі қаржылық көрсеткіштері» бөлімдерінде берілген.

Компанияға қатысты стейкхолдердің мүддесі	Өзара іс-қимыл тетіктері	Өзара іс-қимыл нәтижелері
БАҚ		
Талаптарға сәйкестігі, жұмыс орындарын құру және сақтау өндіріс қауіпсіздігінің мәдениеті Экономикалық пайда және нәтижелілік Нарықтағы үлес/Нарықтарға қатысу Өндірістің энергия және ресурс тиімділігі деңгейін арттыру Қоршаған ортаға эмиссияларды барынша азайту.	Баспасөз конференцияларын өткізу, баспасөз релиздерін беру Медиа-жоспарды қалыптастыру/Компания қызметі туралы ақпаратты жариялау «Жедел желі», әлеуметтік желілер Компанияның жылдық есебі және интернет ресурсы.	Толық ақпарат аспектілерін «ESG басқару» Ұжыммен кері байланыс әлеуметтік аясында бөлімінде берілген

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспары

«Самұрық-Энерго» АҚ-да 2021 жылғы 23 қыркүйектегі Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (№10/21 хаттама) Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспары тұрақты негізде іске асырылады. Жоспардың орындалуына мониторинг жыл сайын жүргізіледі.

2025 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспары шеңберінде көзделген іс-шаралар толық көлемде орындалды (қосымшаны қараңыз).

Еншілес және тәуелді ұйымдарда МТӨІЖ іске асыру

Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдары қолданыстағы инвестициялық жобалар шеңберінде бекітілген Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспарларының орындалуына мониторинг жүргізді. «АлЭС» АҚ, «У.Д. Қантаев атындағы Мойнақ СЭС» АҚ және «АЖК» АҚ негізгі жобалары бойынша МТӨІЖ орындалуы туралы есептер 2025 жылы тиісті еншілес және тәуелді ұйымдардың директорлар кеңестерімен бекітілді.

Ұлттық және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл

«Самұрық-Энерго» АҚ ТМД Электроэнергетикалық кеңесі, Қазақстан электр энергетикасы қауымдастығы, «Атамекен» ҚР ҰКП, «KAZENERGY» қауымдастығы, Қазақстан машина жасаушылар одағы, ECOJER қауымдастығы, Дүниежүзілік энергетикалық кеңес, БҰҰ Жаһандық шарты және «Paryz» жұмыс берушілердің ұлттық конфедерациясы сияқты бірқатар ұлттық және халықаралық салалық әрі қоғамдық бірлестіктердің мүшесі болып табылады.

Аталған ұйымдардағы қатысу салалық диалогты дамытуға, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруге, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және ESG күн тәртібін ілгерілетуге ықпал етеді.

2025 жылы Компания басшылығы ұлттық және халықаралық деңгейдегі отырыстарға, кеңестерге және салалық іс-шараларға, оның ішінде Kazakhstan Energy Week 2025 пен бейінді қауымдастықтардың отырыстарына белсенді қатысты.

Мемлекеттік органдармен және Акционермен өзара іс-қимыл

Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл (GR)

2025 жылы Компания инвестициялық жобаларды іске асыру, «жасыл» және дәстүрлі энергетиканы дамыту, сондай-ақ заңнамаға өзгерістер енгізуді бастамалау мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және жалғыз акционермен белсенді хат алмасу жүргізді.

Есепті кезеңде 10 677 кіріс және 3 155 шығыс құжат қаралды және жолданды. Компания «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңына түзетулер әзірлеуге және талқылауға, электр энергиясы мен қуат нарықтарының жұмыс істеу қағидаларын жетілдіруге, сондай-ақ перспективалы цифрлық және инфрақұрылымдық жобалар бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылға қатысты.

Акционермен өзара іс-қимыл

2025 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның медиа-жоспарлары шеңберінде Компания қызметін ақпараттық және есептік сүйемелдеу қамтамасыз етілді, оның ішінде инвестициялық жобаларды, ESG-бастамаларды және корпоративтік іс-шараларды жария ету жүзеге асырылды.

Компания Акционерге басқарушылық, қаржылық және кадрлық есептілікті уақтылы ұсынып отырды, сондай-ақ қызмет нәтижелері бойынша ай сайынғы тыңдауларға қатысты (12 тыңдау).

Еншілес және тәуелді ұйымдармен және ішкі стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл

Еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара іс-қимыл

ЕТҰ-мен өзара іс-қимыл корпоративтік басқару қағидаттарына және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады. 2025 жылы Компания басшылығы операциялық және әлеуметтік қызметті мониторингтеу мақсатында ЕТҰ өндірістік алаңдарына тұрақты түрде барды.

2024–2025 жылдары еңбек жағдайларын және санитариялық-тұрмыстық инфрақұрылымды жақсарту жөніндегі іс-шаралар іске асырылды. 2025 жылы есептік жиналыстар, алқалы органдардың отырыстары және 2024–2033 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру мәселелері бойынша стратегиялық сессия өткізілді.

Ішкі стейкхолдерлер

Компания корпоративтік мәдениетті дамытуға және персоналдың әл-ауқатын арттыруға айрықша мән береді. 2025 жылы спорттық, мәдени және әлеуметтік іс-шаралар, сондай-ақ персоналдың әл-ауқаты мен әлеуметтік тұрақтылығына қатысты зерттеулер жүргізілді.

Әкімшілік-басқарушылық персоналдың әл-ауқат индексі 59%-ға жетті (13 п.т. өсім), әлеуметтік тұрақтылық индексі — 77% (8 п.т. өсім), бұл қызметкерлердің тартылу деңгейінің оң динамикасын көрсетеді.

Жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл

2025 жылы Компания мен ЕТҰ жаңартылатын және дәстүрлі энергетика салаларындағы инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде қоғамдық және жария тыңдаулар ұйымдастырды, сондай-ақ тарифтік мәселелер мен генерация объектілерін жаңғырту жобалары бойынша халықпен кездесулер өткізді.

БАҚ-пен өзара іс-қимыл

2025 жылы Компания бұқаралық ақпарат құралдарымен жүйелі әрі проактивті өзара іс-қимылды қамтамасыз етті. БАҚ-та және әлеуметтік желілерде 100-ден астам материал жарияланып, сұхбаттар, пресс-турлар, брифингтер және экскурсиялар өткізілді.

Аудиторияны қамту мен тартылу деңгейінің өсуі байқалды әлеуметтік желілердегі жазылушылар саны, қаралымдар және өзара әрекеттесу көрсеткіштері артты. Медиакеңістікке күнделікті мониторинг жүргізіліп, жарияланымдарға, оның ішінде теріс мазмұндағы материалдарға жедел ден қою қамтамасыз етілді.

Негізгі серіктестер

GRI 2-28

Бағыт	Мазмұны
Міндеттемелер мен іс-әрекетке шақыру	БҰҰ-ның жаһандық шарты БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттары БҰҰ әйелдері
Есеп беру	GRI TCFD Қазақстан қор биржасы (KASE) Astana International Exchange биржасы (AIX)
Мүшелік және ынтымақтастық	KAZENERGY қауымдастығы Қазақстан электр энергетикасы қауымдастығы (ҚЭҚ) ТМД Электр энергетикалық кеңесі (ТМД ЭЭК) Дүниежүзілік Энергетикалық Кеңес Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (ҚР ҰКП) «Қазақстанның машина жасаушылар одағы» ЗТБ ECOJER қауымдастығы «PARYZ» ҚР жұмыс берушілер ұлттық конфедерациясы БҰҰ-ның жаһандық шарты Carbon Disclosure Project (CDP)
Бағалаулар мен рейтингтер	Fitch Ratings Sustainable Fitch PwC Kazakhstan RAEX

Мемлекеттік органдармен және Акционермен жүйелі өзара іс-қимыл Компанияның стратегиялық және инвестициялық жобаларын іске асыруға бағытталған. 2025 жылы дәстүрлі және «жасыл» энергетика саласындағы бастамалар, заңнамадағы өзгерістер, оның ішінде «Электр энергетикасы туралы» Заң, қуат нарығы тетіктерін дамыту және цифрлық инфрақұрылым саласындағы жобалар сүйемелденді. Акционерге басқарушылық, қаржылық және ESG есептілік тұрақты негізде ұсынылып отырды. Компания Акционер өткізген 12 айлық тыңдауға қатысты.

Еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара іс-қимыл тұрақты мониторинг, басшылықтың көшпелі сапарлары, стратегиялық сессиялар, бейінді комитеттердің отырыстары және еңбек ұжымдары мен кәсіподақтардың қатысуымен өткізілетін есептік жиналыстар арқылы жүзеге асырылды. «Самұрық-Энерго» АҚ басшылығы 2025 жыл бойы ЕТҰ-ның өндірістік алаңдарына бару жұмыстарын жүргізді. Әрбір ЕТҰ қызметінің қорытындыларын қарау бойынша 44 КПиОД отырысы өткізілді. Еңбек жағдайлары мен әлеуметтік тұрақтылық мәселелеріне айрықша назар аударылды 2025 жылдың қорытындылары бойынша қызметкерлердің әл-ауқат индексі 59%-ды, әлеуметтік тұрақтылықтың SRS индексі 77%-ды құрады. 2024–2025 жылдары санитариялық-тұрмыстық инфрақұрылымды жаңғырту және еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шаралардың кешені іске асырылды, оның ішінде 50 модульдік дәретхана салу және 74 ауыз су бұрқағын орнату қамтамасыз етілді. Оларды толыққанды пайдалану үшін 10 мың метрден астам сумен жабдықтау және кәріз желілері төселіп, жаңғыртылды. Келесі жылға Компания ЕТҰ ұсынған және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған сегіз басым міндетті айқындады. Іске асырылу сатысындағы өзге бастамалар олардың басымдық дәрежесін ескере отырып, тоқсан сайынғы қарау қорытындылары бойынша ПӘК жүйесіне кезең-кезеңімен енгізіледі.

Компания қызмет жүргізілетін өңірлердегі жергілікті қауымдастықтармен ашық әрі сындарлы диалогты қамтамасыз етеді. 2025 жылы энергетика объектілерін салу және жаңғырту жобалары шеңберінде, оның ішінде күн, жел және гидроэнергетика жобалары бойынша жария және қоғамдық тыңдаулар өткізілді, онда қоршаған ортаға әсерді бағалау, әлеуметтік-экономикалық үлес және тарифтік саясат мәселелері кеңінен талқыланды. 2025 жылы келесі қоғамдық/жария тыңдаулар өткізілді

- 2025 жылғы 23 қыркүйектен 29 қыркүйекке дейін «China Energy Overseas Investment Co., Ltd (China Energy)» компаниясымен бірлесіп Түркістан облысында 300 МВт күн электр станциясын салу жобасының қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша
- «TotalEnergies Renewable S.A.S.» компаниясымен бірлесіп «Қазақстан Республикасында жалпы қуаты 1 ГВт жел электр станциясын салу» жобасы аясында қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша тыңдаулар
  - 2025 жылғы 28 қазан – Мирный кенті
  - 2025 жылғы 29 қазан – Мойынқұм кенті
  - 2025 жылғы 30 қазан – Шу қаласы
  - 2025 жылғы 31 қазан – Үлкен ауылы.

«Өскемен су электр станциясы» АҚ

- 19 қыркүйекте Өскемен су электр станциясының №4 гидроагрегатын күрделі жөндеу жобасына арналған қоғамдық тыңдаулар өтті.

«Energy Solutions Center» ЖШС

- 28.04.2025 ж. – 2024 жылға арналған тарифтік сметаның орындалуы мәселесі бойынша халықпен кездесу өткізілді
- 28.07.2025 ж. – 2025 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша тарифтік сметаның орындалуы мәселесі бойынша халықпен кездесу өткізілді.

Бұқаралық ақпарат құралдарымен және цифрлық платформалармен өзара іс-қимыл Компанияның хабардарлығын арттыруға және ашықтық деңгейін күшейтуге бағытталған. Есепті жылы Компания мен ЕТҰ қызметін жүйелі ақпараттық сүйемелдеу жүзеге асырылды, оның ішінде БАҚ-та жарияланымдар орналастыру, сұхбаттар ұйымдастыру, брифингтер мен пресс-турлар өткізу, сондай-ақ аудиторияның тартылуын арттыруға және Компанияның іскерлік беделін нығайтуға ықпал еткен цифрлық коммуникация арналарының дамуы қамтамасыз етілді. Осы бағыттар шеңберінде компания мен еншілес компаниялардың қызметі туралы 100-ден астам материал дайындалып, БАҚ-та жарияланды. Материалдар «24 KZ», «Qazaqstan», «Jibek Joly», «Turkistan», «Мир» телеарналарында, «Egemen Qazaqstan», «Литер» газеттерінде, сондай-ақ tengrinews.kz, zakon.kz, kapital.kz, liter.kz, inform.kz, kursiv.kz, inbusiness.kz интернет-порталдарында және өзге де жетекші республикалық БАҚ-та жарияланды.

2025 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ және еншілес компаниялар басшылары мен өкілдерінің қатысуымен 21 сұхбат ұйымдастырылып, 5 брифинг, журналистер мен жұртшылық үшін электр станцияларына 7 пресс-тур, мектеп оқушылары мен студенттер үшін 11 экскурсия өткізілді, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдық бірлестіктердің 31 сұранысына жауап берілді.

Компанияның ресми веб-сайтында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының негізгі оқиғалары туралы 138 ақпараттық материал жарияланды. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында (Telegram, Instagram, Facebook, Aitu, TikTok) Компания қызметіне қатысты 626 пост, инфографика және бейнематериал орналастырылды.

2025 жылы әлеуметтік желілердегі ресми парақшалардағы белсенділік және аудиторияның тартылу көрсеткіштері айтарлықтай жақсарды. Атап айтқанда, Instagram желісіндегі жазылушылар саны 8,7 мыңнан 10,5 мыңға дейін өсті, бұл Компания қызметіне және оның жобаларына деген қызығушылықтың артқанын көрсетеді. Сонымен қатар, БАҚ-та және әлеуметтік желілерде Қомпания қызметі туралы жарияланымдардың қаралымы 50%-ға артты, бұл аудитория қамтылуының кеңейгенін және материалдарға жоғары қызығушылықты растайды. Компания қызметіне қатысты материалдар мен жарияланымдарды қайта тарату көлемі де 38%-ға ұлғайды. Өз кезегінде әлеуметтік желілердегі пайдаланушылардың тартылу деңгейі (лайктар, пікірлер және өзге де өзара әрекеттесу нысандары) 42%-ға өсті, бұл аудиторияның Компания қызметіне деген назарын және қызығушылығын айқын көрсетеді.

ESG ТӘУЕКЕЛДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

ESG тәуекелдерін басқару

«Самұрық Энерго» АҚ-да ESG тәуекелдері мен мүмкіндіктерін басқару жалпы корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесіне толыққанды ықпалдастырылған және басқарудың барлық деңгейлерінде күнделікті іскерлік қызметтің ажырамас элементі болып табылады. Компания операциялық қызметінде тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдана отырып, ұзақ мерзімді перспективада құнның тұрақты өсуін қамтамасыз етуге және бәсекеге қабілеттілікті арттыруға жүйелі түрде ұмтылады.

Компанияның тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқару саласындағы тәсілдері Тәуекелдерді басқару саясатында бекітілген, онда тұрақты даму аспектілерін қоса алғанда, елеулі тәуекелдер мен мүмкіндіктерді айқындау, бағалау, мониторингтеу және есептілік жүргізу қағидаттары нақты айқындалған.

Тәуекелдерді басқару процесі жүйелі және формалдандырылған сипатқа ие және Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелері мен функционалдық блоктарында бірыңғай тәртіппен қолданылады.

Компания тәуекелдерді басқару құралдарын және тұрақты даму қағидаттарына негізделген жүйелі тәсілді пайдалана отырып, тәуекелдерді кешенді бағалауды жүзеге асырады

1. тұрақты дамудың жаһандық факторларының ықпалына байланысты ағымдағы және перспективалық тәуекелдерді бағалау
2. экономикалық, әлеуметтік-демографиялық және экологиялық трендтерді болжамдау
3. Компания қызметінің қатысу өңірлеріне тигізетін ағымдағы әсерінің әлеуметтік, экологиялық және экономикалық аспектілерін талдау
4. Компанияның өңірлік әсерін басқаруға, тәуекелдерді төмендетуге және мүмкіндіктерді тиімді іске асыруға бағытталған іс-шараларды әзірлеу
5. тәуекел мәдениетін жүйелі түрде дамыту, тәуекелдерді басқару жөніндегі қабылданған шаралардың тиімділігін талдау және ағымдағы әрі болашақ тәуекелдермен байланысты мүмкіндіктерді айқындау.

ESG тәуекелдері мен мүмкіндіктерін қарау стратегиялық және бизнес-жоспарлау процестерімен қатар жүргізіледі, бұл басқарушылық шешімдер қабылдау барысында тұрақты даму факторларын жан-жақты ескеруге мүмкіндік береді.

Тұрақты даму контекстінде Компания ESG тәуекелдерінің келесі негізгі топтарын айқындайды

- персоналды басқару, жергілікті қауымдастықтарға әсер ету және адам құқықтарын сақтау мәселелерін қамтитын әлеуметтік тәуекелдер
- қоршаған ортаға әсер ету және климаттың өзгеруімен байланысты факторларды қамтитын климаттық және экологиялық тәуекелдер
- Компанияның өңірлер мен жалпы ел экономикасына ықпалымен байланысты экономикалық тәуекелдер.

ESG тәуекелдері мен мүмкіндіктерін бағалау тұрақты дамудың ағымдағы және перспективалық факторларын кешенді талдауды, жаһандық экономикалық, әлеуметтік-демографиялық және экологиялық трендтерді зерделеуді, сондай-ақ Компания қызметінің өңірлік және ұлттық деңгейлердегі ықтимал әсерлерін бағалауды қамтитын әдіснамалық тәсіл негізінде жүзеге асырылады. Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша тәуекелдерді төмендетуге, теріс әсерлерді барынша азайтуға және айқындалған мүмкіндіктерді іске асыруға бағытталған басқарушылық шаралар әзірленеді.

Басқару жүйесінде тәуекел мәдениетінің жетілу деңгейін арттыруға, қызметкерлердің ESG тәуекелдері саласындағы хабардарлығын кеңейтуге және қабылданатын шаралардың нәтижелілігін бағалауға ерекше мән беріледі. Тәуекелдерді басқару тиімділігі белгіленген корпоративтік рәсімдер шеңберінде тұрақты негізде қайта қаралып отырады.

Негізгі тәуекелдер туралы, сондай-ақ оларды басқару құралдары мен ішкі бақылау жүйесі туралы ақпарат «Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау» бөлімінде ашып көрсетілген.

2025 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ БАСТАМАЛАР

2025 жылы «Самұрық Энерго» АҚ тұрақты даму саласында корпоративтік және климаттық басқару жүйесін дамытуға, ақпаратты ашудың ашықтығын арттыруға, мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды күшейтуге және Компанияда ESG тәжірибелерін ауқымдауға бағытталған негізгі іс-шаралар кешенін іске асырды. Есепті кезеңнің негізгі оқиғалары ESG тәсілдерін стратегияға, басқарушылық процестерге және еншілес ұйымдардың қызметіне дәйекті түрде интеграциялауды көрсетеді. Тұрақты дамудың негізгі бағыттары бөлінісінде іске асырылған бастамалар мен қол жеткізілген нәтижелер төмендегі кестеде көрсетілген.

Аталған бағыттарды дамыту шеңберінде 2025 жылғы маңызды бастамалардың бірі климаттық тәуекелдерді басқарудың және ақпаратты ашудың озық халықаралық тәжірибелерін TCFD ұсынымдары мен IFRS S2 талаптарына сәйкес енгізу жобасы болды. Жоба климаттық күн тәртібін корпоративтік басқаруға, стратегиялық жоспарлауға және Компанияның есептілігіне жүйелі түрде интеграциялау үшін әдіснамалық негіз қалыптастыруға бағытталды.

Жоба аясында «Самұрық Энерго» АҚ-ның стратегиясы мен қаржылық көрсеткіштеріне өтпелі және физикалық климаттық тәуекелдердің әсеріне сандық бағалау жүргізілді, климаттық мақсаттарға қол жеткізу бойынша сценарийлік алғышарттар мен траекториялар нақтыланды, сондай-ақ басқарушылық және есептілік процестерінде климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді есепке алудың қолданбалы тәсілдері әзірленді. Жоба нәтижелері есепті кезеңде климат және тұрақты даму саласындағы негізгі басқарушылық шешімдер мен бастамаларды қабылдауға негіз болды.

2025 жылғы тұрақты даму саласындағы негізгі оқиғалар

Негізгі бағыт	Іске асырылған іс-шаралар және нәтижелер
ESG рейтингі	Sustainable Fitch Компанияға ESG рейтингін «3» деңгейінде, жиынтық 57 балл (+5 балл) көрсеткішімен берді.
Климат және стратегиялық басқару	2025 жылы «Самұрық Энерго» АҚ климат және тұрақты даму саласында келесі негізгі басқарушылық құжаттарды бекітті - 2025–2026 жылдарға арналған климаттық корпоративтік басқару жоспары TCFD ұсынымдарына сәйкестікті бағалау нәтижелері негізінде әзірленіп, 18 іс-шараны қамтиды. Жоспарды іске асыру климаттық күн тәртібін жүйелі түрде интеграциялауға және ақпаратты ашудың айқындығын арттыруға бағытталған. - «Самұрық-Энерго» АҚ-ның климаттық корпоративтік басқару саясаты. - «Самұрық-Энерго» АҚ-ның климат саласындағы процестерді басқару регламенті. - «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша Scope 3 санатындағы парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі. - 2025–2026 жылдарға арналған тұрақты дамуды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі Жол картасы. 2025 жылдың қорытындылары бойынша 103 іс-шараның 102-сі орындалды (99%). Жаңарту барысында Жол картасына TCFD тәсілдерін енгізу және климаттық ақпаратты ашуға дайындықты қамтамасыз етуге байланысты қосымша 17 жаңа іс-шара енгізілді. «Самұрық-Энерго» АҚ RAEX рейтингтік агенттігінің зерттеуі бойынша өнеркәсіптік компаниялар арасында климаттық тәуекелдерді басқару тұрғысынан көшбасшылар қатарына енді. Компания Ресей, Қазақстан, Өзбекстан және Моңғолияның 145 ірі компаниясы арасында 8-орынды иеленді.

Негізгі бағыт	Іске асырылған іс-шаралар және нәтижелер
ESG бастамаларын және Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру	Компания 2022–2026 жылдарға арналған тұрақты даму бастамалары жоспарын іске асыруды жалғастырды, бұл жоспар ұзақ мерзімді мақсаттарға қол жеткізуге және БҰҰ-ның 17 Тұрақты даму мақсатына үлес қосуға бағытталған. ↗ 2025 жылғы 22 мамырда Директорлар кеңесі 2024 жылға арналған Жоспардың орындалуы туралы есепті бекітті ↗ 40 іс-шараның 30-ы іске асырылды (орындалу деңгейі — 75%). ↗ Бастамалар экологиялық жауапкершілік, әлеуметтік қорғалу, еңбекті қорғау, сондай-ақ корпоративтік басқару мен ESG тәжірибелерін дамыту бағыттарын қамтиды. Компания RAEX ESG-рэнкингінде «Басқару» бағыты бойынша ТОП-10 құрамына еніп, 5-орынға ие болды.
Халықаралық есептілік және ашықтық	Халықаралық стандарттарға бейілділік шеңберінде Компания негізгі қаржылық емес ақпараттың ашықтығын қамтамасыз етті ↗ 2025 жылғы 3 маусымда БҰҰ Жаһандық шарты платформасында 2024 жылға арналған Ілгерілеу туралы есеп (Communication on Progress) жарияланды, онда БҰҰ Жаһандық шартының 10 қағидатын іске асыру барысы көрсетілген. ↗ 2026 жылғы 8 қаңтарда 2024 жылға арналған CDP сауалнамасының нәтижелері жарияланды. Сауалнама климат, су ресурстары, биоәртүрлілік, тәуекелдер және стратегия мәселелерін қамтыды. CDP халықаралық агенттігінің парниктік газдар шығарындылары мен су ресурстарын басқару жөніндегі ақпаратты ашу бағалауы нәтижесінде Компанияға «D» деңгейі берілді. PWC Kazakhstan ESG-ақпаратты ашу рейтингі нәтижелері бойынша Компанияға ең жоғары A+ рейтингі берілді. Компания келесі номинациялар бойынша көшбасшы ретінде танылды 1. Энергетика секторында ESG-ақпаратты ашудың үздік деңгейі — қаржылық емес есептілікке кешенді тәсілді көрсетеді. 2. Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін ашудың үздік деңгейі — экологиялық аспектілерге және табиғи ортаға әсерді азайту тәжірибелеріне басымдық береді. 3. Тұрақты даму стратегиясын ашудың үздік деңгейі — ұзақ мерзімді мақсаттарды, басқару процестерін және ESG басымдықтарының корпоративтік стратегияға интеграциясын айқын ұсынады. 4. Әлеуметтік мәселелерді ашудың үздік деңгейі — әлеуметтік жауапкершілік, персоналмен, қауымдастықтармен және өзге де мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл туралы ақпаратты жүйелі түрде жариялау. Қазақстан қор биржасы 2023 жыл қорытындылары бойынша жылдық есептер конкурсында Компанияға «Қаржылық емес сектордағы үздік жылдық есеп» номинациясы бойынша 1-орын берді. RAEX рейтинг агенттігінің жылдық есептер рейтингісінде Компанияға 5 жұлдыз және «Жылдық есептің ең жоғары сапасы» мәртебесі берілді. Компания MarCom Awards 2025 халықаралық жылдық есептер конкурсында Publications | Annual Report | Government санатында алтын мүсіншеге ие болды.

Негізгі бағыт	Іске асырылған іс-шаралар және нәтижелер
Мүдделі тараптармен және қауымдастықтармен өзара іс-қимыл	2025 жылы Компания мүдделі тараптармен және жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимылды жүйелі түрде күшейтті ↗ 2025 жылғы 24 ақпанда Директорлар кеңесі 2024 жылға арналған мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл туралы есепті бекітті. ↗ 2025 жылғы мамырда «Samruk Kazyna Trust» КҚ қолдауымен ҮЕҰ үшін оқыту вебинары өткізілді. ↗ 2025 жылғы қыркүйекте қатысу өңірлеріндегі ҮЕҰ арасында басым әлеуметтік мәселелерді айқындау мақсатында сауалнама жүргізілді (4 облыстан 23 ұйым). ↗ 9 еншілес және тәуелді ұйым бойынша жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл бағдарламасының іске асырылуына мониторинг жүргізілді.
Еншілес компанияларды және ESG тәжірибелерін дамыту	2025 жылғы қазанда «Samruk Green Energy» ЖШС-де корпоративтік басқару және тұрақты даму процестеріне көшпелі кешенді талдау жүргізілді. Талдау мынадай бағыттарды қамтыды ↗ ESG процестерінің жетілу деңгейін бағалау ↗ күшті тұстар мен даму аймақтарын айқындау ↗ практикалық ұсынымдар қалыптастыру. Қалыптастырылған ұсынымдар 2026 жылға арналған Жол картасын әзірлеу барысында ескерілетін болады.

Тұрақты даму мәселелері бойынша арнайы сессия

2025 жылғы 12 желтоқсанда корпоративтік басқару және ESG мәселелеріне арналған стратегиялық сессия өтті, оған Корпоративтік орталықтың және Топтың еншілес ұйымдарының 40-тан астам бейінді маманы қатысты.

Іс-шара 2025 жылдың қорытындыларын шығаруға, 2026 жылға арналған басымдықтарды талқылауға және ішкі сараптамалық өзара іс-қимылды дамытуға арналды

Ашық пікірталас барысында тұрақты дамудың негізгі бағыттары қарастырылды, оның ішінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік, адами капиталды дамыту, экологиялық жауапкершілік және корпоративтік процестерді жетілдіру. Еншілес ұйымдар өз жетістіктері мен іске асырылған бастамаларын ұсынды, бұл Топтың ілгерілеуі туралы кешенді түсінік қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Сессия қорытындысы бойынша ESG тәжірибелерін дамытуға, корпоративті деңгейлер арасындағы өзара іс-қимылды күшейтуге және Компания қызметінің тиімділігі мен о тұрақтылығын арттыруға бағытталған 2026 жылға арналған бірлескен бастамалар айқындалды.

«Самұрық Энерго» АҚ тұрақты даму қағидаттарын өз қызметіне интеграциялады және БҰҰ-ның 17 Тұрақты даму мақсатына бейілділігін растайды. Компания өз қызметі шеңберінде басым ТДМ-ға қол жеткізуге үлес қосады, бұл іске асырылып жатқан жобаларда, тиімділік көрсеткіштерінде және есепті кезең нәтижелерінде көрініс тапқан.

2025 жылы «Самұрық Энерго» АҚ қызметкерлердің хабардарлығын арттыруға, басқарушылық құзыреттерді дамытуға және іскерлік әдеп пен комплаенс мәдениетін нығайтуға бағытталған ESG және корпоративтік құндылықтар саласындағы оқыту бастамаларын іске асырды. Есепті кезеңдегі негізгі оқыту іс-шаралары төмендегі кестеде ұсынылған.

Есепті кезеңнің негізгі оқыту іс-шаралары

Күні	Мақсатты аудитория	Формат	Оқу тақырыбы/мазмұны	Мақсаты және негізгі нәтиже
25.11.2025	Директорлар кеңесі, топ-менеджмент, бөлімшелер басшылары	Офлайн сессия	«McKinsey & Company» компаниясымен бірлесіп «Ағымдағы энергетикалық жүйеге шолу және энергетиканың даму болжамы (Global Energy Perspective 2025)»	Басшылықтың құзыреттерін энергетиканың жаһандық трансформациясы және ESG күн тәртібі жағдайында арттыру
30.06.2025	Барлық жұмыскерлер	Онлайн-оқыту	«Самұрық Энерго» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру	Сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік корпоративтік мәдениетін күшейту
	Компаниялар тобының жұмыскерлері	Оқыту курсы	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша Scope 3 санатындағы парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі	Scope 3 санатындағы парниктік газдар шығарындыларын есептеу бойынша практикалық-бағдарланған оқыту
23.09.2025	Таланттар пулының қатысушылары	Офлайн-тренинг	«Ағымдағы ағын жағдайындағы көшбасшылық мотивация, ықпал және энергия»	Көшбасшылық құзыреттерді және команданы басқару дағдыларын дамыту
25.09.2025	Барлық жұмыскерлер	Онлайн-оқыту	Негізгі халықаралық ұйымдар және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы халықаралық талаптар мен тәжірибелер бойынша жұмыскерлердің білім деңгейін арттыру
17.11.2025	Барлық жұмыскерлер	Оқыту материалдары	Комплаенс, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат	Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының және ішкі нормативтік құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету
28.11.2025	Барлық жұмыскерлер	Вебинар	«Гендерлік теңдік»	Кадр саясатын іске асыру және тең мүмкіндіктер қағидаттарын ілгерілету
27–28.11.2025	Компания жұмыскерлері	Оқыту курсы	«Инвестициялық жобаларды іске асыру кезіндегі тәуекелдер»	Инвестициялық және жобалық тәуекелдерді басқару саласындағы құзыреттерді арттыру
04.12.2025	Таланттар пулының қатысушылары	Кездесу, тренинг	Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің қатысуымен «Стратегиялық ойлау»	Стратегиялық ойлауды және басқарушылық әлеуетті дамыту
19.12.2025	Барлық жұмыскерлер	Онлайн-оқыту	«Самұрық Энерго» АҚ-ның Мінез-құлық кодексі қолдану ерекшеліктері	Іскерлік әдеп және корпоративтік құндылықтар мәселелері бойынша саналы көзқарасты арттыру

Компанияның басым Тұрақты даму мақсаттарына қосқан үлесі



Кедейшілікті оның барлық нысандарында жаппай жою

БҰҰ ТДМ МІНДЕТТЕРІ

1. 2030 жылға қарай қазіргі уақытта күніне 2,15 АҚШ долларынан кем тұратын адамдардың санымен өлшенетін бүкіл әлемдегі барлық адамдар үшін ең соңғы кедейшілікті жою.
2. 2030 жылға қарай ұлттық анықтамаларға сәйкес кедейшілікте өмір сүретін барлық жастағы ерлер, әйелдер мен балалардың кемінде екі есе азайту.
3. 2030 жылға қарай барлық ерлер мен әйелдердің, әсіресе кедей және осал әйелдердің экономикалық ресурстарға тең құқықтарына, сондай-ақ жаңа технологияларға сәйкес келетін негізгі қызметтерге, жерді және меншіктің басқа да нысандарын, мұраны, табиғи ресурстарды иеленуге және бақылауға қол жеткізуін қамтамасыз ету.

Компанияның жобалары/міндеттері/ПӘК

«Кадрлардың тұрақтамауы» ПӘК белгілеген бақылау арқылы жұмыс орындарын сақтау, 14% -дан аспайды.

Бәсекеге қабілетті жалақыны қамтамасыз ету, жалақыны индекстеу.

«Самұрық-Энерго» АҚ әлеуметтік тұрақтылығын арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

«Жергілікті халық өкілдері қатарынан жалданған жоғары дәрежелі басшылар үлесінің сәйкестігін қамтамасыз ету» ТТК мониторингі.

Кемінде 65% деңгейінде «Персоналдың әл-ауқат дәрежесі» ПӘК мониторингі.

Компания жергілікті халықтың шаруашылықтарын тұрақты жүргізу мүмкіндігі үшін өзінің барлық өңірлерінде, оның ішінде шалғай аудандар мен елді мекендерде үздіксіз энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етеді.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар.

Көмір электр станцияларында көміртекті ұстау және сақтау технологияларын қолдану мүмкіндігін зерделеу. Қазандық агрегаттарын азықсыз жағу жүйесінің технологиясын енгізу (плазмалық-отын жүйесі)

2025 жылдың нәтижелері

СЭ-нің даму стратегиясы еңбек жағдайларын үздіксіз жетілдіруге, қауіпсіздік деңгейін арттыруға және қызметкерлердің әл-ауқатын жақсартуға бағытталған әлеуметтік бастамаларды дамытуға бағдарланған. Қатысу өңірлеріндегі негізгі міндеттердің бірі өндірістік тәсілдер мен әлеуметтік басымдықтар арасындағы теңгерімді сақтау болып табылады. Төмен көміртекті дамуға көшу аясында әлеуметтік аспектілерді ескеретін кешенді тәсілді қолдану қажет. Бұл еңбек ұжымын жаңа жағдайларға дайындауды, оның ішінде релокация бағдарламаларын және қажет болған жағдайда кадрларды уақтылы қайта даярлауды талап етеді.

- 2025 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында, оның ішінде бірлескен және тәуелді ұйымдарды қоса алғанда, кадрлар айналымының жалпы коэффициенті 13%-ды құрады. Бұл ретте кадрлар тұрақтамауының көрсеткіші 10,3%-ды құрады.
- 2025 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметкерлерінің, оның ішінде бірлескен және тәуелді ұйымдарды қоса алғанда, орташа айлық жалақысы 692 741 теңгені құрады.
- 2025 жылғы қаңтардан бастап компаниялар тобының барлық еншілес және тәуелді ұйымдарында жалақы орта есеппен 8%-ға индекстелді.
- 2025 жылы «Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникация орталығы» ЧУ «Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлерінің әл-ауқатын төрт негізгі бағыт бойынша бағалау үшін қызметкерлердің тартылуын анықтауға сауалнама жүргізді денсаулық, тартылу деңгейі, әлеуметтік, физикалық және менталдық жай-күй, сондай-ақ қаржылық тұрақтылық. 2025 жылға арналған әкімшілік-басқарушылық персонал бойынша зерттеу қорытындысы негізінде «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша индекс 59%-ды құрады. Бұл өткен жылдың көрсеткішінен (46%) 13 т.п.-ке жоғары.
- 2025 жылы әлеуметтік тұрақтылықты талдау үшін Samruk Research Services әдістемесін пайдалана отырып, өндірістік персонал арасында социологиялық зерттеу жүргізілді. Сауалнама нәтижелері бойынша SRS интегралдық көрсеткіші 77%-ды құрады.
- Ұйым қызметін жүзеге асырудың елеулі өңірлеріндегі жоғары деңгейдегі басшылардың жергілікті халық өкілдерінің қатарынан жұмысқа қабылданған үлесі 100%.
- Компаниялар тобының Қазақстанның электр энергиясы нарығындағы үлесі 32,8%-ды құрады.
- Қазақстанның электр энергиясы нарығындағы ЖЭК электр энергиясын өндіру үлесі 6,4%.
- Компанияның көмір өндірудегі үлесі ҚР жалпы көмір өндіру көлемінің 39%-ын құрады.

4 САПАЛЫ БІЛІМ

Барлық қамтылған және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлық адамдар үшін өмір бойы оқыту мүмкіндігін көтермелеу

БҰҰ ТДМ МІНДЕТТЕРІ

4.4. 2030 жылға қарай жұмысқа орналасу, лайықты жұмыс пен кәсіпкерлік үшін техникалық және кәсіптік дағдыларды қоса алғанда, қажетті дағдылары бар жастар мен ересектердің санын айтарлықтай ұлғайту.

Компанияның жобалары/міндеттері/ПӘК

Жастар ісі жөніндегі «Jas Energy» кеңесі жұмыс істейді.

«Самұрық-Энерго» АҚ-да тәжірибе мен тағылымдаманы ұйымдастыру және өткізу ережесі бекітілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ жастар саясатын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әрекет етеді

2025 жылдың нәтижелері

Даму стратегиясы персоналды Компанияның негізгі стратегиялық ресурсы және маңызды бәсекелестік артықшылығы ретінде айқындайды. Генерация көлемінің күтілетін өсуі және ЖЭК-тің белсенді дамуы жағдайында саланың кадрлық әлеуетін арттыру үшін жағдай жасау жөніндегі жұмыс жалғасуда. Компания өзінің қатысу өңірлеріндегі ең беделді жұмыс берушілердің біріне айналуға ұмтылады.

- Компанияда 800 студент оқу-өндірістік практикадан өтті, 70-тен астам студент дуальды оқудан өтті.
- Компания тұрақты негізде жұмыс істейтін оқу орындарын есепке алмағанда, оқу орындарымен ынтымақтастық туралы шамамен 30 жаңа келісім мен меморандум жасалды.
- «Самұрық-Энерго» АҚ жетекші қазақстандық жоғары оқу орындары және колледждермен стратегиялық серіктестікті жүйелі түрде кеңейтіп келеді. Олардың қатарында «Алматы энергетика және байланыс университеті» КеАҚ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ КеАҚ, Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, «Торайғыров университеті» КеАҚ, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті КеАҚ, Мұхамеджан Тынышбаев атындағы ALT университеті, «Электротехникалық колледж» КМҚК, «Екібастұз политехникалық колледжі» ШЖҚ КМК және өзге де білім беру ұйымдары бар.
- 2025 жылы Компания «Алматы электр станциялары» АҚ және «АЭжБУ» КеАҚ арасындағы келісім аясында (30.09.2024 жылғы) «АЭжБУ» КеАҚ студенттері үшін Генуя университетінде (Италия) халықаралық тағылымдаманы ұйымдастырды. Бағдарлама шеңберінде 4 студент бір семестр (120 күн) бойы тағылымдамадан өтті. Тағылымдама 2025 жылғы желтоқсанда сәтті аяқталып, қатысушыларға халықаралық тәжірибе алуға және заманауи бу-газ қондырғылары мен жылу энергетикасы саласында тереңдетілген білім алуға бірегей мүмкіндік берді.
- Конкурс ұйымдастырылып, оның қорытындысы бойынша жоғары оқу орындарының студенттеріне 16 білім беру гранты бөлінді.
- Ой-пікірлермен және тәжірибемен алмасу арқылы тұлғаның әлеуметтік және кәсіби дамуы мақсатында «Жұмысшы кәсіптері болашақ энергиясы» атты инфо-сессия форматындағы «IV Жұмысшы кәсіптері жастарының форумы» өткізілді. Іс-шараға «Самұрық-Энерго» тобының барлық еншілес және тәуелді ұйымдарынан жұмысшы мамандықтарындағы 100 жас қызметкер қатысты.
- АО «Самұрық-Қазына» компаниялар тобындағы жастар саясатын дамыту бағдарламасы шеңберінде «7 Qadam PRO» бағдарламасына қатысу үшін «Богатырь Көмір» ЖШС, «Алатау Жарық Компаниясы» және «Шүлбі СЭС» ЖШС»-тен жас мамандар іріктелді. «7 Qadam master» бағдарламасына еңбек қауіпсіздігі, зертханалық және химиялық талдау, сондай-ақ электрмонтаж мамандықтары бойынша 3 қызметкер мен 3 тәлімгер қатысты.

5 ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК

Барлық әйелдер мен қыздардың гендерлік теңдігін қамтамасыз ету және құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту

БҰҰ ТДМ МІНДЕТТЕРІ

5.1 Бүкіл әлемдегі барлық әйелдер мен қыздарға қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарына шек қою.

5.2 Адам саудасын, сондай-ақ жыныстық және пайдаланудың басқа да түрлерін қоса алғанда, мемлекеттік және жеке салалардағы барлық әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық зомбылықтың барлық нысандарын жою.

5.5. Әйелдердің толық және тиімді қатысуын және саяси, экономикалық және қоғамдық өмірде шешімдер қабылдаудың барлық деңгейлерінде көшбастышылық үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

5.C Барлық деңгейдегі барлық әйелдер мен қыздардың гендерлік теңдігі мен құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге жәрдемдесу үшін орынды саясат пен жүзеге асырылып жатқан заңнаманы қабылдау және нығайту қажет.

Компанияның жобалары/міндеттері/ПӘК

«БҰҰ-әйелдер» серіктестігі және БҰҰ Жаһандық шарты шеңберінде әзірленген Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттарын қолдау туралы мәлімдемеге қол қойылды.

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасындағы және «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының Байқау кеңестеріндегі/Директорлар кеңестеріндегі әйелдердің үлесін 2030 жылға қарай 30% -ға дейін арттыру жөніндегі іс шаралар жоспары бекітілді.

ПӘК орнатылды Жұмыс күшінің құрамындағы әйелдер санын ұлғайту.

ПӘК орнатылды Кадр резерві құрамындағы әйелдер санын ұлғайту.

2025 жылдың нәтижелері

Кемсітушілік, қысым көрсету және құдалау бойынша расталған жағдайлар тіркелген жоқ.

Компаниялар тобындағы әйелдердің үлесі – 26%.

«Самұрық-Энерго» Директорлар кеңесіндегі әйелдердің үлесі – 14%.

Компаниялар тобының ДК/ҚК құрамындағы әйелдердің үлесі – 28% (87 мүше, оның ішінде 24 әйел).

2024 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ-да әйелдерді қолдау және дамыту мақсатында біріккен Әйелдер клубы құрылды.

2025 жылғы 24 қазанда «Самұрық-Энерго» АҚ әйелдеріне арналған «Көшбасшылық шабыт, саналылық және тиімділік» атты форум-тренинг өткізілді, ол көшбасшылық құзыреттерді, саналылықты және жеке тиімділікті дамытуға бағытталды, әйел-көшбасшылардың қатысуымен және қарқынды оқыту сессияларымен өтті, сондай-ақ Компанияның корпоративтік орталығы мен еншілес ұйымдарының 80 өкілін қамтыды.

2025 жылғы 30–31 қазанда Жұмысшы мамандықтар жылы аясында Алматы қаласында КИМЭП базасында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының жұмысшы мамандықтарындағы әйелдеріне арналған «Шабыт жолы энергетика саласындағы әйелдер» атты екі күндік даму бағдарламасы іске асырылды, ол олардың өндірістік саладағы рөлін нығайтуға, кәсіби құзыреттерін дамытуға және тұлғалық әлеуетін ашуға бағытталды.

6 ТАЗА СУ ЖӘНЕ САНИТАРИЯ

Барлығы үшін су ресурстары мен санитарияның болуын және ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету

БҰҰ ТДМ МІНДЕТТЕРІ

6.3 2030 жылға қарай ластануды азайту, қалдықтардың төгілуін жою және қауіпті химиялық заттар мен материалдардың шығарындыларын барынша азайту, тазартылмаған сарқынды сулардың үлесін екі есеге қысқарту және рециркуляция ауқымын едәуір ұлғайту арқылы судың сапасын арттыру және бүкіл әлемде сарқынды суларды қауіпсіз қайта пайдалану.

6.4 2030 жылға қарай барлық секторларда су пайдаланудың тиімділігін айтарлықтай арттыру және судың жетіспеушілігі проблемасын шешу және судың жетіспеушілігінен зардап шегетін адамдар санының айтарлықтай қысқаруы үшін тұщы судың тұрақты алынуын және берілуін қамтамасыз ету

2025 жылдың нәтижелері

- Су ресурстарын сақтау стратегиясы аясында біз сумен жабдықтаудың жабық жүйелерін, оның ішінде Екібастұз ЖЭС-теріндегі су жинақтаушы салқындатқыш су қоймаларын және күлді тікелей ағынды жүйемен шығару жүйелерін белсенді қолдандық. Алматы ЖЭО-ларында градирнялары бар айналымды салқындату жүйелері қолданылды, сондай-ақ күл үйінділерінен алынатын су пайдаланылды, бұл су пайдаланудың тиімділігін арттыруға және қоршаған ортаны қорғауға ықпал етті.
- 2025 жылы аккредиттелген мамандандырылған зертханалар Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына сәйкес су объектілерінің жай-күйіне тұрақты мониторинг жүргізді, оның ішінде жерүсті, жерасты және сарқынды сулардың химиялық құрамы мен сапасын айқындау жүзеге асырылды.
- Есепті кезеңде ЕТҰ-ларда сарқынды сулар төгінділеріндегі ластаушы заттардың шекті жол берілетін концентрацияларының артуының бірде-бір жағдайы тіркелген жоқ.
- Барлық өндірістік кәсіпорындарда тұщы суды пайдалануды, нормативтік тұрғыдан тазартылған суды ағызуды, суды тасымалдау кезіндегі шығындарды қысқарту және сарқынды суларды қайта пайдалану жүйелерін енгізу жөніндегі іс-шараларды қамтитын су ресурстарын ұтымды пайдалану жоспарлары орындалды.

Компанияның жобалары/міндеттері/ПӘК

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобындағы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Су ресурстарын ұтымды пайдалану жоспарлары

Міндеттер:

- бірнеше рет және қайталап пайдаланылатын судың үлесін ұлғайту;
- су пайдалану саласындағы тәуекелдерді барынша азайту;
- ағызылатын сарқынды сулардың сапасын жақсарту.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Экологиялық қауіпсіздік бағдарламасына су ресурстарын тиімді басқару жөніндегі мынадай іс-шаралар енгізілген:

- өнім бірлігіне шаққандағы су алу көлемін төмендету;
- су ресурстарының, оның ішінде сарқынды сулардың сапасына қойылатын талаптарды сақтау;
- гидрокүл шығару жүйелерін, құбыржолдарды және тазарту құрылыстарындағы сорғы жабдықтарын жөндеу.

7 ҚОЛЖЕТІМДІ ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ

Қолжетімді, сенімді, тұрақты және қазіргі заманғы энергияға қол жеткізу

БҰҰ ТДМ МІНДЕТТЕРІ

7.1 2030 жылға қарай арзан, сенімді және қазіргі заманғы энергетикалық қызметтерге жалпыға бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету

7.2 2030 жылға қарай әлемдік энергетикалық тең-герімдегі жаңартылатын энергия көздерінің үлесін айтарлықтай ұлғайту.

7.3 2030 жылға қарай энергия тиімділігін арттырудың жаһандық қарқынын екі есеге ұлғайту.

7.A 2030 жылға қарай жаңартылатын энергия көздерін, энергия тиімділігін және қазбалы отынды пайдаланудың озық және неғұрлым таза технологияларын қоса алғанда, таза энергетика саласындағы зерттеулер мен технологияларға қол жеткізуді жеңілдету үшін халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, сондай-ақ инфрақұрылым таза мен энергетикалық энергетикалық экологиялық технологияларға инвестицияларды көтермелеу.

2025 жылдың нәтижелері

Электр энергиясына өсіп келе жатқан қажеттілікті жабу стратегиясы аясында жаңа қуаттарды, ең алдымен, ЖЭК объектілері мен базалық қажеттілікті жабуға арналған көмір генерациясы есебінен іске қосу көзделеді. Сондай-ақ, сұраныстың тәуліктік ауытқуларын және ЖЭК объектілерінің электр энергиясын біркелкі өндірмеуін өтеу үшін маневрлік газ станцияларын, маневрлік жұмыс режимдері бар гидрогенерациялаушы объектілерді және энергия жинақтау жүйелерін іске қосу жоспарланған.

- 2025 жыл бойы негізгі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жөніндегі жұмыстар жалғастырылды, бұл СЭ-нің белгіленген қуатын 2024 жылғы 8,0 ГВт-тан 2033 жылға қарай 23,5 ГВт-қа дейін ұлғайтады (2024–2033 жылдарға арналған Даму стратегиясының деректері бойынша).
- 2025 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ электр энергиясын өндіру көлемі 40 436 млн кВт*сағ -қа жетіп, 2024 жылғы көрсеткіштен 1,7%-ға асты.
- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның ЖЭК объектілерінде 2024 жылы электр энергиясын өндіру көлемі 553 млн кВт*сағ-ты құрады, бұл ҚР-дағы ЖЭК өндіретін электр энергиясының жалпы үлесінің 6,4%-ына сәйкес келеді.
- Сенімділіктің негізгі индикаторы технологиялық бұзушылықтар санының азаюы болып табылады. Жоспарланған іс-шараларды орындау, энергетиктердің жүйелі күнделікті жұмысы және қаражатты дәйекті инвестициялау нәтижесінде олардың санын 2024 жылмен салыстырғанда 7%-ға төмендетуге қол жеткізілді.
- 2025 жылдың қорытындысы бойынша 67 түрлі іс-шара орындалды (жоспар бойынша – 65), «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында энергия тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды іске асыру 2,7 млрд теңге сомасына (жоспар бойынша – 1,5 млрд теңге) 247 мың астам үнемдеуге мүмкіндік берді.
- «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында энергия тиімділігін арттыру жөнінде жүргізілген іс-шаралар энергия тұтынуды 9 616 мың ГДж-ға дейін қысқартуды қамтамасыз етті.
- 2025 жылы Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасы өзектендірілді. Бағдарламаны әзірлеу кезінде Компанияның 12 өндірістік еншілес ұйымына (ЕҰ) тексеру жүргізіліп, энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыру жөніндегі ұйымдастырушылық, техникалық, нормативтік, кадрлық және басқа да іс-шаралар қалыптастырылды.
- 2025 жылғы 11 қарашада «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі үздік рационализаторлық ұсыныс» жыл сайынғы конкурсы өтті. Іс-шара еншілес ұйымдардың белсенді қызметкерлерін көтермелеуге, тұрақты инновациялық ортаны қалыптастыруға және практикаға бағдарланған технологиялық шешімдерді өндірістік қызметке енгізуге бағытталған.
- 2025 жылғы 11 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» АҚ алғаш рет технологиялық дамуды қолдауға және портфельдік компаниялардағы инновациялық белсенділікті көтермелеуге бағытталған «Үздік инновациялық компания» конкурсын өткізді. «Үздік инноватор» номинациясында Екібастұз МАЭС-2 қызметкері Дмитрий Мартыненко жеңімпаз атанды.

Стратегиялық есеп Өнімділік көрсеткіштері Инклюзивті және тұрақты экономикалық өсуге, жұмыспен қамтуға және барлығына лайықты жұмысқа жәрдемдесу

БҰҰ ТДМ МІНДЕТТЕРІ

8.5. 2030 жылға қарай барлық әйелдер мен ерлер үшін, оның ішінде жастар мен мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін толық және өнімді жұмыспен және лайықты жұмысқа, сондай-ақ тең құндылықтағы еңбек үшін тең ақы төлеуге қол жеткізу.

8.7. Мәжбүрлеу еңбегін жою жөнінде дереу және тиімді шаралар қабылдау, қазіргі заманғы құлдық пен адам саудасына шек қою, сондай ақ бала еңбегінің ең нашар нысандарына тыйым салу мен жою, соның ішінде сарбаз балаларды тарту мен пайдалануды қамтамасыз ету және 2025 жылға қарай оның барлық нысандарындағы балалар еңбегіне шек қою.

8.8. Еңбекші-мигранттарды, атап айтқанда көшіп қонушы әйелдерді және тұрақсыз жұмыспен қамтылған адамдарды қоса алғанда, барлық қызметкерлер үшін еңбек құқықтарын қорғауға және қауіпсіз және сенімді еңбек жағдайларын жасауға ықпал ету.

- Тұрақты дамуды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі Жол картасын іске асыру аясында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді және инклюзивті орта құру бағдарламасын іске асыру жалғастырылды. Бағдарламаның негізгі мақсаттары мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру, жұмыс орындарындағы физикалық және техникалық кедергілерді жою, сондай-ақ әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктерді қамтамасыз ету болып табылады.
- Еншілес және тәуелді ұйымдарда мүгедектігі бар қызметкерлердің жайлы жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар жасалған автотұрақ орындары жабдықталған, шақыру түймелері бар пандустар, тактильді тақталар орнатылған, санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар бейімделген. Мүгедектігі бар азаматтарға басым тәртіппен қызмет көрсету қамтамасыз етіледі, оның ішінде өтініштер мен өтінімдерді онлайн форматта беру мүмкіндігі көзделген.
- Есепті жылдың қорытындысы бойынша Компания мүгедектігі бар қызметкерлердің тізімдік санын сақтап қалды. Жыл соңында Компанияның компаниялар тобында 213 мүгедектігі бар адам еңбек етеді.
- Әйелдер мен ерлердің ең төменгі жалақысының арақатынасы 100%-ды құрайды.

Компанияның жобалары/міндеттері/ПӘК

Бекітілген «Самұрық-Энерго» АҚ кадрлық саясаты.

Кемсітушілікке жол бермеу жөніндегі саясат әрекет етеді

Компанияның адам құқықтары саласындағы саясаты жұмыс істейді.

2025 жылдың нәтижелері

- Компания қызметкерлерді инклюзивтілік және теңдік мәселелері бойынша оқытады. 2024 жылғы қарашада HR мамандары жұмыс орнында тең мүмкіндіктердің маңыздылығы туралы хабардарлық пен түсінікті арттыру мақсатында «Әртүрлілік, теңдік және инклюзивтілік (DEI)» тақырыбы бойынша оқытудан өтті.
- «Тәлімгер» жобасы. «Тәлімгер» жобасын іске асыру және «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында Жұмысшы мамандықтар жылын өткізу аясында Қор 5 жетім баланы жұмысқа орналастыруға квота бөлді. Компаниялар тобы белгіленген квотаны сәтті түрде арттырып орындады — 2025 жылы 8 жетім бала жұмысқа орналастырылды.

Корпоративтік басқару Қосымшалар Тұрақты инфрақұрылым құру, тұрақты индустрияландыруға және инновацияларды ынталандыруға жәрдемдесу

БҰҰ ТДМ МІНДЕТТЕРІ

9.1. Экономикалық даму мен адамның әл-ауқатын қолдау үшін өңірлік және трансшекаралық инфрақұрылымды қоса алғанда, сапалы, сенімді, тұрақты және тұрақты инфрақұрылымды дамыту, барлығына қолжетімді және әділ қолжетімділікке ерекше назар аудару.

9.4. 2030 жылға қарай инфрақұрылымды жаңғырту және ету, салаларды тұрақты ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және таза және экологиялық қауіпсіз технологиялар мен өнеркәсіптік процестерді неғұрлым кеңінен енгізу үшін салаларды жаңғырту, бұл ретте барлық елдер өз мүмкіндіктеріне сәйкес шаралар қабылдайтын болады.

9.5. Ғылыми зерттеулерді жандандыру, өнеркәсіп секторларының технологиялық әлеуетін барлық елдерде, әсіресе дамушы елдерде, оның ішінде 2030 жылға қарай инновациялық қызметті ынталандыру және ҒЗТКЖ саласындағы қызметкерлер санын 1 млн адамға, сондай-ақ ҒЗТКЖ-ға арналған мемлекеттік және жеке шығыстарға есептегенде едәуір ұлғайту жолымен арттыру

2025 жылдың нәтижелері

Тиімділік жөніндегі стратегиялық мақсатты іске асыру аясында энергия тиімділігін арттыру, энергия үнемдейтін технологиялар мен процестерді енгізу, операциялық тиімділікті жақсарту, сондай-ақ жасанды интеллектіні қоса алғанда, заманауи цифрлық шешімдер мен технологияларды енгізу бойынша жұмыстар жалғасуда.

- Қатысу өңірлеріндегі әлеуметтік қолдауға арналған шығыстар – 10 млн теңге.
- Өндірістік активтерді қолдауға жұмсалған шығындар 89 млн теңгені құрады.
- Инвестициялық жобаларды, оның ішінде ЖЭК объектілерін іске асыруға 449 млн теңге бағытталды.
- Күрделі салымдар, оның ішінде ЖЭК-ке салынған инвестициялар 229 млн теңгені құрады.
- «Samruk Úmiti» жобасын іске асыру «Самұрық-Энерго» АҚ қолдауымен Өскемен СЭС-і базасында кәсіптік бағдар беру іс-шарасы өткізілді және Риддер қаласындағы балалар үйінің 4 тәрбиеленушісіне қамқорлық бастамасы көтерілді.
- «Көміртекті ұстап қалу және сақтау технологиялары (CCS), көмір химиясы өнімдерін алу» жобасы бойынша ҒЗТКЖ іске асырылуда.

12 ЖАУАПТЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС

Тұтыну мен өндірістің тұрақты модельдерін қамтамасыз ету

БҰҰ ТДМ МІНДЕТТЕРІ

12.2 2030 жылға қарай табиғи ресурстарды тұрақты басқаруға және тиімді пайдалануға қол жеткізу.

12.5. 2030 жылға қарай қалдықтардың пайда болуын болдырмау, қысқарту, қайта өңдеу және қайта пайдалану есебінен едәуір қысқарту.

12.6. Компанияларға, әсіресе ірі және трансұлттық компанияларға тұрақты практикаларды енгізуді және тұрақты даму туралы ақпаратты өз есептілік циклінде енгізуді ұсыну.

Компанияның жобалары/міндеттері/ПӘК

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобындағы қоршаған ортаны қорғауды басқару жөніндегі корпоративтік стандарт

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының экологиялық қауіпсіздік бағдарламасы

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының экологиялық қауіпсіздік бағдарламасы

2025 жылдың нәтижелері

- Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару Компанияның барлық деңгейінде корпоративтік басқаруға және қаржылық емес тәуекелдерді басқаруға интеграцияланған экологиялық менеджмент жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Экологиялық төтенше жағдайларға ден қою жөніндегі нұсқаулық бекітілді. Жүйе халықаралық сарапшылардың қатысуымен тұрақты түрде бағаланып, жетілдіріліп отырады.
- ЕТҮ-дағы қалдықтардың барлық түрлері түгендеу негізінде сәйкестендірілген.
- «Богатырь-Көмір» ЖШС ішкі үйінділерді пайдалану және өздігінен жанудың алдын алу үшін оқшаулау жүргізу арқылы аршынды жыныстарды көму көлемін қысқартуда.
- Күл-қож қалдықтары шаң басуды төмендету және рекультивациялау шараларын қолдана отырып көміледі, олардың бір бөлігі құрылыс үшін қайта өңделеді.
- Радиоактивті қалдықтар түзілмейді. Кәсіпорындарда және санитариялық-қорғау аймақтарында тоқсан сайын радиациялық мониторинг жүргізіледі, рұқсат етілген деңгейден асып кету жағдайлары тіркелген жоқ.
- Компания жыл сайын Интеграцияланған есептерді дайындайды, онда «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобындағы ресурстарды тұтыну мен өз әсерін 3 жылдық динамикада ашады.
- Тұрақты даму бойынша есептілікке қойылатын халықаралық талаптарға (GRI) сәйкес қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі ақпаратты жинауға арналған бейімделген нысандар қабылданды.
- ЕТҰ қауіпті өндірістік қалдықтарды олармен қауіпсіз жұмыс істеу, кәдеге жарату және/немесе залалсыздандыру мақсатында мамандандырылған ұйымдарға береді.

13 КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРУІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕС

Климаттың өзгеруіне және оның салдарына қарсы күрес жөнінде шұғыл шаралар

БҰҰ ТДМ МІНДЕТТЕРІ

13.1 Барлық елдерде қауіпті климаттық құбылыстар мен дүлей апаттарға бейімделу қабілеті мен қарсылығын арттыру.

13.3 Климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту, бейімдеу, әсерді азайту және ерте алдын алу саласындағы білімді жақсарту, хабардарлықты арттыру, сондай-ақ адами және институционалдық әлеуетті арттыру

Компанияның жобалары/міндеттері/ПӘК

2022–2060 жылдарға арналған энергетикалық көшу бағдарламасы

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның климаттық корпоративтік басқару саясаты

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның климат саласындағы процестерді басқару регламенті

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның климат саласындағы процестерді басқару регламенті

2025 жылдың нәтижелері

СЭ-нің 2024–2033 жылдарға арналған Даму стратегиясында негізгі мақсаттардың бірі ретінде энергетикалық көшу айқындалған. Осы мақсат аясында негізгі әрі ең ауқымды міндет жаңа ЖЭК және СЭС объектілерін салу болып табылады. Генерация түрлері бойынша көлемдерді ұлғайту тұрғысынан белгіленген қуаттың 6,2 ГВт өсімі (40%) тиесілі ЖЭК жобалары ең үлкен үлес қосады. СЭ-де энергетикалық көшу мақсатына қол жеткізу үшін декарбонизациялау және көміртегі ізін азайту жөніндегі жұмыстар жалғасуда.

- 2060 жылға дейінгі «Самұрық-Энерго» энергетикалық көшу бағдарламасына сәйкес Компания энергия тиімділігін арттыру, төмен көміртекті технологияларды (нарықта қолжетімді) пайдалану, ЖЭК-ті дамыту және офсеттік тетіктерді қолдану арқылы төмен көміртекті даму бойынша мақсаттар қойып, ұзақ мерзімді көзқарасты қалыптастырады. Климаттың өзгеруін шектеу жөніндегі жаһандық трендтердің маңыздылығына және дәстүрлі генерацияға негізделген қызметпен байланысты тәуекелдерге байланысты «Самұрық-Энерго» АҚ 2060 жылға дейінгі кезеңде қоршаған ортаға теріс әсерін барынша азайтуға ұмтылады.
- 2025 жылғы 28 наурызда «Самұрық-Энерго» АҚ-ның климаттық корпоративтік басқару жөніндегі саясаты бекітілді (Компания Басқармасының № 9 хаттамасы). Аталған құжат климаттық мақсаттарға қол жеткізу үшін басшылықтың жауапкершілігін бекітеді және компанияны басқаруды TCFD ұсынымдарына сәйкестендіреді
- 2025 жылғы 3 сәуірде «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2060 жылға дейінгі энергетикалық көшу бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары» бекітілді (Компания Басқармасының № 10 хаттамасы), онда көміртегі бейтараптығына қол жеткізу үшін энергетикалық көшу бағдарламасында сипатталған бағыттар бойынша қажетті шараларды орындаудың нақты мерзімдері мен жауапкершілігі айқындалған

2025 жылғы 13 қарашада «Самұрық-Энерго» АҚ-ның климат саласындағы процестерді басқару жөніндегі регламенті бекітілді (Компания Басқармасының № 34 хаттамасы), онда климат жөніндегі ортақ мақсаттарды шешу үшін құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимыл тетігі нақты белгіленген

- Негізгі өндірістік объектілерде климаттық тәуекелдерге бағалау жүргізілді. Бейімделу шаралары әзірленіп, енгізілді. Климаттық тәуекелдер мен өтпелі кезең тәуекелдерін егжей-тегжейлі айқындайтын және бөліп көрсететін шоғырландырылған тәуекелдер тізілімі әзірленді.
- Компания Компания көміртегі ізін азайту және климаттың өзгеруіне бейімделу бойынша тәжірибе алмаса отырып, ұлттық және халықаралық климаттық форумдарға белсенді қатысады. «Power Central Asia + China» өңірлік энергетикалық форумында (2025 жылғы маусым) «Самұрық-Энерго» 2060 жылға дейінгі энергетикалық көшу бағдарламасын таныстырды. XVI KAZENERGY Еуразиялық форумы аясында (2025 жылғы қазан) «Самұрық-Энерго» АҚ энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен климаттық міндеттемелерді орындау арасындағы тепе-теңдікке назар аударды. Сондай-ақ декарбонизация құралдарының бірі ретінде ЖЭК-ті дамыту жөніндегі міндеттемелер халықаралық серіктестермен COP30-да (БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі жөніндегі конференциясы) талқыланды.

2025 жылғы 25 қарашада McKinsey & Company қатысуымен ESG саласында «Әлемдегі қазіргі энергетикалық жүйеге шолу және әртүрлі сценарийлердегі энергетиканың даму болжамы (Global Energy Perspective 2025)» тақырыбында «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесі мен топ-менеджментіне арналған оқыту сессиясы өткізілді.

Генуя университетінің Құзыреттер орталығын құру

ЖЭО-2 мен ЖЭО-3-ті реконструкциялау жобасы, оның ішінде газға көшу және газтурбиналық қондырғылар салу, Қазақстанның энергетикалық инфрақұрылымын жаңғырту үшін стратегиялық маңызды болып табылады. Осы салада жоғары білікті кадрларды даярлау мақсатында АУЭС, «АлЭС» АҚ, ANSALDO және Генуя университеті өкілдерімен бірқатар кездесулер өткізілді. Нәтижесінде студенттерді халықаралық тағылымдама шеңберінде оқытуға бағытталған бірнеше келісімге қол қойылды, сондай-ақ АУЭС-тегі «Жылу энергетикасы» кафедрасы базасында Генуя университетінің Құзыреттер орталығын құру міндеті қойылды. Бұл халықаралық ынтымақтастық жөніндегі ұзақ мерзімді стратегияның бір бөлігі болып табылады.

Жоба бу-газ қондырғылары бойынша мамандар даярлауға бағытталған, бұл Қазақстанның энергетика секторын дамыту үшін аса маңызды.

CO2-баламаға шаққандағы фторланған парниктік газдар шығарындыларының есебі жүргізілді (тонна)

Фторланған ПГ атауы	2025
Гидрофторкөміртектер (ГФК)	**285,740**
Перфторкөміртектер (ПФК)	0
Дифторхлорметан (CHClF2)	22,716
Күкірт гексафториді (SF6)	2,585
Азот трифториді (NF3)	0
Тетрафторметан (CF4)	2,168
«Самұрық-Энерго» АҚ бойынша барлығы	**313,209**

15 ЖЕР БЕТІНДЕГІ ТІРШІЛІКТІ ҚОРҒАУ

Ормандарды тұрақты басқару, шөлейттенуге қарсы күрес, жердің тозуын тоқтату және айналымға түсіру, биологиялық әртүрлілікті жоғалтуды тоқтату

БҰҰ ТДМ МІНДЕТТЕРІ

15.1 2020 жылға қарай жерүсті және ішкі тұщы су экожүйелерін және олардың қызметтерін, оның ішінде ормандарды, сулы-батпақты алқаптарды, таулар мен құрғақ жерлерді халықаралық келісімдерден туындайтын міндеттемелерге сәйкес сақтауды, қалпына келтіруді және . ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету

15.5 Табиғи мекендеу ортасының тозуын тежеу жөніндегі елеулі шараларды дереу қабылдау, биологиялық әртүрлілікті жоғалтуды тоқтату және 2020 жылға қарай жойылу қаупі төнген түрлердің жойылып кетуін сақтауды және болдырмауды қамтамасыз ету

Компанияның жобалары/міндеттері/ПӘК

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобындағы Қоршаған ортаны қорғауды басқару жөніндегі корпоративтік стандарт

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының экологиялық қауіпсіздік бағдарламасы

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының экологиялық қауіпсіздік бағдарламасы

2025 жылдың нәтижелері

- Су экожүйелерін қорғау мақсатында жекелеген СЭС-терде гидротурбиналар балық қорғайтын құрылғылармен жабдықталады, ал қараңғы уақытта балықты үркіту үшін су алу орындарын жарықтандыру қолданылады.
- Құстарды қорғау үшін электр беру желілерін оқшауланған сымдарды орната отырып реконструкциялау жүргізіледі.
- СЭС-тердің жұмыс режимдері экожүйелерге әсерді азайту мақсатында су шаруашылығы және табиғат қорғау органдарымен келісіледі.
- Жел электр қондырғыларын жобалау кезінде қоршаған ортаға әсер ескеріледі жарықтық ластану барынша азайтылады, ал жарықтандыру габариттік шамдармен шектеледі.
- ЕТҰ жыл сайын санитариялық-қорғау аймақтарын көгалдандыру жұмыстарын жүргізеді.
- Мониторинг деректері бойынша 2025 жылы осал экожүйелерге елеулі әсер тіркелген жоқ.

16 БЕЙБІТШІЛІК, ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ТИІМДІ ИНСТИТУТТАР

Әділ, бейбіт және инклюзивті қоғамға жәрдемдесу

БҰҰ ТДМ МІНДЕТТЕРІ

16.5 Сыбайлас жемқорлық пен парақорлықты олардың барлық нысандарында айтарлықтай қысқарту

16.10. Ұлттық заңнамаға және халықаралық келісімдерге сәйкес жұртшылықтың ақпаратқа ол жеткізуін қамтамасыз ету және негізгі еркіндіктерді қорғау.

16.B Кемсітпеушілік заңдар мен тұрақты даму саясатын ілгерілету және сақтауды қамтамасыз ету

Компанияның жобалары/міндеттері/ПӘК

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобында өкілеттіктер шеңберіне, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама және жұмыс мәселелері кіретін Комплаенс офицерлері тағайындалды.

Жыл сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізіледі.

Комплаенс офицерлері контрагенттерді (due diligence), оның ішінде олардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға тартылуын комплаенс-тексеруді жүргізеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Жұмысқа орналасуда, мансаптық өсуде және еңбекақы төлеуде тең мүмкіндіктер бар.

Әдеп стандарттарының сақталуына және кемсітушілікке жол бермеуге үнемі бағалау жүргізіледі

2025 жылдың нәтижелері

Стратегиялық жоспарлау аясында корпоративтік басқаруды жетілдірудің негізгі басым бағыттары мыналар болып қала береді

- Директорлар кеңесінің, атқарушы органның және олардың комитеттерінің тиімділігін арттыру
- Компания органдары мен бөлімшелері арасындағы өкілеттіктерді нақты бөлу
- Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығыстарын болдырмау
- Басқарушылық есептілік жүйесін жетілдіру
- Барлық мүдделі тараптар үшін ақпараттық ашықтық
- Ішкі бақылау жүйесін жетілдіру
- Тәуекелдерді басқару процестерін автоматтандыру.
  - Есепті кезеңде сыбайлас жемқорлық пен парақорлық бойынша расталған жағдайлар тіркелген жоқ.
  - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы өзгерістерді, салықтық декларациялауды және «жедел желінің» жұмыс тәртібін түсіндіру бойынша 290-нан астам оқыту іс-шарасы өткізілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ халықаралық стандарттарға сәйкестігін растады және ISO 37301 «Комплаенс-менеджмент жүйесі (Compliance Management System)» сертификатын алды. «Самұрық-Энерго» АҚ Қор компаниялары тобында осы халықаралық стандартқа сәйкес комплаенс-менеджмент жүйесін енгізіп, сертификаттаған алғашқы компаниялардың бірі болды.

17 ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҮШІН ӘРІПТЕСТІК

Тұрақты даму мақсатында жаһандық серіктестікті нығайту

БҰҰ ТДМ МІНДЕТТЕРІ

17.16 Барлық елдерде, әсіресе дамушы елдерде тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуді қолдау үшін білімді, тәжірибені, технологияларды және қаржы ресурстарын жұмылдыратын және алмасатын көпжақты серіктестіктермен толықтырылатын тұрақты даму мақсатында жаһандық серіктестікті нығайту.

Компанияның жобалары/міндеттері/ПӘК

Компания мынадай ұлттық және халықаралық ұйымдарға мүше

- ТМД Электр энергетикалық кеңесі Қазақстан Электр Энергетикалық Қауымдастығы
- Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
- «KAZENERGY» қауымдастығына мүшелік
- «Қазақстанның машина жасаушылар одағы» ЗТБ ECOJER қауымдастығы
- Дүниежүзілік Энергетикалық Кеңес
- БҰҰ-ның жаһандық шарты.
- Қазақстан Республикасы жұмыс берушілерінің «Paryz» ұлттық конфедерациясы

2025 жылдың нәтижелері

- 2025 жылғы 24 қаңтардан желтоқсанға дейін Компания Басқарма Төрағасы «Қазақстандық электр энергетикалық қауымдастығы» ЗТБ директорлар кеңесінің күндізгі отырысына қатысты.
- 2025 жылғы 6 ақпанда Компания Басқарма Төрағасы ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Скляр Р.В. төрағалығымен өткен энергетика және атом саласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңеске қатысты.
- 2025 жылғы 18 ақпанда Компания Басқарма Төрағасы цифрлық активтерді нормативтік реттеуді жетілдіру жөніндегі жұмыс тобына қатысты.
- 2025 жылғы 26 ақпанда Компания Басқарма Төрағасы ҚР Энергетика министрлігінің 2024 жылғы қорытындыларды және 2025 жылға арналған міндеттерді талқылауға арналған кеңейтілген алқа отырысына қатысты.
- 2025 жылғы 9 шілдеде Компания Басқарма Төрағасының ТМД ЭЭС Атқарушы комитетінің төрағасымен жұмыс кездесуі өтті.
- 2025 жылғы 2 қазанда Компания Басқарма Төрағасы Kazakhstan Energy Week 2025 / Kazenergy Еуразиялық форумы аясында «Орталық Азия энергетикалық инфрақұрылымына инвестициялар» тақырыбындағы дөңгелек үстелге қатысты.
- 2025 жылғы 5 желтоқсанда Компания Басқарма Төрағасы «Қазақстанның машина жасаушылар одағы» ЗТБ Үйлестіру кеңесінің отырысына қатысты.
- 2025 жылғы 9 желтоқсанда Компания Басқарма Төрағасы «KAZENERGY» қауымдастығы кеңесінің отырысына қатысты.

Рейтингтердегі позициялар

«Самұрық Энерго» АҚ-ның ұлттық және халықаралық рейтингтердегі позициялары тұрақты даму жүйесінің даму деңгейін, корпоративтік басқару сапасын және қаржылық емес ақпаратты ашудың ашықтығын көрсетеді. Есепті кезеңнің қорытындылары бойынша Компанияның ESG рейтингтеріне, конкурстарға және сыртқы ұйымдардың бағалауларына қатысу нәтижелері төмендегі кестеде ұсынылған.

«Самұрық Энерго» АҚ-ның ұлттық және халықаралық рейтингтердегі позициялары

Рейтингтің атауы	Ағымдағы позиция
Sustainable Fitch	ESG рейтингі «3» деңгейінде, жиынтық 57 балл (+5 балл), бұл агенттік шкаласына сәйкес «орташа» деңгейге сәйкес келеді
PWC Kazakhstan компаниясының ESG-ақпаратты ашу рейтингі	A+ 1. Энергетика секторында ESG-ақпаратты ашудың үздік деңгейі — Компанияның саладағы қаржылық емес есептілікке кешенді көзқарасын көрсетеді. 2. Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін ашудың үздік деңгейі — қызметтің экологиялық аспектілеріне және табиғатқа әсерді азайту тәжірибелеріне басымдық беріледі. 3. Тұрақты даму стратегиясын ашудың үздік деңгейі — ұзақ мерзімді мақсаттарды, басқару процестерін және ESG басымдықтарының корпоративтік стратегияға интеграциясын ашық көрсету. 4. Әлеуметтік мәселелерді ашудың үздік деңгейі — әлеуметтік жауапкершілік, персоналмен, қауымдастықтармен және өзге де мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл туралы ақпаратты жүйелі ұсыну.
Қазақстан қор биржасының (KASE) жылдық есептер конкурсы	2023 жыл қорытындылары бойынша жылдық есептер конкурсында «Қаржылық емес сектордағы үздік жылдық есеп» номинациясы бойынша 1-орын.
RAEX рейтинг агенттігінің жылдық есептер рейтингі	5 жұлдыз, «Жылдық есептің ең жоғары сапасы» мәртебесі.
MarCom Awards 2025	Publications | Annual Report | Government санатында алтын мүсінше.
RAEX ESG-рэнкингі	2025 жылдың қорытындылары бойынша ТОП-15 ішінде 13-орын
RAEX ESG-рэнкингі Басқару	ТОП-10 ішінде 5-орын RAEX ESG-рэнкингі: Климатқа әсерді басқару
RAEX ESG-рэнкингі: Климатқа әсерді басқару	145 өнеркәсіптік компанияның ішінде 8-орын

АДАМ КАПИТАЛЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Адам капиталын басқару тәсілі

GRI 3 3, GRI 12: Coal Sector: 12.15.1, 12.19.1

2025 жылы «Самұрық Энерго» АҚ қызметкерлер алдындағы міндеттемелерін дәйекті түрде орындап, адам капиталын жауапты басқару практикасын дамытуды жалғастырды. Компанияның тәсілі қауіпсіз және жайлы еңбек жағдайларын жасауға, қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге, кәсіби даму үшін тең мүмкіндіктер ұсынуға және қолайлы жұмыс ортасын қалыптастыруға бағытталған.

Адам капиталын басқару тәжірибелері БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына сәйкес келеді, оның ішінде өмір сапасы мен әл-ауқатты арттыру, өмір бойы инклюзивті және сапалы білім беруді қамтамасыз ету, гендерлік теңдікті ілгерілету және лайықты еңбек жағдайларын қалыптастыру.

Есепті жылы персоналды проактивті жоспарлауға, қызметкерлерді оқыту мен дамытуға, мұрагерлік жүйесін және таланттарды басқаруды дамытуға, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге, корпоративтік мәдениетті дамытуға, еңбекақы төлеудің әділ жүйесін қалыптастыруға және еңбек қатынастарын дамытуға бағытталған кешенді кадрлық саясат іске асырылды.

2025 жылы Қордың әлеуметтік саясат жөніндегі корпоративтік стандарты бекітіліп, оны енгізу нәтижелері бойынша fit gap талдауы жүргізілді және бейінді бөлімшелердің лауазымдық нұсқаулықтарына өзгерістер енгізілді.

Кадрлық саясаттар мен регламенттердің өзектілігі тұрақты негізде қамтамасыз етіледі. 2023 жылы бекітілген кадрлық саясат қызметкерлердің құзыреттерін дамытуға және стратегиялық бастамаларды іске асыруға бағдарланған. Оны іске асыру тиімділігі халықаралық компаниялардың бенчмарктері ескеріле отырып, негізгі көрсеткіштер негізінде бағаланады.

Персоналды басқару мәселелері бойынша жауапкершілік Компанияның әртүрлі басқару органдары арасында олардың құзыреттеріне сәйкес бөлінген.

Персоналды басқару мәселелері бойынша жауапкершілікті бөлу

Басқару органы/ құрылымдық бөлімше	Жауапкершілік аймағы
Жалғыз акционер	Компания Басқармасының Төрағасын тағайындау және мерзімінен бұрын тоқтату.
Директорлар кеңесі	• Компанияның ұйымдық құрылымын, штат санын және HR-саясатын бекіту. • Басқарманың (Төрағадан басқа) құрамын, өкілеттік мерзімін, еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындау, сондай-ақ оның қызметін бағалау. • Кеңеске есеп беретін қызметкерлерді (ішкі аудит, комплаенс, корпоративтік хатшы, омбудсмен) тағайындау және олардың өкілеттіктерін тоқтату, оларға еңбекақы төлеу шарттарын айқындау. • Атқарушы органның немесе оның жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін қалыптасты ру және тоқтату. • Атқарушы орган басшылығының еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру шартта рын белгілеу, олардың тиімділігін бағалау.
Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы комитеті	• Директорлар кеңесіне Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес тәуелсіз директорлар ды, Директорлар кеңесінің, Басқарма мүшелерін, Корпоративтік хатшыны, сондай-ақ өзге де қызметкерлерді тағайындау және сыйақы беру мәселелері бойынша ұсы нымдар дайындау. • Компанияның Таланттар пулымен кездесулер өткізу. • Персоналды басқару саласындағы басымдықтар мен негізгі құжаттарды алдын ала қарау. • Адами капиталды дамытуға байланысты мәселелерді алдын ала қарау.
Директорлар кеңесінің Аудит комитеті	• Ішкі аудит қызметі мен «Комплаенс» қызметінің басшысы мен қызметкерлеріне сый ақы саясаты мен құрылымы бойынша ұсынымдар беру. • Ішкі аудит қы зметінің және «Комплаенс» қызметінің басшысы және/немесе қызметкерлері лауа зымдарына кандидаттар үшін біліктілік талаптарын қарау және әзірлеу. • Ішкі аудит қызметі мен «Комплаенс» қызметінің басшысы мен қызметкерлері лауа зымдарына кандидаттар бойынша ұсынымдар беру.
Басқарма	• Компанияның штат кестесін бекіту (Директорлар кеңесі жасайтын жағдайлардан басқа). • Қызметкерлерге (Басқарма, ІАҚ, Комплаенс-қызмет және Корпоративтік хатшы мү шелерін қоспағанда) еңбекақы төлеу қағидаларын, лауазымдық жалақылар мен сый лықақы беру схемасын бекіту. • Компанияға акциялардың ≥10% -ы тиесілі аффилиирленген АҚ атқарушы органда рының құрамын, өкілеттік мерзімін, тағайындауын және басшылығының мерзімінен бұрын тоқтатылуын айқындау. • Мұндай басшыларға еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру шарттарын белгілеу және олар дың тиімділігін бағалау. • Компания қызметін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту (Жалғыз акционер немесе Дирек торлар кеңесі бекітетіндерді қоспағанда).
Омбудсмен	• Компания қызметкерлерінің құқықтарына байланысты шағымдар мен өтініштерді қа былдау. • Еңбек дауларын, жанжалдарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәсе лерді шешуге, сондай-ақ Компания қызметкерлерінің іскерлік этика қағидаттарын сақтауына жәрдемдесу. • Дағдарыстық жағдайларды уақтылы анықтау және бағалау. • Қызметкерлер мен жұмыс беруші арасындағы тартылу деңгейі мен сенім деңгейін арттыру.
«Адам Ресурстарын Басқару» департаменті	• Кадр саясатын әзірлеу және іске асыру. • Әлеуметтік саясатты әзірлеу және іске асыру.

Тұрақты даму жүйесі аясында әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға, БҰҰ-ның Жаһандық шарты қағидаттарын сақтауға, адам капиталына инвестиция жасауға және қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған Бастамалар жоспары көрсеткіштерінің мониторингі жүзеге асырылады. Кемсітушілікті болдырмауға, адам құқықтарын қорғауға, тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге және гендерлік теңдік қағидаттарын ілгерілетуге, оның ішінде кадрлық резервте және басшылық лауазымдардағы әйелдердің үлесін арттыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Адам құқықтарын сақтау

GRI 2 24, 3 3, 408 1, 409 1, GRI 12: Coal Sector

«Самұрық Энерго» АҚ халықаралық деңгейде мойындалған адам құқықтарын мойындайды және құрметтейді, сондай-ақ тиісті қағидаттарды адам капиталын басқарудың барлық процестеріне енгізеді. Компанияның тәсілі Қазақстан Республикасының заңнамасына, БҰҰ-ның бизнес және адам құқықтары жөніндегі басшылық қағидаттарына және ішкі корпоративтік саясаттарға негізделген.

Адам құқықтары саласындағы рөлдер мен жауапкершіліктерді бөлу корпоративтік басқару жүйесінде бекітілген. Директорлар кеңесі және оның комитеттері стратегиялық қадағалауды жүзеге асырады, Басқарма қағидаттарды бизнес-процестерге енгізуді қамтамасыз етеді, бейінді бөлімшелер (HR, сатып алу, комплаенс, еңбекті қорғау) тиісті шараларды іске асырады және бақылайды. Омбудсмен институты қызметкерлердің өтініштерін қарауды және еңбек дауларын шешуге жәрдемдесуді қамтамасыз етеді.

Адам құқықтарын басқарудың басым аспектілері балалар және мәжбүрлі еңбектің жол бермеу, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау, әділ еңбекақы төлеу мен жұмыс уақыты нормаларын қамтамасыз ету, бірлестіктер бостандығын құрметтеу және кемсітушілікті болдырмау болып табылады.

2025 жылы адам құқықтарының бұзылуының расталған жағдайлары тіркелген жоқ.

Бұзушылықтар туралы хабарлау үшін «жедел желі» және басқа да кері байланыс арналары жұмыс істейді. Барлық өтініштер белгіленген тәртіппен талданады, ал ақпарат басқару органдарына жеткізіледі.

Тартымды еңбек жағдайларын жасау

GRI 2-7, 2-8, 405-1, GRI 12: Coal Sector: 12.15.2, 12.19.6

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қызметкерлердің тізімдік саны

19 301 адамды құрады

Орташа еңбек өтілі

17 жыл

Қызметкерлердің орташа жасы

41 жыл

Персонал санының динамикасы, адам

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Персоналдың тізімдік саны	17 892	18 907	**19 301** A
Қызметкерлердің орташа тізімдік саны	17 639	18 731	**19 090**

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның, оның ішінде бірлескен және тәуелді ұйымдарды қоса алғанда, 2025 жылдың соңындағы қызметкерлердің тізімдік саны, азаматтық-құқықтық шарттар бойынша қызметкерлерді қоспағанда, 19 301 адамды құрады. 2024 жылмен салыстырғанда қызметкерлердің тізімдік санының өсуі Жылдық есептің периметріне жаңадан құрылған «Семей Энерго» ЖШС және «Өскемен Энерго» ЖШС-нің енгізілуімен, сондай-ақ өндірістік қызмет көлемдерінің өзгеруіне және тарифтік сметаның қайта қаралуына байланысты «Екібастұз МАЭС-1» АҚ басшылығын қоса алғанда, жекелеген еншілес және тәуелді ұйымдардағы штат санының ұлғаюымен байланысты.

Жасанды интеллектіні қоса алғанда, заманауи цифрлық шешімдерді табысты енгізу, Компанияның IT-жобаларын іске асыруды тиісінше басқару мен бақылауды қамтамасыз ету, сондай-ақ активтерді басқару құрылымын оңтайландыру мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік орталығының штат саны 3 бірлікке ұлғайтылды. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпоративтік орталық қызметкерлерінің бекітілген штат саны 177 бірлікті құрады. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның штаттан тыс қызметкерлерінің саны туралы ақпарат 2023–2025 жылдарға арналған Негізгі көрсеткіштерде ұсынылған.

Персоналды іріктеу және кадрлардың тұрақсыздығы

GRI 401-1, GRI 12: Coal Sector: 12.15.2

Кадрларды іріктеу практикасы Компанияның қажеттіліктері мен стратегиялық мақсаттарын талдау негізінде жүзеге асырылады. Кандидаттарды іріктеудегі негізгі критерийлер олардың кәсіби құзыреттілігі, жұмыс тиімділігі, мотивациясы және Компанияның корпоративтік құндылықтарына сәйкестігі болып табылады. Бос жұмыс орындары «Samruk Qyzmet» бірыңғай онлайн-рекрутинг платформасында (QSamruk.kz), сондай-ақ «Samruk Qyzmet» бірыңғай онлайн платформасымен интеграцияланған ішкі корпоративтік порталда орыс және қазақ тілдерінде жарияланады. Байқау қорытындысы бойынша әрбір кандидатқа кері байланыс беріледі, ал нәтижелер «Samruk Qyzmet» платформасында жарияланады. Байқау рәсімдерін өткізу кезінде ішкі кандидаттарға, оның ішінде Компанияның таланттар пулындағы кандидаттарға басым құқық беріледі.

2025 жылы рекрутинг процесіне өзгерістер енгізілген жоқ. Жаңартулар 2026 жылға жоспарланған «SBA» ЖМ-мен бірлесіп Qsamruk платформасында жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып рекрутингтің моделі әзірленуде.

2022–2025 жылдары Компаниядағы бос жұмыс орындарының 48%-ы ішкі кандидаттар есебінен жабылды.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында бос лауазымдарға кандидаттарды іздеу лауазымдардың ерекшелігін ескере отырып SamrukQyzmet, enbek, HH және басқа да өңірдегі ең тиімді рекрутингтік ресурстар арқылы, соның ішінде газеттер, жергілікті теледидар және онлайн-платформалар арқылы жүзеге асырылады.

2025 жылы Компанияның компаниялар тобына 3 373 адам қабылданды, оның ішінде 1 270 адам SamrukQyzmet рекрутингтік порталы арқылы (314 әйел және 956 ер адам), ал 2 103 адам enbek, HH, жұмыспен қамту орталықтары, әлеуметтік желілер және басқа да арналар арқылы қабылданды.

Еншілес және тәуелді ұйымдардың бірінші басшылары лауазымдарына кандидаттарды тиімді іріктеуді қамтамасыз ету, олардың біліктілік пен жеке қасиеттерге қойылатын талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында Компания «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес ұйымдарының атқарушы органдары басшыларын тағайындауды келісу және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын басшылыққа алады. Бұл қағидалар Қоғамға тиесілі акциялардың 50%-дан астамы бар компанияларда басшылық лауазымдарға кандидаттарды іздеу және іріктеу тәртібін, сондай-ақ тағайындауды келісу және өкілеттіктерді мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін реттейді.

Сонымен қатар есепті кезеңде әкімшілік-басқарушылық персоналды іздеу және іріктеу қағидалары «Самұрық-Қазына» АҚ тобының адам ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандартындағы өзгерістерге [15]сәйкестендірілді.

ЕТҰ-ның CEO және CEO-1 деңгейіндегі лауазымдарға кандидаттардың құзыреттерін бағалау үшін «Samruk-Business Academy» ЖМ-мен құрылымдалған тереңдетілген сұхбат жүргізу туралы шарт жасалды. Есепті кезеңде белгіленген конкурстық рәсімдер аясында «Балқаш ЖЭС» АҚ, «Ereymentau Wind Power» ЖШС бірінші басшылары лауазымдарына және Компанияның Өндіріс жөніндегі басқарушы директоры лауазымына кандидаттар тәуелсіз сарапшының құрылымдалған тереңдетілген сұхбатынан өту арқылы бағалаудан өтті.

Есепті кезеңде еншілес және тәуелді ұйымдардың атқарушы органдары басшыларын тағайындау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату мәселелері бойынша материалдар дайындалды. «Самұрық-Қазына» АҚ-ға ПМКР резервіндегі тұлғаларды жұмысқа орналастыру, бос жұмыс орындары және CEO және CEO-1 деңгейіндегі лауазымдарға тағайындаулар туралы ақпарат тұрақты түрде ұсынылады.

Жаңа қызметкерлерді бейімдеу бағдарламасы

«Самұрық-Энерго» АҚ Топтың кадрлық әлеуетін дамыту мақсатында жаңа қызметкерлерді бейімдеу тетіктерін белсенді түрде жетілдіруде. Компанияда бейімдеу бағдарламасы жұмыс істейді, оның аясында жаңа қызметкерлер арнайы цифрлық платформа арқылы электрондық бейімдеу курсынан өтеді. Курс үш айға созылады және теориялық әрі практикалық бөліктерді қамтиды, бұл қызметкерлердің жұмысқа тезірек бейімделуіне ықпал етіп, олардың кәсіби өсуіне негіз қалайды.

Жұмыс тәжірибесі жоқ жас мамандар үшін қажеттілік туындаған жағдайда құрылымдық бөлімшенің қызметкерлері қатарынан тәлімгер тағайындалады. Тәлімгер тікелей басшы да, жетекшілік ететін басшы да болуы мүмкін, әрі ол бір мезгілде екіден артық жаңа қызметкерді оқыта алмайды. Тәлімгердің негізгі міндеттеріне қиындықтарды еңсеруге көмек көрсету, жиі кездесетін қателіктер туралы хабардар ету, басқа бөлімшелермен және сыртқы ұйымдармен өзара іс-қимыл тәртібімен таныстыру, корпоративтік әдеп нормалары мен мінез-құлық қағидаларын түсіндіру, сондай-ақ жұмыста практикалық көмек көрсету жатады.

15. «Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасының 2025 жылғы 22 сәуірдегі №12 хаттамасы.

Менторлық бағдарламасы

2025 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ «HR School» жобасын дамыту бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ тапсырмасы аясында енгізілген Менторлық бағдарламасын іске асыруды жалғастырды. Директорлар кеңесіне есеп беретін басшылар мен қызметкерлерге арналған менторлық бағдарламасы да өз қызметін жалғастырды.

Есепті жылы Бағдарлама компаниядағы менторлық мәдениетті одан әрі нығайтуға, көшбасшылық құзыреттер мен басқарушылық әлеуетті дамытуға, қызметкерлердің тартылуын арттыруға, сондай-ақ бейімделу және кәсіби өсу процестерін қолдауға бағытталды.

2025 жылы «Ментор–Менти» 11 тандемдік жұбы құрылды. Жыл бойы қатысушылар тұрақты кездесулер өткізіп, кәсіби тәжірибелерімен алмасып, жеке даму мақсаттарына қол жеткізу үшін бірлесіп жұмыс істеді. Тиімді коммуникация дағдыларын дамытуға, басқарушылық шешімдер қабылдауға және қызмет нәтижелері үшін жеке жауапкершілікті арттыруға ерекше көңіл бөлінді.

Менторлық бағдарламасы кадрлық резервті қалыптастыруға, сабақтастықты нығайтуға және персонал жұмысының жалпы тиімділігін арттыруға ықпал етуді жалғастыруда.

Кадрлардың тұрақтамауы

2025 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында, оның ішінде бірлескен және тәуелді ұйымдарды қоса алғанда, кадрлар айналымының жалпы коэффициенті 13%-ды құрады. Бұл ретте кадрлардың тұрақтамау көрсеткіші 10,3% деңгейінде қалыптасты, бұл салалық нормаларға сәйкес келеді (мақсатты көрсеткіш – 14%-дан аспау).

Кадрлардың тұрақтамау динамикасы, %

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Кету бойынша кадрлардың жалпы айналымының коэффициенті	14%	15%	**13%**
Кадрлардың тұрақтамауы[16]	9%	10,9%	**10,3%**

«Самұрық-Энерго» АҚ персоналдың тұрақтамауын төмендетуге және кадр құрамының тұрақтылығын арттыруға бағытталған шараларды дәйекті түрде іске асырады. Еңбекақының бәсекеге қабілетті деңгейі, жалақыны тұрақты индекстеу, дамыған мотивация жүйесі және әлеуметтік кепілдіктер тұрақты жұмыс ортасын қалыптастыруға және қызметкерлердің ұзақ мерзімді жұмыспен қамтылуына ықпал етеді. Нәтижесінде Компаниядағы кадрлардың тұрақтамау деңгейі тұрақты деңгейде сақталып, салалық көрсеткіштерге сәйкес келеді. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында қызметкерлерді босату бағдарламасы жұмыс істейді, ол қайта құрылымдау, штат санын оңтайландыру немесе бизнес-процестерді трансформациялау сияқты ұйымдастырушылық өзгерістер жағдайында қызметкерлерді қолдауға бағытталған. Бағдарлама қызметкерлерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесетін кешенді шараларды көздейді, оның ішінде топтың басқа ұйымдарындағы ұқсас лауазымдарға ауыстыру, қатысу өңірлерінде баламалы жұмыс орындарын іздеу және қажет болған жағдайда басқа өңірлерде жұмысқа орналастыру мүмкіндігі қарастырылған. Есепті 2025 жылы аталған Бағдарлама аясында қызметкерлерді босату жүзеге асырылған жоқ.

16. Кадрлардың тұрақсыздық көрсеткіші HR есептілігі үшін «Самұрық-Қазына» АҚ әдістемесіне сәйкес есептелді, оған сәйкес есепке еңбек қатынастары тұрақсыздық себептері бойынша тоқтатылған қызметкерлер саны алынады (өз еркімен, тараптардың келісімімен және қызметкердің кінәсі бойынша).

Еңбекақы төлеу

GRI 202-1, 405-2, GRI 12: Coal Sector: 12.19.2, 12.19.7

Компания жалақыны тұрақты түрде индекстейді, сондай-ақ сыйақы беру жүйелерін енгізеді

2025 жылғы қаңтардан бастап жүргізілген индексация нәтижесінде компаниялар тобы бойынша жалақының орташа өсімі **8%**

Компаниядағы орташа жалақының елдегі деңгейге арақатынасы, теңге

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Елдегі ең төменгі жалақы	70 000	85 000	**85 000**
Өндірістік қызметкерлердің орташа айлық жалақысы	467 325	536 542	**664 538**

Әйелдер мен ерлердің бастапқы деңгейіндегі стандартты жалақының елдегі деңгейге арақатынасы, теңге

Көрсеткіш	2023		2024		2025	
	Еркектер	Еркектер	Еркектер	Әйелдер	Еркектер	Әйелдер
Компанияның бастапқы деңгейдегі жұмыскерінің жалақысы	266 336	250 506	320 239	300 528	**427 854** [A]	**361 445** [A]
Елдегі орта айлық жалақы	70 000	70 000	85 000	85 000	**85 000** [A]	**85 000** [A]
Арақатынасы, %	380	358	377	354	**503** [A]	**425** [A]

Негізгі жалақыдан бөлек, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Компанияның Ұжымдық шартына сәйкес қызметкерлер үшін қосымша төлемдер мен әлеуметтік кепілдіктер көзделген, оның ішінде

- үстеме жұмысқа, сондай-ақ мереке және демалыс күндеріндегі және түнгі уақыттағы жұмысқа ақы төлеу
- түрлі үстемеақылар мен қосымша төлемдер
- ауыр жұмыстарда, зиянды (аса зиянды) және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбегіне жоғары мөлшерде ақы төлеу
- жыл сайынғы қосымша ақылы еңбек демалысын беру
- зейнеткерлікке шығуға байланысты еңбек шартын бұзу кезінде қызметкерлерге үш орташа айлық жалақы мөлшерінде біржолғы өтемақы төлеу.

Әйелдер мен ерлердің ең төменгі жалақысының арақатынасы

100%

Қызметкерлердің жалақысы еңбек жағдайларына және Компанияда белгіленген еңбекақы төлеу жүйесіне сәйкес айқындалады. Қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес түрлі үстемеақылар мен қосымша төлемдер, соның ішінде зиянды және қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыс үшін төлемдер, кәсіби шеберлік үшін және өзге де ынталандырушы төлемдер көзделген

Әйелдердің жалақысы мен сыйақысының еркектерге арақатынасы, %

Көрсеткіш	Басқарушы лаузымдар	Мамандар
Жалақы қатынасы	100	100
Сыйақы қатынасы	100	100

Еңбекақыдағы гендерлік алшақтық

Орташа жалақы	2023	2024	2025
Әкімшілік-басқарушылық персонал			
Еркектер	831 132	1 082 378	**1 316 099**
Әйелдер	644 618	846 882	**979 113**
Өндірістік персонал			
Еркектер	487 448	601 238	**724 661**
Әйелдер	398 719	522 807	**627 986**
Еңбекақыдағы гендерлік алшақтық			
ӘБП	22,44	21,76	**25,60**
ӨП	18,20	13,05	**13,34**
Қазақстан Республикасындағы еңбекақыдағы гендерлік алшақтық	25,70%	26,50%	**-**

Персоналдың гендерлік құрылымында дәстүрлі түрде ерлер басым, бұл энергетика саласының ерекшелігімен байланысты, мұнда жұмыс орындарының едәуір бөлігі техникалық және өндірістік бағыттарға жатады. Әйелдер мен ерлер арасындағы орташа еңбекақы деңгейіндегі айырмашылықтар, ең алдымен, жұмыспен қамтудың салалық құрылымымен және ерлердің өндірістік және техникалық лауазымдардағы, сондай-ақ жекелеген басқарушылық рөлдердегі үлесінің жоғары болуымен шартталған.

Сонымен қатар Компания тең мүмкіндіктер қағидаттарын ұстанады және бірдей құндылықтағы жұмыс атқаратын әрі салыстырмалы лауазымдарды иеленетін әйелдер мен ерлерге тең еңбекақы төлеуді қамтамасыз етеді.

Персоналды ынталандыру және тарту

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның мотивация жүйесі қызметкерлердің тартылуын арттыруға, олардың кәсіби әлеуетін ашуға және әрбір қызметкердің Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесін мойындауға бағытталған. Материалдық және материалдық емес ынталандыру тетіктері еңбек нәтижелерінің жеке көрсеткіштерін ескеруге мүмкіндік береді және тұрақты корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді.

- Компанияда қызметкерлерді ынталандыру және мойындау үшін келесі құралдар қолданылады мемлекеттік және ұлттық мерекелерге біржолғы сыйақылар (Энергетик күні, Тәуелсіздік күні, Шахтер күні және т.б.)
- Материалдық емес көтермелеу түрлері, оның ішінде марапаттар, алғыс хаттар және құрмет грамоталары
- Өндірістік қызметкерлерге жазатайым оқиғалар болмаған жағдайда тоқсан қорытындысы бойынша қосымша сыйақы төленеді
- Еңбек қызметін оқумен және біліктілікті арттырумен ұштастыратын қызметкерлерге қосымша демалыстар беру

2025 жылы 700-ден астам қызметкер түрлі марапаттарға ие болды.

2025 жылы Энергетик күніне орай Компанияның бастамасымен сала дамуына қосқан үлесі және жоғары өндірістік жетістіктері үшін компаниялар тобының 250-ден астам қызметкері марапатталды. Марапатталғандардың шамамен 50-і энергетика саласына 30–40 жылдан астам еңбек арнаған қызметкерлер болып табылады, олардың көпжылдық кәсіби тәжірибесі Компанияның тарихы мен тұрақты дамуының маңызды бөлігі болып саналады. Салтанатты марапаттау рәсімі Астана қаласында өтті, оған Компанияның компаниялар тобынан шамамен 60 қызметкер шақырылды.

Сонымен қатар бірқатар қызметкерлер Қазақстан Республикасының Президенті мен Премьер-Министрі жеке өздері табыстаған мемлекеттік наградалармен марапатталды. Бұл олардың кәсіби үлесіне, көпжылдық адал еңбегіне және сала мен ел алдындағы еңбегіне жоғары баға болды.

Персоналды ынталандыру және кәсіби деңгейін арттыру мақсатында ЕТҰ-ларда жыл сайын компаниялардың үздік қызметкерлерін айқындайтын конкурстар өткізіледі. 2025 жылы келесі конкурстар өткізілді

- «Samruk-Green Energy» ЖШС — «Үздік инженер»
- «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ — «Үздік қызметкер»
- «Екібастұз МАЭС-2» АҚ — «Үздік тәлімгер»
- «Булат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС — «2025 жылдың үздік маманы»
- «АлЭС» АҚ — «Үздік газкесуші» және «Үздік электрдәнекерлеуші»
- У.Д. Қантаев атындағы «Мойнақ СЭС» АҚ — «Өндірістік қауіпсіздік бойынша үздік қызметкер»
- «АЭС Өскемен СЭС» ЖШС — «Үздік жас қызметкер»
- «Шардара СЭС» АҚ — I–III тоқсандарда «Үздік энергетик», «Үздік дәнекерлеуші», «Жас үздік маман», «Мамандығы бойынша үздік жас қызметкер», «Үздік өндіріс маманы» және «Өндірістік қауіпсіздіктің үздік қызметкері» номинациялары бойынша конкурстар өткізілді IV тоқсанда «Жыл қызметкері» номинациясы бойынша конкурс өтті
- «Шүлбі СЭС» ЖШС — «Үздік жас қызметкер»
- «Energy Solutions Center» ЖШС — «Қолмен доғалық дәнекерлеу бойынша үздік электрдәнекерлеуші маман».

Сонымен қатар «Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ қызметкері «Самұрық-Қазына» АҚ ұйымдастырған «Үздік инновациялық компания – 2025» конкурсында «Үздік инноватор – 2025» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды.

«Үздік инноватор» номинациясында «Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ электр цехының зертхана бастығы Дмитрий Мартыненко жеңіске жетті. 2023–2025 жылдары оның бастамасымен жабдықтардың сенімділігін арттыруға және өндірістік процестерді оңтайландыруға бағытталған 18 рационализаторлық ұсыныс енгізілді. Дмитрий Мартыненконың рационализаторлық ұсыныстары станцияның өндірістік процестерінің тиімділігін арттыруға және компаниялар тобында инновациялық мәдениетті дамытуға елеулі үлес қосты.

Осындай конкурстарды өткізу қызметкерлердің кәсіби шеберлігін арттыруға, кадрлық әлеуетті дамытуға және өндірістік қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға ықпал етеді.

2025 жылы «Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникация орталығы» ЧУ «Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлерінің әл-ауқатын төрт негізгі бағыт бойынша бағалау үшін қызметкерлердің тартылуын анықтауға сауалнама жүргізді денсаулық, тартылу деңгейі, әлеуметтік, физикалық және менталдық жай-күй, сондай-ақ қаржылық тұрақтылық. 2025 жылға арналған әкімшілік-басқарушылық персонал бойынша зерттеу қорытындысы негізінде «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша индекс 59%-ды құрады. Бұл өткен жылдың көрсеткішінен (46%) 13 т.п.-ке жоғары.

Қосымша түрде 2025 жылы Samruk Research Services әдістемесін пайдалана отырып өндірістік персонал арасында әлеуметтік тұрақтылықты талдау мақсатында социологиялық зерттеу жүргізілді. Сауалнама нәтижелері бойынша SRS интегралдық көрсеткіші 77%-ды құрады.

Көрсеткіш, %	2023	2024	2025	Δ (2024 қарай айырма)
SRS индексі	59	69	77	8
Әлеуметтік әл-ауқат индексі	43	46	59	13

«Жұмысшы мамандықтар қаласы» фестиваліне қатысу

Ақпан айында «Самұрық-Энерго» «Жұмысшы мамандықтар қаласы» фестиваліне қатысып, электр станциясының динамикалық макетін – Екібастұз МАЭС-1 макетін, заманауи жеке қорғаныс құралдарын және энергетиктердің құралдарын ұсынды. Фестиваль аясында гидроэнергетиканың дамуы, перспективалы жобалар және гидроэлектр станцияларындағы сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпарат ұсынылды.

Қазақстан мен Ресейдің өңіраралық ынтымақтастығының XXI форумы көрмесіне қатысу

Қараша айында «Самұрық-Энерго» Қазақстан мен Ресейдің өңіраралық ынтымақтастығының XXI форумы көрмесіне қатысты. Компания стендінде МАЭС-2 және жел генераторының макеттері, сондай-ақ электр станцияларында қолданылатын заманауи жабдықтар мен жеке қорғаныс құралдары таныстырылды. Экспозиция технологиялық процестер мен саланың негізгі жұмысшы мамандықтарын көрсетуге бағытталды.

Жұмысшы мамандықтар жылының қорытындысына арналған салтанатты іс-шараға қатысу

24 желтоқсанда Астана қаласында «Самұрық-Энерго» Жұмысшы мамандықтар жылының қорытындысын шығаруға арналған салтанатты іс-шараға қатысты. Іс-шара аясында өндірістік мамандықтағы қызметкерлердің жетістіктері атап өтіліп, саланы дамытудағы жұмысшы мамандықтардың рөлі көрсетілді.

Осы іс-шараларға қатысу жұмысшы мамандықтардың танымалдылығын арттыруға, болашақ кадрларды тарту бойынша жұмысты күшейтуге және жастардың энергетика саласындағы жұмысшы мамандықтарға деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік берді.

Жастар саясаты

«Самұрық-Энерго» АҚ жастар әлеуетін дамытуды бизнестің тұрақты дамуының маңызды факторы ретінде қарастырады және жас мамандарды оқыту мен тартуға инвестициялауды жалғастырады. Осы мақсатта Компанияда жастардың әлеуметтік және операциялық бастамаларды іске асыруға қатысуын қамтамасыз ететін және корпоративтік мәдениетті дамытатын «Jas Energy» жастар істері жөніндегі кеңесі жұмыс істейді.

Жастар саясатын іске асыру аясында іс-шаралар жоспары бекітіліп, «Витамин күні» және «Шын жүректен» сияқты еріктілер акциялары өткізілді. 2025 жылдың негізгі оқиғасы «Жұмысшы мамандықтар болашақ энергиясы» атты IV Жастар форумы болды, оған Топтың барлық ЕТҰ-ларынан 100 жас қызметкер қатысты. Форум жұмысшы мамандықтардың беделін арттыруға, кәсіби мотивацияны дамытуға және тәжірибе алмасуға бағытталды.

Топтың жас мамандары «Самұрық-Қазына» АҚ бағдарламаларына да қатысты «7 Qadam PRO» бағдарламасына «Богатырь Көмір» ЖШС, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ және «Шүлбі СЭС» ЖШС қызметкерлері іріктелді, ал «7 Qadam master» бағдарламасына бейінді техникалық бағыттар бойынша 3 қызметкер мен 3 тәлімгер қатысты.

Компаниялар тобында әлеуметтік, мәдени және кәсіби бағыттар бойынша жастар әлеуетін дамытуды қамтамасыз ететін Жастар кеңестері жұмыс істейді, оның ішінде «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Богатырь Көмір» ЖШС, «СЭМАЭС-2» АҚ және «Алматы электр станциялары» АҚ жанындағы жастар ұйымдары бар.

2025 жылы Жастар кеңесінің негізгі іс-шаралары

Экологиялық бастамалар	«Таза Қазақстан» акциясына қатысу макулатура, батареялар жинау, сенбіліктер өткізу, ағаш отырғызу.
Қайырымдылық және еріктілік	«Дәруменді күн» және «Шын жүректен» акцияларын өткізу. Астана қаласының баспаналарында кейіннен мал азығына айырбастау арқылы макулатура жинауға қатысу. Ардагерлерге материалдық көмек көрсету және азық-түлік жиынтықтарын тапсыру. «Баланы мектепке жинаймыз» науқанын ұйымдастыру
Білім беру және әлеуметтік бастамалар	Білім беру және жастар бағыты аясында елеулі жұмыс жүргізілді 583-тен астам студент өндірістік немесе диплом алдындағы практикадан өтті дуальды оқытудың географиясы кеңейтілді жас мамандарға арналған модульдік бағдарламалар іске асырылды. Кәсіби бағдар беру іс-шараларымен (барлығы 99 іс-шара өткізілді) мектеп оқушылары мен студенттердің кең аудиториясы қамтылды, компанияның барлық қатысу өңірлерінде ондаған дәрістер, экскурсиялар және ашық есік күндері өткізілді.

Әртүрлілік және инклюзивтілік

GRI 2-7, 3-3, 405-1, 406-1, GRI 12: Coal Sector: 12.19.6, 12.19.8

«Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлері жасына, ұлтына, жынысына, нәсіліне немесе дініне қарамастан кәсіби құзыреттері мен жұмыс нәтижелеріне негізделген оқыту және кәсіби даму бағдарламаларына тең қол жеткізуге, сондай-ақ мансаптық өсудің тең мүмкіндіктеріне ие.

Компанияның ішкі нормативтік құжаттары кемсітушілікке жол бермеу және бірдей құндылықтағы жұмыс үшін тең еңбекақы қағидаттарын бекітеді. Бұл тәсіл әділ еңбекақы төлеу жағдайларын қамтамасыз етеді және жалақының, көтермелеудің, жеңілдіктердің және басқа да өтемақы түрлерінің — ақшалай да, ақшалай емес те — кемсітусіз және бірыңғай корпоративтік қағидаттар негізінде ұсынылуына кепілдік береді.

«Тәлімгер» жобасы

«Тәлімгер» жобасын іске асыру және «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында Жұмысшы мамандықтар жылын өткізу аясында Қор тарапынан 5 жетім баланы жұмысқа орналастыруға квота берілді. Компаниялар тобы белгіленген квотаны табысты түрде арттырып орындады — 2025 жылы 8 жетім бала жұмысқа орналастырылды. Студенттер «Самұрық-Энерго» АҚ-ның келесі еншілес және тәуелді ұйымдарына жұмысқа орналастырылды

1. «Шардара СЭС» АҚ (Түркістан облысы, Шардара ауданы)
2. «АЭС Өскемен СЭС» ЖШС (Шығыс Қазақстан облысы)
3. «Шүлбі СЭС» ЖШС (Абай облысы)
4. «АЖК» АҚ филиалы — «Энергосбыт» (Алматы қаласы)
5. «Богатырь Көмір» ЖШС (Павлодар облысы)
6. «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (Алматы қаласы және Алматы облысы)
7. «Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ (Павлодар облысы)
8. «АлЭС» АҚ (Алматы облысы)

Гендерлік теңдік

Компания персоналының құрылымында ерлер басым, бұл энергетика саласының ерекшелігімен байланысты, мұнда жұмыс орындарының едәуір бөлігі техникалық және өндірістік мамандықтарға тиесілі. Сонымен қатар «Самұрық-Энерго» АҚ гендерлік теңдік және барлық қызметкерлер үшін тең мүмкіндіктер қағидаттарын дәйекті түрде ұстанады.

Компанияның кадрлық саясаты «БҰҰ-әйелдер» және БҰҰ-ның Жаһандық келісімі серіктестігі аясында әзірленген әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттарына негізделген және гендерлік теңдікті тұрақты дамудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Компания келесі қағидаттарды ұстанады

- гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған бастамаларды қолдау
- әйелдер мен ерлерге әділ қатынас, гендерлік белгі бойынша кемсітушілікке жол бермеу, оқытуға, кәсіби дамуға, мансаптық өсуге және жұмысқа орналасуға тең қол жеткізуді қамтамасыз ету
- адам құқықтарын құрметтеу және кемсітпеу қағидаттарын сақтау
- барлық қызметкерлердің денсаулығын, қауіпсіздігін және әл-ауқатын қамтамасыз ету
- әйелдердің білім алуына, біліктілігін арттыруына және кәсіби дамуына жәрдемдесу, сондай-ақ олардың мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ететін тәжірибелерді қолдану
- жергілікті қауымдастықтар деңгейінде тең құқықтылық және гендерлік теңгерім қағидаттарын қолдау
- қол жеткізілген нәтижелерді мониторингтеу және гендерлік теңдік саласындағы ілгерілеу туралы мүдделі тараптарды хабардар ету.

Гендерлік теңдікті іске асыру аясында 2025 жылы бірқатар маңызды іс-шаралар өткізілді

- 24 қазанда «Көшбасшылық шабыт, саналылық және тиімділік» атты әйелдерге арналған форум-тренинг өткізілді. «Самұрық-Энерго» АҚ-да Әйелдер клубының ұйымдастыруымен корпоративтік орталық пен еншілес компаниялардың әйелдері үшін форум-тренинг өтті
- 30–31 қазанда Жұмысшы мамандықтар жылы аясында Алматы қаласында КИМЭП базасында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының жұмысшы мамандықтарындағы әйелдеріне арналған «Шабыт жолы энергетика саласындағы әйелдер» атты екі күндік даму бағдарламасы іске асырылды
- 28 қарашада Компания қызметкерлері «Гендерлік теңдік» тақырыбы бойынша оқытудан өтті
- Қараша айында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметкер әйелдері «Энергетикадағы әйелдер энергияны ілгерілету. Прогресті қалыптастыру» ұранымен өткен KAZENERGY Әйелдер энергетикалық клубының VII форумына қатысып, тәжірибе алмасу, мотивация алу және мансаптық өсу стратегияларын талқылау үшін тиімді алаңға айналды
- 2025 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ тапсырмасы бойынша «Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы» ЖМ-мен бірлесіп адам құқықтары және гендерлік теңдік саласында ұйымдық диагностика жүргізілді
- Диагностиканың бірінші кезеңінің қорытындылары бойынша жүйелі алшақтықтар мен жақсарту аймақтары айқындалып, негізгі тұжырымдар, ұсынымдар және іс-қимыл жоспары қалыптастырылды, оларды іске асыру 2026 жылға екінші кезең аясында жоспарланған.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша атқарушы органдар мен Директорлар кеңестері/Бақылау кеңестері құрамындағы әйелдердің үлесін арттыруға ұмтылады. 2025 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының атқарушы органдары мен ДК/БК құрамындағы әйелдердің үлесі 28%-ды құрады.

Қызметкерлерді жынысы бойынша бөлу, адам

Еркектер	14 325
Әйелдер	4 976

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының Әйелдер клубы

2024 жылдан бастап «Самұрық-Энерго» АҚ-да әйел қызметкерлердің кәсіби дамуын қолдау мақсатында құрылған біріккен Әйелдер клубы жұмыс істейді. Клуб тәжірибе алмасу, оқыту бағдарламаларына қатысу және еңбек жағдайларын жақсартуға, мансаптық өсу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған бастамаларды дамыту үшін алаң болып табылады. Оның қызметіне көшбасшылық, жұмыс пен жеке өмір арасындағы теңгерім мәселелері және декреттік демалыстан кейін бейімделу бойынша іс-шаралар да кіреді.

2025 жылғы 24 қазанда «Самұрық-Энерго» АҚ әйелдерге арналған «Көшбасшылық шабыт, саналылық және тиімділік» атты форум-тренинг өткізді, ол көшбасшылық құзыреттерді, саналылықты және жеке тиімділікті дамытуға бағытталды. Іс-шара Компанияның корпоративтік орталығы мен еншілес ұйымдарының 80 өкілін біріктіріп, әйел көшбасшылардың қатысуымен қарқынды оқыту және мотивациялық сессияларды қамтыды.

Форумның арнайы қонақтары ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің кеңесшісі, Түркі мемлекеттері ұйымы жанындағы Түркі елдерінің кәсіпкер әйелдер кеңесінің төрайымы Ләззат Рамазанова, «KAZENERGY» қауымдастығының атқарушы директоры Ләззат Ахмурзина, сондай-ақ журналист, тележүргізуші және медиаменеджер Майя Бекбаева қатысты. Спикерлер өз сөздерінде кәсіби қалыптасу жолындағы жеке тәжірибелерімен бөлісіп, көшбасшылыққа жету барысында кездесетін негізгі сын-қатерлер туралы айтып, қатысушыларды одан әрі дамуға және жаңа мақсаттарға жетуге шабыттандырды.

Бағдарламаның негізгі бөлігін қазақстандық белгілі психолог әрі бизнес-коуч Вахтанг Джапаридзе жүргізген қарқынды оқыту сессиялары құрады. Форум тек білім беру ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі дамытуға, кәсіби өсуге және корпоративтік әрі әлеуметтік ортада оң өзгерістерге ұмтылатын Компания әйелдерін біріктірген шабыттандыру алаңы болды.

2025 жылғы 30–31 қазанда Жұмысшы мамандықтар жылы аясында Алматы қаласында КИМЭП университеті базасында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының жұмысшы мамандықтарындағы әйелдеріне арналған «Шабыт жолы энергетика саласындағы әйелдер» атты екі күндік даму бағдарламасы іске асырылды. Бағдарлама әйелдердің өндірістік саладағы рөлін нығайтуға, кәсіби құзыреттерін дамытуға, сондай-ақ олардың тұлғалық және көшбасшылық әлеуетін ашуға бағытталды.

Бірінші күні қатысушылар психология, көшбасшылық және өзін-өзі таныстыру дағдылары бойынша практикаға бағытталған тренингтерге қатысты. Екінші күн этноауылдағы мәдени-танымдық бағдарламаға арналды, оған командалық өзара іс-қимылды дамытуға және корпоративтік бірегейлікті нығайтуға ықпал ететін шеберлік сабақтары мен интерактивті іс-шаралар кірді.

Бағдарламаны іске асыру жұмысшы мамандықтарындағы әйелдерді қолдау мен дамытуға маңызды үлес болып, олардың өндірістік қызметтегі белсенді әрі маңызды рөлін және кәсіби өсу мен өзін-өзі іске асыруға ұмтылысын айқындады.

Есепті кезеңде Компаниялар тобында гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және еншілес және тәуелді ұйымдардың басқару органдарында әйелдердің қатысуын кеңейту бойынша жүйелі жұмыс жалғастырылды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ЕТҰ басқару органдарындағы әйелдердің үлесі 28%-ды құрады, бұл белгіленген 25% мақсатты көрсеткіштен жоғары. Мақсатты деңгейдің орындалуы және асыра орындалуы Компанияның инклюзивті корпоративтік басқару және тең мүмкіндіктер қағидаттарына бейілділігін растайды.

2024–2025 жылдары ЕТҰ басқару органдарындағы әйелдердің үлесі келесі тағайындаулар есебінен ұлғайтылды

- «Energy Solutions Center» ЖШС — «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (19.06.2025 ж. №09/25 хаттама) Бақылау кеңесінің құрамына Амирова Л.К. сайланды
- «Семей Энерго» ЖШС — қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен (29.08.2025 ж. №6 хаттама) Бақылау кеңесінің құрамына Мунтинова А. сайланды«Оскемен Энерго»
- ЖШС — қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен (29.08.2025 ж. №5 хаттама) Бақылау кеңесінің құрамына Мунтинова А. Сайланды
- «Шардара СЭС» АҚ — «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (24.10.2024 ж. №15/24 хаттама) Директорлар кеңесінің құрамына Маринина О.Ю. сайланды
- «Samruk-Green Energy» ЖШС — ПК QGP Директорлар кеңесінің шешімімен (29.08.2025 ж. №17 хаттама) Бақылау кеңесінің құрамына Тасым М. Сайланды
- «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС — QGP Директорлар кеңесінің шешімімен (20.07.2025 ж.) Бақылау кеңесінің құрамына Исалиева Гульжайнәт сайланды
- «EWP» ЖШС — «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (06.08.2025 ж. №13/25 хаттама) Бақылау кеңесінің құрамына Жақыпбаева М.М. сайланды.

Компания гендерлік теңгерімді одан әрі дамытуды тұрақты дамудың негізгі элементтерінің бірі ретінде қарастырады және басқару органдары мен басшылық лауазымдар деңгейінде әйелдердің ұсынылуын арттыруға бағытталған шараларды іске асыруды жалғастырады.

Инклюзивті орта құру

A, GRI 405-1, GRI 12 Coal Sector 12.19.6

«Самұрық-Энерго» АҚ тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөледі және мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамтуды дәйекті түрде жүзеге асырады. Тұрақты дамуды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі Жол картасын іске асыру аясында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді және инклюзивті орта құру бағдарламасын іске асыру жалғастырылды. Бағдарламаның негізгі мақсаттары мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамту, жұмыс орындарындағы физикалық және техникалық кедергілерді жою, сондай-ақ әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктерді қамтамасыз ету болып табылады.

Еншілес және тәуелді ұйымдарда мүгедектігі бар қызметкерлердің жайлы еңбек етуі үшін қажетті жағдайлар жасалған автотұрақ орындары жабдықталған, шақыру түймелері бар пандустар орнатылған, тактильді плиткалар төселген, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар бейімделген. Мүгедектігі бар азаматтарға басым қызмет көрсету қамтамасыз етіледі, оның ішінде өтініштер мен өтінімдерді онлайн форматта беру мүмкіндігі қарастырылған.

Есепті жылдың қорытындысы бойынша Компания мүгедектігі бар қызметкерлердің тізімдік санын сақтап қалды. Жыл соңында Компанияның компаниялар тобында 213 мүгедектігі бар адам еңбек етеді.

Әлеуметтік кепілдіктер мен тұрақтылықты қамтамасыз ету

GRI 401-2, GRI 403-6, GRI 12: Coal Sector: 12.15.3, 12.14.7

«Самұрық-Энерго» АҚ қолайлы еңбек ортасын қалыптастыруға және қызметкерлердің қажеттіліктеріне сәйкес әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етуге ұмтылады. Компания қызметкерлер мен олардың отбасыларының әл-ауқатын және әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыруға бағытталған кең ауқымды әлеуметтік бағдарламаларды іске асырады.

Әлеуметтік саясат аясында қызметкерлерге келесі кепілдіктер мен жеңілдіктер ұсынылады

- Өмірді сақтандыру және ерікті медициналық сақтандыру
- Уақытша еңбекке жарамсыздық немесе мүгедектік жағдайында өтемақы төлемдері, сондай-ақ жүктілік және босану бойынша жәрдемақылар
- Жүктілік және босану бойынша демалыс, бала үш жасқа толғанға дейін бала күтімі демалысы
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақымен қамсыздандыру
- Бала тууына байланысты материалдық көмек, жақын туыстарды жерлеуге көмек, сондай-ақ асыраушысынан айырылған жағдайда қызметкерлердің отбасыларына қолдау көрсету
- Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау Компанияның кадрлық саясатының маңызды элементі болып табылады және әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға әрі қызметкерлердің әл-ауқатын арттыруға ықпал етеді.

Ерікті медициналық сақтандыру бағдарламалары

Компанияда қызметкерлер үшін ерікті медициналық сақтандыру бағдарламалары қарастырылған, олар мыналарды қамтиды

- тәулік бойы консультациялық-диспетчерлік қызмет көрсету
- медициналық үйлестіруші
- тәулік бойы жедел медициналық көмек қызметі
- амбулаториялық-емханалық көмек
- дәрігерді немесе орта медициналық қызметкерді үйге шақыру
- стационарлық емдеу
- жүктілік пен босану кезеңінде толық медициналық бақылау
- стоматологиялық қызметтер мен дәрі-дәрмектер, емдік массаждар, шетелге шығатын азаматтарды сақтандыру, сондай-ақ отбасы мүшелерін тегін тіркеу сияқты қосымша қызметтер.

2025 жылдың соңына қарай «Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік орталығында сақтандырылған тұлғалардың жалпы саны 165 адамды құрады.

2025 жылы сақтандырылған қызметкерлер шарт шеңберінде барлық қажетті медициналық көмекті алды.

64,4 млн теңге

«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік орталығы бойынша ерікті медициналық сақтандыру шартының жалпы сомасы

Зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі адамдарды қолдау

«Самұрық-Энерго» АҚ зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсетіп, олардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге және өмір сапасын арттыруға бағытталған шараларды жүзеге асырады.

Компанияның әлеуметтік саясаты аясында келесі қолдау шаралары көзделген

- зейнетке шығу кезінде қызметкерлерге біржолғы төлемдер
- мемлекеттік және кәсіби мерекелерге, оның ішінде Энергетик күніне материалдық көмек
- ұрпақтар сабақтастығын сақтау және моральдық қолдау көрсету мақсатында ардагерлер мен зейнеткерлерді корпоративтік іс-шараларға шақыру
- емделуге, дәрілік заттарды сатып алуға немесе кәсіби қайта даярлауға мұқтаж мүгедектігі бар адамдарға материалдық көмек көрсету.

Еңбек шарты зейнет жасына жетуіне байланысты тоқтатылған кезде қызметкерге үш айлық жалақы мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

Қызметкерлерді зейнетақымен қамсыздандыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік зейнетақы жүйесі және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры арқылы жүзеге асырылады. Жұмыс беруші қызметкердің ай сайынғы табысының 10%-ы мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналарын аударады.

Бала күтіміне байланысты демалыс

GRI 401-3, GRI 12: Coal Sector: 12.15.4, 12.19.4

«Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бала күтіміне байланысты демалыс алуға құқылы. Компания қызметкерлердің кәсіби және отбасылық өмірі арасындағы теңгерімді қолдайды және бала тууына байланысты әлеуметтік қолдау көрсетеді.

2025 жылы бала күтіміне байланысты демалысты 221 адам пайдаланды, оның ішінде 11 ер адам және 210 әйел.

Демалыс және сауықтыру бағдарламалары

GRI 403-6, GRI 12: Coal Sector: 12.14.7

Қызметкерлердің денсаулығын нығайту және салауатты өмір салтын қолдау мақсатында Компания еңбек өтілі үшін қосымша ақылы демалыс күндерін ұсынады. Сондай-ақ қызметкерлердің санаторий-курорттық емделу шығындарын ішінара өтеуді және қызметкерлердің балалары, оның ішінде мүгедектігі бар балалар мен жетім балалар үшін сауықтыру бағдарламаларын қамтитын әлеуметтік қолдау шаралары іске асырылады.

Қызметкерлердің денсаулығын нығайту және салауатты өмір салтын қолдау мақсатында Компанияда санаторий-курорттық емделу, қызметкерлер мен олардың отбасыларының демалысын ұйымдастыру, сондай-ақ қызметкерлердің балалары үшін сауықтыру бағдарламаларын қамтитын әлеуметтік қолдау шаралары жүзеге асырылады.

«Екібастұз МАЭС-2» АҚ қызметкерлері мен олардың балаларының демалысы мен сауықтыруын қамтамасыз етті 135 қызметкердің баласы балалар сауықтыру лагеріне барды, қызметкерлер санаторий-курорттық емделуден өтті, сондай-ақ Баянауыл курорттық аймағына демалыс күндері жолдамаларды пайдаланды.

«Алматинские электрические станции» АҚ қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің сауықтырылуын ұйымдастырып, қызметкерлердің балалары үшін 295 жолдама берді, сондай-ақ 2 873 қызметкерді қамтыған тегін ыстық тамақтандырудың пилоттық жобасын енгізді.

«Шардара СЭС» АҚ 124 қызметкер үшін санаторий-курорттық емдеуді қамтамасыз етті, сондай-ақ қызметкерлер мен олардың балаларының демалысын ұйымдастырып, 23 адамның «ABADAN» сауықтыру лагеріне шығуын қамтамасыз етті.

«Богатырь Көмір» ЖШС қызметкерлерді сауықтыру шараларын іске асырып, «Арман» санаторийіне 30 жолдама берді, сондай-ақ 331 қызметкерге санаторий-курорттық емделуге аванстық төлемдер жүргізді, бұл қызметкерлерге түрлі сауықтыру және санаторий мекемелерінде ем қабылдауға мүмкіндік берді.

«Energy Solutions Center» ЖШС қызметкерлер мен олардың отбасыларының демалысын ұйымдастырып, «Золотые пески» демалыс үйіне демалыс күндері 108 жолдама ұсынды, сондай-ақ 55 қызметкердің баласының «Қарлығаш» балалар сауықтыру лагерінде демалуын қамтамасыз етті.

Аталған шараларды іске асыру қызметкерлердің денсаулығын нығайтуға, олардың әл-ауқатын арттыруға және қызметкерлердің отбасыларын қолдауға ықпал етеді.

Еңбек жағдайларын жақсарту

«Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлер үшін жайлылықты, қорғанысты және қолайлы жұмыс ортасын қамтамасыз ете отырып, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсартуды жалғастыруда. Бұл бастамалар персоналды ынталандыруды арттыруға және тұрақты дамуға бағытталған Компанияның стратегиялық басымдығы болып табылады.

Шарттарды мониторингтеу мақсатында Компанияның 77 объектісінде өндірістік қатынастарды дамыту жөніндегі Бірыңғай оператор платформасы арқылы қашықтан мониторинг ұйымдастырылды.

2025 жылы жағдайларды жақсарту бойынша жоспарлар әзірленді, олар мынадай бағыттарды қамтиды

- ішкі коммуникациялар мен кері байланысты дамыту
- жұмыс орнындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу
- мердігер ұйымдармен өзара іс-қимылды жақсарту
- киім ілетін бөлмелер, санитариялық тораптар және душ бөлмелеріндегі жағдайларды жаңарту
- тамақтану бөлмелерін жаңғырту

2025 жылға арналған «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша әлеуметтік тұрақтылық деңгейін арттыру және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту жөніндегі түзету шараларының кешенді жоспары 07.02.2025 ж. «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы аппаратының басшысымен бекітілді.

Өндірістік бөлімшелердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларына жүргізілген аудит/тексеру нәтижелері бойынша жұмыстар тізбесі қалыптастырылып, ол 2025–2026 жылдарға арналған ЕТҰ бюджетінде көзделген.

Сонымен қатар есепті кезеңде «Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы» ЖМ Екібастұз, Өскемен, Алматы, Шардара және Шүлбі кентіндегі ЕТҰ өндірістік объектілерінде IR-скринингтер жүргізді.

2025 жылғы 23 сәуірде өндірістік қызметкерлер үшін тегін ыстық тамақ «АлЭС»-те ұйымдастырылды. Жұмысшы мамандықтар жылы аясындағы әлеуметтік бағдарлама шеңберінде «АлЭС» кәсіпорындарында алғаш рет өндірістік цехтар қызметкерлерін тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету жобасы іске қосылды. А. Жақұтов атындағы ЖЭО-2-де 900-ден астам адам күн сайын сапалы, тең-герімді тамақ алады. Ауысымдық бригадалардың ыңғайлылығы үшін асхана тәулік бойы жұмыс істейді

ЕТҰ-ның әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту бойынша іс-шаралар жүргізілуде.

2025 жылғы жақсартулардың басым бағыттары

САНИТАРЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ

- 3 заманауи модульдік блок пен 12 жаңа санитариялық торап пайдалануға берілді
- барлық санитариялық аймақтар ерлер мен әйелдерге арналған бөлек секциялармен жабдықталған.

СУМЕН ЖАБДЫҚТАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

- қызметкерлерді таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін 32 ауыз су фонтаны орнатылды
- сумен жабдықтаудың жетілдірілген жүйесі енгізілді.

ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНУ ОБЪЕКТІЛЕРІН ҚАЙТА ҚҰРУ

- асхана заманауи талаптарға сәйкес жаңғыртылды
- қызметкерлер үшін арнайы дүкен ашылды.

Демалыс және спорт

Біз қызметкерлердің спорттық іс-шараларға қатысуын белсенді түрде қолдаймыз.

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ «Серіктес» жергілікті кәсіподағы үстел теннисі, Counter Strike 2, әйелдер арасында командалық боулинг турнирі, сондай-ақ арқан тарту, армрестлинг, баскетбол, асық ату, шахмат, тоғызқұмалақ және жүзу бойынша жарыстар өткізді. Сонымен қатар шағын футболдан ірі турнир және жыл сайынғы волейбол турнирі ұйымдастырылды.

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС қызметкерлерінің «Жас Қуат» жергілікті кәсіподағының қатысуымен бильярд турнирі өтті, оған 16 қызметкер қатысты. Жарыстар жас пен жыныс бойынша шектеусіз «еркін пирамида» форматында өткізілді.

Бұл іс-шаралардың негізгі мақсаты — салауатты өмір салтын насихаттау, дене мәдениетін дамыту және қызметкерлер арасында корпоративтік рухты нығайту.

Ұжымдық шарт

GRI 2-30, 402-1, GRI 12: Coal Sector: 12.3.2, 12.15.5

«Самұрық-Энерго» АҚ және жергілікті кәсіподақ 2025–2027 жылдарға арналған жаңа ұжымдық шартқа қол қойды.

Негізгі өзгерістерге келіспеушіліктерді реттеу тетіктерін күшейту және әлеуметтік кепілдіктерді кеңейту, оның ішінде қосымша демалыстар, жалақыны индексациялау, еңбекті қорғау, қызметкерлердің демалыс және сауықтыру жағдайларын жақсарту кіреді.

Шартқа қол қою корпоративтік мәдениетті нығайтудың және еңбек ұжымымен сындарлы диалогты дамытудың маңызды қадамы болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ ұжымдық шарты әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеудің және қызметкерлердің еңбек, экономикалық және әлеуметтік құқықтарын қорғауды қамтамасыз етудің негізгі құралы болып табылады. Құжат Компания мен қызметкерлер арасындағы сындарлы әлеуметтік әріптестікті дамытуға ықпал етеді және тұрақты әрі қауіпсіз жұмыс ортасын қолдауға бағытталған.

Ұжымдық шарт талаптарына сәйкес қызметкерлерді операциялық өзгерістер туралы хабардар ету мерзімі ең кемінде он бес күнтізбелік күн бұрын белгіленген. [A]

Компания қызметкерлерінің 95%-ы ұжымдық шарттармен қамтылған.

Ұжымдық шарттар қызметкерлерге арналған әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктердің кең ауқымын қарастырады, оның ішінде

- сауықтыруға, бала тууына, неке қиюға, қызметкердің немесе оның жақын туыстарының қайтыс болуына байланысты материалдық көмек, зейнеткерлерді емдеуге көмек, сондай-ақ төтенше жағдайларда қолдау
- табысты уақытша жоғалтуға байланысты төлемдер, оның ішінде жүктілік және босану демалысы кезеңінде және бала асырап алған жағдайда
- ерікті медициналық сақтандыру
- қызметкерлер мен олардың балаларына санаторий-курорттық емделу
- мерейтойлық даталарға (50, 60, 70 жас) біржолғы көтермелеу, сондай-ақ мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларды қаржыландыру және қызметкерлердің балаларына жаңа жылдық сыйлықтар беру
- қызметкерлерге қарыздар (ссудалар) беру
- жарақат алу немесе асыраушысынан айырылу жағдайында төлемдер.

Ұжымдық шарттармен қамтылмаған қызметкерлердің еңбек қатынастары (жекелеген еншілес және тәуелді ұйымдарда ұжымдық шарт болмаған жағдайда) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбекақы төлеу және әлеуметтік төлемдер ұсыну тәртібін белгілейтін ішкі нормативтік құжаттармен реттеледі.

GRI 2-30

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлер	17 412	17 814	18 243
Ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлердің үлесі	97%	94%	95% A

Кәсіподақ ұйымдары

«Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлердің бірігу бостандығына, оның ішінде кәсіподақтар мен өзге де қоғамдық бірлестіктерді құру және оларға кіру, ұжымдық келіссөздерге қатысу және өз мүдделерін теріс салдарларға ұшырамастан қорғау құқықтарын құрметтейді.

Қызметкерлердің кәсіби, экономикалық және әлеуметтік құқықтары қызметкерлер мен жұмыс берушінің уәкілетті өкілдерінің қатысуымен әлеуметтік әріптестік жүйесі аясында жүзеге асырылады. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлердің өз өкілдерін таңдау құқығының сақталуын қамтамасыз етеді.

Компанияның 18 мыңнан астам қызметкері кәсіподақ мүшелері болып табылады.

2024 жылдан бастап «Самұрық-Энерго» әлеуметтік жауапкершілікті нығайту және еңбек қатынастарын дамыту құралы ретінде «PARYZ» Ұлттық жұмыс берушілер конфедерациясымен ынтымақтастық орнатты. Өзара іс-қимылдың басымдықтарына еңбек жағдайлары стандарттарын арттыру, жұмысшы мамандықтарды дамыту, әлеуметтік әріптестікті және еңбек қатынастары тетіктерін жетілдіру, қауіпсіздік мәдениетін ілгерілету, сондай-ақ оқыту бағдарламалары мен сараптамалық алаңдарға қатысу кіреді. Ынтымақтастық адам капиталын нығайтуға және Компанияның әлеуметтік саясатының тиімділігін арттыруға бағытталған.

2024 жылғы тамызда «Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан Республикасындағы жұмыс берушілердің тиімділігін, бәсекеге қабілеттілігін және мәртебесін арттыру үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыруға жәрдемдесу, сондай-ақ әлеуметтік диалог және әріптестік тетіктері арқылы олардың мүдделерін қорғау мақсатында «PARYZ» Ұлттық жұмыс берушілер конфедерациясына мүше болды.

2025 жылы Конфедерацияға «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 11 еншілес және тәуелді ұйымы қосылды.

2026 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ «PARYZ» Конфедерациясымен өзара іс-қимылды компаниялар тобында әлеуметтік жауапкершілікті дамыту және еңбек қатынастарын жетілдірудің маңызды құралы ретінде қарастырады.

Персоналды дамыту және оқыту

GRI 3-3, 404-1, GRI 12: Coal Sector: 12.15.6, 12.19.5

«Самұрық-Энерго» АҚ кадрлық әлеуетті үздіксіз дамытуға ұмтылады, қызметкерлерге заманауи білім беру бағдарламаларына және кәсіби өсу мүмкіндіктеріне қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Біз корпоративтік тренингтерді, біліктілікті арттыру бағдарламаларын, тәлімгерлікті, білім беру мекемелерімен ынтымақтастықты және онлайн-оқытуды ұсынамыз. Басқарушылық құзыреттерді дамытуға және цифрлық өзгерістерге бейімделуге ерекше назар аударылады. Оқытуға инвестиция салу арқылы біз корпоративтік мәдениетті нығайтып, бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттырамыз.

Компанияда «Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлерін кәсіби оқыту және бейімдеу қағидалары қолданылады, олар оқытудың мақсаттары мен міндеттерін, негізгі бағыттарын, сондай-ақ бөлімшелердің өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды және қызметкерлер мен басшылардың жауапкершілігі мен міндеттерін реттейді.

Біз «70-20-10» қағидатын ұстанамыз, оған сәйкес оқытудың 70%-ы жұмыс процесінде, 20%-ы тәлімгерлік пен ішкі бағдарламалар арқылы, ал 10%-ы сыртқы оқыту есебінен жүзеге асырылады. Мұндай тәсіл теория мен тәжірибе арасындағы теңгерімді қамтамасыз етіп, қызметкерлерге жаңа білімді тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Оқытудың негізгі бағыттарына энергетикалық жабдықтарды пайдалану, тәлімгерлік бағдарламалары, басқарушылық дағдыларды дамыту (MBA, EMBA), ағылшын тілін үйрену, тақырыптық семинарлар мен тренингтер, кадрлық резервті дамыту, сондай-ақ ESG бойынша корпоративтік бағдарламалар кіреді. Біз қызметкерлердің кәсіби өсуіне және жұмыс тиімділігін арттыруға ықпал ете отырып, персоналды жүйелі дамытуға ұмтыламыз.

Есепті кезеңде Компания мен оның ЕТҰ қызметкерлері үшін келесі негізгі бағыттар бойынша корпоративтік оқыту ұйымдастырылып, өткізілді нөлдік жарақаттанушылыққа қол жеткізу жоспарын іске асыру аясында еңбек қауіпсіздігі бойынша оқыту, «Жасанды интеллект негіздері практикалық қолдану» курсы, сондай-ақ гендерлік теңдік мәселелері бойынша оқыту. Топ-менеджмент үшін энергетика, мұнай-газ секторы, қаржы, логистика және тау-кен-металлургия кешенін қоса алғанда, негізгі салаларда жасанды интеллектіні енгізудің халықаралық тәжірибесі мен практикалық кейстерімен алмасуға бағытталған «AI Leaders» стратегиялық сессия бағдарламасы іске асырылды.

2025 жылы келесі тақырыптар бойынша тренингтер мен оқыту өткізілді ESG-дің үздік тәжірибелері, қазіргі энергетикалық жүйеге шолу және энергетиканың даму болжамы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, көшбасшылық және мотивация, комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, гендерлік теңдік, инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде туындайтын тәуекелдер, стратегиялық ойлау, сондай-ақ «Самұрық Энерго» АҚ Мінез-құлық кодексін қолдану.

Бағдарламаларды іске асыру өндірістен қол үзе отырып та, қол үзбей де жүзеге асырылады және сертификат немесе біліктілік куәлігін берумен сүйемелденеді.

[A] Бір қызметкерге жылына орташа оқыту сағат саны, сағат

Жыл	Санат	Еркектер	Әйелдер	Барлығы
2023	ӘБП	90,10	56,06	67,05
	ӨП	56,80	50,28	55,33
	Барлығы	57,86	51,39	56,19
2024	ӘБП	49,21	50,51	50,09
	ӨП	56,05	45,81	53,75
	Барлығы	55,83	46,74	53,48
2025	**ӘБП**	**46,06** [A]	**52,86** [A]	**50,52** [A]
	ӨП	**57,65** [A]	**50,22** [A]	**55,98** [A]
	Барлығы	**57,23** [A]	**50,74** [A]	**55,56** [A]

Қызметкерлерді оқытуға арналған шығындар

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Қызметкерлерді оқытуға жұмсалатын шығындардың жалпы көлемі, мың теңге	440 000	570 000	773 000
Жылына бір қызметкерге оқытуға жұмсалатын шығындар, теңге	24 949	30 430	40 493

Компания бойынша орташа бір қызметкерді оқыту сағаттарының орташа саны, адам/сағ

2023	2024	2025
56	53	**56** [A]

Бір қызметкерді жынысы бойынша бөліп оқыту сағаттарының орташа саны, адам/сағ

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Еркектер	57	56	57 [A]
Әйелдер	51	47	51 [A]

Бір қызметкерді санаттар бойынша бөліп оқыту сағаттарының орташа саны, адам/сағ

Көрсеткіш	2023	2024	2025
ӘБП	66	50	51
ӨП	55	54	56

[A] Оқу сағаттарының жалпы саны, сағат

Жыл	Санат	Еркектер	Әйелдер	Барлығы
2023	ӘБП	38 111,7	49 728,3	87 840,0
	ӨП	729 884,0	187 631,0	917 515,0
	Барлығы	767 995,7	237 359,3	1 005 355,0
2024	ӘБП	22 637,0	48 845,0	71 482,0
	ӨП	759 814,0	179 798,0	939 612,0
	Барлығы	782 451,0	228 643,0	1 011 094,0
2025	**ӘБП**	**23 815,0**	**51 860,0**	**75 675,0**
	ӨП	**796 052,5**	**200 630,0**	**996 682,5**
	Барлығы	**819 867,5**	**252 490,0**	**1 072 357,5** [A]

Таланттар және кадрлық резерв

GRI 404-3

2025 жылы кадрлық резерв пен таланттар пулында 588 қызметкер болды, олардың 25%-ын әйелдер құрады. Сабақтастық жүйесінің арқасында негізгі лауазымдар бойынша бос жұмыс орындарының 22%-ы (189-дан 41) ішкі кандидаттар есебінен жабылды.

Кадрлық резервті қалыптастыру объективтілік, ашықтық, әділдік, еріктілік және тиімділік қағидаттарына негізделеді, олар таланттарды басқару жөніндегі корпоративтік қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады. Директорлар кеңесі мен басшылық басқарушылық лауазымдарға сабақтастықты жоспарлауға ерекше көңіл бөледі.

Кадрлық резерв процесі қызметкерлерді жыл сайын бағалау жүйесімен интеграцияланған, ол мақсаттарды, құзыреттерді, әлеуетті кешенді талдауды және жеке даму жоспарларын әзірлеуді қамтиды.

2025 жылы нәтижелілік пен мансаптық даму бойынша бағалаудан 1 628 қызметкер өтті.

Бағалау қорытындылары бойынша таланттар картасы қалыптастырылады, менторлық, тағылымдамалар және сабақтастық бағдарламалары әзірленеді. Нәтижелер сондай-ақ лауазымдық жалақыны қайта қарау және жылдық сыйақыларды төлеу кезінде ескеріледі.

Мансаптың тиімділігі мен дамуын тұрақты бағалаудан өткен қызметкерлердің жалпы саны

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Еркектер (барлығы)	307	627	902 A
ӘБП	133	194	392 A
ӨП	174	433	510 A
Әйелдер (барлығы)	475	560	726 A
ӘБП	270	363	515 A
ӨП	205	193	211 A

Мансаптың тиімділігі мен дамуына тұрақты баға алатын қызметкерлердің жалпы санының пайызы

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Еркектер (барлығы)	2,31%	4,5%	6,33% A
ӘБП	31,29%	42,1%	75,82% A
ӨП	1,35%	3,19%	3,73% A
Әйелдер (барлығы)	10,28%	11,45%	14,49% A
ӘБП	30,44%	36,3%	51,99% A
ӨП	5,49%	5,32%	5,28% A

Таланттар пулы

Кадрлық әлеуетті дамыту және басқарушылық кадрлардың сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ-да компаниялар тобы аясында перспективалы қызметкерлерді анықтауға және дамытуға, сондай-ақ олардың кәсіби және мансаптық өсуіне мүмкіндік жасауға бағытталған «Таланттар пулы» бағдарламасы іске асырылады.

2025 жылғы 23 қыркүйекте Таланттар пулы қатысушылары үшін «Ағында көшбасшылық мотивация, ықпал ету және энергия» тақырыбында офлайн тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты қатысушылардың көшбасшылық құзыреттерін арттыру, персоналды ынталандыру дағдыларын дамыту, қысымсыз ықпал ету әдістерін қолдану, сондай-ақ команданы тиімді басқару үшін жеке энергияны қалыптастыру мен сақтауды дамыту.

2025 жылғы 4 желтоқсанда Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет мүшелерінің Таланттар пулы мен корпоративтік орталықтың сабақтастық бағдарламасына енгізілген перспективалы қызметкерлермен жыл сайынғы кездесуі өтті.

Білім беру жүйесімен өзара іс-қимыл

«Самұрық-Энерго» АҚ жас мамандарды тарту және тартымды жұмыс беруші имиджін қалыптастыру мақсатында жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттері және түлектерімен өзара іс-қимылды белсенді түрде дамытады. Компания өндірістік және диплом алдындағы практикалардан өтуге, тағылымдамаларға мүмкіндік береді және үздік түлектерді кейіннен жұмысқа орналастырумен дуальды оқытуды дамытуға қатысады.

2025 жылы Компанияда 800-ден астам студент практикадан өтті, 70-тен астам студентпен дуальды оқыту туралы шарттар жасалды. Жұмысшы мамандықтар жылы аясында Компания білім беру ұйымдарымен ынтымақтастықты кеңейтіп, шамамен 30 жаңа келісімге және серіктестік туралы меморандумдарға қол қойды.

«Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындары мен колледждерімен тұрақты байланыстарды қолдайды, бұл энергетика, электр энергетикасы, жылу энергетикасы және ақпараттық технологиялар салаларында білікті кадрларды даярлауды қамтамасыз етеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстанның жетекші университеттері мен колледждерімен, оның ішінде «АЭжБУ» КеАҚ , «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ, Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, «Торайғыров университеті» КеАҚ, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті КеАҚ, Мұхамеджан Тынышбаев атындағы ALT университеті, «Электротехникалық колледж» КМҚК, «Екібастұз политехникалық колледжі» ШЖҚ КМК және басқа да оқу орындарымен серіктестікті белсенді түрде дамытуды жалғастыруда. Бұл қатынастар энергетика, электр энергетикасы, жылу энергетикасы және ақпараттық технологиялар салаларында жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған.

Генуя университетіндегі тағылымдамалар

2025 жылғы ең маңызды жобалардың бірі АО «Алматы Электр Станциялары» және «АЭжБУ» КеАҚ арасындағы келісім аясында НАО «АУЭС» студенттері үшін Генуя университетінде (Италия) ұйымдастырылған халықаралық тағылымдама болды.

Бағдарлама аясында 4 студент бір семестр (120 күн) бойы тағылымдамадан өтті. Тағылымдама 2025 жылғы желтоқсанда сәтті аяқталып, қатысушыларға халықаралық тәжірибе алуға және заманауи бу-газ қондырғылары мен жылу энергетикасы саласында терең білім алуға бірегей мүмкіндік берді. Іссапарға байланысты барлық шығындар — жол жүру, тұру және тамақтану — «АлЭС» АҚ тарапынан толық өтелді, бұл бағдарламаның үздік студенттер үшін қолжетімділігін қамтамасыз етті және саладағы кадрлық әлеуеттің дамуына ықпал етті.

Генуя университетінің Құзыреттер орталығын құру

ЖЭО-2 және ЖЭО-3-ті реконструкциялау жобасы, оның ішінде газға көшу және газтурбиналық қондырғылар салу Қазақстанның энергетикалық инфрақұрылымын жаңғырту үшін стратегиялық маңызды болып табылады. Осы салада жоғары білікті кадрларды даярлау мақсатында АУЭС, «АлЭС» АҚ, ANSALDO және Генуя университеті өкілдерімен бірқатар кездесулер өткізілді. Нәтижесінде студенттерді халықаралық тағылымдама шеңберінде оқытуға бағытталған бірнеше келісімге қол қойылды, сондай-ақ АУЭС-тегі «Жылу энергетикасы» кафедрасы базасында Генуя университетінің Құзыреттер орталығын құру міндеті қойылды. Бұл халықаралық ынтымақтастық жөніндегі ұзақ мерзімді стратегияның бір бөлігі болып табылады.

Жоба бу-газ қондырғылары бойынша мамандар даярлауға бағытталған, бұл Қазақстанның энергетика секторын дамыту үшін аса маңызды.

Білім беру гранттары

Инженерлік-техникалық кадрларды даярлауды қолдау бастамаларын іске асыру, сондай-ақ білім, ғылым және өндіріс интеграциясын дамытуға жәрдемдесу аясында «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес және тәуелді ұйымдары — «Алматинские электрические станции» АҚ, Булат Нұржанов атындағы «Екібастұз МАЭС-1» ЖШС және «Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ — студенттерге білім беру гранттарын беру тәртібін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды (ІНҚ) әзірлеп, бекітті, тиісті бюджет бөлді, сондай-ақ ашық конкурстар өткізіп, грант иегерлері болған студент жеңімпаздарды айқындады.

Мансаптың тиімділігі мен дамуына тұрақты баға алатын қызметкерлердің жалпы санының пайызы

№	ЕТҰ	Оқу орны	Гранттар саны
1	«Алматы электр станциялары» АҚ	«Алматы энергетика және байланыс университеті» КеАҚ	7 грант
2	«Булат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС	Академик Қ. Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты Академик Қ. Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институтының колледжі	3 грант
		Академик Қ. Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты Академик Қ. Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институтының колледжі	3 грант
3	«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ	Академик Қ. И. Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты	1 грант
		«Торайғыров университеті» КеАҚ	2 грант
		Барлығы	**16 грант**

Корпоративтік мәдениет және ішкі коммуникациялар

Біз жоғары этикалық стандарттарды енгізуге және тәлімгерлік, сенім, әділдік және кәсібилік қағидаттарына негізделген тиімді корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға ұмтыламыз.

2025 жылы корпоративтік мәдениетті дамыту жөніндегі бастамалардың қорытындылары

2025 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік мәдениетті жүйелі дамытуға кірісті. EVP (Employee Value Proposition) құндылықтары мен қағидаттары, сондай-ақ оларды 2025–2026 жылдары енгізу жөніндегі Жол картасы бекітілді. Бірыңғай құндылықтық кеңістікті қалыптастыруға және қызметкерлердің тартылуын арттыруға бағытталған бастамалар іске асырылды, оның ішінде «QÝAT энергиясының жүргізушісі» корпоративтік дауыс беруі және «Қайырлы таң EVP» тұрақты коммуникациялық бастамасы бар.

2025 жылғы тамызда «Самұрық-Қазына» АҚ топ компаниялары арасында «HR-бренд 2025» конкурсының қорытындыларын шығарды. Конкурстың мақсаты — Қор компанияларында озық, тұрақты HR практикасын анықтау және тарату. Конкурс алғаш рет өткізілді және топ ішіндегі HR тәсілдерінің жоғары деңгейдегі тартылуы мен жетілгендігін көрсетті.

«Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялар арасында өткізген алғашқы корпоративтік «HR-бренд 2025» конкурсының қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» «Таланттар сәулетшісі» номинациясында жеңімпаз атанды. Конкурс Қор компанияларындағы үздік HR тәжірибелерді анықтауға және таратуға бағытталған. «Самұрық-Энерго»-ның аталған номинацияда жеңіске жетуі адам капиталын дамыту, кадрлық резервті қалыптастыру және талантты мамандарды ұстап қалуға жағдай жасау бойынша жүйелі жұмысты растайды. Марапат HR командасының кәсіби деңгейінің және іске асырылып жатқан бастамалардың тиімділігінің мойындалуы болды.

Корпоративтік мәдениетті жүйелі дамыту аясында Компания Басқармасының 2025 жылғы 09 қыркүйектегі шешімімен (№25 хаттама) EVP құндылықтары мен қағидаттары (жұмыс берушінің құндылық ұсынысы), сондай-ақ 2025–2026 жылдарға арналған EVP-ні енгізу жөніндегі Жол картасы бекітілді. Бастамаларды іске асыру 2025 жылдың IV тоқсанында басталып, 2026 жылы жалғасын тапты.

2025 жылы бірыңғай құндылықтық кеңістікті қалыптастыру және персоналдың тартылуын арттыру үшін негіз қаланды. Атап айтқанда, корпоративтік құндылықтарды насихаттауға және қызметкерлерді тануға бағытталған «QÝAT энергиясының жүргізушісі» корпоративтік дауыс беруі өткізілді, сондай-ақ компания құндылықтарын ілгерілету және бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыруды қамтамасыз ететін «Қайырлы таң EVP» коммуникациялық бастамасы тұрақты түрде жүзеге асырылды.

2026 жылы корпоративтік мәдениетті нығайтуға, қызметкерлердің тартылуын арттыруға және үздіксіз оқыту мәдениетін дамытуға басымдық бере отырып, EVP бастамаларын кеңейту және дамыту жоспарлануда.

2025 жылғы желтоқсанда энергетика саласының трансформациясы жағдайында стратегиялық ойлау мен басқарушылық құзыреттерді дамытуға арналған Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитетінің мүшелерінің қатысуымен Менеджмент пулы және Функционалдық таланттар пулы қатысушыларымен кездесу өткізілді.

HR үздік тәжірибелерімен алмасу аясында «Адам ресурстарын басқару» департаменті ЕТҰ HR-бөлімшелерімен жыл сайынғы есептік кездесуді ұйымдастырды, онда жылдың қорытындылары шығарылып, келесі кезеңге арналған басымдықтар айқындалды. Сонымен қатар 2025 жылы Қордың «Самұрық-Қазына» спартакиадасының суперфиналына дайындық кезеңі ретінде Топтың ішкі спартакиадасы өткізілді, бұл корпоративтік рух пен командалық өзара іс-қимылды дамытуға ықпал етті.

Негізгі коммуникация арналары

- Корпоративтік ішкі портал
- Корпоративтік ақпараттық тарату
- Әлеуметтік желілердегі корпоративтік парақшалар Instagram, Facebook, Twitter, YouTube, Telegram.

Компанияның жаңалықтары, жобалар мен бастамалар туралы ақпарат «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының әлеуметтік саясат саласындағы парақшаларында жарияланады.

Корпоративтік портал

2024 жылғы қыркүйекте ішкі коммуникацияны жақсартудың және бизнес-процестерді басқарудың негізгі құралы болған жаңа Корпоративтік портал іске қосылды.

Порталдың негізгі функциялары

- ChatGPT — жедел консультациялар беру үшін жасанды интеллект негізіндегі виртуалды көмекші
- Күнделікті процестерді автоматтандыру — жоспарлау, төлемдерді келісу модульдері, сондай-ақ Комплаенс, ESG және HSE (еңбекті қорғау және қауіпсіздік) интеграцияланған блоктары
- Корпоративтік сақтау жүйесі — файлдар мен құжаттар алмасуға арналған ыңғайлы платформа, бөлімшелер жұмысының ашықтығы мен келісімділігін арттырады.

Корпоративтік волонтерлік

2025 жылы біз қызметкерлердің тартылуын арттыруға, командалық рухты нығайтуға және игі істерден моральдық қанағат алуға бағытталған корпоративтік волонтерлік бағдарламаларды белсенді дамыттық.

Волонтерлік бағдарламаның негізгі іс-шаралары

- Қоқыс жинау бойынша экологиялық акция (72 сағаттан астам)
- Онкологиялық ауруға шалдыққан балаларға арналған «Тілектер шыршасы» қайырымдылық акциясы (28 сағат)
- Макулатура жинау (20 сағат)
- «Шын жүректен» аясында мұқтаж жандарға азық-түлік себеттері (8 сағат)
- «Витамин күні» (8 сағат)
- Ардагерлерге материалдық көмекпен бару (8 сағат)
- Балалар мен студенттер үшін кәсіптік бағдар беру іс-шаралары мен экскурсиялар (20 сағат)
- Донор күні (4 сағат).

2026 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

2026 жылы «Самұрық Энерго» АҚ-ның адам ресурстарын басқару және корпоративтік мәдениетті дамыту саласындағы қызметі HR процестерін одан әрі цифрландыруға, әлеуметтік саясатты жетілдіруге және жұмыс беруші брендин нығайтуға бағытталатын болады.

Негізгі жұмыс бағыттары

- HR функцияларының тиімділігі мен автоматтандырылуын арттыру үшін ЖИ агенттерін енгізу
- грейд жүйесін дамыту және кадрлық процестерді кешенді автоматтандыру
- Samruk Research Services (SRS) жыл сайынғы зерттеулерін өткізу, оның ішінде қызметкерлердің әл-ауқатын бағалау және ЕТҰ өндірістік персоналы арасында социологиялық сауалнамалар жүргізу
- еншілес ұйымдарда әлеуметтік өлшемдер жүргізу
- 31.12.2024 деңгейінде мүгедектігі бар қызметкерлер санын сақтау
- «Тәлімгер» жобасына қатысушыларды сүйемелдеу, оның ішінде 31.12.2025 деңгейінде жетім балаларды жұмыспен қамту деңгейін сақтау және бейімделу кезеңінде қолдау көрсету
- 2026 жылға арналған әлеуметтік-еңбек қатынастары жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру
- корпоративтік құндылықтарды нығайту, ішкі коммуникацияларды дамыту және персоналдың тартылуын арттыру жөніндегі іс-шаралар.

ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫН ЖАСАУ

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелерін басқару

GRI 3-3, 2-25, 403-1, 403-3, 403-8, GRI 12: Coal Sector: 12.14.1, 12.14.2, 12.14.3, 12.14.4, 12.14.9

«Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын қатаң сақтай отырып және ISO 45001 халықаралық стандартының ұсынымдарын басшылыққа ала отырып, қызметкерлер мен мердігерлер үшін тиісті әрі қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді. Аталған тәсілдерге сәйкестік жүйелі аудиттік тексерулер барысында расталады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның ЕҚ және ӨҚ саласындағы басымдықтары

- корпоративтік басқару жүйесін тұрақты жетілдіру арқылы бизнес-процестердің тиімділігін арттыру
- заңнамада және халықаралық стандарттарда белгіленген денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы барлық қолданылатын нормалар мен талаптарды орындау
- қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, сондай-ақ ықтимал қауіптердің алдын алу және оларды жою есебінен қызметкерлер мен барлық мүдделі тараптардың денсаулығы үшін тәуекелдерді төмендету
- жұмыс орындарындағы қауіпсіздікті қолдау мақсатында заманауи жабдықты, инновациялық шешімдер мен қорғаныс құралдарын пайдалану
- қызметкерлермен консультациялар өткізу және олардың денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған процестерге тарту.

ЕҚжӨҚ басқару құрылымы

Компанияда еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызмет барлық басқару деңгейлерінде ұйымдастырылған.

Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету орталық аппарат тарапынан да, еншілес ұйымдар (ЕТҰ) тарапынан да жүзеге асырылады. Орталық аппаратта қызмет 8 маманнан тұрады, олардың ішінде 4 маман еңбекті қорғау бағытына, 1 маман өнеркәсіптік қауіпсіздікке, 1 маман өрт қауіпсіздігіне, 1 маман көлік қауіпсіздігіне жауап береді және 1 маман денсаулықты қорғау мәселелеріне жауапты.

ЕТҰ-да бұл функцияларды 90 маман орындайды, оның ішінде 50– еңбекті қорғау, 28 – өнеркәсіптік қауіпсіздік және 12 – өрт қауіпсіздігі бойынша. Қолданыстағы еңбекті қорғау жүйесі ішкі аудиттен өткен 18 358 қызметкерді қамтиды. Бұл ретте қауіпсіздік жөніндегі мамандармен қамтамасыз етілу деңгейі персоналдың жалпы санына қатысты 1:200 құрайды.

Қауіпсіздік мәселелері бойынша үйлестіруші рөл HSE жөніндегі директорға бекітілген, ол Басқарма төрағасына тікелей есеп береді және Компания мен ЕТҰ-дағы еңбекті қорғау жүйесін дамытуға бағытталған іс-шаралардың орындалуын қадағалайды. HSE бөлімшесінің басшысы бұзушылықтардың алдын алуға, инциденттер бойынша шаралар қабылдауға, сондай-ақ тәуекелдерді мониторингтеу мен бағалауға жауап береді. Еншілес ұйымдарда өндірістік қауіпсіздік қызметтері бірінші басшыларға тікелей бағынады, бұл ретте олардың біліктілік құрамы нәтижелілікті арттыру мақсатында жүйелі түрде қайта қаралады.

Қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және жарақаттану деңгейін төмендету мақсатында ай сайын Басқарма төрағасының, бейінді бағыттар басшыларының және еншілес компаниялардың қатысуымен кеңестер ұйымдастырылады. Аталған жұмыс өндірістік қауіпсіздік мәселелеріне басқарушылық назарды арттыруға, атқарушылық тәртіпті қамтамасыз етуге және қабылданған шешімдердің іске асырылуын бақылауға бағытталған.

Есепті кезеңде Басқарма мүшелерінің қатысуымен өндірістік қауіпсіздік бойынша 10 корпоративтік кеңес өткізілді, олардың қорытындысы бойынша 78 хаттамалық тапсырма берілді. Бұдан басқа, жұмыс беруші өкілдері мен еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың қатысуымен 5 комитет отырысы және 52 өндірістік кеңес отырысы өтті. Қор және портфелдік компаниялар деңгейінде HSE комитетінің 3 отырысы, өндірістік қауіпсіздік бойынша 6 форум, «Қауіпсіз өндіріс» өндірістік қауіпсіздік қызметтері басшылары клубының 4 отырысы, сондай-ақ еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі 1 Қазақстандық халықаралық конференция мен көрме өткізілді.

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеттері қауіпсіздіктің ағымдағы жай-күйін жүйелі түрде қарайды, қабылданған шаралардың тиімділігін бағалайды және кезекті іс-шаралардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады. Аталған шараларды іске асыру компанияға бақылаудың жоғары деңгейін сақтауға, сондай-ақ еңбекті қорғауды басқару жүйесін одан әрі дамытуға мүмкіндік береді.

«Самұрық-Энерго» АҚ еңбекті қорғауды, өнеркәсіптік қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесі



Еңбекті қорғау саласындағы тәуекелдерді бағалау және қызметтің тиімділігі

Еңбекті қорғауды басқару жүйесі мен тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесінің негізгі қағидаттарының бірі «Тәуекелдерді бағалау» стандартының қолданылуы және Тәуекелдердің шоғырландырылған тізілімін енгізу болып табылады. Стандарт қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына әсер ететін тәуекелдерді айқындау және бағалау тәртібін регламенттейді.

Тәуекелдерді бағалау алгоритмі

- Қауіп көздерін анықтау
- Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау жөніндегі комиссияның құрамына сарапшыларды іріктеу
- Қауіптілік көздерін және комиссия құрамын бекіту
- Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау жүргізу
- Жүргізілген тәуекелдерді бағалауды келісу
- Қолайсыз тәуекелдердің рұқсат етілген деңгейлерін төмендету және бақылау жөніндегі шараларды әзірлеу
- Әзірленген шараларды келісу
- Тәуекел паспортын бекіту.

Оқиғалар туралы хабарлау қызметкерлер тарапынан ресми арналар арқылы немесе басшы арқылы жүзеге асырылады. Әрбір оқиға бойынша тергеп-тексеру жүргізіледі, оның қорытындысы бойынша қажетті шаралар қабылданады.

«Самұрық-Энерго» АҚ қауіпсіздік мәдениетін жүйелі түрде дамытып, қызметкерлердің тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша құзыреттілігін арттыруда. Еңбекті қорғау талаптары мен жұмыс қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы анықталған жағдайда, қызметкерлер жұмысты тоқтатуға құқылы. Сонымен қатар арнайы әзірленген уәждеу бағдарламалары шеңберінде қауіпсіздікті арттыруға бағытталған қызметкерлердің жеке бастамалары қолдау табады. Есепті кезеңде бағдарламаға белсенді қатысқаны үшін 896 қызметкер көтермеленді.

Өндірістік қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау және бұзушылықтарды уақтылы анықтау өндірістік объектілерде жүйелі бақылау-профилактикалық жұмысты жүргізу есебінен қамтамасыз етіледі. Есепті кезеңде еншілес және тәуелді ұйымдарда 16 тексеру, Қор тарапынан 2 тексеру және техникалық инспекторлармен 1800 тексеру жүргізілді. Қосымша ретінде ЕТҰ еңбек қауіпсіздігі қызметтерімен шамамен 50 мың жұмыс орнына шолу жасалып, олардың барысында бұзушылықтар анықталды. Анықталған бұзушылықтардың 90%-дан астамы жойылды, қалғандары бойынша іс-шаралар белгіленген мерзімдерде іске асырылуда. Мемлекеттік органдар тарапынан жүргізілген 36 тексерудің қорытындылары бойынша шамамен 1 мың бұзушылық анықталып, олар бойынша түзету іс-шаралары әзірленді.

Қауіптілікті сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау және оқиғаларды тексеру жөніндегі іс-шаралардың тізбесі

Көрсеткіш	2022	2023	2024	2025
Қауіпсіздікті сақтаусыз орындалған жұмыстарды тоқтату саны	92	22	52	961
Өрттердің алдын алу бойынша өткізілген оқу-жатттығулар саны	650	485	512	548
Мемлекеттік қызметтерді тарта отырып жүргізілген оқу-жатттығулар саны	9	36	56	32
Авариялық жою жоспары бойынша оқу дабылдарының саны	30	36	64	68
ПК басшылығы жүргізген МҚҚА/ҚМҚБ/МҚҚД саны	3,911	2,983	2,765	3115
Өндірістік қауіпсіздік бойынша жүргізілген ішкі аудиттердің саны	1,338	21,326	29,333	36468
Ішкі аудит кезінде анықталған сәйкессіздіктер саны	6,031	52,392	51,348	52134
Мемлекеттік органдардың тексерулер саны	39	32	51	35
Мемлекеттік органдардың жойылған сәйкессіздіктер саны	387	452	247	367
Мемлекеттік органдар төлеген айыппұлдар сомасы, млн теңге	1,55	7,07	9,97	6.84

Оқиғаларды тергеу

Жұмыс орнындағы қауіпсіздікті арттыру мақсатында Компания белгіленген тәртіппен барлық оқиғаларды, жазатайым оқиғаларды мен авариялар тексереді.

Еңбекке қабілеттіліктен айырылумен қатар жүретін жазатайым оқиғалар туындаған кезде мемлекеттік органдар жедел түрде хабарланады. Ауыр зардаптарға, оның ішінде өлім жағдайларына әкеп соққан елеулі инциденттер болған жағдайда еңбек жөніндегі мемлекеттік инспектордың қатысуымен арнайы тергеп-тексеру ұйымдастырылады.

Оқиғалардың себептерін егжей-тегжейлі талдау үшін «Себептер ағашы» және «5 неге» әдістері қолданылады, бұл түпкі себептерді айқындауға және оларды жоюдың неғұрлым тиімді тәсілдерін әзірлеуге мүмкіндік береді. Тергеп-тексеру нәтижелері басшылармен өткізілетін тоқсан сайынғы кеңестерде қаралады, содан кейін ақпараттық есептер нысанында барлық ЕТҰ-ға жеткізіледі.

Компанияда тәуекелдерді бағалауды, қауіптіліктерді анықтауды және түзету шараларын әзірлеуді көздейтін инциденттерді тергеп-тексерудің қатаң стандарттары мен рәсімдері қолданылады. Бұдан басқа, Тәуекелдердің шоғырландырылған тізілімі шеңберінде елеулі салдарға әкелу әлеуеті жоғары төтенше жағдайлар мен авариялар ескеріледі. Көрсетілген шаралардың жиынтығы қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға, қауіптіліктерді жоюға және ықтимал оқиғалардың алдын алу бойынша белсенді жұмыс жүргізуге бағытталған.

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы негізгі іс-шаралар

- Зиянды әсер ету жағдайында персоналдың жұмыспен қамтылуын мониторингілеу (жұмыс орындарын аттестаттауды және өндірістік бақылауды қоса алғанда)
- Жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен қамтамасыз етуді бақылау
- Еншілес және тәуелді қоғамдарға (ЕТҰ) әдістемелік және ақпараттық қолдау көрсету
- Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тіркеудің ашық жүйесінің мониторингі
- Қызметкерлердің жеке жауапкершілік жүйесін бақылау (мысалы, қауіпсіздік талондары)
- Қауіпсіздіктің көшбасшылық мінез-құлық аудиттерін жүргізу
- Қауіптілікті сәйкестендіру және тәуекелдердің маңыздылығын бағалау
- Әлеуетті қауіпті оқиғалар туралы хабарламалар үшін қызметкерлерді көтермелеу тетіктерін әзірлеу
- Байырғы (жүйелі) себептерді анықтау үшін жазатайым оқиғаларға ішкі тергеу жүргізу
- Техногендік және табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайында симуляциялық жабдықты қолдана отырып, алғашқы көмек көрсету бойынша жыл сайынғы практикалық сабақтарды өткізу
- Жазатайым оқиғаларға әкеп соқпаған ықтимал қауіпті оқиғаларды есепке алу және тексеру
- Компанияның ЕТҰ-да еңбекті қорғау мәселелеріне жетекшілік ететін мамандардың қатысуымен өндірістік объектілерде семинарлар мен кеңестер өткізу
- Еңбекті қорғаудың бірінші басшылары мен мамандарының IOSH, NEBOSH курстарында оқытылуын бақылау
- Компанияның барлық ЕТҰ арасында еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында конкурстар өткізу.

Есепті кезеңде Компания еңбек қауіпсіздігін арттыруға және жаңа жағдайларды ескере отырып, стратегияны жаңартуға бағытталған қызметін жалғастырды.

«Самұрық-Энерго» АҚ-да 2025 жылы - Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жылы деп жариялануына байланысты, бұл бағыт Компания деңгейіндегі басым бағыттардың бірі ретінде айқындалды. Белгілінген міндеттерді жүйелі іске асыру үшін келесі бастамаларды көздейтін Нөлдік жарақаттануға қол жеткізу жоспары әзірленді

1. **Қауіпсіздік мәдениетін дамыту және персоналдың кәсіби құзыреттерін арттыру Компания** өндірістік қауіпсіздік мәдениетін нығайту бойынша жүйелі жұмысты жалғастырды, оның ішінде жетекшілер мен қызметкерлерді халықаралық тәжірибеге негізделген оқыту және біліктілігін арттыру, нұсқаулықтарды презентациялық материалдар мен бейнеконтентті қолдану арқылы визуализациялау, сондай-ақ қызметкерлердің білімін жүйелі түрде тексеру. Арнайы назар VR/AR технологияларын енгізуге және жетекші құрамның еңбекті қорғау мәселелеріне жеке қатысуын күшейтуге аударылды. NEBOSH/IOSH бойынша оқыту бағдарламалары жүзеге асырылды және ERG ұйымдарымен үздік тәжірибелермен алмасу ұйымдастырылды.

2. **Тәуекелдерді басқаруды жетілдіру және оқиғалардың алдын алу** Бастамалар аясында мінез-құлық аудитін, қауіпті жағдайларды тіркеу және тергеу (Near Miss), қауіп анықталған жағдайда жұмысты тоқтата алу құқығын қалыптастыру, сондай-ақ Еңбекті қорғау талаптарын орындамау үшін ұжымдық жауапкершілік тетіктерін енгізуді қамтитын проактивті алдын алу жүйесін дамыту қамтамасыз етілді.

3. **Жабдықтар мен инфрақұрылымды пайдалану қауіпсіздігін арттыру** Компания тозған жабдықтарды техникалық қайта жарақтандыру, нарядтық рұқсат беру жүйесін жаңарту, ҚжЕҚ-ты тұрақты тексеру, сондай-ақ мердігер ұйымдар мен көлік қауіпсіздігін бақылауды күшейту бойынша жұмыстарын жалғастырды.

4. **Апаттарға және төтенше жағдайларға дайындықты нығайту** Ұдайы апатқа қарсы және өртке қарсы жаттығулар өткізілді, мердігер ұйымдардың дайындықты бағалау рәсімдері енгізілді, сондай-ақ апаттық-құтқару қызметтерінің тиімділігі жүйелі тексерулер және басшылық персонал тарапынан бақылау арқылы арттырылды.

5. **ӨҚ саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмысы мен коммуникацияларды дамыту** Қызметкерлердің хабардарлығы мен қатысуын арттыруға бағытталған іс-шаралар іске асырылды ӨҚ бойынша корпоративтік науқандар, қызметкерлерді апат оқиғаларының мән-жайымен таныстыру, басшылықтың үндеулерін шығару.

Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша ЕТҰ бөлінісінде нөлдік жету іс-шараларын орындау жоспары жоғары қатысу деңгейі мен жоспарланған шаралардың жүйелі жүзеге асырылуымен сипатталады. Кейбір ұйымдар жоспарын толық орындауды қамтамасыз етті, оның ішінде БЖЭС, МСЭС, SGE, ӨСЭС және Шүлбі СЭС, бұл қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғау мәселелерінің маңызды екенін, алдын алу бойынша жүйелі тәсілді және қауіпсіз жұмыс орнын қалыптастыруға жауапкершілікпен қарауды білдіреді. Жоғары көрсеткіштер АЖК, МАЭС2 және ШСЭС (98%), ЕЖЭО (95%), АлЭС (93%) және МАЭС1 (85%) үшін де қол жеткізілді. Қол жеткізілген көрсеткіштер Топ компанияларының тәуекелдерді төмендету, қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға және нөлдік жарақаттануға қол жеткізуге бағытталған жүйелі жұмысты жүргізіп жатқанын көрсетеді

Жеке жетістік ретінде «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарының қызметкерлері арасында өндірістік қауіпсіздік саласындағы конкурстардың өткізілуі болды. Қатысушылардың бағалау ЕҚжӨҚ саласындағы негізгі көрсеткіштер бойынша жүргізілді, соның ішінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, мердігерлік ұйымдармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік, қызметкерлердің денсаулығын сақтауды алдын алу және қауіпсіздік мәдениеті. Конкурстарға 8 ЕТҰ мен 25 үміткер қатысты.

Конкурстардың қорытындылары ЕТҰ қызметкерлері арасында жүлделі орындарды Мартыненко Д.Ю. («СЭМАЭС-2» АҚ), Узаков Е.У. («АлЭС» АҚ) және Шестаков В.В. («Шүлбі СЭС» АҚ) иеленді жұмысшы кәсіптері арасында — Абрахманов Н.К. («Екібастұз МАЭС-1» АҚ), Абдикаримов А.К. («АлЭС» АҚ) және Сабденов Г.Ш. («Шардара СЭС» АҚ).

«Самұрық-Энерго» АҚ өндірістік нысандардағы қауіпсіздік деңгейін қолдау және одан әрі арттыру мақсатында ЕҚжӨҚ саласындағы іс-шараларды жүзеге асыруға тұрақты түрде елеулі ресурстар инвестициялайды. 2025 жылы профильді мамандардың еңбек ақысын төлеу шарттары өзектілендірілді, сондай-ақ еңбекті қорғау іс-шараларын қаржыландыру екі есе арттырылды.

2025 жылы денсаулықты қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі іс-шараларға инвестициялар көлемі

7,393 млрд теңге

ЕҚ және ӨҚ қамтамасыз ету жөніндегі іс шараларды қаржыландыру, млрд теңге

2022	2023	2024	2025
3,789	2,995	**4,648**	**7,393**

Шығындар құрылымында зертханалық зерттеулер жүргізуге, арнайы киіммен және жеке әрі ұжымдық қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етуге, сүтпен және өзге де тамақ өнімдерімен жабдықтауға, медициналық тексерулер жүргізуге, сондай-ақ техникалық құрылғыларды енгізу мен жаңғыртуды қоса алғанда, өндірістік жарақаттану тәуекелдерін төмендету жөніндегі іс-шараларды іске асыруға арналған шығыстар елеулі үлесті алады.

Есепті кезеңде Компания өндірістік тәуекелдерді төмендетуге, персоналдың қорғалу деңгейін арттыруға және еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында заманауи технологиялық шешімдерді енгізуге бағытталған жобаларды дәйекті түрде іске асырды.

Өндірістік қауіпсіздік саласындағы іске асырылған бастамалар

Жие қолданылатын бейнеаналитика	іске қосу-жөндеу жұмыстары шеңберінде АлЭС-те 1,7 мың камера, УКСЭС-те 320 камера және МАЭС-1-де 260 камера енгізілді
Экшн-камералар және бейнежетондар	қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылауды күшейту үшін 1018 бейнетіркеу құрылғысы сатып алынды
Электртехникалық персоналға арналған арамидті матадан жасалған костюмдер	249 жиынтық сатып алынды
Медициналық тексерулердің электрондық жүйесі	71 аппарат орнатылды
LOTO қорғаныштық бұғаттау жүйесі	3965 бұғаттау құралы мен құлып енгізілді
Карьерлік автосамосвалдағы «Антисон» жобасы	86 техника бірлігі қамтылды
Персоналды оқытуға арналған VR-көзілдіріктер	3 жиынтық сатып алынды
Жүргізушілердің мінез-құлқын бақылау жүйесі	32 көлік құралына енгізілді
Дулығаға орнатылатын кернеу сигнализаторлары	409 бірлік сатып алынды
Бес нүктелі сақтандыру белдіктері	1360 бірлік сатып алынды

Аталған іс-шараларды іске асыру қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға, өндірістік тәртіпті арттыруға, қызмекткерлердің белсенділігін көбейтуге және жарақат алу қауіпін жүйелі түрде төмендетуге ықпал етті.

Өндірістік жарақаттану

GRI 403-2, 403-9, GRI 12: Coal Sector: 12.14.3, 12.14.10

Біз қауіпсіздікті қамтамасыз ету және өндірістік жарақаттануды барынша азайту үшін барлық қажетті шараларды қабылдаймыз. Мобильді қосымшалар немесе ДК арқылы қолжетімді «Қауіпсіз өндіріс» жүйесінің арқасында қызметкерлер ықтимал қауіптер мен оқиғалар туралы уақтылы хабардар етіледі. 2025 жылы біз жұмыс орындарындағы қауіпсіздікті арттыруда бірқатар маңызды нәтижелерге қол жеткізіп, қызметкерлер үшін еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі белсенді жұмысты жалғастырдық.

Өкінішке қарай, қабылданған шараларға қарамастан, есепті кезеңде Компания объектілерінде қайғылы оқиғалар орын алып, соның салдарынан 3 штаттық қызметкер қаза тапты. Терген-тексеру қорытындылары бойынша негізгі себептер ретінде зардап шегушінің жеке және өрескел абайсыздығы, жұмыстарды жүргізуді ұйымдастырудың қанағаттанарлықсыз деңгейі, биіктікте жұмыс істеу және электр қондырғыларын пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасының бұзылуы айқындалды.

20.07.2025 ж. «АЖК» АҚ-ның №16И қосалқы станциясында жұмыстарды жүргізу барысында электр жөндеуші Е.Е. Кенжеканов кернеудің әсеріне ұшырап, алған жарақаттарының салдарынан кейіннен қайтыс болды. Зардап шекценге көмек көрсету кезінде электр жөндеуші Н.Қ. Табылды жарақат алып, медициналық бақылаудан өткеннен кейін еңбекке жарамсыздық парағын рәсімдеместен жұмысын жалғастырды.

Жазатайым оқиғаларды сыныптау Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 186-бабына сәйкес жүзеге асырылады. Оқиға жұмыс уақыты ішінде, еңбек міндеттерін орындау барысында, қызметтік іссапарда, жұмыс орнына немесе жұмыс орнынан жұмыс берушінің көлігімен қатынау кезінде, сондай-ақ жұмыс берушінің мүддесі үшін әрекеттер жасау барысында орын алған жағдайда өндірістік қызметпен байланысты деп танылады. Өндірістік қызметпен байланысы жоқ оқиғаларға қызметкердің қызметтік міндеттерінен тыс жеке әрекеттерімен, алкогольдік немесе өзге де масаң күйімен, қасақана зиян келтіруімен, қылмыстық құқық бұзушылықтарымен немесе өндірістік факторларға қатысы жоқ денсаулықтың кенеттен нашарлауымен байланысты жағдайлар жатады түпкілікті сыныптау комиссиялық тәртіппен қабылданып, белгіленген тәртіпте ресімделеді.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, жүргізілген тергеу нәтижелері бойынша бұл оқиға еңбек қызметімен байланысты емес деп танылды.

Аталған барлық жағдайлар бойынша тиісті жұмыстар жүргізілді, оның ішінде негізгі қабылданған шаралар ретінде кәсіпорынның барлық персоналын жазатайым оқиғаның себептері мен мән-жайларымен таныстыру, сондай-ақ қауіпсіздік техникасын сақтау бойынша жоспардан тыс нұсқамалар өткізу қарастырылды. Бұл оқиғалар түпкі себептерді анықтауға бағытталған терең талдау жүргізуге және нақты басқарушылық шешімдер қабылдауға негіз болды. Оқиғаға жауап ретінде еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы басқару рәсімдері жетілдіріліп, қауіпсіздік мәдениетін жүйелі дамытуға бағытталған шаралар енгізілді. Қабылданған өзгерістер алдағы кезеңде ұқсас инциденттердің алдын алуға және өндірістік процестердің қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыруға ықпал етеді деп күтілуде.

Сонымен қатар, қауіпсіздік стандарттарын үздіксіз жақсарту бағыты аясында әрбір оқиға бойынша терең тексерулер жүргізілді. Оқиғалардың жағдайларын зерделеу бізге болашақта осындай жағдайлардың алдын алу бағдарланған нақты қорытындылар мен ұсыныстар қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Тергеу барысында ұқсас оқиғалардың қайталануын болдырмауға бағытталған 35 түзету шарасы әзірленді. Бұл шаралар жабдықтың сенімділігін арттыруды, персоналдың біліктілігін жетілдіруді және еңбек процесін ұйымдастыруды оңтайландыруды қамтиды.

Қолданылатын тәсіл бізге оқиғаларға жедел ден қоюға, түзету іс-шараларын енгізуге және тергеп-тексеру нәтижелері негізінде стратегиялық жақсартулар әзірлеуге мүмкіндік береді. Тәуекелдер мен қауіпсіздікті басқаруға осындай кешенді көзқарас Компанияның ұйымның барлық деңгейлерінде жоғары қорғаныс деңгейін сақтау қабілетін күшейтеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ персоналы арасындағы өндірістік жарақаттану жиілігі

Көрсеткіш	2022	2023	2024	2025
Өлім-жітімге әкелген жазатайым оқиғалардың жалпы саны	4	2	3	3 A
Өлім-жітімге әкелген жазатайым оқиғалардың жиілік коэффициенті	0,13	0,07	0,09	0,1 A
Зардаптары ауыр дәрежедегі өндірістік жарақаттанудың жалпы саны (өлім-жітім жағдайларын қоспағанда)	4	5	10	3 A
Зардаптары жоғары дәрежедегі өндірістік жарақаттану жиілігінің коэффициенті (өлім жағдайларын қоспағанда)	0,13	0,16	0,31	0,10 A
Тіркелген өндірістік жарақаттардың жалпы саны	10	10	32	7 A
Өндірістік жарақаттану жиілігінің коэффициенті (1 млн жұмыс істеген сағат)	0,36	0,33	0,99	0,23 A

Мердігерлік ұйымдар арасындағы өндірістік жарақаттану жиілігі

Көрсеткіш	2022	2023	2024	2025
Өлім-жітімге әкелген жазатайым оқиғалардың жалпы саны	1	1	1	0 A
Зардаптары жоғары дәрежедегі өндірістік жарақаттанудың жалпы саны (өлім-жітім жағдайларын қоспағанда)	2	1	1	2 A
Тіркелген өндірістік жарақаттардың жалпы саны	3	2	3	2 A

Жарақат атауы	2022	2023	2024	2025
Химиялық күйік, термиялық күйік	1	2	2	1
Соғылу	2	0	20	
Травматикалық ампутация	0	0	2	1
Электр жарақаттары (термиялық күйіктер)	1	1		2
Сынықтар	1		2	
Кешенді жарақат (сыну, соғылу, ішкі органдардың үзілуі)	3	5	3	2
Көз жарақаты	1	1	-	
Бас-ми жарақаты, бас миының шайқалуы	1	1	3	1
Жиыны	10	10	32	7

Өндірістік жарақаттанудың алдын алу шаралары

- Хабардарлықты арттыру және қайталануды болдырмау үшін жазатайым оқиғалардың мән-жайлары мен себептері туралы барлық қызметкерлерді хабардар ету
- Қауіпсіздік туралы білімді өзектендіру мақсатында барлық өндірістік персонал үшін жоспардан тыс нұсқаулықтар жүргізу
- Қызметкерлердің ТПЕ, ҚТЕ, сондай-ақ еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар бойынша, әсіресе жазатайым оқиға болған бөлімшелерде білімдерін кезектен тыс тұрақты тексеру
- Анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шараларды әзірлей отырып, кәсіпорындардың бірінші басшыларының қатысуымен ұйымдастырылатын ай сайынғы «Қауіпсіздік күндері»
- Нақты іс-қимыл жоспарларын, орындау мерзімдерін әзірлей отырып және жауапты адамдарды тағайындай отырып, қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметтерінің жабдықтарды, ғимараттарды, құрылыстар мен жұмыс орындарын кешенді тексеруі
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша нұсқаулықтар мен білімдерді тексеруді қоса алғанда, барлық өндірістік персоналды белгіленген стандарттарға сәйкес оқыту
- Жөндеу науқандары басталар алдында инженерлік-техникалық персоналмен семинарлар мен кеңестер өткізу, бригадаларды жұмыстарды орындауға және қажетті нарядтарды ресімдеуге дұрыс жіберуді практикалық оқытуды қоса алғанда
- Жұмыс процестері мен шарттарын міндетті түрде түзете отырып, бес жылда кемінде бір рет еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестаттаудан өткізу
- Жұмысшылар үшін қауіп төндіретін, өзінің ресурсын тауысқан ескірген жабдықты ауыстыру
- Барлық деңгейлерде қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру үшін қауіпсіздіктің көшбасшылық мінез-құлық аудиттерін жүргізу арқылы жоғары басшылықты белсенді тарту
- Қосымша тренингтерді және қауіптерді сәйкестендіру және тәуекелдерді бағалау мәселелері бойынша оқытуды ескере отырып, жұмыс орындарындағы тәуекелдер картасын/тізілімін тұрақты өзектендіру.

Денсаулық сақтау

GRI 403-6, 403-10, GRI 12: Coal Sector: 12.14.7, 12.14.11

«Самұқ-Энерго» АҚ кәсіпорындарында кәсіптік аурулардың дамуына ықпал етуі мүмкін негізгі факторлар ретінде шаң, шу және діріл әсерлері қарастырылады. Бұл факторлардың параметрлері жұмыс орындарында тұрақты өлшеуге және жүйелі бақылауға жатады.

2025 жылы Компанияда өндірістік қызметпен байланысты ауру жағдайлары тіркелмеген.

Есепті кезеңде әлеуетті зиянды және қауіпті еңбек жағдайларын анықтау үшін зертханалық зерттеулер мен жұмыс орындарының аттестаттау жүргізілді. Қосымша ретінде, жұмыс орындарында тұрақты өндірістік бақылау жүзеге асырылды.

Компанияның ЕТҰ-да штаттық медициналық персоналдың саны 48 адамды құрайды. Бұдан басқа, медициналық қызметкерлер келісімшарт негізде де тартылады. Жыл сайын ЕТҰ мен Корпоративтік орталық тендерлік рәсімдердің қорытындылары бойынша жұмысшыларды еңбек қызметі барысында туындаған жазатайым оқиғалардан сақтандыруға шарттар жасайды.

Персоналдың денсаулығын қорғау және аурулардың профилактикасы жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруға арналған шығыстар заңнама талаптарына сәйкес жыл сайын Компанияның даму жоспарында бекітіледі.

«Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлерінің денсаулығы мен кәсіптік ауруларының көрсеткіштері

Көрсеткіш	2022	2023	2024	2025
Еңбек қызметімен байланысты емес және өлімге әкеп соқпаған жұмыс орнындағы денсаулықтың нашарлауы жағдайларының саны	18	10	4	4
Денсаулықтың нашарлауы себебінен еңбек қызметіне байланысты емес өлім-жітім оқиғаларының саны	1	7	3	3
«Д» есепте тұрған қызметкерлердің саны	2 060	858	738	1248
Тіркелген кәсіптік аурулардың саны	0	0	0	0
Міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қарауға жататын қызметкерлердің саны	14 679	15 077	16 556	17291
ҚР заңнамасына сәйкес мерзімдік медициналық тексеруден өткен қызметкерлердің саны	13 877	14 878	15 228	16239

Қызметкерлердің денсаулық жағдайын бақылаудың негізгі элементі тұрақты медициналық тексерулер болып табылады.

2025 жылы 16 239 қызметкер міндетті мерзімдік медициналық тексеруден өтті. Осы тексерулердің нәтижелері бойынша созылмалы аурулары бар қызметкерлерге уақтылы емдеу және оңалту қамтамасыз етіледі. Еңбек жағдайлары бойынша шектеулері бар қызметкерлер үшін тиісті ұсынымдар көзделеді және қажетті шектеулер белгіленеді.

Зиянды еңбек жағдайларындағы жұмыстарда істейтін қызметкерлер үшін сүт немесе оның баламалары түріндегі күшейтілген тамақтану, сондай-ақ корпоративтік сауықтыру бағдарламасы шеңберінде санаторийлік-курорттық емдеу көзделген. Медициналық тексерулердің қорытындылары бойынша сауықтыру іс-шараларының жеке жоспары қалыптастырылады

- созылмалы аурулары бар қызметкерлерді уақтылы емдеу және оңалту үшін диспансерлік бақылау
- дәрігерлік комиссияның ұсынымы бойынша созылмалы аурулары бар қызметкерлерді санаторийлік-курорттық емдеу
- кәсіби жарамдылығы жоқ қызметкерлерді қайта тексеру, содан кейін еңбек жағдайларына шектеулер енгізу.

Бұдан басқа, қауіптілігі жоғары жұмыстарда істейтін барлық қызметкерлер ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық тексерулерден өтеді. Қызметкерлердің денсаулығын сақтауға және өндірістік қызметтің олардың денсаулығына теріс әсерінің алдын алуға бағытталған шаралар тұрақты негізде іске асырылады.

Денсаулықты қорғау стандарттарын одан әрі арттыру мақсатында 2026 жылы денсаулықтың кенеттен нашарлауы салдарынан болған және еңбек қызметімен байланысты емес өлім жағдайларының санын азайтуға бағытталған бастамалар кешені жоспарланған

- денсаулықты қорғау және еңбек гигиенасы жөніндегі мамандар үшін ПК арасында үздік тәжірибелермен алмасуды көздейтін мастер-класс өткізу
- барлық деңгейдегі қызметкерлердің мерзімдік медициналық тексерулерден 100% өтуін қамтамасыз ету
- стресс-менеджмент, тамақтану, менталдық және физикалық денсаулық мәселелері жөніндегі іс-шараларды қамтитын жыл сайынғы «Әл-ауқат апталығын» ұйымдастыру
- жүрек-қан тамырлары аурулары тәуекелінің факторларын ерте диагностикалау мақсатында медициналық скринингке бақылауды күшейту
- микрожарақаттарды есепке алу және тергеп-тексеру алгоритмін енгізу, сондай-ақ аталған жағдайларды тіркеу және тергеп-тексеру арқылы медициналық қобдишалар ішіндегілерді пайдалану фактілерін тіркеу.

Өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына кіретін барлық кәсіпорындар негізгі өрт сөндіру құралдарымен, оның ішінде тасымалды және жылжымалы өрт сөндіргіштермен, сондай-ақ өртке қарсы сумен жабдықтауға арналған жабдықпен, соның ішінде өрт крандарымен жабдықталған. Бұдан басқа, кәсіпорындарда ұнтақ құрамымен (құммен) толтырылған жәшіктер және кошма, киіз және басқа да отқа төзімді материалдар бар.

2025 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ кәсіпорындарында айтарлықтай өртену жағдайлары тіркелген жоқ.

Өрт сөндіру құралдарының барлық кәсіпорындарда болуы және жарамды күйде сақталуы «Самұрық-Энерго» АҚ өкілдері, мемлекеттік бақылау органдары және еңбекті қорғау жөніндегі мамандар жүргізетін жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер шеңберінде бақыланады.

Біз өз қызметкерлерімізді даярлауға белсенді түрде инвестиция салып, өрттер мен тұтанулардың алдын алу бойынша тренингтер мен оқу-жаттығулар ұйымдастырамыз. 2025 жылы осы бағытта ішкі құрылымдар 274 оқу-жаттығу өткізді. Бұдан басқа, мемлекеттік өртке қарсы қызметтермен бірлесіп 8 оқу-жаттығу ұйымдастырылды.

Жеткізушілермен және мердігерлермен өзара әрекеттесу

GRI 403-8, GRI 12: Coal Sector: 12.14.9

Біз мердігер ұйымдарды еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік процестеріне тартуға, сондай-ақ оларды ЕҚжӨҚ басқару жүйесіне ықпалдастыруға ерекше мән береміз, бұл өндірістік қызметтің барлық кезеңдерінде қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін қажет.

Осы бағыттағы негізгі құжат «Кәсіпорын аумағында мердігер ұйымдардың жұмыстарын ұйымдастыру туралы ереже» болып табылады, онда еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйелері бөлігінде мердігер ұйымдарға қойылатын негізгі талаптар айқындалған.

Осы құжаттың ережелерін орындау мақсатында әлеуетті де, қолданыстағы мердігерлер үшін де қауіпсіздік және еңбекті қорғау аудиті жүргізіледі. Мұндай жұмыс оқиғалар мен жазатайым оқиғалардың себептерін анықтауға, сондай-ақ жұмыс орындарының ұйымдастырылуын бағалауға бағытталған.

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі «Самұрық-Энерго» АҚ кәсіпорындарында жұмыс істейтін мердігер ұйымдар персоналының 100%-ына қолданылады. Жеткізушілер мен мердігерлерге қатысты Компания өнеркәсіптік қауіпсіздік стандарттарын сақтауды және қызметкерлердің құқықтарын құрметтеуді көздейтін нақты талаптар мен шарттарды белгілейді, бұл барлық объектілерде қауіпсіздіктің жоғары деңгейін сақтауға мүмкіндік береді.

Барлық мердігерлер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау қағидаларын бұзғаны үшін айыппұл санкциялары жүйесі қолданылады. Ынтымақтастықты тоқтатуды қоса алғанда, мұндай айыппұлдардың тізбесі мердігер ұйымдармен жасалған шарттарда егжей-тегжейлі бекітілген.

Есепті кезеңде мердігер ұйымдар қызметінің өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарына сәйкестігіне 1089 ішкі аудит жүргізілді. Аудиттердің қорытындысы бойынша 3015 бұзушылық анықталды, бұл жұмыстарды орындаудың барлық кезеңдерінде қауіпсіздіктің жоғары деңгейін сақтау үшін тұрақты бақылау мен аудиттің маңыздылығын растайды.

Персоналды оқыту және біліктілігін арттыру

GRI 403-4, 403-5, GRI 12: Coal Sector: 12.14.5, 12.14.6

Персоналдың еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы құзыреттерін арттыру біздің жұмысымыздың басым бағыттарының бірі болып табылады. Еңбекті қорғау бойынша оқыту атқаратын лауазымына қарамастан барлық қызметкерлер үшін қолжетімді. Білім беру бағдарламалары заңнама талаптарын ескере отырып қалыптастырылады және нақты мамандықтарға бейімделеді, бұл ретте оқытудың топтық та, жеке де форматтары көзделеді.

Қызметтің барлық деңгейлерінде қауіпсіздіктің жоғары стандарттарын сақтаудың міндетті шарты барлық өндірістік персоналдың еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша оқытудан өтуі болып табылады.

Оқыту мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады

- Қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиттері
- Еңбекті қорғау
- Өрт қауіпсіздігі
- Алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету
- Қауіпсіз жүргізу
- Биіктікте жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік негіздері
- Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті
- Басқа да кәсіби бағдарламалар.

2025 жылы Компанияның

33 763

қызметкері еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласы бойынша оқытудан өтті.

Барлық қызметкерлер міндетті түрде өз кәсібі және сабақтас мамандықтары шеңберінде ҚжЕҚ (қауіпсіздік және еңбекті қорғау) бағдарламасы бойынша оқытудан өтеді. Оқыту аяқталғаннан кейін кәсіпорынның оқу орталықтары қызметкерлерге сертификаттар береді.

Персоналдың еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша хабардарлығын арттыруға ерекше назар аударылады. Бұл үшін мамандандырылған нұсқамалар, ақпараттық стендтер, өндірістік кеңестер, қауіпсіздік жадынамалары мен бұйрықтар пайдаланылады. Қауіпті факторлар мен ықтимал жағдайлар туралы мәліметтер «Қауіпсіз өндіріс» автоматтандырылған жүйесі арқылы жеткізіледі, бұл қызметкерлерді жедел хабардар етуге және жұмыс орындарында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Өндірістік қауіпсіздік саласындағы қызметкерлерді оқыту

Оқыту	2022	2023	2024	2025
ҚР заңнамасының талаптары шеңберінде өндірістік қауіпсіздік саласында оқытылған қызметкерлердің саны	22 344	12 449	23874	33763
еңбекті қорғау бойынша	7 523	1 825	4058	5835
өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша	12 291	5 459	5232	12071
өрт қауіпсіздігі бойынша	4 535	3 458	9 664	5932
басқа да бағыттар	4 237	1 904	4920	9925
ҚР заңнамасының талаптарынан тыс өндірістік қауіпсіздік саласында оқытылған қызметкерлердің саны	236	1 444	12350	10 516
еңбекті қорғау бойынша	82	102	12350	12071
өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша	0	0	0	0
өрт қауіпсіздігі бойынша	0	0	0	0
басқа да бағыттар	294	316	0	0
Жұмыс орнында зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету бойынша оқытылған қызметкерлердің (парамедик) саны	73	213	410	1522
NEBOSH бағдарламасы бойынша оқытылған қызметкерлердің саны	7	13	15	12
IOSH бағдарламасы бойынша оқытылған қызметкерлердің саны	4	102	55	47
«Қорғайтын жүргізу» курсы бойынша оқытылған қызметкерлердің саны	25	11	117	48

Кесте 115. 2025 жылғы өндірістк қауіпсіздік бағыттары бойнша оқыту

Курс атауы	АЖК	АЛЭС	МАЭС-1		МАЭС-2	МСЭС	ШСЭС	БЖЭС	БК	SGE	ЭЖЭО	Өскемен СЭС	ШүлбіСЭС
«NEBOSH» курсы	2	2	0		1	2		3	5	1	0	1	1
«IOSH Managing Safely» курсы	10	19	5		3	4	2	4	10	0	0	0	-
«Defensing Driving» (OPITO/ROSPA) курсы	-	26	0		10	-		1	114	0	6	9	-
«Қауіпсіздік бойынша мінез-құлық аудиттері» курсы	58	-	15		0	-		11	250	9	15	7	1
«Биіктікте жұмыс іздеу кезіндегі қауіпсіздік негіздері» курсы	880	689	35		348	-	47	0	454	9	15	5	2
«Машиналармен және жабдықтармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік негіздері» курсы	334	180	0		-	-		0	452	9	15	2	1
«Энергия көздерін оқшаулау» курсы	-	-	0		-	-		0	92	9	15	3	1
«Стресті басқару және психоэмоциялық жағдайы жақсарту» курсы	49	-	45		-	-		0	0	9	0	0	0
«Кәсіби тәуекелдерді басқару» курсы	-	-	15		-	-		27	366	9	15	3	1
«Электр қауіпсіздігі негіздері курсы »	-	55	0		-	-		0	455	9	15	0	0
«Тұйық кеңістікте жұмыс істеу кезіндегі қаіупсіздік негіздері» курсы	-	-	0		-	-		8	356	9	15	2	1
«Отты жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік негіздері» курсы	-	69	0		-	-		0	477	9	15	2	1
«Жер жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік негіздері» курсы	-	111	0		-	-		8	498	9	15	3	1
«Қол қауіпсіздігі» курсы	-	180	0		-	-		0	107	9	15	2	-
«Химиялық және басқа да қауіпті заттармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік негіздері» курсы	-	-	0		-	-		0	355	9	15	2	1
«Сатыларды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік негіздері» курсы	-	180	0		-	-		0	351	9	15	2	1
«Жұмыс орнын эргономика негіздері» курсы	-	-	0		-	-		0	141	9	15	2	1
«Жұмыс орнындағы гигиена және өндірістік санитария негіздері» курсы	-	180	0		-	-		0	488	9	15	2	1
«Алғашқы медициналық көмек. Дефибрилляторды пайдалану» курсы	20	100	15		-	-		9	352	9	15	147	3
«Оқиғаларды тергеп-тексеру» курсы	10	180	0		-	-		0	477	9	15	3	1
«Кеңсе қызметкерлері мен қызмет көрсетуші ұйымдар үшін жарақаттанудың алдын алу» курсы	-	-	0		-	-		0	274	9	15	2	1
«Технологиялық процестер қауіпсіздігін басқару» курсы (OSHA Occupational Safety and Health Administration халықаралық сертификатын алу құқығымен)	-	-	0		-	-		0	0	0	0	-	-
«Адам және ұйым қызметінің аспектерлері» курсы (The Human and Organisational Performance (HOP) Fundamentals Course)	-	-	0		-	-		0	0	0	0	-	-

2026 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

2026 жылы еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызмет тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру жалғасады, бұл ретте корпоративтік менеджмент жүйесін және оның процестерін дәйекті жетілдіруге басымдық беріледі. Басым бағыттардың қатарына мыналар жатады

- Компаниялар тобы бойынша нөлдік жарақаттануға қол жеткізу жөніндегі Іс-шаралар жоспарын іске асыру
- Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне қолжетімділікті жеңілдету мақсатында өндірістік қауіпсіздік бойынша ЖИ ассистенті чат-ботын енгізу
- Әрбір жұмыскер үшін электрондық HSE паспорттарын енгізу және оларды кейіннен корпоративтік цифрлық жүйеге интеграциялау
- Қауіпті техникалық құрылғыларды цифрлық таңбалау жүйесін енгізу және жедел ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін QR-код тағайындау
- Өндірістік персоналды «Қауіпсіз еңбек мәдениеті» курсы және ҚжӨҚ саласындағы халықаралық стандарттар бойынша оқытуды жалғастыру
- Қауіпсіздік бойынша көшбасшылық мінез-құлық аудиттерін өткізу арқылы бірінші басшылардың ҚжӨҚ мәселелеріне тартылуын арттыру
- Қауіпсіздікті басқару процестеріне цифрлық шешімдерді дамыту және енгізу, оның ішінде HS процестерін цифрландыру
- Жұмыстарды орындаудың барлық кезеңінде үздіксіз бейнетүсірілім жүргізу, сондай-ақ бақылауды күшейту және тәуекелдердің алдын алу мақсатында «Бейнеаналитика» жасанды интеллект жобасын жалғастыру
- Тәуекелдер деңгейіне қарай өндірістік аумақтарды шартты аймақтарға бөлу жүйесін дамыту
- Дағдарыстық жағдайларға жедел ден қоюды қамтамасыз ету мақсатында «Crisis Management System» (Дағдарыстық жағдайларды басқару жүйесі) рәсімін енгізу
- Қауіпсіздік деңгейін арттыру үшін камералармен жабдықталған каскалар мен бейнежетондардың және ЭСМО аппараттарының санын ұлғайту
- Білікті мамандарды тарта отырып, ЕТҰ жұмыскерлері үшін психологиялық тренингтер өткізу
- Қауіпсіздік және денсаулық мәселелерінің өзекті аспектілерін талқылау мақсатында құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен және мердігер ұйымдармен кездесулер/семинарлар/форумдар өткізу.

ТҰРАҚТЫ ЖЕТКІЗУ ТІЗБЕГІ ЖӘНЕ САТЫП АЛУ САЯСАТЫ

Басқару тәсілі

GRI 3-3

Энергетика саласының трансформациясы цифрлық трансформациямен бірге жұмысты ұйымдастыру принциптерін, сондай-ақ тауарлар мен қызметтерді жеткізу әдістерін жаңартуға әкеледі. Бұл жеткізушілер Компания қызметінің барлық бағыттарының тұрақты дамуын қамтамасыз етуде негізгі серіктестерге айналады дегенді білдіреді.

«Самұрық-Энерго» АҚ өз жеткізушілерінен заңнама мен рұқсат беру талаптарын сақтауды ғана емес, сонымен қатар корпоративтік басқарудың, этиканың, адам құқықтарын қорғаудың, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғаудың озық тәжірибелерін ұстанатына сенеді. Бұл принциптер Компанияның стратегиясын, оның Әдеп кодексін және реттеуші міндеттемелерді орындаудың жаһандық үлгісін көрсетеді.

Сатып алу қызметінің қағидаттары

- сатып алуға пайдаланылатын қаражатты оңтайлы әрі тиімді жұмсау
- тендер қорытындысы шығарылғанға дейін коммерциялық құпияны сақтай отырып, жеткізушілердің құқықтарын және (немесе) заңды мүдделерін құрметтеу арқылы сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындылығы
- әлеуетті жеткізушілер арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету, сатып алу қатысушыларының сөз байласуына жол бермеу
- сатып алу қатысушыларының жауапкершілігі
- сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу
- Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін деңгейде қазақстандық тауар өндірушілерді, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер өндірушілерін қолдау
- инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу
- осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті жеткізушілерге сатып алу рәсімдеріне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру
- сатып алынатын тауарларда қамтылған зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау.

Сатып алу рәсімдерін басқаруды қоса алғанда, Компанияның сатып алу қызметін реттеу «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алулары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.,[17] сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ және акцияларының (қатысу үлестерінің) 50%-дан астамы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-қа тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар)[18] сәйкес жүзеге асырылады. Сатып алуды ұйымдастыру және сүйемелдеу функциялары Компанияның уәкілетті құрылымдық бөлімшесіне жүктелген, ол сатып алу процестерін дамыту мен жетілдіруге, олардың ашықтығын, тиімділігін және белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге жауапты. Жеткізушілермен және әлеуетті қатысушылармен өзара іс-қимыл Қазақстан Республикасының заңнамасына және жасалған шарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

17. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №193 хаттамасымен қабылданған шешімі.
18. 2021 жылғы 8 маусымдағы №47-VII ҚРЗ «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алулары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

Сатып алу рәсімдерін басқару

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің (ТЖҚ) сапасы техникалық ерекшелікпен және шарттың талаптарымен айқындалады. Келісім-шарттарда міндетті есеп беру, оның ішінде ішкі қамсыздандырудың үлесіне қатысты, айыппұлдарды қолдану және басқа да қажетті мәліметтерді ұсыну қарастырылған.

Сметалық, жоба алдындағы немесе жобалық-сметалық құжаттаманы қамтитын құрылыс-монтаж жұмыстарына арналған шарттарда жеткізушілер мен қосалқы мердігерлер материалдардың шығу тегін өндірушілерден және жаңа өндірістерді құратын ұйымдардан растауға міндетті.

Жүргізілетін сатып алу рәсімдері туралы ақпарат «Самұрық-Қазына» АҚ-тың zakup.sk.kz порталында ашық түрде жарияланады. Портал қатысушыларға жоспарланған сатып алулар туралы толық әрі уақтылы ақпарат алуға мүмкіндік береді, бұл бәсекелестік ортаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Шарт талаптары бұзылған жағдайда жеткізуші белгіленген жауапкершілікке тартылады, оның ішінде айыппұлдар қарастырылған, олардың мөлшері шарт құнының 10%-ынан аспайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ жеткізушілерді тұрақты даму тұрғысынан бағалаудың бірыңғай жүйесін қолданады. Негізгі құрал – ESG сауалнамасы, ол экологиялық жауапкершілік, адам құқықтарын сақтау, еңбек стандарттары, балалар және мәжбүрлі еңбекті болдырмау, сондай-ақ ХЕҰ конвенциялары мен БҰҰ-ның Адам құқықтары декларацияларын қоса алғанда халықаралық нормаларға сәйкестік мәселелерін қамтиды.

ESG сауалнамасын толтыру және оның талаптарына сәйкестік шарттар жасасудың міндетті кезеңі болып табылады. Жеткізуші қызметінде елеулі өзгерістер болған жағдайда Компания жаңартылған ақпаратты сұратуға құқылы. Есепті кезеңде қолданыстағы Қағидалар талаптарынан тыс қосымша тексерулер жүргізілген жоқ.

Сауалнама Компанияның веб-сайтында қолжетімді, бұл жеткізушілерге талаптарды алдын ала бағалауға және қажетті материалдарды дайындауға мүмкіндік береді.

Компания ESG сауалнамасын тәуекелдерді басқару жүйесінің маңызды элементі және сатып алулардың нормативтік талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ететін құрал ретінде қарастырады.

Импортты алмастыру

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі айқындаған ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін «Самұрық-Қазына» АҚ жаңа бәсекеге қабілетті отандық өндірістерді қалыптастыру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

Осы міндет аясында Қор компаниялар тобы тұрақты түрде сатып алатын импорттық өнімдерге тәуелділікті төмендетуге бағытталған жаңа өндірістік қуаттарды құруды қолдау бағдарламасын іске асыруда.

Бағдарлама тауарларды жеткізуге оффтейк-келісімшарттар жасасуды көздейді. 2025 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша жалпы сомасы 25,8 млрд теңгеге 26 оффтейк-келісімшарт және 2 қосымша келісім жасалды. 2025 жылы оффтейк-келісімшарттар сомасы 2024 жылмен салыстырғанда 135%-ға өсті.

Сатып алуларды санаттық басқару

GRI 2-6, 204-1, GRI 12: Coal Sector: 12.8.6

Сатып алу санаттарын басқару процесі сатып алу қызметін оңтайландыруды көздейді. Бұл тәсілдің негізінде тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің бүкіл өмірлік циклі бойынша жиынтық иелену құнын төмендету қағидаты жатыр, яғни тек сатып алу кезіндегі тікелей шығындарды ғана емес, бүкіл пайдалану кезеңіндегі шығындарды ескеру арқылы неғұрлым тиімді және заманауи шешімдерді таңдауға мүмкіндік береді. Сатып алу қызметіне енгізіліп жатқан өзгерістер сатып алу бағасына және сатып алынатын ТЖҚ-ның сапасына оң әсерін тигізіп, сондай-ақ отандық тауар өндірушілердің дамуына ықпал етеді.

Мысалы, «Арнайы киім» сатып алу санаты бойынша категориялық стратегияны іске асыру шеңберінде (бұдан әрі – Стратегия), оны басқару «Самұрық-Қазына» АҚ деңгейінде жүзеге асырылады, Компания арнайы киімге, жеке қорғаныс құралдарына және арнайы аяқ киімге қойылатын бірыңғай техникалық талаптар стандартын (бұдан әрі – Стандарт) жаңа редакцияда өзектендіріп, бекітті.

Стандарттың жаңа редакциясы талаптарды жүйелеу мен біріздендіруді көздейді, оның ішінде алғаш рет арнайы аяқ киімге қойылатын талаптарды енгізу, жеке қорғаныс құралдарына қойылатын талаптарды жаңарту, сондай-ақ арнайы киім маталары мен фурнитурасына қойылатын талаптарды нақтылау және техникалық талаптарды екіұшты түсіндіруді болдырмайтын иллюстрациялық материалдарды қосу қарастырылған.

Белгіленген талаптардың қолданылуын растау мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ 7 отандық тауар өндірушінің қатысуымен арнайы киім үлгілеріне тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар өткізді.

Сондай-ақ Стратегия алдын ала біліктілік іріктеуден өткен отандық тауар өндірушілер арасында ашық тендер тәсілі арқылы сатып алулар жүргізу арқылы тапсырыс берушілерді сапалы арнайы киіммен қамтамасыз етуді көздейді.

Стратегияның бастамаларының бірі – жергілікті өндірушілерді қолдау және ел ішіндегі құндылық үлесін арттыру, оның ішінде шикізат (маталар) өндірушілерді қолдау бойынша пилоттық жобаны іске асыру[19] арқылы жүзеге асырылады. Осы бастама шеңберінде шарт талаптарында жеткізушілердің отандық өндірістегі шикізатты, соның ішінде маталарды, фурнитураны және жылытқыштарды міндетті түрде пайдалану талаптары көзделген, бұл жергілікті өндірісті дамытуға және өнімнің локализация деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Стратегияны іске асыру нәтижелері бойынша отандық өндірушілер үлесінің және жергілікті қамту деңгейінің өсуінің оң динамикасы байқалады.

Сатып алу санаттары бойынша стратегияларды енгізу кезеңінде 371 млн теңге мөлшерінде нақты экономикалық тиімділікке қол жеткізілді.

A «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша жеткізушілердің үлесі

Көрсеткіш	Барлығы	Жергілікті жеткізушілер
Жеткізушілер саны, дана	2 983	2 941
Сатып алу сомасы, млрд теңге	373	371
өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша	12 291	12 071

Компаниялар тобы бойынша өнім берушілермен жасалған шарттардың сомасы, млрд теңге

Көрсеткіш	Сома	Жергілікті өнім берушілердің үлесі, %
Бір көзден алу тәсілімен жүргізілген сатып алулар	229	98
Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілген сатып алулар	11	100
Ашық тендер тәсілімен өткізілген сатып алулар	110	100

19. Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резиденттері

Жеткізілген ТЖҚ-дағы ел ішіндегі құндылық үлесі [20](ЕҚҮ), млрд теңге

Көрсеткіш	2023		2024		2025	
	Жеткізудің жалпы сомасы	% ЕҚҮ	Жеткізудің жалпы сомасы	% ЕҰУ	Жеткізудің жалпы сомасы	% ЕҚҮ
Тауарлар	145,78	66	140,73	73	170,07	82
Жұмыстар мен қызметтер	207,57	92	313,25	90	290,06	92
Барлығы	353,35	81	453,98	84,8	460,13	88

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ

GRI 3-3, GRI 12: Coal Sector: 12.8.1, 12.9.1

Есепті кезеңде Компания қатысу өңірлерімен өзара іс-қимыл тәжірибесін жүйелі түрде нығайтып, жергілікті қауымдастықтарды қолдаудың жүйелі тәсілін және ұзақ мерзімді қоғамдық құндылық қалыптастыруды дамытуды жалғастырды. Әлеуметтік қызмет жауапкершілік, ашықтық және мүдделі тараптардың мүдделерін ескеру қағидаттарына негізделе отырып жүзеге асырылады, бұл мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен, бизнес серіктестермен және жергілікті халықпен ұзақ мерзімді әрі өзара тиімді қатынастар қалыптастыруға ықпал етеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның тәсілі халықтың өмір сүру сапасын арттыруға, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға және адами капиталды нығайтуға бағытталған бастамаларды қолдауға бағдарланған. Жергілікті қауымдастықтардың тартылуын арттыруға, әлеуметтік маңызы бар қызметтерге қолжетімділікті кеңейтуге және қатысу өңірлерінде қолайлы әлеуметтік ортаны қалыптастыруға ықпал ететін жобаларға ерекше назар аударылды. Жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимылдың басым бағыттары, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар бағдарламаларды жоспарлау және іске асыру тәсілдері Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын, корпоративтік стандарттарды және стратегиялық бағдарларды ескере отырып әзірленген Жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл саясатына сәйкес айқындалады.

Сыртқы әлеуметтік саясат және жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру корпоративтік басқару, тұрақты даму және адами ресурстарды басқару функцияларын қамтитын бейінді бөлімшелер арқылы, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелер деңгейінде жүзеге асырылады. Жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл жүйесі мынадай негізгі тетіктерді қамтиды

- қызметіне Компания әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін мүдделі тараптарды айқындау және талдау
- жобаларды іске асырудың әртүрлі кезеңдерінде консультациялар жүргізуді және мүдделі тараптардың пікірін ескеруді қоса алғанда, өзара іс-қимылды жоспарлау
- ықтимал тәуекелдер, әсерлер және күтілетін нәтижелер туралы ақпаратты ашу арқылы ашықтықты қамтамасыз ету
- өтініштер мен шағымдарды беру және қарау тетіктерінің жұмыс істеуі.

«Самұрық-Энерго» АҚ әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруға жүйелі мониторинг жүргізеді. Жыл сайын еншілес ұйымдар жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл бойынша іс-шаралар жоспарларын қалыптастырады, одан кейін Корпоративтік басқару және тұрақты даму департаменті олардың орындалуы бойынша ақпарат жинап, талдау жүргізеді. Мұндай мониторинг жоспарланған және нақты іске асырылған бастамаларды салыстыруға және олардың бүкіл компаниялар тобы деңгейінде орындалу дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді.

Іске асырылған бастамалар мен жобалар туралы толығырақ ақпарат «Жергілікті қауымдастықтар» бөлімінде ұсынылған, онда олар Компания тобының өңірлермен өзара іс-қимылының негізгі бағыттарына сәйкес жүйелендірілген.

Әлеуметтік-экономикалық үлес

GRI 203-1, 203-2, GRI 12: Coal Sector: 12.8.4

Есепті кезеңде Компания қатысу өңірлерімен тұрақты әрі өзара тиімді қатынастарды дамытуға, сондай-ақ әлеуметтік жауапты бизнес ретіндегі беделін нығайтуға бағытталған бастамаларды жүйелі түрде іске асыруды жалғастырды. Компания келесі қызмет бағыттары арқылы өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына және халықтың әл-ауқатын арттыруға елеулі үлес қосады

- халықты электр энергиясымен, жылумен және көмірмен қамтамасыз ету
- жергілікті тұрғындар үшін жұмыс орындарын құру, сондай-ақ әлеуметтік, зейнетақы және сақтандыру аударымдарын жүзеге асыру, қызметкерлердің медициналық қызметтеріне жұмсалатын шығындарды жабу және әлеуметтік қолдаудың өзге түрлерін ұсыну
- өңірлердің дамуына, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал ететін инвестициялық жобаларды іске асыру
- қоғамдық инфрақұрылымды қолдау және дамыту, сондай-ақ өңірлік бюджеттерге айтарлықтай салық түсімдерін қамтамасыз ету
- қайырымдылық және демеушілік бастамалар арқылы, оның ішінде бірыңғай оператор — «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры арқылы жергілікті қауымдастықтарды дамытуға инвестиция салу
- әлеуметтік бағдарламаларды, сондай-ақ мәдени және білім беру бастамаларын қолдау.

GRI 203-1, 203-2, GRI 12: Coal Sector: 12.8.4

Жылы ағымдағы 2025 жылдың Компания кешенді дәйекті түрде дамытты әлеуметтік бастамалардың, бағытталған арналған саламаттылықты нығайтуда халықтың және қатысу өңірлерінде жергілікті қоғамдастықтардың дамуын қамтамасыз ету. Іс-шаралар тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға, әлеуметтік инфрақұрылымды жақсартуға, билік органдарымен серіктестікті нығайтуға және Компанияның қатысуына ықпал ететін практикалық шараларға бағытталды.

Есепті кезеңде бенефициарлардың кең ауқымын қамтитын гуманитарлық және әлеуметтік жобалар жүзеге асырылды балалы отбасылар, әлеуметтік жағынан осал топтар, қарт азаматтар, жастар және жергілікті тұрғындар. Компания мұқтаж отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек көрсетті, балалар мен жастарға арналған іс-шаралар ұйымдастырды, бұқаралық спортты дамытуға, әлеуметтік инфрақұрылымды нығайтуға және елді мекендерде қолайлы жағдай жасауға ықпал етті. Қайырымдылықтың бірыңғай операторы — «Samruk» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қызметі маңызды рөл атқарды-«Kazyna Trust» жобасы арқылы бірқатар бастамалар жүзеге асырылып, қоғамдық маңызы бар жобаларға қолдау көрсетілді. Сонымен қатар, Компания білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимылды белсенді түрде дамытып, дарынды жастарды қолдап, еңбек және техникалық кәсіптердің танымал болуына ықпал етті, кәсіптік бағдар беру іс-шараларын жүзеге асырды және жергілікті тұрғындардың мәдени және спорттық іс-шараларға қолжетімділігін қамтамасыз етті. Іске асырылған шаралардың кешенділігі әлеуметтік салалардың нығаюын қамтамасыз етті. байланыстарды арттыру, өңірлерде өмір сүру сапасын арттыру және Компанияның жергілікті қоғамдастықтарды дамытуға қатысуын кеңейту.

20. 2025 жылға арналған ДВЦ бойынша деректер (құрамына жаңадан қосылған ЕТҰ-ларды ескере отырып: «Көкшетау ЖЭО» ЖШС, «Өскемен Энерго» ЖШС, «Семей Энерго» ЖШС, «Богатырь Көмір» ЖШС-ні қоспағанда)

Есепті кезеңдегі ең маңызды әлеуметтік жоба 2025-2029 жылдары жүзеге асырылып жатқан «АлЭС» АҚ-ның қатысу аймағындағы тұрғын үйге қолжетімділік мәселесін шешуге және Компанияның кадрлық тұрақтылығын арттыруға бағытталған Тұрғын үй бағдарламасы болды, [21]

бағдарлама аясында қызметкерлерге 2025 жылдың қорытындысы бойынша жалпы сомасы 983 959 710 теңгені құрайтын 38 пәтер (34-і Алматы қаласында және 4—і Алматы облысында) беріле отырып, тұрғын үй комиссиясының, АО «АлЭС» Басқармасының, қаржы—экономикалық және құқықтық блоктардың қатысуымен бекітілген ішкі Ережелер мен өндірістік кәсіптердің басымдығы бар ашық баллдық іріктеу жүйесі негізінде кейіннен сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй беріледі., және бағдарламаның бірегейлігі банктік несиелендіруді тартпай-ақ сатып алу құқығымен жалға беру механизмінде және өндірістік кәсіптердің басымдығы бар ашық саралау жүйесін қолдануда жатыр., Тұрғын үй комиссиясының, Компания Басқармасының, қаржы-экономикалық және құқықтық блоктардың қатысуымен. қатысушылардың тізімдерін жыл сайын қалыптастыра отырып және кадрлық тұрақтылықты қадағалай отырып, бекітілген бюджет шеңберінде одан әрі іске асыру.

Бұдан басқа, бізде елдің экономикалық дамуының ұлттық бағдарламаларына және жауапты инвестициялау қағидаттарына сәйкес келетін инвестициялық жобалар портфелі бар. 2025 жылы 4 маңызды инвестициялық жобаны бөліп көрсетуге болады, оларды іске асыру жаңа жұмыс орындарын құруды, жұмыс істейтін аймақтардың инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз етеді.

- Екібастұз МАЭС-ін кеңейту және реконструкциялау-2 (№3 және №4 энергоблоктар) 2025 жылы жоба іске асырудың белсенді кезеңіне өтті. 30 мамырда жасалды EPC-қазақстандық консорциуммен келісім-шарт жасалды, ал 30 маусымда мердігерге оның құнының 15 пайызы көлемінде аванс төленді.2025 жылдың 16 шілдесінде "KBI Energy Group" ЖШС мен "ЗиО" АҚ арасында қазандық жасау туралы келісімге қол қойылды-Подольск" (РФ) 2027 жылдың шілдесіне дейін жабдықты жеткізумен.

  2025 жылдың 2 қыркүйегінде Harbin Electric International компаниясымен 2027 жылдың мамырына дейін жеткізу мерзімімен бу турбинасы мен турбогенераторды өндіру және жеткізу туралы келісім жасалды. 2026 жылға арналған жоспарларға негізгі ғимараттың негізгі металл конструкциялары мен іргетастарын монтаждау, №3 блокқа электр сүзгісі мен қазандық қондырғысының қаңқасын жеткізу, келісім-шарттар жасасу және №4 блокты қаржыландыруды ұйымдастыру кіреді.

- Көкшетау қаласында ЖЭО құрылысы 2025-2026 жылдары жоба негізгі рұқсаттарды алып, ауқымды құрылыс жобаларына көшті.-дайындық жұмыстары бойынша. 2025 жылдың 24 маусымында ҚР Энергетика министрлігімен ЖЭО құрылысына келісімшартқа қол қойылды. Алаңда кешенді дайындық жұмыстары жүргізілді, жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде және оның кезең-кезеңімен сараптамасы жүргізілуде. 2026 жылы негізгі құрал-жабдықтар үшін аванстарды төлеу және уақытша инфрақұрылым құрылысын жалғастыру жоспарлануда.

- Алматы ЖЭО-сын жаңғырту-2 қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып 2022 жылдан 2026 жылға дейінгі кезеңде Алматы 2-ЖЭО алаңында газ турбиналық технологияларды қолдана отырып, жаңа станция салу жобасын жүзеге асыру жоспарлануда. Оның электр қуаты 600 мВт–қа дейін, жылу қуаты 800 Гкал/сағ құрайды.

- Алматы ЖЭО-сын реконструкциялау-3 2021 жылдан 2026 жылға дейін қуаты 545 мВт-қа дейінгі ПМУ құрылысын қамтитын Алматы 3-ЖЭО-сын жаңғырту жобасы жүргізілуде. Жобаның мақсаты – Алматы облысындағы тұтынушыларды үздіксіз электр және жылу энергиясымен қамтамасыз ету.

2025 жылы Компания сондай-ақ тәуекелдерді басқару сапасын арттыру және тұрақты дамуды қамтамасыз ету мақсатында инвестициялық шешімдерді қабылдау процесіне экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық факторларды біріктіре отырып, жауапты инвестициялық принциптерді ұстануды жалғастырды. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл тәсілі іске асырылып жатқан жобалардың ауқымы мен ерекшелігін, ықтимал тәуекелдер деңгейін және қоршаған ортаға және зардап шеккен қауымдастықтарға ықтимал жағымсыз әсерлерді, сондай-ақ қоғамдық мүдделердің дәрежесін ескере отырып анықталады. Жаңа жобаларды жүзеге асыру аясында Компания жергілікті тұрғындармен консультациялар өткізуді, соның ішінде заңнама талаптарына сәйкес қажетті құжаттарды дайындай отырып, қоғамдық тыңдаулар ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, сонымен қатар мемлекеттік органдармен сындарлы өзара іс-қимыл жасайды. Туындайтын келіспеушіліктерді реттеу құқықтық салада жүзеге асырылады, бұл ретте жобаларды бағалау кезінде жергілікті қоғамдастықтардың мүдделері міндетті түрде ескеріледі.

21. Іске асырылған бастамалар мен жобалар туралы толығырақ ақпарат «Жергілікті қауымдастықтар» бөлімінде ұсынылған, онда олар Компания тобының өңірлермен өзара іс-қимылының негізгі бағыттарына сәйкес жүйелендірілген.

Өңірлердің экономикалық тұрақтылығы

GRI 201-1, GRI 12: Coal Sector: 12.8.2, 12.21.2

Біз қызметкерлер мен жергілікті қауымдастықтар үшін экономикалық құндылықты қалыптастырамыз және әлеуметтік жауапты компания ретінде әрекет ете отырып, салықтарды төлеу, жұмыс орындарын құру және инфрақұрылымды дамытуға қатысу арқылы елдің дамуына үлес қосамыз.

Құрылған экономикалық құн Компания табысын қалыптастырудың негізгі көздерін, атап айтқанда электр энергиясын өндіруден, тасымалдаудан және сатудан, сондай-ақ көмірді сатудан және алынған сыйақылардан түсетін табысты көрсетеді.

Жасалған құн жеткізушілер мен мердігерлер, қызметкерлер арасында бөлінеді «Самұрық-Энерго» АҚ, акционерлер мен кредиторлар, мемлекет, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтар.

Бөлінген экономикалық құн

Жабдықтаушыларға және мердігерлерге төлемдер	Операциялық шығындар - контрагенттерге материалдарды, өнім компоненттерін, жабдықтар мен қызметтерді, жалдау төлемдерін және т.б. төлеу үшін ақшалай төлемдер.
Қызметкерлерге берілетін сыйақылар	Жалақы қоры, әлеуметтік салықтар мен аударымдар, зейнетақы және сақтандыру төлемдері, қызметкерлерге медициналық қызмет көрсету шығындары және қызметкерлерді қолдаудың басқа түрлері
Капиталды жеткізушілерге төлемдер	Акционерлердің барлық санаттарына дивидендтер және несие берушілерге төленетін пайыздар
Мемлекетке төлемдер	Салықтық аударымдар
Жергілікті қоғамдастықтарға инвестициялар	Қайырымдылық ұйымдарына және үкіметтік емес ұйымдарға және ғылыми-зерттеу мекемелеріне қайырымдылықтар, мемлекеттік инфрақұрылымды қолдау шығындары, әлеуметтік бағдарламаларды, мәдени-ағартушылық іс-шараларды тікелей қаржыландыру

2025 жылдың қорытындысы бойынша құрылған экономикалық құн 1 091 млрд. теңгені құрады, ал бөлінген экономикалық құн 890 млрд. теңгені құрады, нәтижесінде бөлінбеген экономикалық құн 201 млрд. теңгені құрады. 2026-2030 жылдарға арналған бекітілген Даму жоспарына сәйкес. 2026 жылы құрылған және бөлінген экономикалық құнды арттыру жоспарлануда.

Құрылған және бөлінген экономикалық құн, мың теңге

GRI 201-1

Көрсеткіш	2024	2025
1. Жасалған экономикалық құн	**579,349,549**	**783 523 158** A
Түсім және өзге де түсімдер	573,489,841	752 843 285 A
Өзге де кірістер/шығыстар	2,126,560	216 485 A
Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлестен түсетін түсімдер	(5,855,910)	9 712 402 A
Қаржылық табыс	9,589,058	20 750 986 A
2. Бөлінген экономикалық құн	**491,196,605**	**614 976 758** A
Операциялық шығыстар	307,768,150	387 884 499 A
Қызметкерлердің жалақысы мен жәрдемақысы	81,532,105	110 980 758 A
Капиталды жеткізушілерге төлемдер	35,671,225	36 068 622 A
Дивидендтер	24,815,869	20 565 918 A
Пайыздық шығыстар	10,855,356	15 502 704 A
Мемлекет пайдасына төлемдер	44,934,278	60 176 712 A
Пайдаға салынатын салықты қоспағанда, салықтар	10,379,183	12 467 248 A
Пайдаға салынатын салық бойынша ағымдағы шығыстар	34,555,095	47 709 464 A
Қауымдастықтарға инвестициялар	823,878	-
Өзге де шығыстар	20,466,969	19 866 167 A
Тұрғын үйді жалға алуға арналған шығыстар (%)	368,739	506 915 A
Өзге де қаржылық шығыстар	20,098,230	19 359 252 A
3. Бөлінбеген экономикалық құны	**88,152,944**	**168 546 400** A

Салықтық міндеттемелер

GRI 3-3, 207-1, GRI 12: Coal Sector: 12.21.1, 12.21.4

Компания ірі салық төлеуші бола отырып және Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарын қатаң сақтай отырып, ел өңірлерінің дамуына елеулі үлес қосады.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасы мен құқық қолдану тәжірибесі жиі өзгерістерге және әртүрлі түсіндірмелерге, оның ішінде ретроспективті қолдануға ұшырайды. Кейбір жағдайларда салық салынатын базаны айқындау кезінде ҚЕХС (МСФО) нормалары пайдаланылады, оларды салық органдарының түсіндіруі Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылатын есеп саясаты мен кәсіби пайымдарынан ерекшеленуі мүмкін. Бұл қосымша салық міндеттемелерінің туындауына әкеп соғуы мүмкін. Сонымен қатар, салық органдары тиісті салық кезеңі аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде ретроспективті тексерулер жүргізуге құқылы.

2024 жылы Компания Горизонтал мониторинг (ГМ) режиміне көшуге дайындық шеңберінде жүргізілген тарихи деректерді талдауға байланысты салық даулары бойынша сот процестерін сәтті аяқтады. Тарихи салықтық тәуекелдерді реттеу 2025 жылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің Компанияны Горизонтал мониторинг режиміне көшіру жобасын жүйелі және кезең-кезеңімен іске асыруға жұмылуға мүмкіндік берді. Горизонтал мониторинг режимін енгізуге әдіснамалық және техникалық дайындықтың тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін Компания профильдік IT-интеграторлармен және мамандандырылған әдіснамалық консультанттармен шарттар жасасты. 2025 жылы Горизонтал мониторинг процестері мен құралдарын енгізу жұмыстары практикалық іске асырудың белсенді кезеңіне ауыстырылды.

2025 жылғы маусымда «МАЭС-1» ЖШС-нің атына жоспардан тыс тақырыптық салықтық тексеру нәтижелері бойынша хабарлама ұсынылды. Қосымша есептеудің негізі жеткізушілердің бірімен жасалған мәмілелердің жарамсыз деп танылуы болды. Қосымша есептелген салықтар мен өсімпұлдың жалпы сомасы 421,1 млн теңгені құрады. Аталған хабарлама бойынша міндеттемелер Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен Компания тарапынан толық және уақытылы өтелді.

2025 жылы мемлекет пайдасына

118 611,3 миллион теңге аударылды

«Самұрық-Энерго» АҚ-та салықтық есепті жүргізуге бірыңғай әрі жүйелі тәсілді қамтамасыз ететін Салықтық есеп саясаты енгізілген және қолданылады. Құжат Қазақстан Республикасының Салық кодексі, бейіндік нормативтік құқықтық актілер және ҚЕХС талаптары негізінде әзірленген және Компания Басқармасымен бекітіледі.

Салық саясатының іске асырылуын бақылауды экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор жүзеге асырады, ал салықтық есептің дұрыстығына және есептіліктің шынайылығына жауапкершілік бухгалтерлік және салықтық есеп департаментінің директорына жүктелген. Саясат жаңартылуы салық заңнамасының өзгеруіне немесе шаруашылық операцияларды неғұрлым дәл көрсету қажеттілігіне байланысты жүргізіледі.

Салық саясаты даму стратегиясымен, корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару жүйелерімен интеграцияланған. Компанияның салық салу тәсілі заңнаманы қатаң сақтауға, ашықтыққа және салық процестерін бақылауға негізделген.

Салықтық реттеудің үздіксіз өзгеруі жағдайында Компания заңнаманы, сот тәжірибесін және уәкілетті органдардың түсіндірмелерін тұрақты түрде мониторингтеп отырады, сондай-ақ тәуекелдерді барынша азайту және міндеттемелерді қаржылық есептілікте дұрыс көрсету мақсатында салықтық ұстанымдарға тұрақты бағалау жүргізеді.

Салық саясаты салықтық тәуекелге төмен төзімділікпен сипатталады — біз салық органдарымен даулардың туындау тәуекелін барынша азайтуға ұмтыламыз. Біз салық мәселелерінде ашықтық пен айқындық қағидаттарын ұстанамыз және мемлекеттік кірістер органдарымен келіспеушіліктердің пайда болу ықтималдығын барынша төмендетуге тырысамыз. Осы мақсатта салық міндеттемелерін орындаудың дұрыстығына тікелей әсер ететін процестерге ерекше назар аударылады.

